Көп ұзамай “Ақ жол” жабылды. Бірақ философтар айтатын “бар нәрсе жоғалмайды, жоқтан бар шықпайды” сөзі рас екен. “Ақ жолдың” атын өшірмегендер XX-XXI ғасырлардағы ғалымдар болса, қолымызға ұстатқан тұлға ақын Ханбибі Есенғараева ханым екенін ешкім бекерлей алмайды. “...2008 жылдың соңына қарай, деп жазды Ханбибі ханым, Ташкент мұрағатынан “Шолпан” (1922-1923) журналымен қатар “Ақ жол” газетінің ондағы бар сандарын алып келдім. Онымен қоса аталмыш газетті араб әліпбиінен кирилицаға аудару үстінде Мәскеудің Химкиіндегі Ресей мемлекеттік кітапханасының бөлімшесімен, Ташкент қаласындағы Әлішер Науаи кітапханасымен және Алматыдағы Ұлттық орталық ғылыми кітапханалармен, “Мұрағат ісі және құжаттану” жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат” орталығымен тығыз байланыста болдық. Соның нәтижесінде ұзын саны 613 номердің ізін тауып, табылған, қолымызға тиген 38 санының басын қосып... 2 кітап дайындадық”. Осыдан кейін арамыздан тым ерте кеткен әйгілі Мархабат Байғұт ағамыздың “Хан қызындай Ханбибі” деген сөзіне қалайша бас имейсің.

“Ханның басында 40 кісінің ақылы бар” деген ғой халқымыз. Ханбибі апайымыздың, құрдасымның бойында оған қоса жеті өнер бар: Ол - ақын. Ол - қайраткер. Ол - халықтың қалаулысы. Ол - алашшыл тұлға. Ол - жоқ іздеген жолаушы. Ол - махаббат пен сұлулықтың жаршысы. Ол - төл тарихымызды, рухани мұрамызды түгендеуші.

Бір ғана “Ақ жолды” тірілткені қанша адамды байытты десеңізші. Одан білім алушылар мен ғылым қуғандар іздегенін тапты. Ұлттық тарихымыздың ақтаңдақтары тарқатылды. Өзімізді өзіміздің тануымыз тереңдеді. Тұлғаларымызды ұлықтауға олжа салынды. Қысқасынан қайырсақ, 20-жылдардағы “Ақ жол” қазақ оқырманы үшін әрі “Әліппе”, әрі саяси есею мектебі, әрі жаһандану баспалдағы міндеттерін атқарды.

Осы және басқа миссиялар газеттің номері 1 санындағы Нәзір Төреқұлов, Г. Сафаров, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров жазған “Еңбекшіл, қазақ-қырғыз жұртына” атты бас мақалада анық көрініс тапқан. Алдымен әлемде, оның ішінде Ресейде адам құқығының аяусыз тапталғаны сөз болады. Бұдан кейін отарланған Түркістанның аянышты тағдыры суреттелген. “Патша хүкметі мұндай саясат қолдану арқылы екі түрлі мақсатына жетті, делінген бас мақалада. Бір жағынан, жерсіздіктен, наразылық шығарған христиандардан құтылып, олардың мауқын басты. Екінші жағынан оларды жергілікті жұрттармен жауластырып қойып, соның арқасында Түркістанды өзіндік қылып бекітіп алды. Ақырында, мұнан келіп ұлт дұшмандығы туды”. Бір қарағанда мақала таптық рухта жазылған. 20 ғасыр басын байлар мен кедейлердің талас-тартыс дәуірі деп сипаттайды. Егер мақала басынан аяғына дейін осымен шектеліп қалса, болашақта мақала авторлары ұлт мақтаныштарына айналмас еді. Утопиялық коммунизмнің шеңберінде қалар еді. Қайта жемқорлықты сынағандарынан болашақты дұрыс болжай алғанын көргеніміз жөн шығар. Қазақ-қырғыздың өз арасынан шыққан жемтіктес байларды, манаптарды қазақ-қырғыздың жауы, залымдары ретінде анықтады.

Ендеше ақынның “Ақ жол” жоқтаушысы, қамал-қорғаны болуы заңды құбылыс. Өйткені газет әрқашан ұлттық мәдениет, тіл, мемлекеттілік үшін күресті. Әйел мәселесін көтеруден жалықпаған емес. Ал “Ақ жолдың” қазақ мәселесіндегі ұстанымы әр қазақтың көңілінен шығатыны сөзсіз. Бұл орайда “Известия” газетінде жарияланған Ғ. Бірімжановтың мақаласын қазақ тілінде жариялауының жөні бөлек. Ғазымбек - Алаш бағдарламасын жазған

жеті қазақтың біреуі, тарихы мен тағдырын тереңінен білген білімпаз. Мақала 1920 жылғы 26 желтоқсанда жарық көрді. Менің ойымша, бұл да кездейсоқтық емес. Өйткені желтоқсан - Алашорда өкіметі дүниеге келген ай. Автор Алаш қозғалысына қысқаша шолу жасап, сөзін былайша аяқтайды: "Енді "қазақ мәселесі" бұрынғы патшашыл хүкметтің уақытындағы "ашулы мәселесі" сияқты болмасын. Қазақ халқының жалпы бұқарасы өзі айтсын. Уақытша хүкімет те, Колчак та оңбаған болды. Онан да большевигінді-ақ әкел деп, бұл ынтаны күнде көретін жалғыз оқығандар да болмасын. Бұл ынта өміріндегі көрмеген қазақтың жалпы бұқарасында болсын". Бұл, әрине, қазақ мәселесін қазақ қана шеше алады деген пайым-тұжырым ғой.

"Ақ жолдан" алатын тағылым мейлінше көп. Айталық, ұлт мәселесі асқанып тұрған 20-жылдар басында С. Қожановтың жастарға қарата: "Қазақ-қырғыздың ғана қамын ойлау ұлтшылдық болады деп қорықпаңдар" деген сөзі халқына, ақылы мен қайратына сенген жанның ғана аузынан шығатын ақиқат деп білемін. Кейін қуғын-сүргін күшейгенде "ұлтшыл" сөзі ең қорқынышты факторға айналғаны құпия емес.

"Ақ жол" саяси тарихымызды дұрыс түсінуге шылбыр ұстатады. Күні кешеге дейін Қазақстанда коммунистік идеяның таралуын объективті құбылыс ретінде айттық, жаздық, насихаттадық, тіпті өз өтірігімізге сендік те. Сөйтсек соның бәрі қолдан жасалған тарих баяны екен. Кеңестік билік орнаған алғашқы он жылдықта қазақ халқы большевик, большевизм, социализм дегеннің не екенін түсінбеген көрінеді. Қайта ол таяу-алыс шетелдерде не болып жатыр, пайда-зияны қандай, оқудың берері неде деген сұрақтарды қапысыз біліпті. Осыған қарағанда 20 жылдар ортасында Голощекиннің: «Октябр қазақ ауылына соқпай өте шықты» деген сөзінде жан бар ау.

Коммунистері аз өлкеде социалистік идея қалайша пәрменді күшке айналып кетті деген сұраққа жауапты «Ақ жолдан» табамыз.

Біріншіден, большевиктердің әр халық өзін-өзі билеуге құқылы жалған уәдесін жалаулатуы қазаққа майдай жақты. Ұлттық мемлекет идеясы санадан өшпегендіктен ақ түйенің қарны жарылғандай көрінді. 1916 жылғы көтерілісте ондаған ханның сайлануы, Алаш автономиясын құруға талпыныс, 1920 жылы Кеңестік қазақ автономиясының шаңырақ көтеруі – бәрі дербес мемлекет құруға құштарлықты өршітті.

Екіншіден, большевиктердің патша заманындағы отарлық, ұлттық саясатты аяусыз сынауы, қазақ азаматтарын мемлекетті басқаруға тартуы, кедейлерге сенім көрсетуі социалистік идеяның тез тарауына септесті. Социализм туралы түсінігі жоқтардың өзін еліртті.

Үшіншіден, Жер, Бейбітшілік туралы алғашқы декреттер соғыстан, жерсіздіктен жүрегі шайлыққан халық үшін аспаннан шұға жауғандай әсер етті. Дегенмен қазан төңкерісінен кейін үш жыл өтсе де жер мәселесі шешілмей жатқаны қара халықты ғана емес, қазақ басшыларын да алаңдатты. Бұл үдерістен «Ақ жол» сырт қала алмады. 1921 жылдың басында Әулиеатада Түркістан республикасындағы қазақ-қырғыз еңбекшілерінің тұңғыш съезі ашылған еді. Съезде 12 мәселе қаралды. Ұлт мәселесі екінші, жер мәселесі төртінші орында тұрды. Съездің жұмысы, қабылдаған шешімдері, айтылған ойлар газет бетінде кеңінен қозғалды.

«Ақ жол» қашанда әлеуметтік әділдікті, ұлт мүддесін риясыз қолдап отырды. Осындай газетті Ханбибі ханым қолдамағанда, жоқтамағанда кім қолдайды, кім жоқтайды?

«Ақ жол» әйел теңдігіне, құқығына ерекше мән берген басылым. Бұл орайда да хан баласындай Ханбибі апамыздың айтары бар, ұстанымы анық, үлгі-өнегесі барша қазаққа аян. Көз жеткізу үшін «Нұрикамал» әнін тыңдап, киносын көрсеңіз жетіп жатыр.

Бүгінде киноны сынаушылар әржерде төбесін көрсетіп қалады. Сондағы айтатын уәждері отбасы институтын дағдарысқа түсіреді-мыс.

«Көрмес – түйені де көрмес» сөзі осындай тоғышарлықтан айтылған шығар, сірә. Түптеп келгенде, кинода да, өмірде де ешбір тараптан жаманшылық орын алған жоқ. Жас сұлуға ғашық болған, Тұрдықылыштың адам алдында да, құдай алдында да тарыдай күнәсі жоқ екені айдай ақиқат. Абайдың «Ескендір» поэмасы:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары – оған мекен, - жолдарымен басталмаушы ма еді.

Нұрикамалды сынаушыларға осы жұрт Наполеон мен Жозефинаны біле ме екен дегім келеді. Екеуі туралы кино да бар, зерттеулер де жарияланған. Менің ойымша, Наполеон Жозефинаны сүйген шығар ал Жозефинада Наполеонға ешқандай махаббаты жоқ. Тарқамаған құмарлығы ғана бар. Ал «Нұрикамал» киносы тап-таза махаббат хикаясы. Түсінген адамға кино отбасын қадірлеудің нағыз үлгісі. Махаббат тақырыбы ықылым заманнан ұлықталуда, осы мәңгілік тақырыпқа жаңа жол қосылды, олжа салынды. Бір ғана шығармамен, басқасын айтпағанда, Ханбибі апамыз әдебиет тарихында, ұлт тарихында мәңгілік тұлға биігіне көтерілді. Бұл Жаппарқұлдың сөзі емес, шын жүректен шыққан адал сөз.

Өмірде жақсы адамдар көп, жамандар да баршылық. «Ақ жолдың» әр санынан жақсы мен жаманды, жақсылық пен жаманшылықты көреміз. Марксистер мұны бірлік пен қарама-қайшылық заңдылығына, өркениет теориясы сұраныс пен сын-қатер арақатынасына сыйғызумен түсіндіреді. Ал Ханбибі Есенқараева мәселені күрделендірмейді. Жақсылыққа да, жаманшылыққа да «Алаш» өлшемімен, «Алаш» көзімен қарайды. Алаш ардақтыларының аманат сөзін мойнындағы парызындай көргендіктен, Күлтегін тасында айтылғандай, күндіз отырмады түнде ұйықтамады. Сол тұста ақын да болды, жоқтаушы да болды. Ең бастысы – азамат мәртебесіне, қазақ қызы деген атағына қылаудай мін келтірмеді. Осыдан 1 ғасырдан астам уақыт бұрын «Ақ жолға» мынадай тілек айтылыпты:

Сен, «Ақжол» халқыңа,
жолаушы болып баратын.
Бар оқушы қалпыңа
оқу көзбен қарайтын.
Туды, міне, еріктеп,
таптың нағыз серік деп
«кел кедейлер бірік» деп,
шақыр қазақ даласын.

Осы тілекке періштелер «әумин!» десе керек. Ал оны атқару хан қызындай Ханбибінің маңдайына жазылыпты. Сөзімнің басында алашшыл дегенімнің бір уәжі ғой бұл.

Екінші уәжім Әлихан Бөкейханның соңғы рет Мәскеу түрмесіне қамалғанда берген жаубынан туындайды. Әлекең 1937 жылғы 27 шілде тұтқындалып, 28 шілде тергеушіге жауап бере бастады. 6 тамыздағы сөзінде Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақов, Сейфуллин, Сәдуақасов – бәрі ұлтшылдар, Алаш ордашылар дегені бар.

Рас сөз! «Үлкен террорға» дейін алашшыл, алаш ордашыл болу жүрек шошитындай қауіп туғыза қоймады.

Бүгінде ше? Бүгінгі алашшыл менталитет қазақтың шағын тобына ғана тән. Өйткені көбі орысшыл, батысшыл, басқа діндегілер, рушылдар, дүние-боқтың соңындағы жемқорлар. Демек, Ханбибінің алашшылдығы мына алма ғайып заманда дұрыс жолды, адастырмайтын жолды, халқына қызмет ететін жолды таба алғаны. «Ақ жолға» келуінің құпиясы да осында.

Демек кешегі мен бүгінді жалғайтын алтын көпірде тұрсыз. Сол үшін сізді жақсы көреміз, мехнатты еңбегіңізге бас иеміз, сізге сенеміз.

УДК: 94(470.42)

ШТРИХИ К ПОРТРЕТУ И.АРАБАЕВА –ПРОСВЕТИТЕЛЯ, ПЕДАГОГА И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОГО ДЕЯТЕЛЯ

Джоошбекова А.Р.
доктор исторических наук, профессор,
Кыргызский Государственный Университет имени И. Арабаева,
Бишкек, Кыргызстан
Курбанова Н.У.
доктор исторических наук, профессор,
Кыргызский Государственный Университет имени И. Арабаева,
Бишкек, Кыргызстан

Аннотация.

Кыргыз элинин билим берүү тармагынын өнүгүшүнө чыгаан эл агартуучусу, педагог жана коомдук саясий ишмер И.Арабаевдин кошкон салымы, орду баса белгиленет.

Annotation.

The contribution to the development of the education system of the Kyrgyz people, the role of the outstanding educator, teacher and public and political figure I. Arabaev is highlighted.

Ишеналы Арабаев – видный государственный деятель и просветитель начала XX века, стоящий у истоков национального возрождения и пробуждения национального самосознания кыргызов.

Автор первого кыргызского букваря, уважаемый и прозванный народом "Молдоке" Ишеналы Арабаев внес вклад не только в кыргызское просветительство, но и в становление кыргызского советского государства и формирование просветительской системы. Ишеналы Арабаев по праву был одним из первых среди деятелей начала XX века, который осознавал прямую зависимость возможности широкого просвещения народа от достижения государственной самостоятельности.

Следует отдать должное удивительной целеустремленности, упорству и последовательности И.Арабаева, который на протяжении многих лет прокладывал дорогу к просвещению и образованию кыргызского народа, как личным участием в педагогической деятельности, так и добиваясь признания его существования и получения автономии. Он упорно и последовательно шел к цели – составил азбуку, издал первые книги, затем учительствовал в созданных им ново-методных школах.

После революции 1917 года, о чем свидетельствуют факты его биографии, не будучи политиком по своим личным устремлениям, он стал активным общественно-политическим деятелем, сосредоточив свое внимание на вопросах самостоятельного развития кыргызской грамоты, языка и культуры. Его активная деятельность в деле становления и развития кыргызского просветительства играет такую же роль как деятельность великих педагогов как Ян Каменский, К.Д.Ушинский, И. Гаспринский, И.Алтынсарин, А.Байтурсунов, Хамза Хаким-заде и др. в деле просвещения и образования своих народов.

Ишеналы Арабаев родился в 1882 году в селе Кунбатыш Кочкорского района, ему было один год, когда он лишился отца, он, его две сестры и брат остались с матерью и пережили тяжелые времена, полные лишений и бед [1с.348]. По этой причине, он смог поступить на учебу только в 12 лет. Изначально он учился в Каракольской мусульманской мечети, затем продолжил учебу в татарской школе, где проучился около 5 лет. Но по его словам, там он не получил надлежащего образования. Позже он около трех лет проучился в ново-методной мусульманской школе г. Каракол. Заметив его способности, учитель этой школы Заиров Таир рекомендует ему продолжить учебу в Оренбурге [2, Л.5-8].

Как указывает И.Арабаев в личном листке, заполненным им в 1924 году, он в 1907 г. 9 месяцев учился в Турции, в Стамбуле [1, с.348]. Известно, что он был принят в третий класс тюрко-религиозной школы г.Константинополя, тогда же он посетил г. Измир, Бейрут, совершил паломничество в Мекку и Мадину [3,с.133]. Возможно, он совершил свои поездки в эти города Малой Азии с друзьями и сокурсниками из медресе «Галия». По возвращении в Константинополь И.Арабаев попал в немилость турецкого правительства за получение из Петербурга периодической прессы революционно-демократического характера и был вынужден вернуться в Оренбург, где он около года повышал свои знания в медресе «Хусеиния» г. Оренбурга.

В воспоминаниях И. Арабаева говорится, что приезжая на летние каникулы в аил, он вел частные занятия с детьми и таким образом собирал средства для продолжения своей учебы.

В архивах Алматы историком К.Молдокасымовым обнаружены документы, связанные с просветительской деятельностью Арабаева в эти годы в Джумгале и Тоне [4]. В которых говорится о том, что "в мае 1909 года главы трех волостей Пишпекского уезда: Бегимбай Тыналин из Жумгала, Омуралы Кокутаев из Каракече и Тезекбай Назарматов из Сусамыра выдали Ишеналы Арабаеву отдельные удостоверения. В то же время лидеры трех волостей обратились к главе уезда с просьбой заново открыть мусульманское медресе в Джумгале и поставить туда учителем самого образованного - Ишеналы Арабаева". Эта школа была открыта в 1899 году как русско-туземская, позже была закрыта. Они также сообщили, что жители трех волостей согласны выплачивать Арабаеву зарплату в размере 1000 рублей в год через казначейство. В этом архивном документе также указано, что Ишеналы Арабаев является жителем Джумгала. "Тогда глава Пишпекского уезда предложил жителям трех волостей создать все условия и для учителя русского языка, чтобы выплачивать ему самим зарплату до 400 рублей в год", - расшифровал архивные документы К.Молдокасымов.

Однако в январе 1910 года главы трех волостей написали 3 документа за подписью Асанбека Мурзабекова из Сусамыра, Байсала Уразова из Каракече и Шакира Кокумбаева из Жумгала, требуя, чтобы русскоязычная школа в Джумгале была превращена в мусульманскую школу, и чтобы заработную плату учителя русского языка выплачивали из казны. Однако, по словам К. Молдокасымова, глава уезда не поддержал открытие мусульманской школы в Джумгале, сославшись на отсутствие финансирования учителя русского языка.

В 1910 г. И.Арабаев уезжает в г.Уфу, где получал образование в высшей религиозной школе – медресе «Галия». В автобиографии он отмечает, что 4 года обучался в медресе «Галия», окончив которую, в возрасте 27 лет вернулся в Семиречье и продолжил просветительскую деятельность [1, с.349].

Как известно, в медресе «Галия» принимались только те учащиеся, которые прошли вступительные испытания, а также выпускники религиозных школ. Известно, что в медресе «Галия», наряду с религиозными предметами, изучались и некоторые дисциплины из европейской классической школы, которые впоследствии сыграли большую роль в формировании мировоззрения выпускников этого медресе.

Медресе «Галия», в котором в конце Х1Х начале ХХ вв. получили образование многие представители кыргызской интеллигенции, было открыто в октябре 1906 г. и было задумано как высшее учебное заведение. Целью медресе было – дать образование мусульманской молодежи и приобщить ее культуре. По сравнению с другими медресе, здесь преобладали демократические настроения, молодежь стремилась учиться именно в медресе «Галия». Национальный состав здесь был разнообразным, лишь в течение десятилетия, между 1906-1916 гг. в медресе «Галия» учились 950 человек. Еще занимаясь в медресе, они делали первые шаги в избранной профессии – становились писателями, историками, педагогами, журналистами [5, с.264]. Известно, также что в эти годы из Средней Азии в медресе «Галия» учились 242 человека, среди которых были и кыргызы – Токтоналы Чынгышев, Исхак Канагаров (Канатов), молдо Надыркул и др. [5, с.264]

Во время учебы в Уфе И.Арабаев познакомился с представителями местной татарской интеллигенции, начал серьезно интересоваться наукой, о чем свидетельствует начало его публицистической деятельности.

Именно здесь он начал писать свои научные и просветительские труды. В 1911 г. И. Арабаевым было издано в Казани произведение Молдо Кылыча Шамырканова «Кысса и Зилзалла» («Землетрясение»), с предисловием на кыргызском языке. В предисловии он пишет: «Жаль! Если сотворен Богом в этом мире, издал бы «Зар заман» («Эпоха скорби») Молдо Кылыча, распространил бы народу, издавали бы книги для детей на родном языке» [3,с.135], отмечая, что он мечтал об этом, когда учил детей по учебникам, изданным не на родном языке.

Как известно, в 1911 году 3 января в горах Ала-Тоо произошло мощное Кеминское землетрясение. Переживший это стихийное бедствие акын Молдо Кылыч сложил поэму «Кысса-и-Зилзала» о взаимосвязи между жизнью человеческого общества и природными явлениями, увидев в этом природном катаклизме признаки грядущего конца света.

В том же 1911 году в Уфе в издательстве «Шарк» была издана «Азбука» "Алифба йаки тоте окуу" - "Пути обучения скоростному чтению детей в школе или Букварь" для кыргызских и казахских детей, которая была первой учебной книгой, изданной на понятном для кыргызских детей языке, написанная совместно с казахским просветителем К.Сарсекеевым [2, с.135]. В ходе написания «Азбуки» И. Арабаев разрабатывает кыргызский алфавит на основе арабского алфавита, анализируя и используя учебники тюркских народов и русского языка. При написании учебника в качестве образцов использовались изданные в то время азбуки на татарском, узбекском и казахском языках, в основном книги Ю. Алтынсарина, И. Гаспринского, К. Д. Ушинского и др. известных педагогов [3,с.38].

С 1911 по 1915 гг. в газете «Айкап» были опубликованы множество статей положительного характера об «Азбуке», написанной студентами медресе «Галия». Авторы подчеркивали ее новизну, своевременность и практичность, высоко оценили научно-методическую структуру учебника . [5, с.43]. По отзывам современников «Азбука» "Алифба йаки тоте окуу" - "Пути обучения скоростному чтению детей в школе или Букварь" для кыргызских и казахских детей, считался самым простым для понимания учебником того времени, написанный с использованием фонетического метода и является одним из первых учебников из наследия великого просветителя.

Прежде всего, необходимо отметить, педагогическую ценность издания такой книги, ее место в истории кыргызского народа в целом, ее значение как памятника культуры. Как образованный человек, И. Арабаев еще тогда понимал, что для повышения грамотности и выхода из невежества простого народа недостаточно религиозных книг и медресе, а необходимо создавать новые книги.

В том же 1912 году И.Арабаев публикует в Оренбурге книгу на казахском языке «Жазуу Орнектери» («Основы правописания»). В ней он дал правила правильного и красивого написания арабских букв. Его книга сразу разошлась среди преподавателей, пользовалась огромным спросом у казахского народа, благодаря заметной эффективности. Кроме этого он составил азбуку чагатайской письменности, которой пользовались народы Центральной Азии, упростил ее до понимания кыргызов и казахов, ввел деление гласных и согласных этого языка [2, с.135].

В этом же году в первом номере журнала «Айкап» И. Арабаев публикует очерк «От Оренбурга до Ташкента» («Орунбордон Ташкенге чейин») [2, с.136], поднимающий вопросы получения образования казахской и кыргызской молодежи из бедных семей.

В 1913-1916 гг. он обучал детей Нарынской долины и Тонского района, местностей Тогуз-Булак, Торт-куль, Конур-Олон. В селе Торт-Кол И.Арабаев открыл школу «Курмания», преподавание в котором велось по новому методу, делением учеников на классы в соответствии с их ранее полученными знаниями. Известно, что в местности Тогуз булак поставив более двадцати юрт, он обучал детей из разных уездов, количество учеников составляло около 300 человек [5, с.43].

В это время он создает семью, его избранницей стала дочь Кайбылда ажы – Кадыйча [5, с.43]

Один из его учеников, ветеран народного образования, учитель, награжденный орденом Ленина О.Мамыров в своих воспоминаниях об И.Арабаеве напишет: « до этого я проучился три года в мусульманском мектебе, но так и не научился хорошо писать и читать. Проучившись по новому методу у Арабаева, я за два месяца смог освоить и письмо и чтение. Он учил нас не только письму и чтению, но и арифметике, географии, природоведению» [5,с.20-21]. В последующие годы многие из учеников, продолжили, не без его помощи свое обучение на различных курсах и стали учителями. Можно считать, что первый опыт передачи начальных знаний кыргызским детям на родном языке имел место в школе «Курмания», где учителем был Эшенаалы Арабаев в 1913 году. Обучая кыргызских детей в своей школе, Э.Арабаев использовал все свои знания, полученные в медресе «Галие», такие как, прогрессивные традиции педагогики, методики. Самым основным в этой школе было учеба в классах, деление учеников по способностям.

Кроме просветительской и педагогической деятельности И.Арабаев обучая детей еще до революции, он на своем опыте понял отсталость и слабые стороны старых школ, что привело его к открытию школ джадидского типа, распространил новую методику обучения среди кыргызского народа. Об этом периоде своей жизни он напишет в сентябре 1925 года в Заявлении в ответ на исключение его из партии в связи с «письмом тридцатки**»:** «Я, окончив в 1913 году учебное заведение, приступил к работе в качестве народного учителя. Мною была открыта ново-методная школа «Усул джадид», которая, как всем известно, шла в разрез с линией старого духовенства «Усул Кадымцам», в виду чего я подвергался нападению, как со стороны их, так и со стороны царского правительства, которое знало меня по доносу духовенства» [6, с.445]**.**

Несмотря на трудности, чинимые как со стороны духовенства, так и со стороны царских властей он упорно и целеустремленно прокладывал дорогу к получению новых знании, образованию кыргызской молодежи. Эта деятельность сделала И.Арабаева известным педагогом во всей Нарынской долине. Следует отметить, что И.Арабаев, работая учителем, находился под наблюдением местной жандармерии. В своей автобиографии он отмечает, что несколько раз полиция приходила и устраивала обыск в его доме, доносы на него писались и на имя туркестанского генерал губернатора. Он пишет, что «в течение 4-х лет подвергался 17 опросам и в его доме 4 раза производились обыски со стороны полиции» [7, с.445].

Конечно, просветительская работа И.Арабаева возникла под влиянием условий того времени, общего стремления народа к учебе. Будет не лишним сказать, более или менее систематическая образовательная работа среди кыргызского народа началась с момента его присоединения к России.

В соответствии с требованием того времени, богатые и состоятельные люди старались дать должное образование своим детям и этим самым хотели привлечь своих детей к разным отраслям хозяйства и нуждам местного управления.

За годы преподавания он выпустил большое количество учеников, подготовленных по новому методу обучения.

Он боролся за создание книг и учебников на родном языке и одним из первых написал учебники на кыргызском языке, был одним из основоположников кыргызского литературного языка. Заслуживает внимания переводческая деятельность И.Арабаева, им были переведены на кыргызский язык книги, учебники, научно-популярные статьи и др. Следует отметить его публицистическую деятельность, которую он начал, будучи студентом медресе «Галия».

Также он внес большой вклад в собирание, запись и издание произведений устного народного творчества кыргызов. Работая в своей школе «Курмания» в Торт- коле, он организовал кружок, составил план по сбору фольклора и написал пособие как собирать и записывать эти произведения у народа. Эту сторону его деятельности можно рассматривать как этнографическую.

Его просветительская деятельность прервалось во время трагических событий 1916 года. В своей автобиографии он пишет, что «в 1916 г. как и весь кыргызский народ, был вынужден бежать в Китай, откуда возвратился в 1917 году» [3, с.135] Как мы знаем, поражение освободительного движения против царской власти в 1916г. вынудило многих кыргызов Иссык-кульского,Пишпекского и Нарынского регионов, а также казахов Жаркентского и Алматинского уездов к бегству в провинцию Синцзян, расположенную на севере запада Китая (сейчас Уч-Турпан, Кашгар, Ак-суу).

До 1918 г. И.Арабаев активно занимался возвращением кыргызских беженцев из Китая.

В июне 1917 года он публикует свою статью-обращение к казахским сородичам о бедственном положений кыргызов, возвратившихся из Китая и нуждавшихся в помощи. Статья вышла в 236 номере газеты «Казах» 17 июня **[**8, с.60]. Ранее, 11 июня 1917 г. в газете были опубликованы статьи и обращения представителей казахской интеллигенции о бедственном положений, выпавших на долю кыргызского народа.[8, с.339] После данных публикации газета стала центром для организации помощи пострадавшим в Уркуне. Как известно, газета «Казах» издавалась в г.Оренбурге в 1913-1918 годы, его редактором был известный казахский просветитель, педагог и политический деятель Ахмет Байтурсунов. В последующие годы двух великих людей казахского и кыргызского народа Ишеналы Арабаева и Ахмета Байтурсунова свяжет крепкая дружба и сотрудничество на долгие годы.

Новая веха в жизнедеятельности И.Арабаева начинается с установлением советской власти. Его деятельность в первые годы Советской власти была сосредоточена не только на вопросах самостоятельного развития кыргызской грамоты, языка и культуры, но и в вопросах признания существования кыргызского этноса (отдельного от казахского) и получения автономии кыргызским народом, о чем свидетельствуют факты его биографии.

Работая в Комиссариате просвещения Туркестанской АССР, а позже, руководя работой кыргызской Научной Комиссии, он внес большой вклад в решение многих практических и научных вопросов.

Литературы:

1. ЦГА Республики Узбекистан Ф.86, оп.1,д.145.Л.Л.1.4. см. М.Койгелдиев. Казак елі: улттык бірегейлікті сактау жолындагы курес (XIXг.-XXг.басы). -Алматы-2014.с.
2. ЦГА ПД КР. Ф.10.Оп.15.Д.188.Л.8-9.
3. Маанаев Э. Ж.,Курманов З. К., Курумбаева Г. Д.. Кыргызская интеллигенция: становление, роль в общественно-политической жизни (20-30-е годы). – Б., 2001., -С.133-135.
4. Молдокасымов К. «Найдены ранее неизученные документы об Ишеналы Арабаеве» / Газета «Вечерний Бишкек», 17 февраля 2021г.
5. Осмонкулов А. «И.Арабаев – корунуктуу агартуучу» -Б.1999, С.38-43
6. Даниярова Базаркул Данияров – первый педагог. Портрет на фоне эпохи. -Бишкек 2021, -с.445.
7. Чокубаев А. Классовая борьба и общественная мысль в Киргизии. – Ф.,1967.-С.67.
8. Байдилдеева Ж «Кыргыз - казак интеллигенциясынын байланыштары», Б.2015. – 340с.

АЛАШ АМАНАТЫНА АДАЛДЫҚ

Исабек Баршагүл Қашқынқызы -
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университетінің Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі
проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор м.а.

Ұлысымның ұйытқысы саналатын Оңтүстік өлкедегі қасиетті қарашаңырақ, ұстаздар ұстаханасы, 90 жылға жуық тарихы бар, қазіргі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті – өзінің түлектерімен де рухы асқақ оқу орны. Қазақстанның Еңбек Ері, ақын Мұхтар Шаханов, атақты шығыстанушы ғалым, жақында ғана кітапханамызға аты берілген Әбсаттар Дербісәлі, Кеңес Одағының батыры Бейсен Оңтаев, қоғам қайраткері Сайлаукүл Барақова, Исрайыл Сапарбаев, Әкім Ысқақ т.б. мақтан тұтатын тұлғалар аз емес.

Бүгінгі айтарымыз бас тұлғамыз, мәртебесі биік, мерейлі 75 жасқа толып отырған Хан апа, Ханбибі Есенқарақызы жайында болмақ. Ақын Есенқарақызының мерейлі жасына орай университетіміз 1972 жылғы талантты түлегі, ақын, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Сарыағаш ауданының Құрметті азаматы, «Парасат», ІІІ дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері жайында «Ұлт аманатын арқалаған «Ақ жол» және Ханбибі Есенқарақызы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізуді жоспарлап отыр.

«Ақын батыр болмаса, несі ақын?», «Менің мінезім – менің қаруым», «Шындықты не ақын айтады, не ажалы жеткен адам айтады», «Ұлтты танытатын – шын ақынның өлеңі» деген жолдарда Ханбибі апаның азаматтық ұстанымы көрінеді.

Ақынның ақындықтағы бағы мен жолын талантты ақындар ашары хақ. Мектеп қабырғасында жүргенде өлең жазып, өлеңдері қабырға газетіне, кейіннен аудандық, сосын облыстық басылымдарда жарияланып жүріпті. Жас ақын қыз тоғызыншы сыныпта оқып жүрген кезінде Сарыағаш аудандық редакциясына ақын Төлеген Айбергеновтің келгендігін біліп, алып-ұшып кездесуге барады. Қолында өлеңдерін жазып жүрген дәптері бар. Төлеген ақынмен таныса келе дәптерін ұсынады. Алғашқыда ақын ағасы онша мән бере қоймапты. Кейін сол жердегі қызметкер ағалардың бірі «Төлеген, мынау қарындасың, өлеңдерін қарап бер» дегеннен кейін ғана дәптерін ақтара бастапты. Кейбір беттеріне үңіліп қарап, қайсыбірін парақтап өтіп кетіп, біткен соң сол дәптерінің шетіне қолтаңбасын қалдырған екен. Онда:

«Аққудай көкке самғаған,
Ұшуға қанат қомдаған.
Құралай көзді ақын қыз
Ақұштап жолын жалғаған.
Сен шыққан биік жоқ әлі,
Сен шықпақ биік жоғары.
Қайралмай жатқан жас талант
Қиып түссем деп соғады», – деп астына қолын қойып: «Түбі сен бала бір қараға жетіп жығыласың» деген екен.

Ақын қыз есейе келе тарихи сабақты, тарихи сананы қалт жібермейтін сезімін өлеңдеріне арқау етуді әдетке айналдырады. Айталық,

Тұранымды ұмыттым,
Ұранымды ұмыттым.
Құранымды ұмыттым,
Сонда нені ұғыппын?.. –

деп түбіміз бір түркі жұртының Тұран туы астында бірігіп, басқосуын армандайды. Бүгінгі Түркістан қаласы түркі тектінің рухани астанасына айналған уақытта ақынның осыдан жиырма екі жыл бұрын асқақ арманмен жазылған өлеңінің ақиқатқа айналып келе жатқанына таң қаласың.

Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы, ақындық тұлғасы жөнінде Әбіш Кекілбаев ағамыздан бастап қаншама ақын-жазушы, әдебиеттанушы ғалымдар жүрекжарды пікірлерін айтып, халық танымына ұсынды. Солардың бірі Дулат Исабеков ағамыз: «Ханбибі – ақын, Ханбибі – батыр, Ханбибі – журналист, Ханбибі – тарихшы. Бір өзіне бірнеше қасиетті жинаған ақын... кейбір күшеншек ақындар бар «елім, жерім» деп уайым қылады, бірақ шын уайым емес. Ішінде баласы жоқ әйелдің толғатқаны сияқты. Ал Ханбибі шын қайғырады, шын айта біледі», – деп дәл баға берген.

Сонымен қатар, ақын Темірхан Медетбек: «...Бүкіл өлеңін алып қарасаңыз, арбасып жатқан, бірін-бірі ала алмай, алағай да бұлағай, аласапыран тұстардың барлығын жүрегінен өткізіп, соның ішінде арпалысып өзі де жүретін, сондай құдіретті, қарулы, қайратты, жігерлі, намысты ақын», – дейді.

Мысалы, мына өлең шумағын алайық:

Қасиетін мойныма ілген тұмардың,
Қасіретін туған елдің ұғармын.
Өз ұлты үшін құрбандыққа бас тіккен
Сәкендерден әулие емес шығармын, – дейді.

Фариза ақыннан соң әйел ақындардың ішінде Ханбибі апамыздың 10 томдығы көп тиражбен жарыққа шықты. Мінезді ақынның шығармаларын оқырмандары алыстан іздемей-ақ кітапханалардан таба алады. Бұл ақын үшін ғана емес, тұтас ұлт үшін зор мәртебе екені сөзсіз.

Поэзиямен қатар повесть, әңгіме, эссе жазумен де танымал апамыз Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, Ә.Нұршайықов, Ә.Кекілбаев, С.Шаймерденов, Ф.Оңғарсыновамен қатар Ресейдің Кемеров облысының губернаторы болған А.Төлеев, әйгілі өзбек қаламгері Саид Ахмад, халық ақыны Ә.Қалыбекова жайлы естелік эсселері арқылы аталған тұлғалардың келбетін одан әрі жарқырата көрсетеді. Осы бағыттағы ең басты еңбегі – Алаш ардақтыларына, тарихтың тасасында қалып қойған қайраткер тұлғалардың мұрасын жарыққа шығаруға бағытталған еңбектері. Ханбибі апамыз «Алаш тағылымы және Тәуелсіздік» ой-толғауында Ахмет Байтұрсыновтың

«*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,*
Ойлайтының мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын
Ел-бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін!» дейтін өлеңіне тарихи-танымдық талдау жасай отырып, кәдуілгі тарихшы ғалымдай ой білдіреді. Алаш ардақтысының «Ертеңгісін ойлайтын жастар қажет» дейтін қанатты сөзін дамытып әкетеді.

Ханбибі Есенқарақызының Оңтүстік Қазақстан облыстық қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры болып қызмет істеп жүрген уақытында бітірген көптеген игі істерін өз көзімізбен көргенбіз, білеміз, Алаш аманатын арқалаған ақын қыздың ерлік ісін халық еш уақытта ұмытпайды. Мұражайдың аты облыстық деңгейде болғанымен, қайраткер Ханбибі апамыз республикалық, халықаралық деңгейде кең ауқымды игі істер тындырды. Ең алдымен музей қорына 2008 жылы «Шолпан» журналының түпнұсқасы көрші Өзбекстанның астанасы – Ташкент қаласындағы мемлекеттік мұрағаттардан әкелінді. Журналдың мәтіндері сол кезде қолданыста болған төте араб жазуынан қолданыстағы кириллицаға аударылды. Бұл – үлкен жұмыс. Үшкүлтай Суханбердина апамыз алғашқылардың бірі болып «Дала уалаяты» «Түркістан уалаяты» газеттерін туған халқына қайта табыс етсе, біздің өлкеміздегі Ханбибі апамыз «Шолпан» журналы мен «Ақ жол» газетін халқына қайта табыстырды. Рухани бағыттағы бір ерлік еді бұл. Тарихқа көз жүгіртсек, «Шолпан» журналы 1922-1923 жылдары Түркістан АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы болғандығы тарихқа мәлім. «Ғасыр таңында туған – «Шолпан» атты зерттеу еңбегінде Ханбибі Есенқарақызы журналдың мазмұнына кеңінен талдау жасаған. Зерттеуші Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 4-томында: «...жеке мақалаларында буржуазияшыл-ұлтшылдық қате тұжырымдарға жол берілген деп есептеліп, осыған байланысты «Шолпан» журналының 8 саны шыққаннан кейін 1923 жылдың мамыр айында жабылды», деп көрсетілген. Журналдың Бас

редакторы болған Иса Тоқтыбаев «Шолпан» журналын сақтап қалуға бар күш-жігерін салып, түрлі жолдар қарастырған. Бірақ, сол кездегі саяси ахуалға байланысты басылымның ғұмыры қысқа болды. «Шолпан» журналының бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу, тарихқа құштар қауымға берері көп. Журнал беттерін парақтап шыққан оқырман XX ғасыр басында ғұмыр кешкен зиялы қауыммен рухани тұрғыда жан-жақты қауышады. Сонымен қатар басылым беттерінен сол кезде қазақтардың қандай сөз қолданғандарынан хабардар бола алады. Мысалы: Кіндік комитет – Орталық комитет; әпжету – қысқарту; басқыш – сынып, т.б. «Шолпан» журналы – XX ғасыр басындағы зиялы қауыммен қауыштыратын тарихи жәдігер. Ханбибі Есенқарақызының тікелей басшылығымен 2010 жылы «Ан-Арыс» баспасынан «Шолпан» журналы қайта дүниеге келді [1].

Ханбибі Есенқарақызы «Шолпан» журналынан соң «Ақ жол» газетін қайта тірілтуге бар күш-жігерін аямай салды. Бұл газеттің де тарихи мәні зор басылым болғаны анық. «Ақ жол» газеті 1920 жылдың 7 желтоқсанынан аптасына үш мәрте үзбей шығып тұратын Түркістан Орталық Комитетінің саяси органы болды. Хан апамыз «Алаш ардақтыларының аманат сөзін мойынымдағы парызымдай көріп, 2008 жылдың соңына қарай Ташкент мұрағатынан «Шолпан» (1922-1923) журналымен қатар «Ақ жол» газетінің ондағы бар санын алып келдім» деп газеттің ұзын саны 613 нөмірін тауып, оның 38 санының басын қосып, 2011 жылы «Ақ жол» деген атаумен екі том кітап етіп баспадан шығарды және кітаптың тұсаукесері де жоғары деңгейде өтті. «Алаш аманатын арқалаған «Ақ жол» атты алғысөзінде Ханбибі Есенқарақызы былай деп пікір білдіреді: «Қарағай басын шортан шалған» қилы ғасырдың толғағында туған жанкешті тұлғаларымыздың осынау бір еңбегінен өз іздегеніңізді тауып жатсаңыз біздің де айналайын Алаш жұртының алдындағы бір парызымыздың өтелгені деп білеміз» [2.10]. Кітаптың кіріспе бөлімінде Ханбибі апамыз «Ақ жол» газетінің ұйымдастырушылары, газеттің тиражы, көтерілген мәселелер туралы терең талдау, салиқалы сараптама жасаған. «Ақ жол» газетінің алғашқы редакторы – С.Қожанұлы, уақытша шығарушысы Қ.Құлетов. Кейінгі сандарға С.Оспанов, С.Аспандияров, С.Садуақасов, И.Тоқтыбаев, Н.Төреқұлов, Т.Байқасқаұлы, М.Қайыпназар сынды белгілі тұлғалар қатысқан. Газеттің №271-305 сандары Түркістандағы жазушылар ұйымы атынан шығарылған. Бұлар Түркістандық белсенді, көзі ашық қазақ зиялылары болатын. И.В.Сталин «Ақ жол ақтардың мүддесі ме?» деп газеттің атына шүйіліккен хатынан кейін әдебиет пен мәдениеттің қайнаған ортасы, Алаш зиялыларының топтасқан жері Ташкенттен алыстатылып, редакция Шымкентке көшіріледі. Аз ғана жыл ішінде «Ақ жол» газетінің таралымы 12 мың данаға дейін ұлғайған. Газеттің таралуы негізінен Түркістан республикасының аумағын қамтығанымен, ол ішінара Қазақ Автономиялық Республикасына да таралған. Тіпті оның астыртын жолдармен шет елге де таралғандығын М.Шоқайдың еңбектері арқылы білуге болады. «Ақ жолдың» 1923 жылы 15 желтоқсан күнгі саны 21 690 данамен тарапты. Қаржылық, техникалық, ұйымдық себептерге байланысты газеттің тиражы құлдыраған кездер де болған. Айталық, 1925 жылдың күзінде «Ақ жол» газетінің тиражы 3 мың данаға дейін төмендеген.

Тарихқа құштар Ханбибі Есенқарақызы өзге облыстардың мұрағаттарын ақтарып, қуғын-сүргінге ұшырағандар жөнінде материалдар жинақтап, олардың ұрпақтарына іздеу салды. Ақын апам жазықсыз жапа шеккендердің ұрпақтарын Шымкентке жинады. Алғашқы жылы жиынға небәрі елу адам қатысқан болса, кейіннен мыңдаған адам қатысатын дәстүрлі іс-шараға айналып кетті. Алматы, Астана, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресеймен қатар, еліміздің батысы мен шығысынан, түстігі мен арқасынан келген ұрпақтары қатысқан кәдімгі республикалық деңгейдегі рухани жүздесуге айналды. Осындай жиынға келгендердің кейбіреулерін айта кетейік: көрнекті ақын Ілияс Жансүгіровтің ұлы Саят аға, КазЦИК-тің төрағасы болған Ұзақбай Құлымбетовтің қызы, алматылық Кәбира Құлымбетова-Қарабалина. Тағы бір алматылық Клара Асылбекқызы Сейітова, әкесі Асылбек Сейітов – Алматыдағы тұңғыш емхананы ашқан қайраткер. Клара апайдың түп нағашысы Мұса Шорманов болыпты. Мұсаның ұлы Сәдуақастың Нафия есімді жалғыз қызы болған екен, 16 жасында Асылбек Сейітовке ұзатылыпты. Мұсаның немересі Нафия – Кларaның анасы.

Ханбибі апамыздың қазақтың біртуар азаматы, ұлттық өнердің дамуына зор үлес қосқан Жұмат Шаниннің есімін ерекше құрметтеуі де көпке үлгі боларлықтай. Атақты өнер иесінің 1992 жылы 100 жыл толуына орай өткен салтанатты жиында жасалған баяндамасы аса ыждағаттылықпен, зор әсерде жазылған баяндама болды. Тыңдай отырып, Шымкенттегі драма театрға 1972 жылы тұңғыш кәсіби режиссер, драматург Жұмат Шаниннің атының берілуі бекер емес екендігіне көз жеткізесің.

Петропавлдан арнайы келген «халық жауы» Байзақов Мәуленқұлұлы, тегі татар болып жазылып кеткен Пархат Вахитов туралы да айталық. Ол Оңтүстік Қазақстанның тумасы. Шымкенттегі Гоголь көшесі, 41-үйде тұрған. Ол үй әлі де тұр екен. Анасы Махинур Вахидова татар ұлтының қызы болыпты. Оның құжатына әкесі ұсталған кеткен соң сақтықпен Вахидов Фархат, ұлты – татар деп жазылып кеткен. Ес білген шағында Қазақстанның Қызылжар өңіріне келеді. Әкесі Байзақов Мәуленқұл 1930 жылдары Павлодарда прокурор қызметін атқарған. Пархат Вахитов Шымкенттегі мұрағатта әкесі туралы құжаттар бар екенін біліп, өз фамилиясын қайта алуды ойлап, Ханбибі апамызға «қолыңнан келсе, көмектес» деп келген екен. Өйткені «ол мен қазақтың баласы – қазақ болып өлсем деймін...» деп айтыпты. Сонымен Ханбибі апамыз басқаратын мұражайдың қор сақтау бөліміндегі құжаттарды сөйлетейік: «Байзақов Мәуленқұл Исламқұлович 1900 жылы туған. Ұлты – қазақ. Әйелі – Вахитова Mahигур – 1911 жылы туған. Ұлты – татар. Қызы – Байзақова Лайля – 1933 жылы туған. Ұлты – қазақ. Ұлы – Байзақов Пархат – 1936 жылы туған. Ұлты – қазақ. Байзақов Мәуленқұл 1938 жылы 20 қаңтарда НКВД тапсырысымен ұсталған. Кеңес Одағына қарсы насихат жүргізгені үшін 58-статьяның 2,8,9 және 11-тармақтары бойынша Үштіктің қаулысымен 1938 жылдың 8 ақпан күні атылған. 1989 жылы ақталған. Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 14 сәуіріндегі «Жаппай саяси репрессияның құрбандарын реабилитациялауға байланысты Байзақов Мәуленқұл саяси қуғын-сүргін құрбаны болып табылады... »

Осы деректі көрген соң Пархат Вахитов ақсақал қуанып қалады. Әкесі тіріліп келгендей бір отырып, бір тұрып, қайта-қайта рақметін жаудырып жатады. Құжат беретін мекемеге қажетті материалдарды мұражай қызметкерлері Ханбибі апамыздың нұсқауымен әзірлеп береді. Алты айдан соң «ұлты – қазақ» деген төлқұжатын алады. Ақсақал ендігі арманы әкесі тұрған үйге ескерткіш тақта орнату екенін айтады. Ханбибі апамыз «Жақында, 31 мамыр күні бейбіт митингі өткіземіз. Сол митингіден кейін өзіңіздің тағдырлас әріптестеріңіздің, өзге де ұрпақтардың, жалпы халықтың қатысуымен ескерткіш тақтаны салтанатты түрде ашатын боламыз» дегенінде, Пархат Мәуленқұлұлының қуанышында шек болмапты.

Ханбибі апамыз «Қызыл қырғында» құрбандыққа шалынған, яғни шейіт кеткен 25 мың адам екенін, оның ішінде 2,5 мың оңтүстіктік жерлесіміз болғандығын үнемі айтады.

Ақын Ханбибі Есенқарақызының Астанадағы «Фолиант» баспасынан жарыққа шыққан 10 томдық шығармалар жинағының VII томы «Алаш және репрессия» деп аталады [3]. Екі бөлімнен тұратын бұл кітаптың бірінші бөлімінде Алаш қайраткерлері мен саяси қуғын-сүргін құрбандары жайында жазылған мақала, сұхбаттарымен қатар, 1922-1923 жылдары жарық көрген «Шолпан» журналы мен 1920-1926 жылдары шыққан «Ақ жол» газетінің кітап болып басылып шығуы және осы басылымдар туралы деректер, мәліметтер берілген. Екінші бөлімінде Ханбибі апамыздың ұйытқы болуымен, құрастыруымен жарық көрген «Қан жүректі қайғылым» атты кітаптағы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандардың ұл-қыздарының естеліктері баяндалған.

Белгілі тарихшы, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі Мәмбет Қойгелді жазған алғы сөзінде «Маған, әсіресе ұнағаны Ханбибі ақынның тарих шындығына деген құштарлығы, Алаш зиялыларына деген құрметі болды. Ол бұл ұстанымын атақты «Ақ жол» газетін көп томдық кітап түрінде шығару арқылы білдірді» деп әділ баға берген болатын [4.3].

Еңбекте репрессияға ұшыраған асылдарымыздың ұл-қыздарының пікірлерін де хаттап, тарихта қалдырды. «Алаш қайраткерлерінің ұрпақтары, олар жайлы ақынның көзқарасы, сұхбаттары жарық көрген. Бұл кітапта Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр апайдың, Жүсіпбек Аймауытовтың ұлы Бектұрдың, Мұстафа Шоқайдың ағасы Нұртазаның қыздарының жан

тебірентерлік естеліктері берілген. Алаш құндылықтарын ұрпаққа жеткізуді парыз санадым», – дейді ақын апамыз.

«Алаш және репрессия» атты VII томға белгілі қаламгер М.Байғұт, журналистер Ө.Ақжігіт, А.Сапарбаева, Ү.Алтаевалардың Ханбибі Есенқарақызымен жасалған тамаша сұхбаттары да еніпті. Қайраткер тұлғаны осы сұхбаттары арқылы кеңінен танып, білуге болады.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, «Алаш» ғылыми-зерттеу институты бірлесе отырып арада бір ғасыр өткенде, яғни 2020 жылдан бастап «Ақ жол» газетінің 25 том болатын көптомдығын қайта шығарды [5]. «Ақ жол» газеті көптомдығының құрастырушысы – белгілі ақын, қайраткер тұлға, ірі ұйымдастырушы, ұлттың рухани мұрасының шын мәніндегі жанашыры Ханбибі Есенқарақызы.

Тарихшы ретінде айтарым, Ханбибі Есенқарақызының алаштықтардың аманатын арқалап, «Ақ жол» атты 25 томдықты жарыққа шығаруы – халқы алдындағы перзенттік парызын орындаудағы қайраткерлік, ерлік. Алдымен, 2011 жылы «Ақ жол» деген атаумен екі кітап етіп баспадан шығаруының, кітаптың тұсаукесерінің де, кейін шығарылған 10 томының да куәсі болғанмын. «Ақ жол» туралы шәкірттеріме дипломдық, магистрлік, докторлық ғылыми-зерттеу жұмысын жаздырғанда, бұл еңбектердің өте құнды дерек болғанын атап өткім келеді.

Бүгінгі күні 100 жылдық тарихын тойлап отырған «Оңтүстік Қазақстан» газетінің қайнар бұлағы, бастау көзі болған «Ақ жол» жайында да аз-кем тоқтала кеткенді дұрыс деп санадық. 25 томдық «Ақ жолдың» кіріспесінде кітап құрастырушысы, ақын әрі өткен тарих тағылымының шынайы қамқоршысы Ханбибі Есенқарақызы былай деп қалың оқырманмен ой бөліседі: «Әр парақты ашқан сайын түрлі бүркеншік атпен жазылған Алаш зиялыларының, ұлттың рухани көсемдерінің қолтаңбасымен қауышасыз. «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» дейтін жауынгер сезім иелерінің жан айқайымен, бүгінде өз құнын жоймаған, қадірін жоғалтпаған ойларымен бөлісіп, өткен ғасырдың басындағы Алаш тарихының кейбір ақтаңдақ тұстарымен танысасыз» [5.12].

Осы аталған көптомдықтың шығуына үлес қосқан, алаштанушы ғалымдардың бірегейі академик Дихан Қамзабекұлы «Ақ жолға» – қашан да ақ жол!» деп баға береді. Ендігі кезекте ғалым пікіріне ден қояйық: «Газетте басылымның басы-қасындағылардың стилі, бағдары көрініс табады.
20 жылдардың бүгінге еміс-еміс жеткен аңыз-әңгімесінен білетініміз: тұстастары «Жаһаншаны – сөйлеудің шешені, Міржақыпты – жазудың шешені» дейді екен. Сондай-ақ Сұлтанбектің шешендігі мен турашылдығы туралы деректер жеткілікті. «Ақ жол» ұстанымы Алаш жүгін артқан арбаның қос арысындай Сұлтанбек пен Міржақып табандылығымен айқындала түседі... «Ақ жол» әрқашан ұлтқа олжа салған басылым болып қала бермек» [6.22].

Аталған «Ақжол» газетінің беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне қатысты тақырыптарды тереңнен қозғап, құнды-құнды мақалаларын жариялап отырды. «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» (Ахмет Байтұрсынов) болып қызмет еткен газеттің саяси-идеялық бағыты құрылтайшыларына тіпті ұнамады, сол себепті де газет жұмысына көп кедергілер жасалды. Ең қорқыныштысы, билік басына бекем отырған коммунистер «қызыл» деген сөзі бар атауды қаламай, газеттің «Ақ жол» атануының өзінен саяси мән, дәлірек айтқанда, кінәрат іздеді. Сол себепті де газет редакторы, ұлтын сүйген ұлы тұлға, биылғы жылы туғанына 130 жыл толып отырған Сұлтанбек Қожанов: «Қазақ тілінде «Ақ жол» деген сөздегі «Ақ» та «білгіштер» күстәналағандай жаман саяси мағынасы жоқ. «Ақ жол» біздің ақ батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезеді», – деп жауап жазуға мәжбүр болды, уақытша болса да тойтарыс берді [7.61].

Ағымдағы жылы 29 қарашада Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде «Ұлт аманатын арқалаған «Ақ жол» және Ханбибі Есенқарақызы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізгелі жатырмыз. Конференция жинағына баяндамалар мынадай төрт секция бойынша қабылдануда:

1. Х.Есенқарақызының шығармашылық әлемі;
2. Х. Есенқарақызы және қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялылары тағдыры;

3. «Ақ жол» газеті және Х.Есенқарақызы;

4. Ұлттық таным және тарих.

Қорыта келгенде, Ханбибі Есенқарақызы Алаш аманатына адалдық танытып, олардың саяси қызметі мен ғылыми мұраларын жас ұрпаққа насихаттап, қолынан қаламы түспей, өнегелі, үлгілі еңбек етіп келеді. «Алаш аманатына адалдық» жолынан айнымайтын Хан апа туған халқымен бірге мәңгі жасайды.

Әдебиеттер:

1. «Шолпан» журналы // Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. – Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2010
2. «Ақ жол» // Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. – Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, 2011. – Көп томдық. – 1-том. – 357 б.;
3. Есенқарақызы Х. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2018. Он томдық. – VII том. – 368 бет;
4. Қойгелді М. Ақын Ханбибінің тарихтағы жолы // «Ақ жол» газеті. Көптомдық. – 1 том. Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 384 б.
5. «Ақ жол» газеті. // Көптомдық. 25 том. – Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020
6. Қамзабекұлы Д. «Ақжолға» – қашан да ақ жол!» //«Ақ жол» газеті. Көптомдық. – 1-том. Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 384 бет.
7. Қожанов С. Құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Жалын» баспасы, 2013

ӘОЖ 821 512 122.09

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ПЕН ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ АҚЫН МЕН ПОЭЗИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Абдыханов У. К., ф.ғ.к., доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается актуальная и в наше время тема – предназначение поэта и поэзии. Поднятые вопросы отражены в творчестве А. Кунанбаева и Х. Есенкаракызы. Они назначение поэта и поэзии видят в служении народу, оно связано с духовной жизнью человека, его нравственностью.

Исследователь выразил собственные принципы и взгляды поэтов на жизнь, рассмотрел пути авторов к раскрытию проблемы, также раскрыл художественно-изобразительные средства художников слова, связь творчества казахских мастеров слова с произведениями русских поэтов. В работе также рассматривается влияние поэзии и поэта в развитии и разрешении общественных проблем.

Summary

The article discusses a topic that is relevant in our time - the purpose of the poet and poetry. The issues raised are reflected in the works of A. Kunanbayev and H. Yesenkarakyzy. They saw the purpose of the poet and poetry in serving the people, it is associated with the spiritual life of man, his morality. The researcher expressed his own principles and views of poets on life, considered the authors' ways to reveal the problem, and also revealed the artistic and visual means of artists of the word, the connection of the creativity of Kazakh masters of the word with the works of Russian poets. The work also examines the influence of poetry and the poet in the development and resolution of social problems.

Өнер адамның жан дүниесін ашады. Әдебиет әлемдегі ұлы өзгерістерді және олардың адамның жан дүниесіндегі жаңғырығын қамтып көрсетеді. Шығыс гуманис-ғұламалары Фердаус пен Рудаки өнер шындықты шынайы көрсетуі керек деп есептеп, сөз өнерпаздарының адамгершілік және тәрбиелік мәнін атап көрсетті. Орыс ақындары Михаил Васильевич Ломоносов поэзия отанға, елге қызмет ету керек деп санаған; Гавриил Романович Державин ақынның міндетін өз ойы мен көзқарасын ашық және еркін білдіруінде көретін; Александр Сергеевич Пушкин сөзбен адамдардың жүрегін күйдіруге шақыратын; Михаил Юрьевич Лермонтов ақын еркіндікті жырлау керек деп, ешкімнің алдында иілмеуін айтатын, ақын – ойы мен жан дүниесі биік тұлға деп санайтын; ал Николай Алексеевич Некрасов ақын болмауың мүмкін, бірақ азамат болуың керек деп бағыт көрсететін. Осындай мәселелерді қазақ ақыны, ойшылы Абай Құнанбаев та көтерген еді. Ақындардың өмір сүрген уақыты неғұрлым алыстаған сайын, соғұрлым олардың қатысуын жақын және күшті сезінеміз. Олар шығармаларын басқа дәуірде «мыңға қарсы» шығып жасады, бірақ шабытпен қаруланып, болашақ үшін жаратты.

А. Құнанбаев пен А. Пушкин мазмұны жағынан терең, формасы әсем, уақыт рухын білдіретін идеялық бағыттағы поэзия жасады. Олардың бірқатар өзекті міндеттерді қоюы әдебиеттің тақырыбы мен мәселелерін кеңейтеді. Құнанбаев бірінші орынға жоғары азаматтық және адамгершілік қасиеттері бар адамдарды тәрбиелеуге байланысты проблемаларды әзірлеуге алға тартады:

Шеберлік пен шындық – әншінің мақсаты.
Көзді ғана емес, жүректі де ашу үшін,

Жастарға мысал келтір, надандарды нұрландыр.

Мен ақымақ адамды қызықтыруды ойламаймын да! [1, 114-б.],

Біздің замандасымыз Ханбибі Есенқарақызы да сол тақырыптарды көтереді. Ол, Құнанбаев сияқты, қоғамды түбегейлі қайта құру идеясын білдіре отырып, өз заманының қайшылықтарын өткір және жан-жақты сынға алады.

Ақын мен поэзияның міндеті мәселесі әдебиет пен қоғамдағы маңызды проблемаларының бірі болып табылады. Пушкин мен Құнанбаев ақын мен поэзияның халыққа қызмет етудегі мақсатын көрді, бұл адамның рухани өмірімен, оның адамгершілігімен байланысты:

Не для житейского волненья,

Не для корысти, не для битв,

Мы рождены для вдохновенья… (Пушкин) [2, 436-б.],

Күнделікті уайымға емес,

Табыс үшін емес, шайқас үшін емес,

Біз шабыттану үшін дүниеге келдік...

Глаголом жги сердца людей (Пушкин) [2, 335-б.];

Сөзбен адамдардың жүрегін күйдіріңіз.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Құнанбаев) [1, 145-б.],

Көтерілген тақырыптар біздің заманымызда, жаңа, тәуелсіз мемлекет –Қазақстан Республикасы – құрылып жатқан кезде өзекті болып тұр. Ақындар мен жазушылар жаңа мемлекет құруға, халықтар арасындағы достықты нығайтуға белсенді қатысуы міндетті. Ханбибі Есенқарақызының поэтикалық сөз және ақын туралы, олардың қоғамдық өмірдегі рөлі туралы өлеңдері әлем ғұламалары және Құнанбаев пен Пушкиннің әдебиет мақсатын түсінуімен үндес. Құнанбаев пен Есенқарақызының шығармашылықтары бір-бірімен тығыз байланысты. Олардың шығармалары халықтың рухани байлығын, сарқылмас қуаттын, еңбекқорлығын, оның қоғамдағы орнын ашады. Ақындар поэзияға, халыққа қызмет ету, шындық құбылыстарын нақты көрсету міндетін қойды.

Құнанбаев пен Есенқарақызы поэзиясы халықтық. Олар – қазақ өмірінің айнасы, халық үшін жазады. Ақындар адамның жанын ашады. Олар өз халқының көзін ашты.

Құнанбаев азаматтық поэзияның жақтаушысы болды. Ол қазақ даласында алғаш рет поэзия мен жалпы рухани мәдениеттің халық өміріндегі мақсатына қатысты эстетикалық принциптерді дұрыс түсініп, бағалады. Ақын бұл туралы өз ойларын поэтикалық бейнелерде білдірді:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертеңгіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңлінің көзі ашық, сергек үшін [1, 145-б.],

Бұл жолдарда Абайдың поэзияның міндеті мен мақсаты туралы ұстанымы нақты көрсетілген. Ол өлеңді «ермек үшін емес» және осы дүниенің құдыреттерінің көңілін көтеру үшін жазбайды. Ақынның поэзиясы адамдарды, әсіресе жастарды тәрбиелеуге қызмет етеді. Құнанбаев поэзия мен ақын мақсатын осылай анықтайды. Өмір бойы ол осы поэтикалық принциптерді ұстанды, олардан ешқашан қайтпады немесе шегінбеді, әрқашан халыққа қызмет ету идеалына адал болып қалды.

Абай поэзияның жоғары идеялық мазмұнын жақтады, одан өмірдің терең бейнелеуін талап етті. Ол жеңілтек ақындарды қатты сынға алып, оларды ақымақ деп атады:

Мен кейбір әншілерді ақымақ деп санаймын –

Олар қоқыстан өлең шығарды [1, 114-б.],

Ақын шынайы поэзияның қоғамдық маңызы бар мазмұнсыз және терең идеяларсыз мүмкін еместігін анық түсінді. Онсыз, Құнанбаевтың пікірінше, поэзия шындықты ұғынбайды, шынайы өмірді көрсетпейді.

Құнанбаевтың шығармашылығында поэзияның табиғаты туралы шынайы идеяларды табуға болады. Ақынның пікірінше, рухани мәдениет, өнер, поэзия жеке адамдардың қыңырлығына, бос ақсүйектердің ермегіне, ойынға, кейбір «дарынды» адамдардың ансақтарына байланысты болмауы керек. Өнер мен поэзия суретшінің санасынан өткен шындықтың шынайы, объективті көрінісі болып табылады.

Поэзия – көркем сөз шеберінің санасынан өткен нақты әлемнің субъективті көрінісі. Поэзия – материяның және оның ең жоғары формасының, адам миының туындысы. Ол халыққа қызмет ету керек, әрдайым және барлық жерде адамды сүйемелдеу керек:

Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол,
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол?
Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр – қызыққа жұрт ыржаңқыл.
Қынаменде, жар-жар мен бет-ашар бар,
Өлеңсіз солар қызық болама гүл?
Бала туса, күзетер шылдақана,
Олар да өлең айтар, шулап жаңа.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара [1, 117-б.].

Абай ырым-тыйымдар, мерекелер, жоралғылар әнсіз мүмкін емес деп жазады. Поэзия адамға ауа мен судай қажет.

Виссарион Григорьевич. Белинский 1841 жылы жазған «Өлеңнің текке және түрге бөлінуі» («Разделение поэмы на роды и виды»), «Көркемдік идея» («Идея искусства»), «Әдебиет сөзінің жалпы мағынасы» («Общее значение слова литература») атты мақалаларында поэзия мәселелерін қарастырып, оның жайын айта келе, міндетін, атап көрсетеді: «Поэзия – өнердің ең жоғары түрі» («Поэзия есть высший род искусства»), «Поэзия өнердің бүкіл тұтастығын, оның бүкіл ұйымдастыруын білдіреді» («Поэзия представляет собою всю целость искусства, всю его организацию»), «Өнер – шындықты тікелей пайымдау немесе бейнелермен ойлау» («Искусство есть непосредственное созерцание истины или мышление в образах»), «Әдебиет – халықтың ойын сөзбен білдеретін өнердің соңғы және ең жоғарғы көрінісі» («Литература есть последнее и высшее выражение мысли народа, проявляющейся в слове»). Поэмада В. Белинский «сүйікті баланы, құмарланған аналық табиғаттың бақытты сүйіктісін, бұзылған, ойнақы, ерке, жиі тіпті зұлым, бірақ бәрінен де сүйкімді және тәтті баланы» көргендей болады [4, http://dugward.ru/].

Құнанбаевтың сөзге көзқарасы, поэзия туралы ойлары Белинскийдің тұжырымдарымен мазмұны жағынан таңғаларлықтай сәйкес келеді.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз сарасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі – надан,
Бұл жұртты сөз танымас бір парасы [1, 114-б.], – деп тұжырымдайдыАбай.

Қазақ ақыны поэзияның идеялық деңгейінің жоғары болуын, мазмұнының көркемдік формаға толық сәйкестігін үнемі қорғап келген. Мазмұн мен көркемдік форманың бірлігі – Құнанбаевтың ақындық мұраты:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?
Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдан айтады екен, сөз қосарлап [1, 114-б.].

Мазмұн мен форманың бірлігі оның әрбір шығармасын ерекшелеп тұрады. Ол өлеңдерінің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, поэтикалық туындыларының лайықты безендірілуі үшін ғана емес, бұл туралы Николай Алексеевич Некрасов айтқандай, «сөзің тар, ойың кең болуы үшін» ынталанады.

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлы, орайлы жарасымы.
Сөз тәтті, мағнасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы? [1, 117–118-бб.].

Поэзияның құндылығы, оның өміршеңдігі мен беріктігі идеялық мазмұнның жоғарылығына, ой тереңдігіне, көркемдік формасының нақтылығына байланысты. Терең мазмұн лайықты көркемдік безендіруіне сәйкес келсе, поэзия күшті, ол «мәңгі тірі». Абай мұндай бірлікті ұстанбағандарды келемеждеп, оларды нағыз сөз өнерпазы деп санамаған.

Құнанбаев өз замандастарының шығармашылығындағы эстетикалық ұстанымдарымен келіспеді. Ол осы әлемнің құдіреттілері мүдделерінің өкілдері болған авторлардың поэтикалық шығармаларының құндылығын үзілді-кесілді жоққа шығарды.

Ханбибі сол бағытты ұстанады:
Арсыздыққа санамды билетпеген,
Пысықайлық жолдарын үйретпеген.
Ащы өлеңнің көзінен жас парлатып,
Жетектегендей жетім сүйреп келем!
Саған сенем, алмас-жыр, торыққанда,
Тұман түннен бастайсың жарық таңға!
Ақ береңдей қорғаны болар ма едім,
Менен басқа авторға жолыққанда! [3, 11–12-бб.].

Есенқарақызы Құнанбаев сияқты ақындықты күн көрудің немесе байытудың, марапат пен құрметтің құралы деп қарамайды. Ол ақынның халыққа қызмет етуге шақыруын көреді, сондықтан өнерді жеке бастың, пайданың, даңқтың көзі деп санайтындарға қарсы шықты:

Белсенді-ақпын біреуді қорғағанда,
Қарамастан жар-құзға, орға манда.
Одан артық бақыт жоқ, мен сияқты,
Одан артық бақыт жоқ сорлы адамға! [3, 11-б.].

Поэзиядағы пайдакүнемдік көзқарасты жоққа шығарған Құнанбаев оның әлеуметтік мақсатын бәрінен де жоғары қойды:

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз кәдірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап, құдай қарғап [1, 115-б.].

Абай мұндай бишара ақындардың поэзия беделіне, оның қоғамдық маңыздылығына нұқсан келтіретініне наразы болды.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды алдап [1, 115-б.]..

Ән үшін ақша немесе сыйлық сұрамаңыз;

Әнді шырқаған соң, еш шығынға ұшырамадың!

Әнді сататындарды айналып өтіңіз –

Әнді жүректері риза болғандардың алдында айтыңыз [1, 115-б.], – деп, Абай жас ақындарға талап қояды.

Есенқарақызы ұлы ақынның поэзия ісіне адалдығын атап өтеді:

Әкімдіктен қолын сүртіп,

Ақындықпен Абай қалған [3, 34-б].

Есенкарақызы да ақынның қоғамдағы шынайы рөлі қандай деп ойланады. Ол шығармашылықтың көмегімен адамдардың санасын, сонымен бірге бүкіл әлемді өзгертуге болатындығын сезінеді. Оның ойлары мен рухани сезімдерінің көрінісі «Қажет пе еді біреудің мақтағаны» өлеңі болады. Шығарма лирикалық өлең жанрында жазылған, өйткені ол лирикалық кейіпкерді қатты қызықтыратын ойлар мен сезімдерді бейнелейді.

«Қажет пе еді біреудің мақтағаны» өлеңі жасампазшының тарихтағы рөлі және оның қарапайым адамдарға тигізетін әсері тақырыбы қарастырылады. Әлем әдебиеттің ғасырлар бойғы дәстүріне сәйкес, ақын сөзге ерекше билік берген, бірақ сонымен бірге жалғыз және түсініксіз кейіпкер ретінде көрінеді. Осылайша, ақын қарама-қарсы екі ағымның өкілдері: шабыт алу үшін туылғандар мен жеке пайда іздейтін тобыр, яғни лирикалық кейіпкер мен тобыр арасындағы түсініктің жоқтығына алаңдайды.

«Қажет пе еді...» өлеңінің басты ойы – екі түрлі ұстанымның келіспеушілігі. Ақын ерікті және ешкімнің нұсқауымен де айтпайды.

Есенқарақызының «Қажет пе еді...» өлеңі маңызды мәселелерді тұжырымдайды. Ол қоғамның азғындығы мен надандығы туралы жанама түрде айтады, оның өзгере алмайтындығын ашумен мәлімдейді, бостандықты – өнердің ең жоғары құндылығы деп жариялайды.

Өлеңде лирикалық кейіпкер рақымсыз көпшіліктің жүрегіне жете алмайтынын жақсы түсініп, осы талаптарды қанағаттандырудан бас тартады. Осылайша, ол өнер адамдары мен тоғышарлық тобыр арасындағы шекараны белгілейді. Тараптардың ешқайсысы ымыраға келгісі келмейді. Қайшылық шешілмейді және диалогты жалғастыру мүмкін емес.

Ақын жамандыққа, ашуланшақтыққа және ақымақтыққа бой алдырған қоғамның бір бөлімін шын жүректен жек көреді және өз күштерін оның ағартуына жұмсаудың мағынасын көрмейді. Нағыз ақынның шынайы бейімділігін Есенқарақызы өмірдің барлық қиындықтары мен проблемаларына қарамастан жасампаз болу деп санайды:

Өзің күрес тағдырменен, өзің тірес,

Жанашарың – талғамсыз көрерменің.

Ақылға ілес, өзің біл, сезімге ілес –

Үміт деген өлтірмес өлерменің [3, 35-б].

Осы ойларды Есенқарақызы сөзі тар, ойы кең өлеңмен ашады.

Құнанбаев поэзияның шындыққа деген көзқарасын дұрыс түсіндірді, оның рухани өсиеттері кімге арналғанын білді. Абай поэтикалық шығармашылықты абстрактілі қиял мен жансақтың өнімі деп санамады, бұл ақынның өміріне қауіп төндіреді, бұған қарамастан Есенқарақызы ақындардың нық пікірлерін берік ұстанады:

Өлең жаздым, жесемде жырдан таяқ,

Бар жақсылық алдымда тұрғандай-ақ [3, 9-б.].

Өз уақытында Белинский атап өткендей, «Мазмұн ақынға өз халқының өмірін береді» [4, http://dugward.ru/]. Құнанбаев пен Есенқарақызы өз поэзияларына арналған идеялар мен ойларды халықтың нақты өмірінен алады.

Олардың барлық өлеңдерінің мазмұны қазақ халқының қайнаған, қайшылықты өмірін құрайды. Ақындар замандастарының айналасындағы қоғамдық ортаны шынайы түрде көрсетуге ынталанады. Олар халықтың өмір салтын шынайы сипаттай отырып, адамның пайдакүнемдігі мен дүниеқоңыздығын ажуалайды:

Сенгенімен сағымға, Ілеспеген ағымға.

Ақын жүрек – жаралы,
Қансырайды тағында!
Аласұрып айлаға,
Басбұрғандар пайдаға
Өз бетінің қисығын
Жауып жүр ғой айнаға!
Айға аузын білеуде,
Аспаныңды тіреуде.
Жаққысы кеп тұрады
Өз күйесін біреуге...
Көйлегінің көктігі,
Тамағының тоқтығы –
Ойлатыны тек қана,
Жұртпен ісі жоқ, түгі!
Ататындай әзер таң,
Қайда кеткен наз ортам?
Кірлеп кеткен қоғамды
Өлеңіммен тазартам! [3, 18-б.].

Есенқарақызы оның замандастары көздерін де, жүректерін де ашуға ынталанбайтынына, екіжүзділікті танытатынына ерекше көңіл аударады:

Өлгендерді жоқтауменен,
Тірілерді таптауменен,
Өтіп бара жатыр өмір,
Өзін-өзі актауменен [3, 6-б.].

Ақын шығармашылық тұлға оқырмандарға дұрыс өмір салтын жеткізуге, жақсылық пен жамандық бар екенін көрсетуге міндетті деп санайды.

Құнанбаев пен Есенқарақызының туындылары – қазақ өмірінің өзіндік энциклопедиясы. Абай мен Ханбибі шығармашылықтарының мәселесі – этикалық көрінісіндегі адам проблемасы. Олар өздерінің поэтикалық және прозалық шығармаларында адамның мақсатын, өмірдің мәнін, жақсылық пен зұлымдықты, әділ мен әділетсізді, әдемі мен ұсқынсызды, мұрат пен жақсылықты үнемі ой елегінен өткізеді. Ақындар адамның өткенге, қазіргі заманға және болашаққа деген көзқарасын түсінуге ынталанады. Надандық пен қараңғылықты жек көріп, адамның тәрбиелік-демократиялық түсінігін алға тартып, қорғай отырып, жас ұрпаққа парасатты ақыл-кеңес беруге, әрбір қазақты Адам етіп тәрбиелеуге, «дүниенің бір кірпішіне» айналдыруға талпынады.

Құнанбаев пен Есенқарақызы поэзияның мақсаты мен ақын туралы ой-пікірлерін жинақтай отырып, олар көркемдік өнердің өзін, әсіресе, поэзияны шынайы өмірдің субъективті көрінісі ретінде сөз шеберінің санасында дұрыс бейнелегенін, ал иланы сыйға ие болған жеке адамдардың абстрактілі қиялының жалған туындысы емес, адамның шығармашылық еңбегінің нәтижесі екенін айта аламыз. Олардың поэзия мен ақынның рөлі мен мақсатын түсінуі негізінен Шығыс пен Батыстың дана-гуманистерінің көзқарастарымен сәйкес келеді. Құнанбаев қазақ әдебиетінде ақындық пен суреткердің қоғамдық үні туралы алғаш сөз қозғаса, Есенқарақызы өзінің ұстазының, ұлы ойшылдың жұмысын шығармашыл түрде жалғастырды. Абай мен Ханбибі ақынның мақсатын халық ісіне қызмет етуден, адамдарды адамгершілікке тәрбиелеуден көреді. Абайдың шығармашылық данышпандығы реализмге, халықтыққа, барлық халықтар достығына адал болды.

Әдебиеттер:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961.
2. Пушкин А. С. Сочинения в трёх томах. Т. 1. – М., Художественная литература, 1985.
3. Есенқарақызы Х. Ай туады бозарып. Өлеңдер. – Алматы, Жазышы, 2004.
4. http://dugward.ru/

ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫНЫҢ ЛИРИКАЛАРЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯ

Маликова А.Ә. докторант
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан
Омар Т.Қ. ф.ғ.к., аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье анализируется поэтическая позиция и особенности лирики одной из талантливых казахских девушек Х. Есенқарақызы.

Summary

This article analyzes the poetic position and features of the lyrics of one of the talented Kazakh girls H. Yesenkarakyzy

Қазақ поэзиясы қазіргі таңда кемелденді, толысты. Бұл дәрежеге жету жолында ақындардың еңбегі ұшан-теңіз. Поэзияны тақырыптық тұрғыдан байыту сапындағы ақындарымыздың бірі – Ханбибі Есенқарықызы екендігі даусыз. Ханбибі Есенқарақызы поэзиясын талдап, талғам таразысына салып сараласақ, ол – бүгінгі күннің талабы болмақ. Қазақ әдебиеті тарихында қара қылды қақ жарған, шындық іздеп шырылдаған жауынгер ақындарға Махамбет Өтемісұлы, жұмбақ ақын Жұмекен Нәжімеденов, қыран ақын Қасым Аманжолов, қайраткер ақын Мұхтар Шахановтармен бірге Ханбибі Есенқарақызын да батыл түрде қоса аламыз.

Ханбибі Есенқарақызының өлеңдерінің көбісі азаматтық лирикаға жатады. Себебі, әрбір өлеңінен ақын жүрегінің туған халқына, Отанына деген сүйіспеншілік сезіліп тұрады. Ақын Әбділда Тәжібаевтың «Азаматтық лирика – әрбір ақынның барлық саладағы шығармаларының бірден-бір барометрі. Азаматтық лирика – әрбір ақынның адамдық және әлеуметтік бейнесі, оның барлық поэзиясының қан тамыры, тіршілік беретін жүрегі» [1, 292 б], деген тамаша тұжырымы да азаматтық лириканың ақындардың шығармашылығында қаншалықты маңызды роль атқаратынын айқындай түскен.

Шығармашылық өнер иесі жалғыз өзі тұрмайды. Ол белгілі бір қоғамда туып өседі, сол қоғамның сана сезімін, салт-дәстүрін бойына сіңіреді. Өмірге, айналаға сол қоғамның көзімен қарағандай болғанымен, өнер иесі сол құбылысты өз жүрегіндегі ешкімге ұқсамаған ерекше сезім арқылы қабылдайды. Сол ерекше сенсорикадан адамның жан дүниесінің сол сәтте бұрқ еткен бір құбылысы түскен сурет шығады. Осындай сәттерді бейнелей алатын өнердің бірі – ақындық. Көптеген ақындар өздерінің «Мен» деуі арқылы жалпы бүкіл адамзат туралы айтады. Сондықтан оның «менінен» әр пенде өзінің «менін» таниды, оның жан дүниесінен өзінің жан дүниесін көрмек.

Ханбибі Есенқарықызы жөнінде халық жазушысы, ақын Фариза Оңғарсынова «Қазақ жыры кіріспесі Бұхар жыраудан басталатын үлкен бір том болса, Ханбибінің ақындық творчествосы сол алтын әріпті томның айшықты бір беті деуге әбден болады» [2, 152 б], деп ақиқатты айтады. Ханбибінің поэзиясындағы ерекшелік жасындай жарқ еткен, жан айқайы ащы шындықтарға құралған. Тұла бойыңды түршіктіріп, сезімдеріңді селт еткізеді. Өзін айту арқылы бүкіл қазақ атаулыны өрттей өлеңіне арқау етеді. Ол үлкен қалаларда жүрмей-ақ, ел арасында дала төсін еміп, еркіндік күйін шертіп кең көсіле жазады.

Кеш, бабам, аруағыңды, ойға алмаймын,
Жаныма қайғы-мұңды жайғандаймын.
Айырылған қайта-қайта қаймағынан,

Көк сүттен ұйытылған айрандаймын [3, 4 б].

Көк сүттен ұйытылған айран іркіт болатыны белгілі. Ханбибінің теңеуі адуынды, дәлмедәл.

Ұмыттым, тілімді де, ділімді де,
Мәңгүрттік – бойымдағы мінім, міне!
Мал бақтым,
Темір міндім – «шықты мүйіз»...
Өзгерттім әйелге тән түрімді де,
Бүгінгі, қайран бабам, күнім міне! [3, 5 б]

Кешегі қызыл империяның қазақ әйелдеріне жасаған таңбасын айтып отыр. «Өзгерттім әйелге тән түрімді де» деп ашыну арқылы бүгінгі қазақ әйелдерінің портретінен ракурс көрсетеді. Біздің қазақта айтылмай жүрген нақыл бар. Ол –«Кері кеткен елдің кеңесі бітпейді» деген. Осы нақыл да ақынның көкейінде жүр екен.

Күнннен-күнге қиын болған,
Күнде-күнде жиын болған.
Жиналыстар тамақ болған,
Жиналыстар киім болған [3, 6 б].

Кереметтей кекесін, көзге күнде шалынатын көрініс. Алайда сол көріністі әлгі пайдасыз жиналыстарды бүгінгі толқын көзқарасы расында осылай болуы керек шығар деп ойлайды. Бірақ сол жиналыстарда ақын айтқандай:

Көлеңкені күнгей деп,
Жібектерді «жүн» ғой деп,
Көрер көзге жаңылдық.
Бес саусақты бірдей деп.

Естілерді «есер» деп,
Есі жоқты «көсем» деп,
Таным беріп тарихтан
Бізді үйреткен «шешен» көп [4, 234 б].

Ханбибі Есенқарақызы өлеңдері арқылы қазақты қорғағысы келеді. Достың жылатып айтатынындай, зор батпандағы рушылдық ауруына ұшырағандарды аяғысы келмейді. Тамырына балта шауып жойғысы келеді. Онысы дұрыс та, өйткені қоғам, мемлекет сол рушылдық қасіреттен арыла алмай азаптануда. Ақиқаттың айқайшысы атанып жүргендердің көбісі әншейін жандайшаптар. Ой пікірлері сасық, әрекеттері әбес, жойымпаздық пиғылдағы пенделерді Ханбибі қалт жібермейді.

Түңілді деп, Абай неден ойланбай,
Төле биді жылы жауып қойғандай.
Бөлінетін әлі жүзге, руға,
Болдың екен, неге сонша сормаңдай?

Көкейіме құрғақ өксік кептеліп,
Армандарым құса болып, кетті өліп.
Сырты керім, іші желім – рушыл.
Лағнет саған!
Кеттім сені жек көріп! [4, 238 б].

Өлең құрылысындағы «құрғақ өксік», «сырты керім, іші желім» сөздері сирек айтылатын немесе айтылмай да жүрген айқындауыш сөздер. Ақынның ұтары да, ұпай жинар жері де осы. Оның эпитетінің төрт құбыласы тең түсіп жатқандығы ақынның айрықша шеберлігі, қиыннан қиыстырған даналығы.

Таланты талайды тамсандырған Ханбибінің өлеңдері өміршең өзектілігімен құнды. Заман ағымын, қоғам құбылыстарын тартынбай, жалтақтамай мығым етіп өрнектейді. Күні бүгінгі даңғазалық тойымсыз тойларды әшкере етеді.

Той болады, Көл-көсір той болады,
Киіз үйге толтырып айналаны.
Сол ауылдың баласы батыл сөйлеп,
Сол ауылдың ақыны бәйге алады [3, 8 б].

Пәтуасыз тойлар, даңғазалық жиындар, оспадарсыздықтар өршіп барады. Өтірік батырлар, хандық құрылмай жатып хан болғандарды кейбір тарихшылар қолдан жасап шығаруда. Күлесің де жылайсын.

Түбіміз біздің шошқа емес,
Тегіміз біздің – көк бөрі!

Жасампаз ақын Томиристей тұнық, Сарадай сынық, Мәншүктей мұзбалақ, Әлиядай әлді. Бойынан қазақ қыздарының барлық қылығы, қасиеті желдей еседі.

Өмір қастерлі нәрсе, онсыз өзге дүниенің көк тиындық құны жоқ, онсыз болмыс та жоқ. Болмыс демекші тірі екеніңді сезінудің өзі болмыс. Өмірдің тізбектелген күндерден тұратыны сияқты Ханбибінің өлеңдері бір-бірін қайталамайтын, тізбектелген тақырып ауқымы кең өлеңдерден тұрады. Хан апаның қайралған өлеңдерін оқығандар немесе пікір айтушылар көп мағыналы екендігін тілге тиек етеді.

Адамдардан ұлылық күттім.
Алдады!
Көзімнің жасын сықтым.
Тұлғалардан ірілік күттім,
Өлген ем. Тіріліп күттім.
Болмады!
Көзімнің жасын сықтым! [3, 126 б]

Даналар сөзі, аналар сөзі, өмірдегі жалғыздың сөзі. Мыңмен жалғыз алысқан Абайдың сөзі. Қара өлеңнің сүйегін, қорлатпауға бас тіккен Ханбибі Есенқарақызы «Тағдыр ғой» өлеңінде:

Тағдырым менің өзгеше,
Асырдым бастан сөз неше.
Қашқанмен қайда барасың,
Тағдырдың оғы көздесе!

Мұңайған көңіл көндіккін,
Қажеті болмас ерліктің!
Шыдамға сабыр ете гөр,
Шындарда өскен Еңлік гүл!

– деп, өз тағдырын ортаға салып, оқырманын парасаттылыққа, сабырлыққа, шыдамдылыққа шақырады. Ханбибі Есенқарақызы поэзиямен қатар проза, эсселер жазумен де танымал. Прозалары нақты-насатты жазылған. Ханбибі шығармасында шұбырындылық, әсіре бояушылық, көп сөзділік, талғамсыздықты тықпалаушылық жоқ. Айтар ойын табанда жеткізеді де артынша қорытындылап береді. Мәселен, төртінші томында көрініс тапқан халқымыздың кіл қаймақтары: айбарлы батырымыз Бауыржан Момышұлы, қаһарманымыз Қасым Қайсенов, әз-ағамыз Әзілхан Нұршайықов, заңғар қаламгеріміз Әбіш Кекілбаев, қазақтың дарабоз ақын қызы Фариза Оңғарсынова, еліміздің мерейі С. Шаймерденов, Ресейдің Кемеров облысының губернаторы болған А. Төлеев, өзбек халқының әйгілі қаламгері С. Ахмад, қара дауыл Қ. Сарыбаев, айтыскер ақын Ә. Қалыбековалар жайлы эсселері жасындай жарқ етіп, ішкі ойы дәлдік пен адалдықтан құралған.

Оның өлеңдерінен ер мінезді қайсарлықты, өткірлікті аңғарасың. «Пейіл» өлеңінде:

«Адамға адам – дос, жолдас, бауыр»,
Дегенді айтқан Маркстің күнәсі ауыр...
Бүгінгіге қор болып қайран сөзі,
Ел ішінде қалмады озған тәуір!

Дархандығы көңілі, таза-ақ едің,
Нарық жұтып шынымен аза ма елің?!
«Пейілімді алма» деп тұрып, қонағына,
Жалғыз лағын соятын қазақ едің!

Ақын – халықтың айнасы. Айна қисық көрсетсе, ақынға өкпелеме. Етек-жеңіңді жи, санаңды тазала!

Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығын оқи отырып, сатираға, сарказмге, философиялық түйіндеулерге, сондай-ақ толассыз арбасуларға тап болдық. Мүмкін Ханбибі – арбасудың ақыны болар. Олай дейтінім, Ханбибі өлеңдері бал мен удың, қайғы мен қуаныштың, жамандық пен жақсылықтың, биік пен төменнің, жасық пе батырдың бір-бірімен ұштасатын, қилы кезеңдердің қатерлі сәтіндегі құбылыстарды ұстап алатын мұз бен шуақтың ортасында жүретіндігінде болып тұр. Ақын шығармашылығын шама-шарқымызша тағыда саралап көрелік.

Өмірге де, қоғамға да,
Тамаққа да, тағамға да,
Қымбат баға қосылып тұр,
Арзандаған адам ғана [3, 6 б].

***

Менің бір мінезім бар:
Ақша бұлттың ақ аспан ақтарғанда
Қанат жайып ұшатын тәтті арманға.
Кемістігін айтпайтын өзгенің бар,
Өзге түгіл, өзімнің жүрегімнің
Лүпілінен қорқатын кездерім бар! [5, 17 б].

Ақынның ақ көңілділігі – айдынды шалқар көлдей ашық жатқандығы. Сімір де мейіріңді қандыра бер! «Нүрикамал» өлеңі де осы мінезінен шықты. Ханбибінің хас шеберлігі – тың тәсіл тауып жазатын шығармашылығында. Ақынның байыбына бара білсек, батыл ойлар айтады. Мысалы «Әр қуаныштың өз мұңы болады», «Ат жақсысы деген бар, арбаларда, Адамдардың жақсысы түрмелерде» деп ой толғамын айтса, тосыннан тағы да толағайдай ой айтады:

Күн шығып тұр жәнеде қар жауып тұр,
Табиғилық қалмады табиғатта!

Мұны кімге айтады, бұл кімге деген өкпе наз?! Әрине бізге, адамзатқа айтады. Жаһанануға жармасып, табиғаттың бермесін алып, берекесіздік қарғысына ұшыраған біздерге, қазақтарға айтып отыр. Айт ақыным айта түс, ақын айтар шындықты.

Ақынның азан шақырып қойған аты – Ханбөбек. Кейін бұл есім Ханби, Ханбибі болып өзгерді. Ал, қазір Оңтүстіктің Хан апасына айналды. Аты қалай өзгерсе, өлеңі де үнемі өзгеруде, өсу жолында болды.

Ханбибі Есенқарақызы суреткер, өткір суретші, суретті өлеңмен салады. Оның лирикалары жаныңа жағымды, көз алдыңа өзінен өзі орнай қалатын, керемет көз тойғысыз кереметтер. Адамды басқаша ойлауға, тіпті басқаша болуға жетелейді. «Найзағайлы түн» өлеңінде:

Дүрілдетіп, дүбірлетіп көк белді,
Нөсер алып келе жатты көктемді.
Ару аспан асығыстау көктейді,
Алтын жіппен жыртық қара шекпенді.

Алмас семсер, тау бектерін жанай бір,
Сілтегенде қара жерге қарай бір.
Дір-дір етті жайлаудағы боз бие,
Жер тепсініп, кісінеді қара айғыр!

Балапан шөп – маңдайына тамшы ұрып,
Жармасады балағына тал шыбық.
Жер төсінен көтеріліп қанша гүл,
Көрпесінен қарғып тұрды, қанша үміт! [5, 110 б]

Ханбибі Есенқарақызының ақын Қаныбек Сарыбаевпен хат алмасып тұруы ақындардың шығармашылық байланысқа түсіп, бір-бірін толықтыруы іспетті. Қаныбек Сарыбаев Ханбибіге жолдаған хатында:

.... Үшбу сәлем жолданды жаны ризадан,
Ақындарға адалдық, қағида – заң.
Мұқағали ағаңның есіңде ме,
Дәметкені жылы сөз Фаризадан? [6, 200 б] – десе, оған Ханбибі Есенқарақызы былай деп жауап жазады:

Ақын, неге шағындың,
Қалмады ма, қалың мұң?
Емес еді бізге шарт,
Тіршілігі қарынның! [6, 201 б]

Фаризаны іздеген Мұқағалидай ақын Қаныбек Сарыбаевтың да қарындасы Ханбибі Есенқарақызын іздегені бар. Әрі ақын өзімен шамаласты, сөз құдіретін бағалайды деген ақ берендерді іздейтіні табиғи құбылыс болса керекті. Қаныбек Ханбибіге «Ақынсың» деді. Осы бір ауыз сөздің өзінде, қаншалықты ауыр батпан жауапкершілік жатқанын сезінген Ханбибі ақын ағасының сөзін ұмытпай өз естеліктеріне ойып жазып жүр. Ханбибі өлеңнің сырласына айналған Қаныбектен хат алып тұрды. Хат мұңлы екен. Онда былай жазылыпты:

Кешір мені, жарық күн,
Жүре-жүре жалықтым.
Жүрегіме батады,
Жылағаны халықтың... [6, 198 б].

Қаныбек Сарыбаев қайтпас сапарға аттанғанда Ханбибі ақын ағасының үзілген жырын жалғап жазады.

Дәрменің жоқ жөндеуге,
Маңың толы кер кеуде.
Жан дүниең жаралы,
Қалды ма жол өлмеуге! [6, 198 б]

Аға мен қарындастың жыр жазудағы мәнерлерінің үндесулері ұстаз бен шәкірттің байланысындай болғандығы да қуантады. Қаныбек Сарыбаев «Ол айтады» өлеңінде:

Білгірлігім үшін де
Береке жоқ ісімде
Әділдікті көрмедім
Өңім түгіл түсімде
Көзім жиі дымданды
Ақыл ойым шындалды
Мына опасыз дүниеде
Алдамаған кім қалды?
Аузымызға құлып сап
Сөйлеушілер күліп сақ
Айтады екен шындықты
Алып барып рұқсат! – десе, осы жолдарды іліп әкетіп жалғастырғандай ақын Ханбибі Есенқарақызы өзінің «Жоқ» өлеңінде:

Кеше, бүгін – «жоқ» еді,
«Жоғың» – ертең көреді:
Қос қабатты үй болып,
Иномарка желеді.

Тап болғандай тамұққа,
Қат болдық қой жарыққа.
«Бар» дегені – басқаға,
«Жоқ» дегені – халыққа!

Барлар көңіл аулады,
Жоқтар нені саумады?
Жүр мұртынан күлімдеп.
Өз халқының жаулары! [2, 252 б]

Ақындардың бірлесуі, бір әлемге екінші әлемнің қосылуы – ол халықтың рухани байлығын кемеріне жеткізе толықтырар еді.

Ханбибі Есенқарақызының сұхбаттарынан қосағы, сүйікті жары сазгер Тұрдықылыш Істай жер ортасына келгенде Нұрикамал деген қызға ғашық болғанын білеміз. Алай-дүлей сезім сергелдеңіне түсіп, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылғаны, қырық құрақ күй кешіп, сезім иірімдерін әуенге төгіп, ақ қағазға ноталап ән жазғанын ерекше суреттейді. Ол әнде өкінішке толы мұң бар, мұңға толы сағыныш бар, сағынышқа толы қуаныш бар еді. Әйтеуір шын

жүректен шыққан ән Ханбибі Есенқарақызын бейтарап қалдыра алмады. Ақын жүрек, сезімтал келеді емес пе, күйеуінің жай-күйін айтпай-ақ түсінді. Оны жазғырып жатпай, қайта ғашықтықтың алқынған кезеңін өрнектеген әнге сөз жазып берді:

Аспандағы ай ма дедім,
Жастық шағым қайда менің?
Жүрегімді елжіреткен
Жаным неткен жайдары едің.

Нұрикамал, Камалым-ай,
Күндей ашық жанарың-ай.
Қолым жетпей, сөзім де өтпей,
Жаутаңдадым, қабағыңа-ай, қарағым-ай [3, 170 б].

Әйел ерлігі, мүмкін осындайдан бастау алар, кез келген әйелдің бірінің қолынан келе бермейтін мұндай жомарт жүрек кеңдік пен дархан пейілге риза болмаған адам қалмаған шығар. Ханбибінің қосағы Тұрдықылыш әнге жазылған өлеңге қуанды. Өйткені, ішкі дүниесіндегі ғажайып махаббат сәттерінің сиқырлы сазын дөп басып, шөліркеуін басқан еді. Оның үстіне әйел болып өзгеден қызғанбағанына таңырқады.

Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы кез-келгенді селт еткізеді. Жүрекке жылы, жаныңа жақын өлеңдері Ханбибінің өзі секілді талғампаз. Сондықтан, ұзақ сонар зерттеушілікті, түсіндірме сөздерді керексінбейді. Хан апа шығармашылығы өміршең, өзекті мәселелерді қамтыған. Қазақ ақын қыздарының ішіндегі танымалы Фариза Оңғарсынова Ханбибі туралы «Біз болып-толып, дүниенің құлағын ұстағандай көкірек кергенімізбен, соңымызда келе жатқан толқындарға көз салмасақ, «менен асып кетпесе екен» деген қытымыр қызғанышқа орансақ, онда өз өреміздің де өркенді еместігін көрсеткеніміз. Артымызда поэзияның бір алыбы Ханбибі келеді. Жалды толқын жартасты да бұзардай екпіні бар» деп пікір қалдырды. Мойындау үлкен ерлік, ерліктің ерені.

Нағыз ақын нағыз азапта жүретіндігі, тамыры тереңге кеткенде, қоғамы кереңге айналса да төзетіні, жауыр аттай болса да, жасампаздығымен өмірдің қасіретін өнердің қасиетіне айналдыратыны ақиқат.

Әдебиеттер

1. Ә.Тәжібаев. Өмір және поэзия. – Алматы, 1996. Мына кітаптың баспасы жоқ па? – 488 б.
2. Есенқараева Х. Жыр кітабы. Екі томдық таңдамалы шығармалар: поэма, өлеңдер. – Алматы: «Толғанай Т», Т 1, 1999. – 288 б.
3. Есенқараева Х. Ай туады бозарып: Өлеңдер. – Алматы: «Жазушы», 2004. – 192 б.
4. Есенқарақызы Х. Шығармалары. Т.1. Өлеңдер. – Астана: «Фолиант», 2018. – 328 б.
5. Есенқараева Х. Шығармалары. Т.1. Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 240 б.
6. Есенқараева Х. Күн шығады қызарып. – Шымкент: «Ордабасы», 2004. – 240 б.

ӘОЖ 821.512.122-1

СӨЗІ ЖАУҺАР, ЖЫРЫ ЖАҚҰТ ХАН АПА

Сатбаева Ә.Е. студент
Ғылыми жетекшісі: Сапарбаева Қ.Ж. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье исследуется творческое наследие Ханбиби Есенқаракызы и подчеркивается её значение в казахской литературе. В поэзии поэтессы особенно выделяются нежность, лиризм, глубокая философская мысль и гражданская лирика. Стихи на темы образа женщины и природы, а также размышления о любви и глубинах человеческой души имеют особое значение. Прозаические произведения писательницы, особенно документальные повести и воспоминания, отражают её глубокий взгляд на общественные проблемы. Творчество Ханбиби Есенқаракызы занимает особое место в казахской литературе, и её поэзия и проза ценятся как важное явление в нашей литературе.

Summary

This article explores the creative legacy of Khanbibi Esenkaraqyzy and highlights her significance in Kazakh literature. In her poetry, delicacy, lyricism, deep philosophical thought, and civic lyricism stand out. Her poems on the themes of the female image and nature, as well as her reflections on love and the depths of the human soul, are of particular importance. The writer's prose works, especially her documentary novellas and memoirs, reflect her profound perspective on social issues. Khanbibi Esenkaraqyzy's work holds a special place in Kazakh literature, and her poetry and prose are valued as an important phenomenon in our literary tradition.

Қара сөзде, прозада «автобиография» деген термин бар, жазушының ғұмырнамасы, ал, қара өлеңге автобиографияның қажеті жоқ поэзия – ақынның өзі, егізі. Жыр жинақтарын оқып шыққан соң, ақынның бүкіл болмысын, ішкі сезімдерін танып тұрасың. Елден ерек ақынның пәлсапасы, қоғам жайлы тебіренген ойлары бізді де ойландырады.

Саялы Сарыағаштың тумасы Хан апамыздың өмірі мен өнер жолы көп бұралаң, қия қалтарысы мол күрделі сапар. Ханбибі Есенқарақызы дүние сырын толқымай, тебіренбей қабылдай алмайтын нәзік дірілді сыршыл ақын. Қазақ өлеңін тотының түгіндей құлпыртып, жаңа дем сыйлаған реалист ақын. Оның поэзиясының қадыр-қасиеті сиқырлы сырға, сырбаз сезімдерге толы нәзіктігінде. Оқырманды таза өнер биігіне шарықтатып тұрған ойы мен келісті тілінде.

Ханбибі Есенқарақызының өнер жолының басындағы іргелі туындылары «Қанат қақты», «Бұлтсыз аспан», «Жұлдызым», «Жангүлім» жыр жинақтары. Сөз өнерінің айрықша сыры мен сымбатын танытқан жырларына, олардың тақырыбына, ішкі дүниесіне үңілейік. Алдымен, тақырып туралы. Әдебиет әлемінің мәңгілік өзекті тақырыбына айналған әйел, әйелдің сыры. Хан апаның әйелдер образы, Әуезов әйелдерінің образдар галереясы сынды кең, сұлу, шынайы. Ұяң қыздың, құрбы қыздың, бейтаныс қыздың албырт сезімдері, махаббат іздеп шарқ ұрған қыз жүрегінің лүпілі, Жеңгелердің мөлдір көздері, «Сегіз келіншектің сегіз түрлі сыры», Аналардың қамқорлығы әйелдің сан түрлі сипатын көрсетеді [1]. Расында, әйелді әйелден артық кім түсінбек?

Екіншіден, пейзаж. «Пейзажды, біз, әдетте, көркем шығармада суреттелген табиғат көріністері дейміз. Рас, пейзаж табиғат. Бірақ бұл жеткіліксіз. Нағыз пейзаж поэзия! Характер! Адам!» [2]. Бұл Зейнолла Қабдоловтың пікіріне келіспеуге болмайды. Табиғат пен ақын жанының көркем қабысуы пейзажды туғызады. Хан апаның өлеңдеріндегі пейзаж дәл адамша әрекет етеді:

Көктем деген сері кеп,
Тереземді шертеді,– немесе –
Көктем болып қалғымын,
Көктем болып оянам.

Табиғаттың түрлі бояуларын шебер пайдаланып:

Байқадым жаңа найзайғайлы түннің жеткенін,–деп көңіліне қаяу түскенін сездіріп отырады. Туған мекенінің байлығын, табиғат тамашаларын жырға арқау етеді:

Күн күледі.Бәріне тамсанады,
«Көктем вальсін» билейді таң самалы.
Дирижері даланың қарлығаштар,
Оркестрге қосылып ән салады.

Халық жазушысы Әбділда Тәжібаев Ханбибі Есенқарақызының көркемдік қасиетіне таңданып:

«Ханбибі «Найзағайлы түн» өлеңін:

Дірілдетіп, дүбірлетіп көк белді,
Нөсер алып келе жатты көктемді
Ару аспан асығыстау көктейді
Алтын жіппен жыртық қара шекпенді,-деп бастапты. Адал шыным, мен сол өлеңді өзім жазбағанымма өкіндім. Бір шумақ өлеңде қанша эпикалық қуат, көркем сурет бар. Алтын жіппен жыртық бұлттарды көктеу табиғат құдіретінің, табиғаты қуатты ақынның қолынан ғана келеді» – деп тұжырым жасайды [3]. Туған халқының сұлулығын жырлау ақынның кемел парасатының көрінісі.

Үшіншіден, махаббат тақырыбы. Ханбибі жырлаған махаббат- «біресе ақпан ойлары қалтырататын, біресе шілде сезімі құмнан ыстық, күніне жүз қоштасып, мың табысатын» албырт мінезді, «көп күттірсе де, ерінбеген», «жүрегінен бейуақ орын алған», «тағдыр тілдестіріп, үндестік тапқан» нәзік махаббат. Махаббаттың да сан түрлі бейнесін шебер суреттеген. Сағыныш, қызғаныш, күту, ғашық болу сезімдері өлеңмен өрілген, жүректің қылын қозғайтын уыз сезімдер.

Ақындық пен азаматтық қатар жүретін қабілет. Ақын болған адам халқының қамын ойламай тұрмайды. Ханбибі Есенқарақызының шығармаларынан азаматтық лириканы байқаймыз. Ақынның мотиві де ұлттың қамын ойлап, халықтың ұлы есімді ардагерлері мен дарабоздарын ұлықтау, елдің мәдениетін көтеру. Осы сарындас өлеңдерінде асқақтап, аспандап тұратын озық идея, пафос бар. «Жан айқайым, бабам, саған жете ме?», «Сүйенерім жалғыз ғана маңдайым», «Ешкімге де көз жасымды көл етпей» деген тармақтардан Ханапаның асқақ рухын, қайсар мінезін, бет қаратпас ақтүтек борандай шабытын аңдаймыз. Ақынның көңіл күйі оның қоғамға деген көзқарасымен сабақтас.

Түсінбей базар нарқына,
Қанатсыз қалған халқыма
Шағала көңіл шарқ ұра-
Жетер ме едім алқына!

Ақиқатты танып, ешбір боямасыз:

Айтатыным, жазатыным тек шыным,
Елден, жұрттан жасыратын жоқ сырым!
Аялайды,-бірі демеп,-ал бірі
Ұнатады қайрылғанын топшының.

Өнер жолын ақындықтан бастаған және оны өнерінің басқа салаларымен қатар жарыстыра жетілдіріп, құлпыртып әкелген Ханбибі Есенқарақызы естелік эсселер жазады. Бұл оның көркем прозасының басы еді. Ақын өз сұхбатында: «Уақыттың талабы ма, жасы келгеннен кейін ақындар өлең жазуды сиретеді екен. Одан кейін қара нардың жүгін көтеретін прозаға ауыз салады» деп пікір білдірген екен[4]. Ақынның Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев, ұлт батырлары Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, белгілі қалам иелері Әзілхан Нұршайықов,

Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова, сондай-ақ, өзбектің белгілі драматургі Саид Ахмад, губернатор Аман Төлеев, басқа да белгілі адамдар туралы естелік эсселері бар. Естелік эсселерді оқи отырып, мүсіндері тастан қашалғандай кейіпкерлермен өмірдің ақиқатын танисың.

Тегінде, нағыз талант өнер айдынында көп кідіртпей, жорға қаламы көсіле жөнелетін шығар. Ханбибі Есенқарақызы да әйгілі суретші Молдағали Қалдыбаев жайлы деректі повесть жазды. Әдеби эстетикалық жүгі мол, көркем прозаның көлемді үлгісі повесть жанрымен «Талант тағдырын» танытты. Мұндағы шұрайлы тіл, соны стиль, адам характерлері, нәзік лиризм түрлі тағдырлардың тоғысын мөлдір шындықпен жеткізеді.

Қаламгер «Жібек» деректі повесі арқылы қазақ әйелінің ішкі жан дүниесіне, болмыс бейнесіне үңіледі. Бұл повесті Кеңес өкіметі орнатқан солақай саясаттың құрбандарына, оның ішінде түп-тұқиянымен мерт болған, артында іздеп-сұрары жоқ, жазықсыз құрбандарына арнады. Қаламгер эпилогын: «Осы жазған шағын новелла да сол жазықсыз жапа шеккендердің біреуінің ғана бейнесі арқылы барша марқұмдарға бағышталған естелік болып қалсын деген үмітпен!» деп аяқтаған болатын [5]. Ханапаның «Күн туады бозарып» атты кітабында да ауыл елдің әңгімесі, балалық шақтың көмескі елестері, өмір құбылыстарын шыншыл бейнелейді. «Әңгіме шеберлік мектебі» деп Федин айтқандай, Майлин секілді әрі қысқа, әрі үлгілі реализмнің ізін жалғастырды десек жаңылмаспыз[6].

Ханбибі творчествосының мәні қоғамдағы келеңсіздіктерді көре білуінде, сонымен қатар лиризмге толы нәзік, сыршыл сезімдерде. Ақынның бай мұрасы, жауһар жырлары халық жадында мәңгі сақталады. «Күшті ақын – әлеуметінің тіл қамшысы, сайламаса да, табиғатымен сайланып шығарылған уәкілі, мұңын-зарын айтқызатын елшісі. Өз әлеуметін, өз табын ілгері сүйреуге, көтермелеуге, демеуге күшті ақындардың әсері тиген, әлі де тимекші!» [7].

Әдебиеттер:

1. Есенқарақызы Х. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Тоғанай Т», Том 1. Жыр кітабы: поэма, өлеңдер. 1999. – 288 бет.
2. Қабдолов З. Арна. Зерттеу – сын – эссе. Алматы, «Жазушы», 1988, – 256 бет., портр.
3. Есенқарақызы Х. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Тоғанай Т», Том 2. Сыр кітабы: деректі повесть, естелік-эсселер, мақала, сыр-сұхбаттар. 1999. – 224 бет.
4. Есенқарақызы Х. Күн шығады қызарып... – Шымкент: «Ордабасы», 2004. – 240 бет.
5. Есенқарақызы Х. Жібек. – Алматы: Қазығұрт. – 2018. –320 бет
6. Қабдолов, З. “Сөз өнері”. – Алматы: Мектеп, 1982.
7. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары», мақалалар, хаттар. Құрастр. Н. Қуантаев. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Том 6: – 384 бет.

ӘОЖ 821.512.122.32.09

Х. ЕСЕНҚАРҚЫЗЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СӨЗ-СИМВОЛДАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Қайырбекова Ұ.Ж. ф.ғ.к., Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к., Құрбанов А. Г. ф.ғ.к., доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрены вопросы о лингвокультурологических значениях и особенностях употребления слов-символов в стихах поэта Х. Есенкараевой.

Summary

The article discusses the issues of linguistic and cultural meanings and features of the use of symbol words in the poems of the poet X. Yesenkaraeva.

Адам баласы өмір сүріп отырған орта түрлі тарихқа және рәсімдерге бай болып келеді. Соның нәтижесінде көптеген зат немесе құбылыс атаулары символдық мәнге ие болады. Символ адамзат баласының ойының жемісі болып табылады. Кез келген сурет немесе образ арқылы дүниенің символдық бейнесі жасалады.

«Символ» – көне грек тілінен алынған термин, ол «жеке куәлік» деген мағынаны білдіреді. Көне Грецияда пайда болған алғашқы символдардың бірі –
шынының сынығы. Гректердің дәстүрі бойынша үйге келген бейтаныс қонаққа екіге бөлінген шыны ыдыстың бір бөлігі берілген. Араға уақыт салып, қайта келген қонақ сол шынының сынығы арқылы қайта табысқан.

Символ тіл білімі, философия, семиотика, жантану, әдебиеттану, мифо-поэтика, ауыз әдебиеті, мәдениеттану ғылымдарының зерттеу нысанына айналды.

А. Потебня символдарды халықтың көзқарасына сәйкес тіл ғана бір жүйеге түсіре алатындығын айтады [1].

Ғалымдар символға қатысты түрлі пікір білдірді:

1.Символ таңба іспетті.
2.Символ – өнер арқылы бейнеленетін әмбебап категория.
3.Символ – мәдени нысан.
4.Символ танымдық тәсілдің шынайы мағынасы.

«Символ» терминіне әдебиеттанушы және тілтанушы ғалымдар әр түрлі түсінік береді. Мәселен, Ю.С. Степанов символды ғылыми ұғым ретінде сипаттай келе, оны поэтикалық ұғым деп түсіндіреді. Н. Гогольдің шығармасында жолдың, А. Чеховта бақшаның, М. Лермонтовта шөлейттің, ал А. Аушкинде боранның, М. Цветаевада үй мен қанаттың символдық мәнге ие болғандығын айтады.

Символдарда мифтік, архетиптік табиғат бар. Мәселен орыс халқы үшін кемпірқосақ – үміт пен арманның символы. Осының нәтижесінде орыс тілінде *радужные мечты, радужное настроение, радужные надежды* деген тіркестер пайда болған. Кемпірқосақ «Библияда» символдық мәнге ие болған. Ол – топан судың тоқтағандығын білдіретін белгі [2].

С.С. Аверинцев «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» символдың көркем образдар мен таңбаларды салыстырудың нәтижесінде пайда болғандығына, оның эстетикалық категория ретінде қабылданатындығына түсініктеме берген [3].

Символ тура мағына мен абстрактілі мағынаның ауысып отыруынан пайда болады: күн – алтынның символы немесе алтын – күннің символы. Мұны шығыршық ретінде қарауға болады. Шығыршық жасырын (имплицитті) мағынадан бастап ауыспалы мағынадағы сөздердің аралығын қамтиды: зұлымдықтың символы – жылан, от – жылулықтың, кейде ашу-ызаның символы, күн – жарықтың, ғашықтықтың символы, ақ кептер – бейбітшілік символы.

В.Н. Телия бұлардың барлығының квазисимвол екендігін айтады. Олар мәдени негізде пайда болады. Мәселен, крест – орыс халқы үшін символ, ал оның атауы – квазисимвол [4].

К. Леви-Стросс символға мифтік тұрғыдан қарауды ұсынады. Оның пікірінше, балықтар жер асты әлемінің, жануарлар жер бетінің, құстар – аспан әлемінің (көктің) символы.

Біршама ғалымдарымыз сөз-символдарды көркем образ ретінде қарас-тырады. Н. Фрай символдардың 3 жолмен жасалатындығы жайлы пікір келтіреді: 1. Дерексіз символдар; 2. Образ жеткіліксіздігінен пайда болады; 3. Символдар көркем бейне, аңыз-әфсаналар, ауыз әдебиеті үлгілері арқылы жасалады [5].

Символды концепт тұрғысынан қарастыруға болады. Символдардың жасалуына тілден тыс факторлар әсер етеді. Оларды гештальттан ажырата білу керек. Символ – мәдениеттің бір көрінісі. Ал гештальт дегеніміз сан алуан түсінікті қамтиды. Бір гештальттық түсінік әр халықтың тілінде әр түрлі көрініс табуы мүмкін. Жеті саны орыс халқының тілінде фразеологизмдер құрамында қолданылып, әсірелеуді, шектес тыс белгіні білдіреді: «семь потов сошло (очень устал), семь пятниц на неделе (часто менять свое решение), быть на седьмом небе (быть очень счастливым)».

Символдар ұлттық-мәдени сипатқа ие. Қытай халқының түсінігінде бақа мен қоян мәңгілік өмірдің белгісі (ажалсыз), ал ала қарға – қошеметтің символы. Славян халықтарының мәдениетінде қоян қорқақтықтың, қарға жамандықтың жаршысы ретінде сипатталады.

А. Потебня символдар ұмыт болған сөздердің мағынасын жаңғырту мақсатында пайда болады дей келе, сөз бен символ арасында салыстыру, қарама-қарсылық, себеп-салдардық қарым-қатынастың болатындығын айтады.

Көркем шығарма – сөз-символдардың көп қолданылатын орны. Оларға өзіндік ерекшеліктер тән. Ақын Ханбибі Есенқарақызы өз шығармаларында махаббат символына айналған бейнелерді ұтымды қолданған. Олар – Қозы көрпеш – Баян сұлу, Төлеген мен Қыз Жібек, Еңлік-Кебек.

«Қайран Баян, қайран Жібек, Еңлігім,
Зар заманда ала алмаған теңдігін.
Дәлелдеп-ақ, кеттіңдер ғой, арулар,
Дүниенің – бірі қалыс, кемдігін!

Қозы-Көрпеш, Ер Кебек пен Төлеген,
Жүректерің тап-таза еді не деген?!
Дар алдында тайсалдырмай, демеген,
Махаббатың күші екен ғой жебеген!» (Х. Есенғараева. Қайран Баян, қайран Жібек, Еңлігім).

«Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің қайтыс болуына себеп болған «Қособа» жауыздықтың, қасіреттің символына айналған. Еңлік пен Кебектің моласы жайлы дәл осындай түсінік қалыптасқан. Мысалы,

Бір шикілік бар-сынды осы арада,
Тәуелсіздік қалғандай босағада.
Қан жылатқан халықтың дұшпандары,
Бұқпантайлап жатқандай ***Қособада!..***

Махаббатың жарығын ту етіп көтерген, ұлы махаббатың идеалы іспетті символға айналған Жібек, Еңліктерді қазіргі күннің бейнесімен салыстырады. Ұлттық танымда кіршіксіз махаббатымен орын алған арулардың бейнесін қазіргі қоғамда орын алып жатқан жағдаяттармен салыстырып, кері кеткен заман бейнесінің орын алғандығына қынжылады. Төмендегі өлең жолдарынан осыны байқау қиынға түспейді:

Баян сұлу, Қыз Жібегім, Еңлігім,
Сендерді ойлап, күрсінемін мен бүгін.
Махаббатсыз, ар-ұятсыз, имансыз,
Басқа ұрам ба, заманымның кеңдігін!... (Х. Есеғараева. Қайран Баян, қайран Жібек, Еңлігім).

Ақынның өлеңінде өлеңінде «Ай» сұлулықтың символы ретінде жұмсалады:

Аспандағы ***ай*** ма дедім,
Жастық шағым қайда менің?
Жүрегімді елжіреткен,
Жаным қандай жайдары едің? (Х.Е. Нурикамал).

Бұзылмаған қырық жаста құлын мүше,
Ай көрінер қабағы күлімдесе.
Сылаңдаған бір сұлу келіп кетті,
Әлдене деп апаммен күбірлесе.... (Ауыл кеші)

Символдар уәжділік негізінде пайда болады. Уәжділік метафоралық, метонимиялық, синекдохалық жолдардың қатысымен айқындалады. Метафора арқылы деректі немесе дерексіз мәндегі символдар пайда болады: құдай ана – жер – ана.

Метафора мен теңеу бір негізден жасалады. Зат пен құбылыстың өзара ұқсастығы нәтижесінде ұқсатпа балама жасалады: Ол – арыстан. Ол – арыстандай айбатты.

Метафоралар кездейсоқ жасалмайды. Олар ұзақ дәуірлік дәстүр мен ұғым-түсініктердің, салт, ғұрыптардың негізінде жасалады. Мәселен, құсқа, ағашқа, түрлі табиғат құбылыстарына және т.б. балау негізінде жасалған сөз-символдар осының дәлелі.

Тұрмағамбет ақын өзінің «Адамдық іс» атты өлеңінде «шабақтай шалпылдаған қайрандағы» тіркесін адамгершілікті, адамдық қасиетті бейнелеу үшін қолданған. Салыстырыңыз:

«Күн шықса, нұр қашады айдан-дағы,
Жарлы артық қайыры жоқ байдан-дағы.
Кейбіреу сәл бақытқа мас болады,
Шабақтай шалпылдаған қайрандағы» (Т. Ізтілеуов. Адамдық іс).

Х. Есенқаразының өлең жолдарында ***«шабақ»*** теңеу сөз ретінде қолданылған:

«***Шабақтай жағадағы қайраңдаймын,***
Бәріне үйренгенмін, таңданбаймын.
Айырылған қайта-қайта қаймағынан,
Көк сүттен ұйытылған айрандаймын» (Х. Есенқарақызы).
«Менің арман жолдарымда үлесің,
Жоқ екенін түсінесің, білесің.
Сонда да, інім, ***қайраңдағы шабақтай,***
Су іздеген мені іздей бересің» (Х. Есенқарақызы. Іниммен сырласу).

Ханбибі Есенқаразының қолданысында *«шабақтай жағадағы қайраңдай-мын»* тіркесі шарасыз күйді суреттейді. Екі өлеңде де бұл тіркес бір мағынада қолданылған.

Символдар жазу пайда болмаған кезеңдердің өзінде көрініс таба бастаған. Ол ойды білдіруде әрі ықшам, әрі күшті мағынаға, ауқымды мазмұнға ие. Символ сөздердің пайда болуына адамның географиялық ортасы, тілдік ерекшеліктері, халықтың өмір сүру салты, дүниетанымы әсер етеді.

Символдарды жеке қолданыстағы символдар, жалпыхалықтық қолданыс-тағы символдар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Олар образдық ойлаудың нәтижесінде туындайды және белгілі бір мәдениетке тән басты белгі ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер

1. А.Потебня. Символ и миф в народной культуре. –М., 2000.
2. Ю.С.Степанов. Словарь русской культуры. Опыт исследования. –М., Языки русской культуры. 1997, - с 824.
3. С.С.Аверинцев. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік. -М., 1987, -378б.
4. В.Н. Телия. О методологических основаниях лингвокультурологии // XI Меж. Конф. «Логика, методология, философия науки». –М., 1995.
5. Маслова Ю.С. Введение в лингвокультурологию. –М.,

ӘОЖ 821.512.122

АҚЫН ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОЙ МЕН СЕЗІМ ҮНДЕСТІГІ

Халикова Н.С., Танабаев Ғ.Ө.,Қуанбаева Ж.С.
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Тәшенев университеті
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается созвучие мысли и чувств в поэзии поэта, его эстетическое и философское значение. В стихах поэта находит отражение взаимосвязь внутреннего мира личности и общественного сознания, духовные поиски и философский смысл жизни. Через это созвучие поэт раскрывает сложность человеческого бытия, тонкость его чувств, глубину его мыслей.

Summary

The poet's poems reflect the relationship between the inner world of the individual and social consciousness, spiritual quest and the philosophical meaning of life. Through this harmony, the poet reveals the complexity of human existence, the subtlety of his feelings, the depth of his thoughts.

Сөз өнерінің ең құдіретті әрі қасиетті саласы – поэзия. Поэзия әр ақынның жүрегінде терең бойлаған сырлы әлемнің көрінісі. Ақын жаны – өте нәзік әрі сезімтал. Поэзия арқылы ақындар өздерінің ішкі әлемінде болып жатқан неше алуан құбылыстарды оқырманына суретті сөз арқылы жеткізеді. Ғалым З.Ахметов «Поэзия шыңы – даналық» еңбегінде: «Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіндігі бар. Ол - айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезімнің үлкен, өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабаттасып жатады» [1, 8 б.]. Поэзия – сұлулыққа толы сырлы әлем. Ол арқылы адам рухани құндылықтардың нәрімен сусындайды.

Ханбибі Есенқарақызы – қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі. Оның шығармашылығында ақын ой мен сезімінің терең үндестігі айқын көрініс табуып отырады. Ақынның өлеңдері тек сыртқы формасы мен көркемдік тәсілдермен ғана емес, сонымен қатар терең мазмұнымен, адам жанының небір нәзік иірімдерін жыр жолдарына қосумен ерекшеленеді. Ақынның өлеңдерінде адамның өмірдегі орнын, оның сезімі, мұңы, үміті, армандары ой мен сезімнің үндестігі арқылы көркемдік үйлесім тауып отырады.

Ақын өмірдің көркем бейнесін, адамның ішкі жан дүниесімен, сезімдерімен, өмір мен болмыс туралы толғаныстарымен бірлікте жеткізеді. Ақынның «Жұлдызым», «Жангүлім», «Жан айқайы», «Махаббатым мәңгілік», «Жыр кітабы», «Күн шығады қызарып», «Ай туады бозарып» сынды өлеідер жинағы жарық көрген. Ақынның 1999 жылы 2 томдық, 2009 жылы 6 томдық, 2018 жылы 10 томдық шығармалар жинағы жарық көрген.

Ақын Ханбибі Есенқарақызы поэзиясы әртүрлі тақырыптарды қозғайды. Ақын адамгершілік, махаббат, туған жер, табиғат сұлулығы, әйел тағдыры мәселелері шабытты ойлармен астаса келе жырланады. Ханбібі Есенқарақызының өлеңдері өмір жайлы ой-толғаныстар мен адамның ішкі сезімдерінің бір-бірімен сабақтаса үндесуінен туындап жатады. Ақын өз шығармалары арқылы өмірдің мәні мен адами құндылықтарды насихаттайды. Сонымен қатар, ақын әйелдердің қоғамдағы орны, отбасы мен ана болу сияқты тақырыптарды да өз поэзиясына ерекше көркемдікпен жеткізеді. Оның поэзиясы өз дәуірінің қоғамдық-

әлеуметтік өмірін және адамның ішкі жан-дүниесіндегі күрделі сезімдер мен толғаныстарды терең ашуымен құнды.

Ханбибі шығармаларының басты ерекшелігі – оның сезімталдығы мен өлеңдерінің терең ойға құрылуында. Ақын поэзиясынан адамның болмысын, оның ішкі әлемін түсінуге тырысатын ерекше әуезді үн байқалады. Х.Есенғарақызының өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер – ой мен сезімнің үндестігін бейнелейтін нәзік жанды тұлға. Бұл кейіпкердің ойлары мен сезімдері арасындағы байланыс, адамның өмірі мен болмысын ұғынуда үлкен маңызға ие. Ой мен сезім үндестігі арқылы ақынның лирикалық кейіпкері өзінің өмірге деген көзқарасын білдіріп, ішкі әлемінде болып жатқан сырын оқырманына ашады. Ханбибі Есенғараева поэзиясындағы ой мен сезімнің үндестігі – оның шығармашылығының басты ерекшеліктерінің бірі. Оның өлеңдерінде сезім мен ой бір-бірімен тығыз байланысып, бірін бірі өзара толықтырып отырады.

Қашанда ой мен сезімнің, өмірлік шындық пен қаламгер қиялында қорытылған көркемдік таным әдеби шығармаларда үнемі ажырамас бірлікте көрінетіні белгілі. Ханбибі ақынның поэзиясы да өмірмен өзектес туындаған. Ақын өлеңдерінде көрініс тапқан көңіл толқындары әрбір оқырманның өмір белестерінен сыр шерткендей болады. «Тілге жеңіл, жүрекке жеңіл тиетін» Ханбибі поэзиясы ақын өмірімен тамырлас туындаған. Ақын өлеңдерінен оқырман өз тағдырын көреді, өзінің ішкі көңіл-күйі мен сезім иірімдерін байқайды. Ақынның поэзиясы адам тағдырының небір иірімдерін көркемдік нәрмен, сыр мен сезімге толы шындық сипаттарымен жырлауы арқылы даралана түседі.

Ханбибі Есенқарақызының «Ай туады бозарып» атты жинағында ақынның таңдаулы өлеңдері енген. Жинаққа енген «Ай туады бозарып» өлеңінде ақын ішкі сырын шынайы сезімдерімен жырға қосады.

Айтатыным, жазатыным – тек шыным,
Елден, жұрттан жасыратын жоқ сырым!
Аялайды бірі демеп, ал бірі
Ұнатады қайрылғанын топшының [2, 3 б.].

«Жаңбыр жауды, тал жылады» атты өлеңінде ақынның көңілі табиғат құбылыстарымен астаса берілген.

Жаңбыр жауды, тал жылады,
Жүрек қанам қан жылады.
Жұбатпайды жанды неге

Жазғы жаңбыр тамшылары [2, 35 б.]. Х. Есенқарақызының өлеңдерінде табиғат пен адамды біртұтас болмыс ретінде бейнелеу ерекше орын алады. Ақынның шығармашылығында адамның ішкі сезімі мен сыртқы әлем арасындағы үйлесім терең ашылады. Мәселен, табиғат пен адамның арасындағы байланыс тек сыртқы ғана емес, рухани және терең сезімдік тұрғыдан да ашылып жатады. Бұл оқырманды ойланып, толғануға жетелейді. Ақын адамның көңіл-күйін, оның қоғамдағы орнын, ішкі жан дүниесін және арман-мақсаттарын терең түсіне отырып, олардың біртұтас, үйлесімді бейнесін құрады. Оның поэзиясында ой мен сезім арасындағы тығыз байланыс айқын байқалып, терең мазмұнды жаңа формада жеткізіледі.

Ақын жаны табиғатпен үнемі үндесіп отырады. Көңілі құлазыса да, қуанса да табиғатпен сырласады ақын.

Көктем өтті. Көп кідірмей жаз дағы,
Қоңыр күз кеп ой орманын қозғады.
Не жалындап жана да алмай, не сөнбей,
Құбылады көңілімнің маздағы.

Далада күз.
Жаным да күз.
Сарғайдым,
Тиіп-қашып, түрткілейді әр қайғым,
Қаршығаның қанатына қарап ап,

Байғұс күнін елестетем торғайдың [2, 87 б.]. Ақын өз өлеңдерінде табиғаттың көркем бейнесін өз ішкі сезімімен байланыста бейнелейді. Оның өлеңдерінде күзгі табиғаттың суреттері адамның терең ойлары мен көңіл-күйін көрсетуге қызмет етеді. Мысалы, қоңыр күздің көрінісі ақынның жан дүниесінің жай-күйімен астасып, оқырманға ой салады. Ақынның қиялы жыл мезгілдерін бір өлеңде үйлестіре отырып, нәзік лиризмді тілге тиек етеді. Күзгі дала мен ақынның «сарғайған» жанын қатар қойып суреттеуі – оның ерекше стилі мен көркемдік тәсілінің айқын көрінісі. Мұндай суреттеулер ақынның шығармашылығында терең символикалық мәнге ие болып, оны өзгелерден ерекшелеп тұрады. Ақын «Келші, көктем» өлеңінде тағы да терең лиризмге барады.

Келдің ғой тағы, көгілдір көктем, күткен көп,
Талабым қояр тіптен көп.
Сағынышымды сақтап өзіңе келген жүрегім,
Бір сөзін де айтып біткен жоқ [3, 5 б.].

Ханбибі ақын әртүрлі тақырыпта қалам тербеген, оның өлеңдері жүректен жүрекке жетіп, оқырманына терең әсер қалдырады. Махаббат, туған жер, Отан, отбасы мен әйел тағдыры сияқты маңызды тақырыптар ақынның шығармашылығында өзекті орын алады. Әсіресе, ақынның лирикасындағы шалқар шабыт, сөз өнеріне деген құрмет оның шығармаларынан айқын байқалады.

Х.Есенқарақызы өлеңдерінің көркемдік табиғаты бір бөлек дүние. Ақын қолтаңбасынан туындаған әртүрлі көркемдегіш тәсілдер ақын шығармаларына нәр береді. Ақынның «Түн» өлеңінде қолданылған *«алтын кірпік», «арай сәуле», «жұлдыз болып жанған көздер», «ынтық жүрек», «бал махаббат»* сынды эпитеттер ақын ойын көркем жеткізуде қолданыс тапқан.

Алтын кірпік, арай сәуле күнде бар.
Жұлдыз болып жанған көздер түнде бар.
Туған елдің табиғатын сүйетін,
Ынтық жүрек, бал махаббат кімде бар? [3, 5 б.].

«Мен – күзетші, шексіз жеткен жол – табын» сиықты метафоралық қолданыстар да ақын қолтаңбасының ерекшелігін танытады.

Х.Есенқарақызы қолтаңбасынан туындаған тақырыптардың бірі – махаббат тақырыбы. Ханбибі Есенқарақызының махаббат, сағыныш, сүйіспеншілік тақырыптарына арналған өлеңдері оның лирикасын терең сезім мен ұлы рухқа толы етеді. Өмір мен махаббаттың нәзік иірімдерін ақын ерекше көркемдікпен жырлап, оқырманға өзінің ішкі әлемін ашуға тырысады. Қазіргі поэзияның көркемдік мүмкіндіктері, бейнелеу құралдарының ақын тілінде түрленіп, түрлі пішіндерге түсуі ерекше мәнге ие. Ақынның өлең жолдарында көңіл-күй мен сезім әлемін ашу тәсілдері терең әрі көпқырлы. Ақын адам жанындағы нәзік иірімдерді, ішкі қақтығыстарды, сезімдер мен ойлар арасындағы тайталасты өлең арқылы көркемдеп жеткізеді. Мұндай поэзия адам жанын тануға, оның күрделі күйзелістерін, күрес пен үміттің астарындағы шындықты терең сезінуге мүмкіндік береді.

Ақынның келесі бір өлеңінде, мысалы, ол ішкі дүниесінің қым-қиғаш шындығын, күнделікті өмірдің ауыртпалықтарын, бір сәттік қуаныш пен мұңның алмасуын нәзік тілмен, бейнелі түрде суреттейді. Ақынның сөздерінен ғана емес, оның ұсынған образдары мен метафораларынан да адамның рухани әлемінің тереңдігі көрініс табады.

Сенің жаның – менің жаным емес пе?
Менің жаным – сенің жаның емес пе?
Махаббатты өткергендер басынан
Екеуімізді егіз жандар демес пе?

Сүйген жүрек қауышады, құшады,
Сүйгендердің оттай ыстық құшағы.
Махаббат та құс сияқты қонақтап,
Махаббат та құс сияқты ұшады [2, 57 б.]. дей келе, өзінің нәзік көңіл-күйін білдіреді. Ақын риторикалық сұрақ қою арқылы махаббатты құсқа теңейді.

Ханбибі Есенқарақызының лирикалық кейіпкері жан дүниесінің терең иірімдерін, ішкі сезімдер мен қайшылықтар тартысын нәзік әрі терең бейнелейді. Ақынның шығармашылығында ғашықтық, сағыныш, сүйіспеншілік секілді ұлы сезімдер ерекше орын алады. Лирикалық кейіпкердің жүрек түкпіріндегі толғаныстар мен махаббатқа деген құштарлығы ақынның сөзінде айқын көрініс табады. Оның өлеңдерінде жан дүниесі қым-қиғаш сезімдермен арпалысатын кейіпкердің бейнесі әрдайым көркемдік жағынан үйлесімді әрі терең сезімталдықпен сипатталады. Ақынның лирикалық кейіпкері – ақынның өз болмысы, оның ішкі әлемі мен ой толғамдарының айнасы. Ханбибі ақынның өлеңдері оның өмірі мен тәжірбиесімен тығыз байланысты. Лирикалық мен – ақынның жан дүниесіндегі толғаныстар, сезімдер мен күйзелістердің көрінісі. Ақын өлеңдерінде арман-тілектерін, ішкі мұңын, өмірге деген көзқарасын, сондай-ақ оның ғұмырбаяндық сәттерін поэтикалық қуатпен жеткізеді. «Ханбибі Есенқарақызы өмірде де, өлеңде де бірдей. Өмірдегі өткірлігі оның жырларына өзгеше мағына беріп, ерекше әрлендіріп тұрады. Өмірде өлеңі бір бөлек, өзі бір бөлек ақындар да бар. Шын ақын олай ете алмайды. Ендеше Ханбибі нағыз поэзияның үлкен өкілі» [4, 10 б.]. Ханбибі ақынның поэзиясы өзінің құдіретті күшін, нәзік иірімдер мен терең сезім толқындарын өлең жолдары арқылы бейнелейді. Ақынның қолтаңбасы ерекше, себебі ол өлеңдерінде көркемдік қуатты және сөздің бейнелілігін ұштастырып, өзіндік ерекшелігін танытады. Әсіресе, ақынның айшықты сөз тіркестері оның поэзиясының көркемдігін айқын көрсетіп, ақынның өрнекті ойын, сыршыл сезімін дәл әрі үйлесімді түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Ақынның шығармашылығында әйел жанын нәзік әрі терең зерттеу байқалады. Оның өлеңдерінде әйел тағдыры, жалғыздық, сүйіспеншілік пен мейірімділік жиі сөз болады. Ханибі ақын әйел жанының тым нәзік, сенгіш әрі сезімтал екендігін айта отырып, қоғамдағы әйелдің орны мен оның рухани әлеміне деген құрметті шығармашылығында көркем бейнелейді. Әйел жанын жабырқататын жалғыздықты өлең арқылы жеткізе отырып, ақын бүгінгі қоғамдағы әйел мәселесін де көтереді. Ханбибі ақынның поэзиясы терең ой мен жан толқынысының бірлігінен туындайды, оның өлеңдері оқырманға тек сыртқы әлемнің көрінісін ғана емес, ішкі жан дүниесінің күрделі тынысын да жеткізеді. Ақынның өлеңдерінде ақыл мен сезім, көңіл-күй үйлесімді түрде өріліп отырады.

Ханбибі ақынның поэзиясы өзіне тән ерекше қолтаңбасымен дараланады, себебі ол өлеңнің нәзік иірімдеріне терең бойлай отырып, сөздің көркемдік қуатын барынша тиімді қолданады. Ақынның шығармашылығында бейнелі тіркестер мен айшықты сөздер оның өзіндік ерекшелігін ашып, өлеңнің көркемдігін арттыра түседі. Әсіресе, ақынның өрнекті ойлары мен сыршыл сезімдерін айқын әрі үйлесімді түрде жеткізетін сөз тіркестері оның шығармаларына терең эмоционалдық мән қосады. Ақынның шығармашылығында әйел тағдырына, оның өміріндегі қиын сәттер мен күрестерге көп орын беріледі. Өлеңдерінде биік мақсаттар мен үлкен парасатты ұсына отырып, ақын әйелдерге өмірге деген құштарлықты, сенімділік пен үмітті сыйлайды. Оның поэзиясы әрбір әйелге өзін түсінуге, ішкі әлеміндегі сұрақтарға жауап табуға көмектеседі, себебі ақынның өлеңдері оқырманымен сырласу, рухани байланыс орнату мақсатында жазылған.

Ақынның поэзиясында туған жерге, атамекенге, Отанға, анаға, ғашық жанға деген терең сүйіспеншілік айқын көрініс табады. Х.Есенқарақызы өлеңдерінен туған жердің табиғатына, ата-баба мекенінің қадір-қасиетіне деген ерекше құрметі мен махаббаты сезіледі. Ақын шығармаларының өзегі туған ауылға деген сүйіспеншіліктен басталады да, бұл сезім қазақтың кең даласына деген ұлы махаббатқа ұласып кетеді. Туған жердің топырағы мен табиғаты ақынды ерекше шабыттандырып, шығармашылық күшке толтырады, ал туған жердің баурайы ақынды шаттыққа бөледі. Ақын үшін туған жердің әрбір бөлшегі маңызды әрі қасиетті. Туған жер топырағын басқан сәтте оның жан жарасы жазылып, жүрегі қуанышқа бөленеді. Бұл сезімдер ақынның өлеңдерінен терең байқалады, әрі оның шығармашылығына ерекше тыныс береді. Ақын туған еліне үнемі тартылып тұрады, себебі туған жер – оның рухани қайнар көзі, жанына тыныштық пен шаттық сыйлайтын мекен. «Елім менің» атты өлеңінде ақынның еліне деген сүйіспеншілігі айқын баықалады.

Марқайып тауларыңмен,

Көркейтіп бұлағыңмен.
Сәндетіп аумағыңмен.
Сөйлейтін қыран үнмен [3, 41 б.].

Ханбибі Есенқарақызының поэзиясы терең ой мен сезімнен құралады.

Ақын өз өмірінің қиын кезеңдерін, қайғысы мен мұңын нәзік лиризммен суреттеп, әрбір өлең жолында көп сырды ашады. Ақынның өлеңдері арқылы өмірдің ауыртпалықтарын сәулелі нұрға айналдыруы, оның өмірге деген сенімін, ғажайыптарға деген үмітін көрсетеді. Өлеңдері – ақынның рухын шыңдайтын, оған қанат бітіретін шығармашылық қуат көзі екені даусыз.

Қорытындылай келе, Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы – қазақ поэзиясының асыл қазынасына қосылған құнды үлес. Ақынның өлеңдерінде терең сезім мен ойдың, нәзік лиризм мен қуатты шығармашылықтың үйлесімі айқын көрініс табады. Оның поэзиясы адам жанын терең түсініп, оның ішкі толғаныстары мен қайшылықтарын нәзік бейнелейді. Туған жерге деген сүйіспеншілік, махаббат, сағыныш, әйел тағдыры секілді маңызды тақырыптарды ақын ерекше сезімталдықпен жырлайды. Сонымен қатар, Ханбибі ақынның өлеңдерінде қоғамдағы әйелдер мәселесі, олардың нәзік жан дүниесі мен жалғыздық туралы терең ойлар орын алады. Ақынның шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – оның поэзиясында ой мен сезімнің бірлігінің, сөз бен ойдың тереңдігінің айқын көрінуі.

Ханбібі Есенқарақызының өлеңдеріндегі бейнелі тіл, айшықты сөз тіркестері, көркемдік қуат – оның әдеби әлеміндегі ерекше қолтаңбасын қалыптастырған. Әсіресе, ақынның туған жерге деген махаббаты, өз елі мен халқына деген адалдық пен сүйіспеншілік оның шығармашылығында басты тақырыптардың біріне айналған. Осылайша, Ханбибі Есенқарақызының поэзиясы адамзаттың рухани байлығын, ұлттың болмысын, қоғамның құндылықтарын терең түсінуге шақырады. Ақынның сөздерінде өз дәуірінің нәзік көріністері мен өмірдің күрделі шындығы бейнеленген. Оның шығармашылығы мәңгілік рухани мұра болып қала береді, ал ақынның өзіне тән ерекше стилі мен поэтикалық көркемдігі қазіргі поэзияда маңызды орын алатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық: Зерттеу. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 368 б.
2 Есенқараева Х. Ай туады бозарып: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2004. – 192 б.
3 Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Тоғанай Т», Том 1. Жыр кітабы: поэма, өлеңдер. 199. – 288 б.
4 Хан қызындай Ханбибі. – Шымкент: Ордабасы, 2003. – 224 б.

Х.ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ ЛИРИКАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Әбдіғаппар п.ғ.м.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ.

Резюме

В данной статье анализируются тематические особенности лирических произведений Ханбиби Есенкарақызы. Поэзия автора отличается глубоким философским содержанием и национальной самобытностью. В статье рассматриваются вопросы любви к родной земле, национальной истории, образа матери, красоты природы и нравственности в качестве основных тем ее творчества. В лирике Есенкарақызы гармонично переплетаются нежные эмоции и патриотический дух. Кроме того, изучается образная система и художественные средства поэзии, определяется ее вклад в казахскую литературу.

Summary

This article analyzes the thematic features of the lyrical works of Hanbibi Yesenkarakyzy. The author's poetry is distinguished by its deep philosophical content and national identity. The article examines the issues of love for her native land, national history, the image of her mother, the beauty of nature and morality as the main themes of her work. Yesenkarakyzy's lyrics harmoniously intertwine tender emotions and patriotic spirit. In addition, the figurative system and artistic means of poetry are studied, its contribution to Kazakh literature is determined.

Оңтүстік өңірінің ғана емес бүкіл қазақ поэзиясының бел ақыны, лирикалық өлеңдердің хас шебері Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы бүгінде классикалық дүниеге айналғаны анық.Әдебиет майданында XX ғасырдың бел ортасында әйел ақындардың шығармашылығы шарықтап дамыды. Шолпан Иманбаева, Мәриям Хакімжанова, Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожина,Ақұштап Бақтыгереева т.б ақын апаларының артынан ерген Ханбибі Есенқарақызы шығармашылығы осы сөздің айғағы.Ақынның қайратты, терең ойлы лирикалық өлеңдері кім-кімнің болса да жүрегінен орын алады.Фариза Оңғарсынова «Қазақ жыры кіріспесі Бұхар жыраудан басталатын үлкен бір том болса, Ханбибінің ақындық шығармашылығы сол алтын әріпті томының айшықты бір беті деуге болады»,- деген еді.Ақын өз жүрегінің лүпілі арқылы жалпыға тән ой – сезімді білдірген. Сол ой-сезім ақынның көңіл күйін , сезімін бейнелі өрнектермен жүрек лүпілдері айтылады.

Ақынның өзіндік үнін, орынын мына шумақтардан аңғарамыз.

Анна да емес , Марина да емеспін,
Дала кезген Аруана – елеспін!
Фариза да Ақұштап да емеспін,
Ешкіміңмен келмес, сірә, теңескім[1].

Б.Г.Белинский: «Лирика — бұл мылқау түйсікке тіл бітуі. Лирикада жеке адамның ішкі дүниесі, оның сезімдері мен эмоциялары кеңінен ашылады. Мұнда ақыл мен ойдың, сөз бен бейнелердің бірлігі емес, адамның жан дүниесінің терең түкпірлерінде ұшқындаған сезімдердің, әсерлер мен толғаныстардың көрсетілуі маңызды. Лирикада адам өз сезімін сөзбен бейнелеп, оған ерекше үн, ерекше түс береді. Лирика дегеніміз — адамның ішкі әлемінің тілге айналуы, ол әдетте сыртқы әлеммен салыстырғанда ішкі дүниеге көбірек назар аударады. Бұл — өмірдің мәні мен көріністерін терең сезіну мен түсіну арқылы жүзеге асады.» - десе, Ахмет Байтұрсынов:«Толғау — бұл адамның ішкі әлеміндегі дүниенің тысқа шығарылған көрінісі. Толғауда ақын өз өмірінің, жүрек түкпіріндегі сезімдерін сыртқы дүниемен байланыстыра отырып, ол сезімдердің тереңдігін, мәнін ашады. Толғау ақынның ішкі жан дүниесінің айнасы іспеттес. Бұл — жеке адамның өмір тәжірибесін, ой-толғамдарын, сезімдері мен әсерлерін көркем тілмен, образдармен жеткізу арқылы жасалған поэзияның түрі. Ол — ақынның жан-дүниесінің, ішкі тебіреністерінің сыртқы әлеммен байланысын көрсететін шығарма»[2], - дейді. Ханбибі ақындықтың мәнін Алла саған қабілет , дарын берген екен, сен оны сана сезіміңмен қорытып, ой көкірегіңде қыздырып,балқытып көз қаритын гауһар ретінде оқырманға ұсынуың ләзім. Әрине , ол өзге жақұттардан ерекшеленіп көріне алса , ақындықтың мәні сол, - деп ой қорытады.

Мен-ақынмын,әйелмін әлемді ойлар
Қоғам дертін сімірген кесемде іркіп.
Бай таяғы түк емес төбемде ойнар

Қоғам дерті жіберді есеңгіретіп-деген өлең жолдары ақынның бет-бейнесін, азаматтық болмысын, халқы үшін шырылдаған үнін, дүсілдеген жүрегінің дыбысын аңғарамыз.Ханбибі шығармашылығынан тағы бір байқалатын құбылыс ақын мінезінің өжеттілігі. Тумасынан қайратты , өршіл поэзиясынан ер жігітке тән қайсарлық бейнесі де көрінеді. Ханбибі өзінің туындыларында қазақ халқының тәуелсіздігі мен бірлігін, әйелдің қоғамдағы орнын жырлады. Оны көптеген шығармалары мен елдікке қатысты көзқарастары Алаш қайраткерлерінің ұстанымдарымен үндеседі. Алаш қозғалысы – XX ғасырдың басында қазақ халқының тәуелсіздігін алу үшін күрескен ұлт зиялыларының саяси және мәдени қозғалысы. Бұл

қозғалыстың негізгі мақсаты – қазақтың ұлттық мемлекетін құру, қазақ халқының мәдениетін, тілін, тарихын сақтау және дамыту еді. Алаш қайраткерлері елдің болашағы үшін батыл қадамдар жасап, қазақ ұлтының ұлт болып қалыптасу жолында терең із қалдырды.

Ханбибі Есенқарақызы Алаш идеяларына өте жақын тұлға болды. Оның шығармашылығында қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени жағдайы мен рухани дамуына қатысты сұрақтар басты орын алды. Ақынның өлеңдерінен Алаш қайраткерлерінің ерлігін, олардың ел үшін жасаған еңбектерін құрметтеу сезімі айқын байқалады.

Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы Алаш қозғалысының идеяларын өз бойына сіңіре отырып, қазақ әдебиетіндегі ұлттық рухты дәріптеуге бағытталған. Ақынның өлеңдерінде қазақтың тәуелсіздігі мен азаматтық құқы үшін күрескен Алаш арыстарының есімі жиі аталады. Мысалы, ақын Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатовтың тұлғасын ерекше құрметпен жырлайды. Бұл жайында оның поэзиясында Алаш идеологиясына деген терең құрмет сезімі мен ұлттың болашағына деген сенімі анық көрінеді.

“Қазақтың ері елінен айырылмады,
Алаш арыстары ел үшін күресті.
Біз ұрпақтар да осы жолды ұстанып,
Тәуелсіздікті сақтап, елдік үшін күресеміз.”- дейді
Қайсар қыздың ұлт тәуелсіздігі мен елдігі үшін тағы бір өлеңі меніңше қазақтың батыл қыздарының символы іспеттес. Оған дәлел:
“Ешкімнің қасынан өтпей мен кетпеймін,
Тәуелсіздік үшін менің жүрегім.
Батырлық жолы - әрқашан қиын,
Мен қайтпаспын, ел үшін жан беремін.”деген өлең жолдары.

Ханбибі кезінде қазақ қоғамында әйелдердің әлеуметтік және саяси құқығы шектеліп, көбінесе дәстүрлі қалыптармен шектеліп қалған кезеңде өмір сүрді. Дегенмен, ол әйелдердің тең құқықтарын қорғауды өз өлеңдерінде көтеріп, әйелдерді қоғамның белсенді мүшесі ретінде көрді. Осылайша, ақын әйелдердің өміріне жаңа көзқараспен «Әйел – теңдікке лайық, тек еркін,
Қоғамға қызмет ету оның міндеті.
Қанат қаққандай, ол да биікке ұшып,
Өмірде орнын табуы тиіс».

Бұл өлең шумақтарында қайсар қыздың үндеуі көрініс табады. Ақын табиғатынан сезімтал. Сөз образы, Композициялық құрылымы арқылы ақын философиялық, эстетикалық ойды бере алған.

Дала-тұман , көңіл-тұман, түн-тұман,
Сол тұманнан арылуға ұмтылғам
Мазалайды, мазалайды , қайтейін,

Ешбір жанға айтылмайтын бір күнәм.Ақын өлеңдерін оқи отырып қуанышы мен мұңын жан дүниеңмен сезінесің , бірге қуанып мұңайып,толқисың.Ақын А. Жарылқасын «Ханбибінің өлеңдерін оқығанда , жаным тебіреніп отырады. Оны ақылдылығына , келбеттілігіне, кереметтілігіне, өткірлігіне, кербездігіне сүйсініп, ақынды қыз едің ақмаралдың лағындай»,- деп теңейді.Лирика адам жанының нәзік күйі десек ақынның

Өкпеледім анаған да мынаған
Жан болды ма оның мәнін сұраған,
Көрінеді бәрі таза күнәдан...
Болады екен тыныш өмір сүруге
Сұраусыз да, жауапсыз да бұл адам.

Әр жақсы шығарма-жаңалық.Онда жаңа бейнелі ой бар.

Өзгермей тұрмас өмір бұл,
Өзгертер шалып шелегін.
Өзгерер және көңіл бұл,
Өзгере көрме тек қана,
Ақылдым, Ойлым , Тереңім!?

Лириканың адам жанына қатты әсер берерін бәріне танымал болған «Нурикамал» әнінен байқай аламыз. Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығында махаббат тақырыбы ерекше орын алады. Ақын махаббатты тек екі адамның сезімі ғана емес, тұтас адамзаттың, ұлттың рухани байлығы ретінде бейнелейді. Махаббат – ақынның ең асқақ жырлайтын тақырыбы. Оның ең танымал шығармаларының бірі «Нурикамал» поэмасы осы махаббат тақырыбына арналған. Ақын Ханбибі бұл әнді өз естелігінде «Естайдың Қорланы секілді бағаладым» ,- деп еді. Иә, жолдасына бұл әннің сөзін Ханбибі жазып бергені рас. Күйеуінің Нурикамалды сүйгені шындық. Ақын өзінің бұл әнімен махаббат тек бақыт емес сондай-ақ қайғы мен қасіретті де қатар алып келетінін оқырманға түсіндіре алды деп ойлаймыз.

“Нурикамал, сенің жүзіңде - жарқын күн,
Сенің көздеріңде терең бір мұң.
Сенің махаббатың жүрекке мықты,
Өмірді сенсіз, кімге айта алам?”

Бұл өлеңде махаббаттың биік асқақтықта екендігі, бірақ оның қайғымен, қиындықпен бірге жүретіндігі анық көрінеді. Ханбибі үшін махаббат – бұл өмірдің барлық жақтарын қамтитын күрделі және терең сезім.

Сүйген жүрек қауышады , құшады
Сүйгендердің оттай ыстық құшағы.
Махаббат та құс сияқты қонақтап ,
Махаббат та құс сияқты ұшады[3].

Александр Блок ақынның ақындығы – үндестік деп ұққан және осы ұғымын терең теориялық тұжырымға айналдырған. Ал үндестік жел, гармония дегенді шебер суреткер шындығы сырға , сырды жырға айналдыруы , өмірді өнерге , өнерді өмірге көшіруі, сөйтіп мынау әлемдік тіршілік небір құла сырларын ғажайып келісімге көшіре танытуы деген пікірімен үндеседі.Осы орайда Ханбибінің табиғатпен сырласқан ақын екендігін өлеңдерінде табиғатқа деген сүйіспеншілігін, оның әртүрлі көріністерін жырлай отырып, адам жүрегінің нәзіктігін, мейірімділігін, қайғысын жеткізу үшін табиғаттың элементтерін қолданады. Ол табиғаттың тыныштығын, әдемілігін сезініп қана қоймай, адамның ішкі дүниесіне әсерін де терең түсінеді.

Таң шапағы құйып тұр, көк аспаннан,
Жүрек жырлайды, қанатымды ашқаннан.
Желмен бірге төгіліп, жапырақтар,
Өмірдің мәнін іздеп, мен де табамын.

Бұл өлеңде ақын табиғаттың таң шапағы мен желін сезіне отырып, адамның ішкі дүниесінің тыныштығын, өмірдің мәнін іздеу жолындағы ойларын айтады. Ақынның өлеңдерінде табиғаттың әртүрлі құбылыстары адам өмірінің айнасы ретінде жиі сипатталады. Ол табиғаттың жаңаруын, көктемді, жаңғыруды символикалық тұрғыда қолдана отырып, адамның өміріндегі жаңа бастамаларды, үміттер мен армандарды бейнелейді.

Табиғатқа қарап, жүрегім ашылады,
Көктемде жанымның гүлдері солады.
Құстар ән салып, қалықтап ұшады,
Мен де өз жолымды тауып, ұшамын.- деп жырлайды.

Табиғат пен сұлулықты, сабақтаған өлеңдер сезімнің қылын шертеді.

Далада аяз
Үскіріп жел тұрады,
Үйіріп кеп, жаныма толтырады
Күн-көңілсіз.
Көңілім одан бетер,
Жаландағы ағаштай қалтырайды.

Бұл – поэзия! Бұл-Ханбибі!

Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы мен өмірі – батылдық пен өр мінездің, ұлттық рух пен тәуелсіздік жолындағы күрестің жарқын үлгісі. Оның өлеңдерінде тек табиғат пен махаббат, әйелдің құқығы мен теңдігі ғана емес, сондай-ақ ұлттың болашағы мен еркіндігі үшін

күресудің маңызы терең жырланған. Ақын өзінің шығармашылық жолында қазақ қоғамының өзекті мәселелерін көтеріп, ұлттың рухын сақтап, еркіндікке қол жеткізу жолында алға қойған мақсаттарды қолдады.

Ханбибі өз шығармашылығында әйелдің қоғамдағы орнын жоғарылатып, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін қорғау үшін күресті. Оның поэзиясы, батылдығы мен өр мінезі арқылы ол қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресін дәріптеп, осы жолда жанқиярлық пен өрлік танытты. Ақынның шығармалары әрқашан ұрпақтарға жігер мен жігерлілік, батылдық пен адамгершілік құндылықтарын жеткізу үшін қызмет етті.

Осылайша, Ханбибі Есенқарақызының өмірі мен шығармашылығы қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі маңызды кезеңдердің бірі ретінде мәңгілік қалды. Оның мұрасы тек поэзияда ғана емес, қоғамның дамуында, ұлттық сананың қалыптасуында да маңызды рөл атқарады. Ақынның күрескерлік рухы мен батыл мінезі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болып, оның шығармалары қазақ елінің тәуелсіздігі мен әйелдердің құқығын қорғау үшін күресудің зор маңызын көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Есенқарақызы Х. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Тоғанай Т», Том 1. Жыр кітабы: поэма, өлеңдер. 1999. – 288 бет.
2. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» 1906 ж.
3. Есенқарақызы Х. Күн шығады қызарып... – Шымкент: «Ордабасы», 2004. – 240 бет.

ӘОЖ 821.512.122-12

ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

Байғұт Д.Н. ф.ғ.к., доцент

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В этой статье речь идет о национальном духе в портретах и произведениях поэта, писателя, общественного деятеля Ханбиби Есенкараевой, который признается главной особенностью, делающей его поэзию и прозу величественными.

Summary

This article deals with the national spirit in the portraits and works of the poet, writer, public figure Khanbibi Yesenkaraeva, which is recognized as the main feature that makes his poetry and prose majestic.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, Алаш ардақтыларының сара жолын таңдаған өрелі ұрпақ санасына сіңген аталы сөзден тәрбие, баталы сөзден тәлім алады. Көргенің көкірегіне түйіп, оқығанын көңілге тоқып, мемлекетшіл, отансүйгіш азамат болып қалыптасады. Бұған әсер етуші бірнеше факторлар бар. Соның бірі – көркем әдебиет. Кітап оқу, қара сөздің қаймағын бұзбай, ана тілдің қайнар бұлағынан қанып ішіп, әр сөздің астарлы мағынасын ұға білу – зияткер ұлтқа тән қасиеттердің бірі.

Жаһандану заманында ұлтты сақтап қалу саяси маңызға ие мәселе болып отыр. Бұл ретте біз әдебиет тарихында жасалған рухани қазынамызға жүгінеріміз ақиқат. Ал асыл арналардан бастау алған тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтел, жұмбақ пен жаңылтпаш, жыр-қисса, ертегі, дастан, аңыз-әңгіме, шешендік сөздер, батырлық жырлар, ғашықтық дастандар мен айтыстарды жата-жастана оқып, сөзді сүйіп өскен, табиғатпен тілдесіп, сырын ұққан сыршыл жанның

суреткер болмауға хақы жоқтай. Ата-баба қанымен, ана сүтімен, әке тәрбиесімен берілген қабілетті білім-ғылыммен ұштаған, талмай ізденіп еңбектенген қаламгер өзін мойындатары хақ. Сондай таланттың бірі де бірегейі, халқымыздың Ханапасына айналған ақын, жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, «Парасат» орденінің, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері – Ханбибі Есенқарақызы. Бұл есім маған бала кезімнен етене таныс. Оңтүстіктің айтулы қаламгері, қарасөз бен көсемсөздің шебері атанған марқұм Мархабат ағаммен әдемі әзілдесіп, қазақы қалжыңның көркем үлгісін көрсете білген ақын Ханапа шығармаларын ерте жастан оқып өстім. Қай қызметте отырса да өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын ақын апамыздың ұлт руханияты үшін атқарған жұмысы ауқымды: облыстық мәдениет басқармасының тізгінін ұстаған жылдары ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете барған мемелекет мүлкін ел игілігіне қызмет етуге жұмылдырса, облыстық филармонияны жекешеленіп кетуден сақтап қалған азаматтығы бір бөлек әңгіме. Ал сол өнер ошағына «вальс королі» атанған Шәмші Қалдаяқов есімін алуға ықпал етіп, ғимаратты толық жөндеуден өткізіп, алдына Шәмшінің ескерткіш-мүсінін қойдыруы тарих беттеріне алтын әріппен жазылары сөзсіз.

Туындылары бірнеше шет ел тілдеріне аударылып, көптеген өлеңдері әнге айналып, Алаштың аспанында еркін қалықтап жүрген Х.Есенқарақызы сан қырлы талант иесі. Оның қаламынан туған жырлар жүректерді жылытып, асқақ рух, сенім мен батылдық сыйласа, естелік, эсселері танымал тұлғаларға сөзбен құйылған еңселі ескерткіш деп білеміз. Қазақтың қайталанбас дара перзенті, батыр ұлы Бауыржан Момышұлы, ерлігі ел есінде қалған Қасым Қайсенов, оқырманның сүйікті жазушысы, махаббат жыршысы атанған Әзілхан Нұршайықов, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев, айбарлы ақын Фариза Оңғарсынова, көршілес мемлекеттің атақты драматургы Саид Ахмад, қазақтан шыққан, Ресей елінде өмір сүріп, жат елді мойындатқан Аман Төлеев, тағы басқа айтулы азаматтар басты кейіпкері саналатын бұл дүниелер деректі әдебиеттің алтын қорына қосылған үлкен қазына.

Аға буын өкілдері мен замандас қаламгерлер ақын шығармашылығы туралы әркез жылы пікір білдіріп, Х.Есенқарақызының парасатты поэзиясы мен толысқан прозасына жоғары баға беріп келеді. Ақындар Фариза Оңғарсынова, Темірхан Медетбек, Қанымбек Сарыбаев, Нармахан Бегалыұлы, Серік Ақсұңқарұлы, Көпен Әмірбек, Бауыржан Жақып, жазушылар Шыңғыс Айтматов, Әбіш Кекілбаев, Сафуан Шаймерденов, Қалаубек Тұрсынқұлов, Дулат Исабеков, сондай-ақ әдебиеттанушы ғалымдар Бақыт Сарбалаұлы, Әлия Бөпежанова біздің кейіпкеріміздің шығармашылығы хақында ой толғаған.

Ханбибі Есенқарақызы – Алаш ардақтыларына деген құрметін іспен дәлелдеген айбынды ақын. «Шолпан» журналын шаң басқан мұрағаттан іздеп тауып, жинақ етіп шығарған, «Ақжол» газетін төте жазудан бүгінгі кириллицаға көшіртіп, 25 томдық еңбек құрастырып, оқырманға ұсынған. Облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайын басқарған тұста атқарған ақынның бұл еңбегі ерлікпен тең еді. Қаржылық қиындыққа қарамастан тәуекелге бел буып, шет елдерге хат жолдап, сұрау салып, еліміздің мұрағаттарын ақтарып, ғалымдарды тартып «Ақжолды» шығарған Ханбибі Есенқарақызының бұл еңбегі өнегелі іс ғана емес, ұлтқа қызмет етудің көркем үлгісі болатын. 2018 жылы шыққан он томдығының жетінші томы «Алаш және репрессия» деп аталып, жазықсыз жапа шеккен ұлт ардақтылары туралы жазылып, олардың ұрпақтары, атап айтқанда, Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова, Бектұр Жүсіпбекұлы Аймауытов, Мұстафа Шоқайдың ағасы Нұртазаның қыздарының жүрек шымырлатып, жанды ауыртар естеліктерінің берілуі де мол ізденістің жемісі.

Өзі көзімен көріп, куә болған оқиғаны көркем шығармаға айналдырған Х.Есенқарақызы «Жібек» повесінде тұтас ұлттың басынан өткен зұлматты жылдар картинасын айшықты бейнелеп, Жібек ана бейнесін қайсарлық пен батырлықтың символы ретінде көркем кестелеген. Сан түрлі сынақтарда сағы сынбастан алға ұмтылған қазақ әйелінің жан түршігерлік тағдыры оқырманды бей-жай қалдырмайды. Аттастырған жарынан бір, әмеңгерлікпен қосылған қосағынан екі айырылып, жалғыз ұлы қолында жатып көз жұмған қайсар Жібектің қасқырлармен алысып, аюмен арбасқан әр сәті кино лентасындай оқырманның көз алдына келуі

– қаламгер шеберлігі. Автордың қазақ ұлтының биік рухын, қайсар мінезін суреттеудегі батыл шешімдері оның өлеңдеріндегі өршілдікті еске түсіреді.

Уақыт талабымен туып, қоғаммен үндесетін дүниелер ұлттық рухты көтеріп, ұрпаққа қызмет ететінін ескерсек, азаматтық ұстанымы айқын, шындық жалауын биіктен түсірмеген Х.Есенқараева поэзиясы ғасырларлармен бірге жасайтын өлмес туындылар деп білеміз. Азаматтық ұстаным дегенде белгілі сыншы, әдебиеттанушы Сағат Әшімбаевтың «азаматтық позиция – адамшылықты паш ету, ақиқатқа араша түсу, адамгершілікке көмектесу, шындықты қорғау, парасатқа тағзым ету, ізгілікті дәріптеу, әділдік пен адалдықтың сойылын соғу, жалғандықты жағадан алу – жамандықты әшкерелеу, бақыттың шырағына қорған болу, жақсылықтың отына май құю, зұлымдықтың түп-тамырына балта шабу» деген есті сөзі еске түседі[1,56]. Сыншы атап айтқанның барлығын ақын Ханапаның өлеңдерінен кездестіреміз. Өмірі мен өлеңі егіз ұғымға айналған ақынның отты жырынан ұлттық рухтың лебі есіп тұратынын көзіқарақты оқырман ә дегеннен байқайды.

«Құлагерді тұяғынан қақпадым,
Тентек болсын, Ақандарды жақтадым.
«Мынау ісім қалай болар екен?» деп,
Мықтылардың қасы-көзін бақпадым!

Қасиетін мойныма ілген тұмардың,
Қасіретін туған елдің ұғармын.
Өз ұлты үшін құрбандыққа бас тіккен
Сәкендерден әулие емес шығармын!!!» [2,3]

Осы екі жол өлеңде Ханбибі Есенқарақызының ақындық кредосы, өмірлік ұстанымы айқын көрінеді. Ол ешкімнен тайсалмайды, қорықпайды. Қашан болсын шындықты айтып, жалғандыққа жанымен қас екенін ашық айтады. Алаш ардақтыларының ақ жолын өзіне мұрат тұтқан ақын ақиқаттың алдаспанын қару етіп, туған жеріне ту тігуге қашанда әзір. Ана тілге құрмет көрсетпей, басқа тілді артық көргендерді «Өзге тілге жалға берген ауыздың, Күні бітпес құдай шындап ұрғасын» деп ащы сынайды. Ұлтты рухты ұран етіп қана қоймай, өлеңдеріндегі уытты ой арқылы халқын Ахмет Байтұрсынұлының «Масасындай», Міржақыптың «Оян, қазағындай» серпілтуге күш салады. Турасын айтып, туғанына жақпаған ақынның шағынатын да шақтары болады: «Ғажап екен бейімделгіш бектерге, Азап екен айтары бар ақынға!». Десе де ол мойымайды, тағдырдың басқа салғанына көндім деп те бос қарап отырмайды: «Бүгінгі өмір – атпай, аспай өлу де, Бүгінгі өмір – мылтығы жоқ майдандар!» деп, өзінің күрескерлік келбетін өлеңмен өреді.

Ақынның қайтпас қайсар өр рухы оқырманды әркез тәнті етіп келеді. Кейде осыншама батырлық пен батылдықты ақын қайдан алады екен деген ой келеді. Бағамдасақ, Ханбибі Есенқарақызының туған өлкесі оңтүстік болса да, ата-бабасының кіндік қаны тамған жері Махамбет туған топырақ екен. «Жібек» деп аталатын деректі повестегі «сұлу өңді, мойылдай қара көзді, шашы ұзын әрі қалың», сөзі де, ісі де шалт, даусы зарлы апасының артынан жалаң аяқ қар, көк мұзды елемей жүгіретін, әкесі ерекше үміт күткен Ақбаянның прототиві де автордың өзі екен. Өз жұрты мен нағашы жұртының ерек батылдығын бойына жұқтырған ақын жырларының рухты болмауы да мүмкін еместей. Сосын болса керек, ақын тік қарап, желтоқсан көтерілісіне қатысты ойын ашық айтып:

«Арың қайда, айбат қайда,
Жас үзілген қайрат қайда?
Тұлан тұтып, көздеріңе
Қан құйылып, ойлатпай ма?», - деп сұрау салады [3,15].

Сондай-ақ ақын Мұқағали Мақатаевқа арнаған өлеңінде «жақсы өлдің, кезінде өлдің» деп мұңаяды. Оқушы кезінде өлеңін оқып, батасын берген Төлеген Айбергеновтің рухымен сырласып, «Бір кезде жүрексіздер қауымы орнап, Білдің бе бірін бірі талайтынын?» десе, жыр соңында «Oh, қандай өкінішті адамдардың, Жүрегі жоқ кезінде жер басқаным» деп ah ұрады. Десе де, шындық үшін шырылдап, кері шегінбейді:

«Жұртын тонап, қоғамды асағандар –
Ел дәулетін сімірген лас адамдар.
Неге жауап бермейді ел алдында
Әлеуметтік қылмысты жасағандар?!» - деп, өзі айтатын «мылтықсыз майданның» белді жауынгеріне айналады[3,127].

Қару – қаламын қолынан тастамай, «Ей, Махамбет, ағатай!» деп аталатын өлеңінде күрескер ақынмен мүдделес, ниеттес екенін айқын аңғартады:

«Заманым бөлек болғанмен,
Талабым тектес өзіңмен!
Дес бермей әлі келемін
Телегей теңіз төзіммен!!!» [3,146].

Ойымызды түйіндей келе айтарымыз, Ханбибі Есенқарақызы – ұлттық рухты өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман – автор бейнесі арқылы шынайы бере білген мінезді, намысты ақын. «Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайтынын» (А.Байтұрсынов) әуел бастан түйсінген суреткер қаламына адал, азаматтық ұстанымына берік.

Әдебиеттер

1. Әшімбаев С. Азаматтыққа адалдық: әдеби сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар /; [құраст. Ш. Бейсенова]– Алматы : Раритет, 2007. - 334 б.
2. Есенқарақызы Х. Ай туады бозарып: Өлеңдер. –Алматы: Жазушы, 2004. -192 б.
3. Есенқарақызы Х. Он томдық шығармалар жинағы. Т6. Астана, Фолиант, 2018. -286 б.

ӘОЖ.574.(12)23.02.16.01

АЛАШ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУДІ ӨЗІНЕ ПАРЫЗ САНАҒАН

Исабек Б.Қ.
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ дің стратегиялық даму
және әлеуметтік мәселелері жөніндегі проректоры, т. ғ.к., ассоц.профессор.
Б.С.Айтай
т.ғ.к,аға оқытушы

Резюме

Бұл мақалада ақын, жазушы, қоғам қайраткері Ханбибі Есенқарақызының өмірі мен шығармашылығы, қызметі сөз болады. Ақын поэзиясындағы азаматтық ұстаным, прозасындағы тұлғалар бейнесі, "Шолпан" журналы мен "Ақ жол " газетін жинақ етіп шығарудағы еңбегі жан-жақты талданады. 25 томдық "Ақ жол" жинағының тарихи-саяси мәні кеңінен ашылады. Х.Есенқарақызының қайраткерлік келбеті айқын факторлармен көрсетіледі.

Резюме

В статье рассматриваются жизненный и творческий путь, общественная деятельность Ханбиби Есенкаракызы. Автор рассказывает гражданские позиции в поэзии Х. Есенкаракызы, образы в прозе, ее деятельность в издании отдельной книгой журнала "Шолпан" и газеты "Ак жол". В статье нашла отражение историко-политическое значимость 25-томного сборника "Ак жол". Деятельность Х.Есекаракызы показана конкретными фактами.

Resume

This article discusses the life, work and activities of the poet, writer, and public figure Khanbibi Yesenkarakyzy. The poet's civic stance in her poetry, the portrayal of characters in her prose, and her work in publishing the "Sholpan" magazine and the "Ak Zhol" newspaper are

comprehensively analyzed. The historical and political significance of the 25-volume collection "Ak Zhol" is widely revealed. The creative image of Kh. Yesenkarakyzy is shown by clear factors.

«Ақын батыр болмаса, несі ақын?», «Менің мінезім – менің қаруым». «Шындықты не ақын айтады, не ажалы жеткен адам айтады», «Ұлтты танытатын шын ақынның өлеңі», – [1] деп сөз бастайтын Ханбибі апамыз өзінің азаматтық ұстанымын көрсеткендей.

Ақынның ақындықтағы бағы мен жолын талантты ақындар ашары хақ. Жас Ханбибі Есенқарақызы мектеп қабырғасында жүргенде өлең жазып, өлеңдері қабырға газетіне, кейіннен аудандық, сосын облыстық басылымдарда жария-ланып жүріпті. Жас ақын қыз тоғызыншы сыныпта оқып жүрген кезінде Сарыағаш аудандық редакцияға ақын Төлеген Айбергеновтің келгендігін біліп жүгіріп кездесуге барады. Қолында өлеңдерін жазып жүрген дәптері бар. Төлеген ақынмен таныса келе қолындағы дәптерін ұсынады. Алғашқыда онша мән бере қоймапты. Кейін сол жердегі қызметкер ағалардың бірі «Төлеген, мынау қарындасың, өлеңдерін қарап бер» дегеннен кейін ғана дәптерін ақтара бастапты. Кейбір беттеріне үңіліп қарап, кейбірінен парақтап өтіп кетіп, біткен соң сол дәптерінің шетіне қолтаңбасын қалдырған екен. Онда:

«Аққудай көкке самғаған,
Ұшуға қанат қомдаған.
Құралай көзді ақын қыз
Ақұштап жолын жалғаған.
Сен шыққан биік жоқ әлі,
Сен шықпақ биік жоғары.
Қайралмай жатқан жас талант
Қиып түссем деп соғады.» [2] деп астына қолын қойып: «Түбі сен бала бір қараға жетіп жығыласың» деген екен.

Ақын қыз есейе келе өз өлеңдерінде тарихи сабақты, тарихи сананы қалт жібермейтін сезімін өлеңдеріне арқау етуді әдетке айналдырады. Айталық,

Тұранымды ұмыттым,
Ұранымды ұмыттым.
Құранымды ұмыттым,
Сонда нені ұғыппын –

деп түбіміз бір түркі жұртын Тұран туы астында бірігіп, басқосуын армандайды. Бүгін Түркістан қаласы түркі тектінің рухани астанасына айналған уақытта ақынның осыдан жиырма екі жыл бұрын асқақ арманмен жазылған өлеңінің ақиқатқа айналып келе жатқанына таң қаласың.

Қазақстанда Фариза ақыннан соң әйел ақындардың ішінде Ханбибі апамыздың 10 томдығы көп тиражбен жарыққа шықты [2]. Мінезді ақынның шығармаларын оқырмандары алыстан іздемей ақ кітапханалардан таба алады.

Бұл ақын үшін ғана емес, тұтас ұлт үшін зор мәртебе екені сөзсіз.

Поэзиямен қатар повесть, әңгіме, эссе жазумен де танымал апамыз Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, Ә.Нұршайықов, Ә.Кекілбаев, С.Шаймерденов, Ф.Оңғарсыновамен қатар Ресейдің Кемеров облысының губернаторы болған А.Төлеев, әйгілі өзбек қаламгері Саид Ахмад, халық ақыны Ә.Қалыбекова жайлы естелік эсселері аталған тұлғалардың келбетін одан әрі жарқырата көрсетеді [3]. Осы бағыттағы ең басты еңбегі – Алаш ардақтыларына, тарихтың тасасында қалып қойған қайраткер тұлғалардың мұрасын жарыққа шығаруға бағытталған еңбектері. Ханбибі апамыз «Алаш тағылымы және Тәуелсіздік» ой- толғауында Ахмет Байтұрсыновтың

«*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,*
Ойлайтының мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын
Ел-бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін!» дейтін өлеңіне

тарихи-танымдық талдау жасай отырып, кәдуілгі тарихшы ғалымдай ой білдіреді. «Ертеңгісін ойлайтын жастар қажет» дейтін қанатты сөзін дамытып әкетеді.

Алаш қайраткерлері туралы репрессияға ұшыраған асылдарымыздың ұл-қыздарының пікірлерін де хаттап тарихта қалдырды. «Алаш және репрессия» деп аталатын 10 томдығының 7 томында Алаш қайраткерлерінің ұрпақтары, олар жайлы ақынның көзқарасы, сұхбаттары жарық көрген. Бұл кітаптан Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр апайдың, Жүсіпбек Аймауытовтың ұлы Бектұрдың, Мұстафа Шоқайдың ағасы Нұртазаның қыздарының жан тебірентерлік естеліктері берілген. Алаш құндылықтарын ұрпаққа жеткізуді парыз санадым» [4]дейді ақын апамыз.

Айта кетер жәйт, Ханбибі Есенқарақызы «Қызыл қырғында» құрбандыққа шалынған, яғни шейіт кеткен 25 мың адамның, оның ішінде 2,5 мың оңтүстіктік жерлесіміз екендігін үнемі айтады [5].

Тарихқа құштар Ханбибі Есенқарақызы өзге облыстардың мұрағаттарын ақтарып, қуғын-сүргінге ұшырағандар жөнінде материалдар жинақтап, олардың ұрпақтарына іздеу салды. Ақын апам жазықсыз жапа шеккендердің ұрпақтарын Шымкентке жинады. Алғашқы жылы жиынға небәрі елу адам қатысқан болса, кейіннен мыңдаған адам қатысатын дәстүрлі іс-шараға айналып кетті. Алматы, Астана, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресеймен қатар, еліміздің батысы мен шығысынан, түстігі мен арқасынан келген ұрпақтары қатысқан кәдімгі республикалық деңгейдегі рухани жүздесуге айналды. Осындай жиынға келгендердің кейбіреулерін айта кетейік: көрнекті ақын Ілияс Жансүгіровтің ұлы Саят аға, алматылық Кәбира Құлымбетова-Қарабалина, ол КазЦИК-тің төрағасы болған Ұзақбай Құлымбетовтің қызы. Тағы бір алматылық Клара Асылбекқызы Сейітова, әкесі -Асылбек Сейітов – Алматыдағы тұңғыш емхананы ашқан қайраткер. Клара апайдың түп нағашысы – Мұса Шорманов болыпты. Мұсаның ұлы Сәдуақастың Нафия есімді жалғыз қызы болған екен, 16 жасында Асылбек Сейітовке ұзатылыпты. Мұсаның немересі Нафия – Клараның анасы.

Ханбибі апамыздың қазақтың біртуар азаматы, ұлттық өнердің дамуына зор үлес қосқан Жұмат Шаниннің есімін әспеттеуі дер едім. Оның 1992 жылы 100 жыл толуына орай өткен салтанатты жиында жасалған баяндамасы аса ыждағаттылықпен, зор әсерде жазылған баяндама. Тұңғыш кәсіби режиссер, драматург Жұмат Шаниннің Шымкентте 1972 жылы драма театрға атының берілуі бекер емес екендігіне көз жеткізесің.

Петропавлдан арнайы келген, «халық жауы» Байзақов Мәуленқұл ұлы, тегі татар болып жазылып кеткен Пархат Вахитов туралы да айталық. Ол Оңтүстік Қазақстанның тумасы. Шымкенттегі Гоголь көшесі, 41-үйде тұрған. Ол үй әлі де тұр екен. Анасы Махинур Вахидова татар ұлтының қызы болыпты. Оның құжатына әкесі ұсталған кеткен соң сақтықпен Вахидов Фархат, ұлты – татар деп жазылып кеткен. Ес білген шағында Қазақстанның Қызылжар өңіріне келеді. Әкесі Байзақов Мәуленқұл 1930 жылдары Павлодарда прокурор қызметін атқарған.

Пархат Вахитов Шымкенттегі мұрағатта әкесі туралы құжаттар бар екенін біліп, өз фамилиясын қайта алуды ойлап, Ханбибі апамызға «қолыңнан келсе көмектес» деп келген екен. Өйткені, «ол мен қазақтың баласы – қазақ болып өлсем деймін...» [6]деп айтыпты.

Сонымен Ханбибі апамыз басқаратын Мұражайдың қор сақтау бөліміндегі құжаттар сөйлей жөнелген: «Байзақов Мәуленқұл Исламқұлович – 1900 жылы туған. Ұлты – қазақ. Әйелі – Вахитова Маһигур – 1911 жылы туған. Ұлты – татар. Қызы – Байзақова Лайля – 1933 жылы туған. Ұлты – қазақ. Ұлы – Байзақов Пархат – 1936 жылы туған. Ұлты – қазақ. Байзақов Мәулен-құл 1938 жылы 20 қаңтарда ОҚУНКВД тапсырысымен ұсталған. Кеңес Ода-ғына қарсы насихат жүргізгені үшін 58-статьяның 2,8,9 және 11 тармақтары бойынша Үштіктің қаулысымен 1938 жылдың 8 ақпан күні атылған. 1989 жылы ақталған. Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 14 сәуіріндегі «Жаппай саяси репрессияның құрбандарын реабилитациялауға байланысты Байзақов Мәуленқұл саяси қуғын-сүргін құрбаны болып табылады... »

Осы деректі көрген соң Пархат Вахитов ақсақал қуанып қалады. Әкесі тіріліп келгендей бір отырып, бір тұрып, қайта-қайта рахметін жаудырып жатады. Құжат беретін мекемеге қажетті құжаттарды Мұражай қызметкер-лері Ханбибі апамыздың нұсқауымен әзірлеп береді. Алты айдан соң, «Ұлты қазақ» деген төлқұжатын алады. Ақсақалдың ендігі арманы әкесі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатуды айтады. Ханбибі апамыз «жақында, 31 мамыр күні бейбіт митингі

өткіземіз. Сол митингіден кейін өзіңіздің тағдырлас әріптес-теріңіздің, өзге де ұрпақтардың, жалпы халықтың қатысуымен ескерткіш тақтаны салтанатты түрде ашатын боламыз» дегенінде, Пархат Мәуленқұлұлының қуанышында шек болмапты.

Ақын негізінен прозаға бет бұрған сияқты. Философиялық эсселер жазуға ден қойған. Партизан батыр Қасым Қайсенов туралы эссесін айтуға болады. Әзілхан Нұршайықов, Сафуан Шаймерденов, Фариза Оңғарсынова туралы жазды. Батыр Бауыржан туралы да жазған. Көпшілік оқырмандары бар. Әйел демекші. Батыста Гендерлік тарих деген пән бар. Әйелдің қызметі, әйелдің ерлігі, әйелдің қоғамдағы орны онша көп айтыла бермейді. Ал тарихты қараңыз кез келген революциялар немесе соғыстар болсын әйелдердің бейнесі кездеседі. Гендерлік тарихта әйелдің рөлі арнайы зерттеліп, қарастырылады. Қазақ әйелдерінің рөлі де тарихта өз орны бар. Олардың бастан кешкен азабы мен қуанышы туралы кімдер жазып еді. Қазақ әйелінің бастан кешірген тағдыры туралы қалам тартып жүрген де Ханбибі апамыз.

Ханбибі Есенқарақызының Оңтүстік Қазақстан облыстық қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры болып істеп жүрген уақытында көп шаруалар бітірді. Музей 2001 жылы 2 қарашасында ашылды. Содан бері оқу орнымыздың тарих мамандығының және басқа да мамандықтарының студент-терін жыл сайын музейге экскурсияға алып барамыз. Біз мұны жастарға тарих ақтаңдықтарын ұмытпауға меңзейтін шара деп белгілегенбіз.

Музейдің ішкі залы киіз үйдің қалпын береді. Ал сыртқы көрінісі аспаннан түскен найзағайды бейнелейді. Сәулеттік дизайны қызыл, қара, сүр түспен өрнектелген. Сүр түс НКВД ның шинелін, қызыл түс-жазықсыз төгілген қанды, қара түс халқымыздың басына түскен нәубет-қара күнді еске түсіреді.

Дөңгелек залдың ортасындағы «Репрессия» деп аталатын скульптура ешкімді бейжай қалдырмайды. Ондағы Алаш қайраткерлерінің әйнек терезелеріндегі портреттері көрермендерге қарап-

«Ат!» деген кім?
Атқан қайсың?
Қаным қайда төгілген?
Қабірім қайда көмілген?» деп тұрғандай

Музейдің аты облыстық болғанмен, Ханбибі апамыз республикалық, халық-аралық деңгейде кең ауқымды істер тындырды.

Тарихшы ретінде айтарымыз алаштықтардың аманатын арқалап «Ақ жол» атты 25 томдықты жарыққа шығаруы халқы алдындағы перзенттік парызын орындаудағы қайраткерлік, ерлік[7]. 1920 жылы Ташкентте Н. Төрекұловтың мұрындық болуымен «Ақ жол» атымен газет жарық көре бастағаны белгілі.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Ташкентте «Алаш» партиясының филиалы құрылды. Филиалдың «Бірлік туы» атты газеті болды». Ташкентте М.Шоқай, С.Қожанов, Т.Рысқұлов, С.Асфандияров, С.Ақаев, С.Өтегенов, Ыбырай Қасымов, Әзімхан Кенесарин, Төреқұл Жанұзақов т.б. жалпы саны елуден астам адамдар жұмыс істеді. Бұлардың барлығы дерлік бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығындағы прогресшіл күресті жақтаған, ұлттық-демократиялық бағытты табанды түрде ұстанған зиялалары еді.

Тарихшы Е.Пірімбетова өзінің оқу құралында «Қазақ газеті қазақ интеллигенциясының жаршысы болды. 1918 жылға дейін 3000 тиражбен шықты. Оның орнын Ақ Жол басты» [8,226б]. деп жазады

1918 жылы «Алашорда» үкіметінің ресми басылымы болған «Қазақ» газеті жабылды. «Қазақ» газеті 1918 жылдың 16 қыркүйегінде ең соңғы 265 санынан соң өз шығуын тоқтатты. Кеңестік биліктің қысымы болғандығы белгілі» еді.

1920 жылы 18 сәуірден бастап жарық көріп, ал осы жылдың 7 –желтоқ-санынан бастап «Ақ жол» атымен шыға бастаған газет «Қазақ» көтерген алаштық идеяның жығылған туын іліп әкетті. Газетті аптасына кем дегенде 2 рет жарты баспа табақ көлемінде 12 мың данамен шығаруға шешім қабылдап, жауапты редакторлыққа С.Қожановты, жауапты хатшылыққа М. Дулатов тағайындалды. Газеттің алғашқы саны 1920 жылы 7- желтоқсанында жарық көрді.

Газеттің 1920 ж. 7 желтоқсанында жарық көрген алғашқы санында ТурЦИК жанындағы қазақ-қырғыз бөлімінің басшысы Нәзір Төреқұлов, бөлімнің мүшелері Георгий Сафаров, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Аспандияровтар басылымның идеялық бағыт-бағдарын айқындайтын мақала жариялай-ды («Еңбекшіл қазақ-қырғыз жұртына!»). Осы санда басқарма атынан жарияланған мақалада «Газет туралы өткен кемшілігімізді еске түсіріп, келешек ісіміз жемісті болуына иман келтіріп, мынау «Ақ жолды» алдарыңа тартып отырмыз. Көздеген мақсатқа адастырмай тура бастайтын «Ақ жол» болғай еді» («Оқушыларға», 1920) деп оқырманға тілектерін арнайды [9].

Мысалы, «Ақ жол» газетінің редакторы Сұлтанбек Қожановтың мақала-ларында Қазақстандағы аграрлық реформа қарқынының артта қалуы, отарлау элементтерінің озбырлығы туралы атап көрсе-тіліп, Жетісудан кулактарды шығару жөнінде ұсыныстар жасалған [7]. «Ақ жолдың» 1921 ж. 26 сәуір, сенбі, 48-ші санында «Түркістан қазақ-қырғыз съезіне ел жайынан берілген баяндамалар (Әулиеата 20-30 январь, 1921 жыл) Піспек үйезі» атты мақалада анық көрінеді. «Переселен мекемелері ашылып, іштен мұжықтар келе бастаған соң, қазақ-қырғыздың шаруасы кеміп, мал азайып, егін шашатын жері тарыла бастады. Переселен мекемелері елдің қолындағы еңбек сіңіріп қазып шығарған суларын, ең қадірлі шабындықтарын, егіндіктерін тартып алып, келімсектерге беріп, соларды орналастырды. Қырғыздарды ата мекенінен шығарып, қолайсыз сусыз жерге айдап салды» деп атап көрсетілген [10].

«Ақ жол» газеті 1920-жылдың 7- желтоқсанынан аптасына үш мәрте үзбей шығып тұрған Түркістан Орталық Комитетінің саяси органы болды. Сол сапарында «Ақ жол» газетінің бірнеше нөмірін тауып, қалған нөмерлерін іздей бастайды. Басылымның 1920-26 жылдары аралығында 613 нөмірі шығыпты. Өзбекстан, Мәскеу, Орынбор, Санк-Петербург пен Алматының бүкіл архивін, кітап палатасын, мемлекеттік мұражай мен архивті, орталық кітапхана мен тіл академиясының архивтерінен іздеу салады. Бәрін жиып-теріп, «Ақжолды» баспадан 25 том етіп кітап шығарады. Алдымен, 2011 жылы «Ақ жол» деген атаумен екі кітап етіп баспадан шығарды және кітаптың тұсаукесеріне де қатысқанмын, кейін шығарылған 10 томының да куәсі болғанмын. «Ақ жол» туралы шәкірттеріме дипломдық ғылыми-зерттеу жұмысын жаздырғанда бұл еңбектердің өте құнды дерек болғанын атап өткіміз келеді.

Кітаптың «Алаш аманатын арқалаған «Ақ жол»» деген бөлімінде Ханбибі Есенқарақызы «Ақ жол» газетінің ұйымдастырушылары, газеттің тиражы, көтерілген мәселелер туралы терең талдау, салиқалы сараптама жасаған.

«Ақ жол» газетінің алғашқы редакторы – С.Қожанұлы, уақытша шығару-шысы Қ.Құлетов. Кейінгі сандарға С.Оспанов, С.Аспандияров, С.Садуақасов, И.Тоқтыбаев, Н.Төреқұлов, Т.Байқасқаұлы, М.Қайыпназар сынды белгілі тұлғалар қатысқан. Газеттің №271-305 сандары Түркістандағы жазушылар ұйымы атынан шығарылған. Бұлар Түркістандық белсенді, көзі ашық қазақ зиялылары болатын. И.В. Сталин «Ақ Жол, ақтардың мүддесі ме» деп газеттің атына шүйіліккен хатынан кейін әдебиет пен мәдениеттің қайнаған ортасы, алаш зиялыларының топтасқан жері Ташкенттен алыстатылып, редакция Шымкентке көшіріледі.

«Ақ жол» тиражы 12 мың данаға дейін ұлғайған. Газеттің таралуы негізінен Түркістан республикасының аумағын қамтығанымен, ол ішінара қазақ автономиялық республикасына да таралған. Тіпті, оның астыртын жолдармен шет елге де таралғандығын М.Шоқайдың еңбектері арқылы білуге болады. «Ақ жолдың» 1923 жылы 15 желтоқсан күнгі саны 21 690 данамен тарапты. Қаржылық, техникалық, ұйымдық себептерге байланысты газеттің тиражы құлдыраған кездер де болған. Айталық, 1925 жылдың күзінде «Ақ жол» газетінің тиражы 3 мың данаға дейін төмендеген.

«Ақ жол» газетінің таралуы негізінен Түркістан республикасының аумағын қамтығанымен, ол ішінара Қазақ автономиялық республикасына да таралған. Тіпті, оның астыртын жолдармен шет елге де таралғандығын М. Шоқайдың еңбектері арқылы білуге болады. Республикалық басшылық бекіт-кен 12 мың дана газет тиражы сол кезең үшін аз болмаған. Дегенмен сұранысқа сай газеттің тиражы үнемі өсіп отырған. Айталық, «Ақ жолдың» 1923 ж. 15 желтоқсан күнгі саны 21 690 данамен тараған.

Осылайша, «Ақ жол» газеті сандарының мазмұнында қазақ қоғамындағы саяси-экономикалық және мәдени, сонымен қоса халықаралық қатынастардағы орын алған мәселелер жөнінде маңызды мәліметтер орын алған. Ірі қоғамдық-саяси, ғылыми-ағартушылық мәселелерден бастап, қарапайым тұрмыстық-танымдық мәселелерге дейін халықтың сұранымы мен өресіне орай қорытып, сараптап отырған «Ақ жолдың» тарихи орны әрқашан ерекше деп көрсетеді зерттеуші тарихшы Х.Тұрсын[11].

1920-1922 жылдары «Шолпан» деген әдеби-саяси журналдың сегіз-ақ нөмірі шыққаны белгілі. Шаң астында қалған журналды әдейі іздеп Өзбекстанға барып тауып алып келіп, оны араб төте жазуынан кириллицаға аударып, сол форматпен кітап етіп шығарды. Бұл журнал «Жұлдыз» журналының ізбасары саналады.

"Шолпан" журналы 1922–23 жылдары Түркістан АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы болғандығы тарихқа мәлім. «Ғасыр таңында туған – «Шолпан» атты баяндауда Ханбибі Есенқара-қызы "Шолпан" журналының мазмұнына кеңінен талдау жасаған. Қазақстан ұлттық энциклопедиясының 4-томында: "…жеке мақалаларында буржуазияшыл - ұлтшылдық қате тұжырымдарға жол берілген деп есептеліп, осыған байланысты «Шолпан» журналының 8 саны шыққаннан кейін 1923 жылдың мамыр айында жабылды", – деп көрсетілген. Бас редакторы Иса Тоқтыбаев болыпты. Тоқтыбаев "Шолпан" журналын сақтап қалуға бар күш-жігерін салып, түрлі жолдар қарастырған. Бірақ, сол кездегі саяси ахуалға байланысты басылымның ғұмыры қысқа болды. «Шолпан» журналының бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу тарихқа құштар қауымға берері көп. Журнал беттерін парақтап шыққан оқырман жиырмасыншы ғасыр басында ғұмыр кешкен зиялы қауыммен рухани қауышады. Сонымен қатар, басылым беттерінен сол кезде қазақтардың қандай сөз қолданғандарынан хабардар бола алады. Мысалы: Кіндік комитет – Орталық комитет; әпжету – қысқарту; басқыш – сынып. т.б. "Шолпан" журналы – XX ғасыр басындағы зиялы қауыммен қауыштыратын тарихи жәдігер. Ханбибі апаның тікелей басшылығымен 2010 жылы «Ан-Арыс» баспасынан "Шолпан" журналы қайта дүниеге келді.

Сарыағаш ауданы әкімдігі оқушылар арасында Х.Есенқарақызының шығармашылығын насихаттау және жастардың поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында байқау өткізіліп келеді. Сайыс ережесі бойынша көркемсөз шеберлері 1-кезеңде ақынның поэзиялық шығармаларын жатқа оқиды. Екінші кезеңде ақынның естелікке толы эссе-әңгімелерін баяндайды[12].

"Нурикамал" фильмінің жуырда жарыққа шығуы тікелей ақын апамыздың қайраткерлік еңбегі.

Қорыта айтқанда, Саяси жағынан алғанда да, «Ақ жол» газетінің бетінде жарияланған, көтерілген мәселелердің Кремльдегі «күн көсем-дердің» көңіліне кірбің ұялатқаны да тегін емес, 1925 жылы 29 мамырда И. Сталин Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросына «Ақ жол» газетінің саяси бағытына байланысты арнайы хат жолдайды. Қырөлкеком бюросының барлық мүшесіне, көшірмесі Ж. Варейскийге жолданған хатта: «Жуырда менің «Ақ жол» журналымен танысуға мүмкіндігім болды. Мен осыған бай-ланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақ гвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалармен «Ақ жол» журналының рухани «ынтымағы» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да, бұл — факт. «Ақ жол», әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал береді. Тіптен де аңғармай қалмайтын Шоқаев болса бұл материалдарды қорытады және жұртқа ұсынады». Сондай-ақ, «Ақ жол» бетінде жарияланған сыни мақалаларға тал-дау жасап және олардан Алаш зиялыларының қастандық әрекетін көріп, партияда жоқ зиялыларды қазақ жастарын саяси және идеологиялық тұрғыдан тәрбиелеу ісіне жіберуге үзілді-кесілді қарсы екендігін білдіреді [13].

«Ақ жол» газетінің сандарының топтамасының 25 томдығы баға жетпес тарихи жинақ. Тарихи дереккөз ретінде студенттерге, магистранттарға, докторанттарға ғылыми іздену үшін

аса қажет. «Ақ жол» газетінің жабылуына себеп Сталиннің жеке бақылауына іліккен соң газетті ұлтшылдыққа уағыздайтын орган ретінде айыпталды.

Әдебиеттер:

1. «Қаламгер» Оңтүстік өңірі; Ханбибі Есенқарақызы.2018.№9
2. Есенқарақызы Х. Шығармаларының 10 томдығы.,-I том. / Х.Есенқарақызы.- Астана: Фолиант, 2018
3. Есенқарақызы Х. Шығармаларының 10 томдығы VIII том. / Х.Есенқарақызы.- Астана: Фолиант, 2018
4. Есенқарақызы Х. Шығармалары VII том. / Х.Есенқарақызы.- Астана: Фолиант, 2018
5. Есенқарақызы Х. Шығармалары V том. / Х.Есенқарақызы.- Астана: Фолиант, 2018
6. Есенқарақызы Х. Шығармалары VI том. / Х.Есенқарақызы.- Астана: Фолиант, 2018
7. «Ақ Жол».- көп томдық.-Алматы: «Ан Арыс» баспасы,2011. Том 1.-357 б
8. Е.Ө. Пірімбетова. Қазақ елі тарихы: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС,2019,-336 бет.
9. «Ақ Жол».- көп томдық.-Алматы: «Ан Арыс» баспасы,2011. Том 2.-427 б
10. «Ақ Жол».- көп томдық.-Алматы: «Ан Арыс» баспасы,2013. Том 7.-408 б
11. Хазретәлі Т. «Ақ жол» газеті ұлттық идеяның ұйытқысы еді [Электрондық ресурс]. / Т. Хазретәлі. — Қолжетімділік тәртібі: https://abai.kz/post/126133.
12. Г.Айходжаева. Ханбибі оқулары/ «Оңтүстік Қазақстан» газеті.30.10.2018
13. К.К.Наурызова, Б.Қ.Исабек Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихын зерттеудегі «Ақ Жол» газетінің дерек ретіндегі рөлі// Вестник Карагандиского университета. №4 (108) 2022.

821.512.122-1-65

ҚАЙРАТКЕР ҚАЛАМГЕР ХАНАПА

Масалиева Ж.А. ф.ғ.к., доцент

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассказывается о творческом портрете, прозе и поэзии поэтессы, писательницы Ханбиби Есенкараевны, определяются тематико-идеологическая особенность, художественность и стилистический почерк стихотворений поэтессы.

Summary

This article tells about the creative portrait, prose and poetry of the poetess, writer Khanbibi Esengaraeva, the thematic and ideological peculiarity, artistry and stylistic style of the poetess's poems are determined.

Әдебиет – қоғам үнімен астаса, бірлікте дамып, өсіп, өркендеп отырады. Бірде қанатын кеңге жая түу биікке көтерілсе, енді бірде қалықтап көк аспанда еркін самғап, құлдилай еңіске түсіп, қайта шыңға шығар қыран құсты еске түсіретін қазақ әдебиеті таланттарға кенде емес. Қылышынан қан тамған кеңестік заманда қара сөзге жан бітіріп, көркем әдебиетті басты қару еткен біздің от тілді, орақ ауызды қаламгерлеріміз бүгінгі жас ұрпақтың кемелді келешегі үшін күресті. Тілі мен ділі, мәдениеті мен әдебиеті алып империяның тойымсыз жұтқыншағына жұтылып қалуға шақ қалған алмағайып, өлара кезеңде Әбіш Кекілбаевтың «Оңтүстік аман болса қазақ деген ұлтты жау да, дау да ала алмайды» деген ұлағатты сөзі шындыққа жанасымды. Қасиетті қара топырақтан өсіп-өнген талай талант Алматы асып, астананы мойындатқаны да тарихтан мәлім. Ал ауылдан ұзап шықпай-ақ, күнгейлі өлкенің күретамырына айналып, шығармашылығымен ғана емес қайраткерлік болмысымен, қоғамдық маңызды істерімен айтулы тұлғаға айналған жақұт жүректі жандар бар. Солардың бірі де бірегейі, ақын,

жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, тіл жанашыры, ұлт әдебиетінің алтын арқауы, жетпіс бестің желкенін еркін керген – Ханбибі Есенқарақызы.

Үлкен өмірге жетелеп, қадам бастырған, жоғары білім берген оқу ордамыздың, ұстаздарымыздың ортақтығы бізді жай оқырмандық көңілден жақын ете түсетіні рас. Жастық шақтың ғажайып кезеңі – студенттік жылдары ақын әпкеміздің жырларын жатқа оқып, әнге айналған өлең жолдарын сан мәрте қайталап, жаураған жүректерді жылытып, мұңайған көңілді жұбатып, мұқалған көңілді рухты жырларымен қайраттандыратынымыз бүгінгідей есімде.

1972 жылы жарық көрген алғашқы «Қанат қақты» жыр жинағынан басталған ақынның шығармашылық ғұмыр жолы өмірбаян молдығымен, парасатты поэзиясымен, көркем қарасөзімен, әдемі өрнектелген естелік, эсселерімен, сырлы сұхбаттарымен мазмұнды һәм мағыналы. Ханапа не жазса да жанын жеп жазатын шынайылығымен, екі сөйлемес ер мінезділігімен, қайтпас қайсар өр рухымен ерекшеленетін мәрт мінездің иесі. Олай деуімізге хан қызындай Ханбибі апамыздың бұлақтың тұмасындай мөлдір естелік, эсселеріндегі жүрек тебірентер оқиғалар шоғыры себеп. Қашан да болсын қара бастың қамын емес халқының жағдайын бірінші ойлайтын мерейтой иесі басын бәйгеге тігіп, талай мәрте тәуекелге барған ержүрек, батыл жан. Туған тіліміз теперіш көріп, әдебиетіміз бен мәдениетіміз соцреализмнің, солақай саясаттың сойылына айналған тұста, ұлтты сақтап қалудың амалы ана тілді сақтап, ұлт әдебиетін тәрбие құралына айналдыру қажеттігін дер кезінде ұққан ұлт жанашырларымен бірге тізе қосып, қаймықпастан ерлерше күрескен де осы қайсар рухты Ханбибі Есенқарақызы болатын. Қазақ тілі қоғамын құруға атсалысып, ресми іс-қағаздарды қазақыландыруға қызмет еткен ақын облыстық филармонияны жекешелендіруден сақтап қалғанының өзі үлкен ерлік деп білемін. «Айтатыным, жазатыным – тек шыным, Елден, жұрттан жасыратын жоқ сырым!», «шындыққа қарай жүздім мен» деп өзі жырлағандай әркез ақиқаттың ақ туын биікте ұстап келеді.

Облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейін басқарған тұста «Шолпан» журналының барлық санын жинап кітап еткені, архив ақтарып, «Ақжол» газетін төте жазудан бүгінгі кириллицаға көшіртіп, 25 томдық үлкен еңбекке айналдырғаны – Ханбибі Есенқарақызының қажыр-қайратын ғана емес, ұлтқа, елге деген өлшеусіз махаббатын айқындайды. Қашанда сөзден істі дұрыс көретін ақын өмірі өнегелі істерге толы. Оның барлығын бір мақалаға сыйғызу әсте мүмкін емес.

Қаламынан қос жанрды – поэзия мен прозаны қатар туғызған сан қырлы талант иесінің шығармалары оқылымды дүниелер. XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталған қаламгердің алғашқы туындылары сыршыл сезімге, мөлдір махаббат пен мұңды сағынышқа, назды үнге құрылса, бертін келе толысқан, ойлы, философиялық тұжырымдарға толы байсалды қалыпқа ұласады. Көзбен көріп, көңілге тоқығанын өлең-жырға арқау еткен ақынның қоғамның келеңсіз тұстарын көрген тұста дауысы қаттырақ шығып, тайсалмай шындықты айтады:

«Ұмыттым тілімді де, ділімді де,
Мәңгүрттік – бойымдағы мінім, міне!
Мал бақтым,
Темір міндім, – «шықты мүйіз»...
Өзгерттім әйелге тән түрімді де,
Бүгінгі, қайран бабам, күнім міне!»[1,5]

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жіберілген қоғамдық-саяси қателіктер ақын өлеңдерінің өзегіне айналады. Ханнан қорықпаған Махамбетше әкімдерге тік сөйлеп, батыл үн қатады. Көпен Әмірбекше айтсақ, Қаратауда өсіп, Алатауды аңсап, атажұрты Ақтаудың топырағымен сіңген өр мінез, батырлық пен батылдық ақынға бірде жеңіс, бірде жеңіліс әкелсе де мойымайды. Қайта жігерленіп, «мылтықсыз майданға» қайта кіреді. Өткеннен сабақ алып, жаңаны қабылдап, дәстүр сабақтастығын сақтауды мұрат тұтқан ақын «Замандас! Дәстүр ме бұл түсінбедім, Өткенге өршелене үру деген» деп тоқтау айтады.

Ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігі – оның поэтикалық қуаттылығында. Ол қолданатын оралымды ой, кестелі сөз, өрнекті сөз тіркестері ақынның құнарлы тіл байлығын, ауыз әдебиетінен бастап ақын-жыраулар шығармасын қанып ішкен парасат пайымын

айқындайды. Мұхтар Шаханов айтқандай «Ханбибі – ерекше дарын иесі. Не айтса да жүрегімен айтады. Өзін туған халықтың жайсаң , жомарт, қайсар табиғатын бойына жинамаған адамнан үлкен ақын шықпайды. Ханбибіде халық байлығын игеруге деген іңкәрлік бар. Осы іңкәрлігі суымаса, бұл қыз өте алысқа баруы тиіс»[2].

Ақын стилін айшықтайтын оның шығармаларындағы лексико-семантикалық ерекшеліктер тілдің қайнар байлығы мен ұлттық колоритіне негізделгенін байқаймыз. Суреткердің прозасы мен поэзиясында кездесетін көнерген сөздер мен мақал-мәтелдер, диалект, тұрақты сөз тіркестері қаламгер шығармашығындағы көркем мәтінді талдауда бірнеше ұстанымдарды басшылыққа алуға болатынын көрсетеді. Оның алғашқысы – тарихи ұстаным: «құдайдың боз қойы», «тоғыз қабат торқа да тәңіңді жылыта алмайды», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «сақалы күнге ағарған», «әбжіл», «қапы кіріп, күпі шығып», «от орнына қарап көсеуінің қалай жатқанын көрерсің» сынды бірнеше мысалды келтіруге болады[3].

Екіншісі – әлеуметтік танымдық ұстаным. Ақын шығармаларында кездесетін табиғат суреттеулері, тарихи тұлғалар мен ұлттық құндылықтарға, әдебиет пен мәдениетке, әлеуметке қатысты айтылатын тілдік қолданыстар автордың әлеуметтік-танымдық ұстанымын анықтауға көмектеседі. Мысалы, «дала», «бүркіт», жусан» сөздері қазақтың өмір сүру салтынан хабар береді.

Үшіншісі – автордың дара стилін айқындау ұстанымы. Бұл тұрғыда біз ақынның адам жан-дүниесіне терең бойлай білетіндігін, соның нәтижесінде ішкі күй мен түрлі сезімдердің талас-тартысын, қуаныш пен қайғыны, бар мен жоқты қатар шендестіре алатындығын айтамыз. Оның нақты мысалы ретінде «Пендемін» деп аталатын өлеңін алсақ болады:

«Періште емес – пендемін,
Мәңгі емеспін – демдемін!
Көрдім талай мықтының,
Мықыны көктен келгенін!

Періште емес – пендемін,
Көкте емеспін – жердемін.
Бағаламас бақырға,
Бақ қонғанын көргемін!»[4].

Төртіншісі – функциональдық ұстаным. Бұл – ақын шығармаларындағы мәтіннің тілдік ұйымдасуына тірек болған тілдік деңгейлердегі лексикалық бірліктер мен грамматикалық тұлғалардың, дыбыстар қолданысының функциональдық аспектіде қарастырылуы. Ханбибі Есенқарақызы шығармаларында синтаксистік инверсиялар мен қайталаулар жиі кездеседі. «Қайтемін» өлеңі – сөзімізге дәлел.

Бесіншісі – концептуальдық, семантикалық ұстаным. Яғни, тіл бірліктері деректік мақсатта ғана талданбай, автордың концептуальдық көзқарасымен байланыстырыла қарастырылады. Автор сөзге астарлы мағына беріп, жұмбақтап сөйлегенде идиомалар мен мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін молынан қолданады және ол ақын көзқарасымен ұштасып жатады:

«Сырты – бүтін, іші – күйік,
Қай халық ол білер едің...
Сөзі – төмен, ісі – биік
Болсақ деп мен тілер едім»
Немесе
«Домалайтын бит жонынан,
Тұра алмайсың кит жолына.
Арыстандай арымызбен
Су құямыз ит қолына»[1,34].

Алтыншысы – автор-кейіпкер категорияларының қатынасын басшылыққа алу ұстанымы. Бұл ұстаным прозалық шығармаларда жиі кездеседі. Х.Есенқарақызының «Жібек» атты повесі шығармадағы кішкентай кейіпкер Баянның атынан баяндалады: «Айтпақшы, әңгіменің

басындағы Жібек пен Ескеннің арасындағы тартыс, сол тартыстың басты кейіпкері – Баян қыз естеріңізде ме? Осы хикаятты сіздерге баяндаушы – сол кішкентай қыз – Баян деп ұққайсыздар…»[5].

Жетінші – мазмұн мен форманың бірлігі ұстанымы. Жоғарыда сөз болған алты ұстанымға сүйеу болған, яғни, тілдік деректерге сүйене отырып жасалған тілдік талдау шығарманың мазмұны мен пішініне негізделеді. Лирика мен эпикалық жанрды құстың қос қанатындай қатар алып келе жатқан Ханбибі Есенқарақызы шығармашылығындағы өлеңдер мен балладалар, эссе мен деректі повесть, естеліктердің тақырыптық-идеялық бірлігі мазмұн мен пішінге ұштасқан сәтті туындылар деп білеміз.

Ақын өлеңдерінде кездесетін қайталаулар («Дос іздедім», «Қайтейін» өлеңдері және «Ұмыт болар былтыр жауған ақ қардай, Ұмыт болар асқа тартқан көкпардай!») мен параллелизм («Өтіп жатыр ақ пен қара бай кедей, Өтіп жатыр күн мен түндей алмасып»), риторикалық сұраулар («Өмір айтар, күнәлі ма пәкпіз бе? Кім біледі не сыйларын келер күн, келесі қыс бармыз ба әлде жоқпыз ба?!»), эмоционалды мәнге ие одағай сөздер мен антонимдер шығарманың көркемдігін ғана арттырып тұрған жоқ, лексикалық, синтаксистік және стилистикалық ерекшеліктерін көрсетіп тұр.

Сөзімізді қорыта келе айтарымыз, Ханбибі Есенқарақызы «аласапыран тұстардың барлығын жүрегінен өткізіп, соның ішінде арпалысып өзі жүретін, сондай құдіреттті, қарулы, қайратты, жігерлі, намысты ақын» (Т.Медетбек). Ақынның өз сөзімен айтқанда, Ханбибі Есенқарақызы «күрес үшін жаралған жан».

Әдебиеттер

1. Есенқарақызы Х. Ай туады бозарып: Өлеңдер. –Алматы: Жазушы, 2004. -192 б.
2. Есенқарақызы Х. Он томдық шығармалар жинағы. Т6. Астана, Фолиант, 2018. -286 б.
3. Есенқарақызы Х. Күн шығады қызарып... Шымкент: «Ордабасы», 2004. -240 б.
4. Есенқарақызы Х. Он томдық шығармалар жинағы. Т2. Астана, Фолиант, 2018. -384 б.
5. Есенқарақызы Х. Жібек. Астана: Фолиант, 2018. 215 б.

ӘОЖ 37.016.:821.512.122

БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ АБЫЛАЙ ХАН ТУРАЛЫ ТОЛҒАУЛАРЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Абдраманова А.К. қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицей,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье предложены способы преподавания трудов Бухар Жырау, посвященных Абылай хану. Будет обсуждаться важность преподавания с использованием дополнительных исторических данных и научных исследований посредством междисциплинарной коммуникации и личного образа Бухар Жырау и Абылай хана.

Summary

This article proposes ways to teach Bukhar Zhyrau's works on Abylai Khan. The importance of teaching with additional historical data and research through interdisciplinary communication and the personal image of Bukhar Zhyrau and Abylai Khan will be discussed.

Жас ұрпаққа білім беру және оларды тәрбиелеу – мемлекеттік маңызға ие жауапты іс. Бүгінгі мектеп оқушысының ертеңгі күн егемен елдің жанашыр патриот азаматына, отансүйгіш көшбасшысына айналуы үшін оқыту ісінде жаңашылдық пен дәстүрді шебер сабақтастыра білуіміз қажет. Пәнаралық байланысты, инновациялық, ақпараттық-коммуникативті

технологияларды ұтымды қолдана отырып, оқушылардың ұлттық танымын нығайту, тарихи санасын арттыруды мақсат еткенде олардың рухы асқақ, дүниетанымы кең, зерделі азамат болып өсері анық. Сондықтан да мен қазақ әдебиеті пәнін жүргізу барысында сабақты тарих ғылымымен байланыстыра өткенді жөн санаймын.

Ұлтымыздың өткен тарихын ұлықтап, дұрыс баға беру және оны бүгінгі күн талабы тұрғысынан зерделеу оқушылардың ұлттық санасын қалыптастырып, нығайтады және сыртқы теріс күштермен күресуде төзімді етеді. Қазақ әдебиеті сабағында тақырыптарды жүйелі мазмұндап түсіндіруде тарихи фактілер мен деректерге сүйенеміз. Мысалы, Абылай хан туралы бірнеше толғау жазған Бұқар жырауды өткенде біз алдымен тарихқа шегініс жасап, сол дәуір туралы мәліметтер береміз. Жырау өмір сүрген кезең, Абылай ханның ел басқару ісі, сол тұстағы тарихи жағдайларды баяндау оқушылардың Бұқар Қалқаманұлының толғауларын толық түсінуіне оң ықпал етеді.

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» сабағында Бұқар Қалқаманұлына 5 сағат берілген. Алғашқы сабақта Бұқар жыраудың өмір жолымен, шығармашылығымен танысамыз. Оқушыларға оның тек жырау ғана емес, XYIII ғасырдағы қазақтың басынан өткен қасіретті жылдардағы жоңғар басқыншыларына қарсы соғысты бастаушы әрі ұйымдастырушы және қазақтың үш жүзінің басын қоссам деген арман-тілекпен өмірден өткен атақты Абылай ханның ақылгөйі, кеңесшісі болғаны оқулықта берілген мәліметтерге қосымша жазушы, ғалым Мұхтар Мағауиннның «Қобыз сарыны» деп аталатын ғылыми-зерттеу еңбегіндегі деректер арқылы түсіндіріледі[1,103].

Жыраудың туған жері, өскен өлкесінің аймақтық ерекшелігі, ол жерде туған атақты тұлғалар туралы айту сабақты география пәнімен байланыстырып, оқушылардың отанға, ұлылырға деген құрметін арттыруға әсер етеді. Бұқар жырау өмір сүрген 1668-1781 жылдары болған тарихи оқиғаларды толығырақ танып, түсіну үшін оқушыларға Ж.Артықбаев пен Ә.Пірмановтың құрастыруымен жарық көрген «Қазақстан тарихы» энциклопедиясы ұсынылады[2].

Абылай ханға қатысты мәліметтер Б.Жақыптың бас редакторлығымен жарық көрген «Абылайхан» энциклопедиясын пайдалана отырып, қарастырылады[3]. Қазақтың құйрықты жұлдыздай ағып түскен талантты перзенті Шоқан Уалихановтың «Абылай» деп аталатын зерттеу мақаласын оқыту арқылы сабақ тұлғатану ғылымымен де байланыстырыла өтіледі. Сонымен қатар «Қазақ хандығы» еңбегінде берілген деректер де ұсынылады[4,150-152].

Бұл іс-әрекеттер оқушылардың Бұқар жырау шығармашылығын түсінуіне, толғауларының мазмұны мен мәнін ұғынуына көмектеседі. Себебі, оқушы құр оқып қана қоймай, онда сөз болған тарихи оқиғалар мен көтерілген мәселелерге тарихи сана тұрғысынан баға береді. Осы арқылы олардың ұлттық танымы қалыптасады.

Келесі мәселе – жырау сөзінің мағынасын ашып түсіндіру: Бұқар Қалқаманұлын неге ақын демей жырау дейміз, ақын мен жыраудың айырмашылығы қандай деген сұраққа әдебиеттанушы ғалым Ханғали Сүйінішәлиевтің еңбегінде берілген анықтама жауап береді: «жыраудың ақыннан өзгешелігі – шығармаларының сарыны мен тақырыбы бірыңғай болып келуінде. Адам баласы басындағы қайғыны, зарды, ел ішіндегі ауыртпалықты толғау, әлеуметтік, елдік мәселелерді көтеру, тағы басқа әртүрлі өткен-кеткен күйлерді шерту, болашақты болжап, ақыл айтып, батағөйлік ету, шешендік түйіндер жасап, терең ой қозғау – жыраулардың дәстүрлі ерекшеліктері. Бірыңғай тарихи тақырыптарды, әлеуметтік қоғамдық мәселелерді, қолбасы батырлар мен ел басы хандар ісін, халықтың жай-күйлерін, қонысын, өткені мен болашағын толғап, осы мәселелер төңірегіндегі өкініштер мен өксіктерге бой ұра, кейде тіпті зарыға жыр толғап отыру – жырауларға тән қасиет»[5,216].

Келесі сабақтарда қазақ хандығы азаттығының өршіл рухты жаршысы Бұқар жыраудың «Сібір ханзадасы» атанған кемеңгер Абылай ханға арналған толғауларының мән-мазмұны сөз болады. Осы ретте оқулықта аталған жырау толғауларының толық нұсқасын оқушыларға оқыту қажет деп санаймын. Себебі, берілген үзінділерде толғаудың тақырыптық-идеялық ерекшелігі толық ашыла бермейді. Осы мақсатта «Екі мың жылдық дала жыры» жинағын ұсына отырып,

оқушыларға «Бірінші тілек тілеңіз», «Әй, Абылай, Абылай!», «Он екі айда жаз келер», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам» сынды тағы басқа толғаулары оқытылады.

Бұқар жыраудың «Әй, Абылай, Абылай!» толғауы тақырыбында өтетін сабақтың оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты – көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау. Бұл мақсатқа жету нәтижесінде біз оқушыларды тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік және ынтымақ, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, әділдік пен жауапкершілік сынды құндылықтарға баули аламыз.

Ұйымдастыру кезеңінде «Орныңды жылдам ауыстыр» ойыны арқылы психологиялық жағымды ахуал туындатамыз. Содан кейін «Миға шабуыл» әдісі арқылы ойтүрткі сұрақтар қоямыз. Ол сұрақтар Абылай ханның тарихтағы және Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы тұлғалық бейнесін, сол кездегі тарихи оқиғаларды қамтиды. Ары қарай оқушыларға жеке жұмыс жүргізіледі: мұнда олар «Кластер» әдісі арқылы жырау толғауларының тақырыбын ашып тұрған тірек сөздерді тауып, сызбаға түсіреді. Бұл әдіс оқушылардың дәлелдемелерді жағдайға сәйкес сенімді түрде беруін үйлестіреді.

Ал Абылай ханның бейнесін ашып тұрған сөздерді тауып, маңызды аспектілерін «Морфология» қорабында жазып көрсету арқылы орындайды. Мұнда Абылайдың мәтіндегі сипаты айқындалып, оқушылар ханның бейнесін ашып тұрған көркемдеуіш құралдарды табады және өздерінің пікір-көзқарастарын ашық жеткізеді. Келесі тапсырмада оқушылар кесте толтырады. Мұнда «Асқар таудың өлгені» өлеңіндегі ой-тұжырымды, «Батырың өтті Бөгенбай» өлеңіндегі ақын тілегін анықтап, пікірталасқа түседі. Ал «Кубизм» әдісі бойынша оқушылар Абылай бейнесіне талдау жасайды. Әдістің алғашқы тапсырмасы – суреттеңіз дегенде олар ханның тұлғалық бейнесін сипаттап, суреттейді. Сосын Бұқар жырау толғауларында көрінетін Абылай хан бейнесін тарихи деректер мен мәліметтердегі Абылаймен салыстырады. Абылай хан өмірінің кезеңдері туралы мәліметті бөліседі. Бұл тапсырманы орындауда жоғарыда аталған тарихи зерттеу еңбектерді пайдаланады. Үшінші тапсырмада зерттеу жүргізеді, яғни, бейненің жасалу тәсілдеріне тоқталады. «Әңгімелеңіз» деген тапсырмада балалар түсінгенін баяндап, ары қарай тақырыпты талқылайды.

Сабақ соңында «Эйлер шеңбері» әдісі бойынша төрт орамнан тұратын шеңбер сызып, кім, неге, қалай, нәтижесі деген сұрақтарға жауап беру арқылы қорытындылайды. Бұл әдіс сабақты пысықтауға бағытталады.

Ал «Сөздік» әдісі бойынша оқушылар Бұқар жырау толғауларында кездесетін мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөздер мен архаизмдерді тауып, мағынасын ашып жазады. Бұл арқылы олардың сөздік қоры молаяды.

Сонымен қатар оқулықпен жұмыс істеу барысында Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің, Мұхтар Әуезовтің, Мұхтар Мағауинның Бұқар жырау туралы айтқан пікірлерін конспект жасап, оған қатысты өз көзқарастарын жазады. Оқушыларға Бұқар жырау толғауларындағы Абылай хан бейнесін кино өнеріндегі «Көшпенділер» фильмі, сурет өнеріндегі М.Айтбаевтың «Абылай» картинасы, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы сынды туындылардағы Абылай хан образдарымен салыстыру тапсырмасы беріледі.

«Тарихи тұлғалар» жинағы мен Абылай хан туралы жазылған түрлі көркем және деректі шығармалардан Бұқар жырау туралы оқып, білу үйге тапсырма ретінде беріледі.

Осы жүргізілген әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар арқылы Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылық өмірбаяны қамтылып, оның Абылай ханға арналған толғауларының тақырыптық-идеялық мән-мағынасы ашылады.

Оймызды түйіндей келе айтарымыз, Бұқар Қалқаманұлы заманынан озып туған жырау, басқарушы, ұйымдастырушы, хан Абылайдың кеңесшісі әрі ақылшысы. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының сөзімен айтсақ «Бұқарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек»[7,90].

Әдебиеттер

1. Мағауин М. Қобыз сарыны: XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын- жыраулары. – Алматы: Мектеп, 2007. - 192 б.

2. Қазақстан тарихы [Мәтін] : энциклопедиялық басылым / Артықбаев, Жамбыл Омаруұлы Пірманов, Әділхан Базылханұлы ... – Алматы : Атамұра, 2008. - 544 б.,
3. Абылайхан. Энциклопедия. Бас.ред.Б.Ө.Жақып. – алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 656 б.
4. Қазақ хандығы : II-бөлім : Ұлы көш. Дәуірлеу. Соғыс. Құрсау / Жұмаханов, Тілеухан Жұматаев, Бақыт ... – Алматы : Аруна, 2006. – 224 б.
5. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. –Алматы:»Санат», 2006. –904 б.
6. Екі мыңжылдық дала жыры. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2000. - 752 б.
7. Тұрсынғалиева С.Ч. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ», 2019. –272 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Камбарбекова Феруза Тагайбековна
Түркістан облысы Шардара ауданы Шардара ауылы
Абылай Әлімбетов атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Резюме

В данной статье речь пойдет о способах приобщения учащихся к оценке своих действий, критическому мышлению на уроках казахского языка и литературы, на основе которых привить свободное владение языком через развитие навыков общения, чтения, письма.

Abstract

This article will focus on ways to introduce students to the assessment of their actions, critical thinking in the lessons of the Kazakh language and literature, on the basis of which to instill fluency in the language through the development of communication skills, reading, writing.

«Ертең тілім құритын болса, мен бүгін-ақ өлуге дайынмын» деген екен авар жұртының әлемге танылған даңқты ақыны Расул Ғамзатов. Десе дегендей, тіл тағдыры – ел тағдыры. Ұлттың өздігін танытатын негізгі белгілердің бірі – тіл. Тіл – ұлттың ұлт болып қалыптасуындағы негізгі шарт [1]. Оқушыға тіл не екенін, оны неге үйрену керек екенін, оны не үшін қолдануға болатынын түсіндіру қажет. Қазақ тілін қабылдау, мойындау, сөйлесу үшін тек сабақ өткізу жеткіліксіз, ол үшін сабақтан тыс шаралар ұйымдастыру да маңызды. Мәселен, оқушылармен «тілдік кездесу» шарасын өткізуге болады. Сондай-ақ, оқушылардың ата-аналарын да тіл үйренуге тарту, осы ретте олармен шаралар өткізу, тапсырмалар беру және оны қадағалап отыру қажет. Оқушыны өз әрекетіне баға беруге, сын тұрғысынан ойлауға баулығанда ғана біз нәтижеге қол жеткізеріміз анық. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістері мен тәсілдерін әр сабақта қолдану керек. Бұл технология тілді оқыту үшін қажет. Сондықтан да бүгінгі таңда оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, барлық оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талап қойылып отыр. Осы талаптарды ескере отырып, мұғалімнің алдына қойған мақсаты оқушыны оқуға қызықтыратын, қабілетін арттыратындай жағдай туғызу болуы тиіс. Оның негізгісі – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, балалардың ойлау дағдыларын жетілдіру, өздігінен білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Заман талабына сай шәкірт шығармашылығын дамытуға, мұғалімнің қажеттіліктеріне жан-жақты жауап беретін тиімді технологиялар шексіз.

Тәжірибеде сол технологияларды қолдану, тиімді-тиімсіз жақтарын сараптау, зерттеу, пысықтап қорытынды жасау – әр ұстаздың міндеті. Қай технологияны болмаса, мейлі ол сыни

ойлауды дамыту технологиясы болсын, не ақпараттық-коммуникативтік, не когнитивті-коммуникативтік және т.б. технологиялар болсын мұғалім оларды жақсы меңгеруі және өз сабақтарында тиімді пайдалана білуі керек. Жоғарыда аталған технологиялардың ішінде сыни ойлауды дамыту технологиясына келетін болсақ, бұл технологияның дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Нақты жағдайда «мынаны былай жазу немесе айту керек» деп көрсетпей, білім алушының өз шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету. Технология құрылымы 3 кезеңнен тұрады: 1. Қызығушылықты ояту; 2. Мағына тану; 3. Ой-толғаныс [2].

І кезеңде алынған мәлімет жазылады, тыңдалады, талқыланады, жұмыстар жеке – жұптаса – топтаса орындалады. Мысалы, қандай да тақырыпты өтпес бұрын оны баланың жас ерекшелігін ескеріп, қызығушылығын арттыратындай жағын ойластырып барып таңдап алған жөн. Тапсырмалар өмірмен байланысты болса құба-құп. Мысалы шын «Синонимдер» тақырыбын алайық, бұл тақырыпты өткенде тақтаға *«жүздесу, амандасу, сәлемдесу, есендесу т.б.»* деген сөздерді жазып, мағыналарына талдау жасап, оқушыларды өзіндік бір ойға жетелеу маңызды. Мәселен, құрмалас сөйлемді өткен кезде төмендегі мысалдарды келтіріп, өмірлік ұстанымын анықтауға болады. *Адам туған тілін құрметтемесе, өзін де құрметтемейді* (Шартты бағыныңқы сабақтас), *Ғалым болу – міндет емес, білімді болу – парызың* (Қарсылықты салалас*), Біз қазақ тілін дамытуымыз керек, себебі ұлт болашағы тіліне тәуелді* (Себеп-салдар салалас), *Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену үшін біз білімді болуымыз керек, тілдерді жетік меңгеруіміз қажет* (мезгілдес салалас сөйлем), *Менің ойымша, мақсатқа жетудің үш жолы бар: білім жолы, еңбек жолы, сенім жолы* (бірыңғай мүшелі сөйлем). Ал тақырып оқушыларға таныс, бұрын өткен болса, онда «Суреттер сөйлейді» атты тәсілмен (Иассауидің «Даналық кітабы» атты тақырыпты өткенде интерактивтік тақтаға ғұламаның өміріне байланысты суреттер ілінеді) оқушылардың бұрынғы алған білімдерін еске түсіруге болады.

Әдебиет сабағында мәтіннің тақырыбын ашу үшін оқушылардың ассоциациясын кестеге түсіруге, оқушылардың ойын автор ойымен салыстыру үшін «Венн диаграммасын» пайдалануға болады. Соңғы әдіс арқылы білім алушылар өз дербестігін, ұқсастығын ажыратады. ІІ кезеңде жаңа ақпараттарды шын мәнінде тұтынуға мүмкіндік (әр балаға таратып беру, фильм, дәріс, параграф материалдарын слайд түрінде, т.б.) беріледі. Бұл кезеңде жеке немесе жұптасқан түрде жұмыс немесе командалық жұмыс түрлерін жасатуға болады. Бұл фазада мынадай нәтижелерге жетуге болады: • Белсенді іс-әрекетте болу; • Басқалармен қарым-қатынас жасау; • Басқаларды тыңдай білу;

• Қажет болса өз көзқарасын өзгерту; • Топтық тұжырымға келе білу; • Өз тұжырымын айта білу, қорғай білу... [3].

Мұғалім сабаққа дайындалғанда, яғни сабақ жоспарын құрастыруда өз ізденісі мен шығармашылығына қарай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отырғаны дұрыс.

Мысалы, әдебиет сабағында кез келген кейіпкердің мінезін «Жүрек кардиограммасы» арқылы ашуға болады: кейіпкердің • оң қасиеттері • теріс қасиеттері кардиограммаға түсіріледі.

Шығарма мен кейіпкерлердің ұқсастығын мен ерекшелігін салыстыру үшін кестелі тапсырмалар құрастыруға болады.

ІІІ кезең шығармашылық ізденіс, талдау, интерпретация және т.б. ақпаратты зерделеу жұмыстары жеке – жұппен - топпен атқарылады. Бұл кезеңнің оқушыға қоятын талабы жоғары. Сондықтан да оқушы сапалы білім мен шығармашылығын ұштастыра білу керек. Үшінші кезеңде шығармашылық жұмыс, зерттеу жұмыс, ғылыми жұмыстар ерекше орын алады. Мәселен, оқушылардың тапқырлығын анықтау барысында төмендегі тапсырманы берем.

Тапсырма: Суретті құрмалас сөйлеммен байланыстырып, қорытынды ой шығар (Өз сабағымда оқушылардың айтқан пікірлерін жазып отырмын). «Алтыбақан» суреті... (Жауап: ...Адамның өмірі алтыбақан сияқты қимыл-қозғалыс пен іс-әрекеттен тұрады. Сол қимылын бақылап тұратын алтыбақан сияқты, салалас пен сабақтас сөйлемнің мағыналық түрлері арқылы адам іс-әрекетінің мезгілін, себебін, шартын т.б. білдіреді.) Осындай ой шеберлігін шынықтыратын тапсырмалар арқылы тың жаңалықтар да ашуға болады. Ол үшін мұғалім ізденіске жетелейтін

зерттеу тақырыптарын беруге болады. Мысалы, «Асан қайғының Жерұйықты қазақ жерінен іздеу себептері мен болжамдары», «Махамбеттің ерлік философиясы», «Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы аналар галереясы», т.б. Төмендегі кесте бойынша технологияға толық сипаттама беруге болады [4].

Қорыта айтқанда, инновациялық білім беру әдістемелерінің ішінде сын тұрғысынан ойлау технологиясы - тиімді құралдың бірі. Инновациялық білім -іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге,

ұстаздың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған. Ең бастысы, оқушыны келешек өмірге дайындап, білім-біліктерін, іскерлігін өмірде қолдауға жағдай жасайды.

Әдебиеттер

1. Шәміл Әбдісаматов. Тіл тағдыры – ел тағдыры//Abai.kz. Абай-Ақпарат сайты. 4 қаңтар, 2012.
2. Клустер Дэвид. Что такое критическое мышление//Журнал «Русский язык». Содержание. №29, 2002.
3. Жұмажанов Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: «Білім», 2019. -100 б.
4. Сманов Б. Қазақ әдебиеті (әдістемелік нұсқау). - Алматы: «Мектеп», 2015. - 58-63 б.

БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІС – ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Калбырова Алия Куттыбаевна
Түркістан облысы Шардара ауданы Шардара ауылы
Абылай Әлімбетов атындағы жалпы білім беретін мектептебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Резюме

В данной статье предлагаются наиболее эффективные методы и приемы обучения, способствующие формированию у учащихся навыков говорения посредством активных методов обучения и побуждающие учащихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом.

Abstract

The article proposes the most effective teaching methods and techniques that help students to form speaking skills through active teaching methods and encourage students to actively think and practice in the process of mastering educational material.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытуды әртүрлі жақтан технологияландыру жүзеге асырылып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде.

Бүгінгі таңда негізгі талап – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу [1]. Оқыту әдістері – оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде оқытушы мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Оқытушы оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп,

олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстыруы керек.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да тиімді пайдалана білуі тиіс [2].

Оқушылардың қарым-қатынас жасауына бағытталған шынайы оқу ортасын құру пән мазмұнын игеруге ықпал етеді. Байланыстырып сөйлеу, тақырыпқа қатысты өз білімін көрсету, сөздік қорын толықтыру, сөйлеу мәдениеті мен сөз әдебін сақтау, өз ойын еркін айту, негіздеп сөйлеу, жағдаятқа қатысты шұғыл шешім қабылдауға жетелейтін түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қазақ тілі бойынша білім-білік, дағдыларын жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік алуға болады.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі [3]. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл – оқыту әдісінің элементі [4, 10]. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге

үлес қосады. Оқылым мен жазылым дағдыларын қалыптастыру үшін алдымен ауызша сөйлеу (тыңдалым, айтылым) дағдыларын меңгеруіне көңіл бөлу керек.

Ауызша сөйлеу дағдылары жақсы жетілсе, оқушы өзінің сезімдері мен қажеттіліктерін айта алады, сыныпта белсенділік танытады және үнемі іс-шараларға қатысатын болады. Мысалы, әр оқушының алдына сурет қималары бар үлестірме қағаздарды қоюға болады. Оқушылар бір қиманы алып, толық сурет шығатындай, басқа бөліктерді тауып алуы шарт. Кейін суретке қарап, өз ойын, суретті толық жинап болғанда қандай сезімде болғанын айтуы тиіс. «Суретті карта» ойынын ауызша әңгіме құрастыру мақсатында ұйымдастыру. Алдын ала суреттер дайындалады. Мысалы,

(Т/Ж) Оқушыларға бірнеше сурет таратылады. Ойынды бастаған оқушы өз суретіне қатысты бір оқиғаны бастайды. Келесі оқушы өз қолындағы суретті сол оқиғаға байланысты жалғастырып, сөйлем құрастырып айтуы керек. Осылайша ойын жалғасады. Оқушылар әңгімені жұпта құрастыра алады. «Сөздер теннисі» ойыны.

Тыңдаушылар жұпқа бөлініп, біреуі өзі қалаған кез келген сөз айтады. Екіншісі сол сөзге мағынасына қарай сөз қосып, айтады. Мысалы: доп – доп домалады, келесі оқушы: үлкен доп домалады десе, одан кейінгі оқушы - үлкен доп ұзақ домалады деп сөйлем құрайды. Мақсаты: ең ұзын сөйлем құрастыру. Тыңдалым дағдысын қалыптастыруды «Консенсус» ойыны арқылы жетілдіруге болады.

Консенсус – келісімге келу. Тыңдаушылар бір бейнефильм көреді. Көрер алдында тренер қандай мақсатпен көретінін айтуы қажет. Себебі мақсатсыз көрген бейнефильм тыңдалым дағдысын дамытпайды. Тыңдаушылар бейнефильмді көре отырып, негізгі тірек сөздерді есте сақтаулары қажет. Кейін топта ортаға А3 формат қағаздың шетіне 1 минут ішінде есте сақтаған тірек сөздерді жазу табысталады. Кейін 1 минут ішінде топ мүшелерімен келісіп, негізгі 5-еуін таңдап, жазады. Топ алдында қорғайды. «Жүгіру диктанты» ойыны. Әр топтан бір жүргізуші таңдалып, ортаға шығады. Ол қабырғадағы шағын әңгімемен танысады. Әр сөйлемді оқып, топқа келіп, сөйлемді айтады. Қайтадан келесі сөйлемдерді де сол тәртіппен жасайды.

Соңында әр шағын топтан жүргізуші айтқан сөйлемдерден не естерінде қалғанын сұрау қажет. Ойын қызық және сөйлеу, тыңдау дағдыларын дамытады.

Рефлексия: «Жеделхат жазу» немесе «СМС жазу» ойыны. Тыңдаушылар өздері қалаған адамға тренинг жайлы хабар жазып жібереді. СМС-ті немесе жеделхатты алған оқушы ол сөйлемдерді оқып, қатесі болса түзетуі шарт.

Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды қолдану жұмыс түрлерін әртараптандыруға және сабақты қызықты өткізуге мүмкіндік беретін әдістемелік құралдар мен әдістерді таңдауға көмектеседі. Сол себептен, сабақта интербелсенді әдістерді қолданамыз. Мәселен, Wordwall

интерактивті және баспа материалдарын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Үлгілердің көпшілігі интерактивті және баспа нұсқаларында қол жетімді. Интерактивті компьютер, планшет, телефон немесе интерактивті тақта сияқты веб-интерфейсі бар кез келген құрылғыда ойнатылады. Онда тапсырмалар шаблондық жүйе арқылы құрылады. Бұл үлгілер викторина және кроссворд сияқты таныс ойындарды қамтиды. Жаңа әрекет жасау үшін алдымен үлгіні таңдап, мазмұнды енгізу қажет. Бұл қарапайым және мұғалім бірнеше минут ішінде толық интерактивті әрекетті жасай алады дегенді білдіреді. Әрекетті жасағаннан кейін оны бір рет басу арқылы басқа үлгіге ауыстыруға болады. Тек дайын сабақтарды пайдаланудың қажеті жоқ. Егер сіз дәл іздеген нәрсеге сәйкес келмейтін әрекетті тапсаңыз, материалды сабағыңызға және оқыту стиліңізге сәйкес оңай реттей аласыз. Интерактивті әртүрлі тақырыптарда көрсетуге болады. Әрбір тақырыптың сыртқы түрін әртүрлі графикамен, қаріптермен және дыбыспен өзгертуге болады.

Қорыта айтқанда, жаңа әдіс арқылы бүгінгі күні білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға, олардың оқу еңбегіне деген
жағымды мотивациясын қалыптастыру үшін, тиімді инновациялық шешімнің бірі сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану ұстаздың біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты. Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті үштұғырлы тілді дамытуда, қазақ тілінің мәртебесін көтеруде, өз ойын, пікірін ауызша және жазбаша тілде көркем де анық, нақты етіп бере білу жолында жаңа технологияны дамыту жұмыстары көмегін көптеп тигізері анық.

Әдебиеттер

1. Досбаева А.С. Қазақ тілі сабағында жаңа әдіс-тәсілдерді оқытудың тиімді жолдары. Электронный ресурс. 13.03.2017
2. Жансағымова Ж.Т. Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдіс-тәсіл түрлері.
Электрондық ресурс. https://docviewer.yandex.kz/
3. Тойжігітова М.Ш. Қазақ тілін оқытудың методологиясы мен әдіс-тәсілдері. www. rusnauka.com /9_NND_2014/Pedagogica/
4. Уразымбетова А.Б., Бекенова А.Б., Бердешова Ұ.С. «Қазақ тілі сабақтарында белсенді әдіс – тәсілдерді қолдану» әдістемелік құрал. «Өрлеу» ҰБАО АҚФ – Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының баспа бөлімі, 2019.
5. Мирсеитова С. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. - Алматы.2011.–178 б.

ӘОЖ

ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

Арынбаева Д.Ж., п.ғ.м., докторант
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Байғұт А.М., ф.ғ.к.,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается творчество выдающегося представителя современной казахской поэзии, поэта, переводчика, публициста, заслуженного деятеля Казахстана Ханбиби Есенкарақызы. Исследуются основные темы и образы, языковые особенности и роль в популяризации национальных ценностей в его поэзии. Наряду с культурными и историческими ценностями в произведениях автора отражаются взгляды на бытие и духовное наследие казахского народа. Благодаря комплексному анализу литературного наследия поэта и его вклада в казахскую литературу, в статье создается возможность понять ее творчество под новым углом зрения.

Summary

This article examines the work of an outstanding representative of modern Kazakh poetry, poet, translator, publicist, Honored Worker of Kazakhstan Hanbibi Yesenkarakyzy. The main themes and images, linguistic features and the role in popularizing national values in his poetry are explored. Along with cultural and historical values, the author's works reflect views on the existence and spiritual heritage of the Kazakh people. Due to the comprehensive analysis of the poet's literary heritage and his contribution to Kazakh literature, the article creates an opportunity to understand his work from a new angle.

Қазақ халқының ұлт болып ұйысып, халық болып қалыптасуында тарихи оқиғалар мен дәуірлік жағдаяттардың сан-алуан көші ықпал етуімен бірге елдің сөзін сөйлеп, мұңын жоқтаған жекелеген дара тұлғалардың, біртуар азамат-тардың ерен еңбегі мен жанқиярлық қызметінің орны ерекше болғаны даусыз. Жазба әдеби үрдістің туы тігіліп, түндігі көтерілген хәкім Абайдың заманынан бері алғанның өзінде ұлт үшін у ішіп, заһар жұтқан, қаламын найза орнына қару еткен жазбагерлердің легі бүгінгі ұрпақтың бақыты мен бағы болып орнаған тәуелсіздіктің іргетасын қалап, рухани негіздерін жасап беріп кеткені айдан анық, күннен жарық ақиқат. Қазақ халқының ақылы асқан, дарыны тасқан азаматтары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, М.Әуезов секілді арда перзенттері бойдағы бар білімдері мен қабілеттерін сарқа жұмсап қазақтың бірлігін сақтауға, тірлігін түзеуге, рухани әлемін гүлдендіріп, жігерін жануға жан аямай жұмыс жасап өтті. Қазақ зиялыларының қаймақтары қалдырған сара жол шаң басып ұмытылып қалмастан жыл өткен сайын түлеп, жаңғырып, жасарып, жалғасып келе жатқаны да бүгінгі буынның бағына бұйыртқан баға жетпес қазыналарының, рухани байлықтарының бірі, тіпті бірегейі деп айтсақ қате сөйлеген болмаспыз. Бабалар жолы өздігінен жалғас-пайды, оны келесі ұрпақтары ұмытпай қастерлеп, жалықпай насихаттап жүруімен мәңгілікке ұласады. Қаламдары нұрлы, жырлары сырлы алаш арыстарының жолын бүгінге жалғаған, кешегі мен ертеңгінің арасына алтын көпір орнатып өзінің азаматтық та, перзенттік те, қаламгерлік те парызын қалтқысыз атқарып келе жатқан, көпке үлгі болатын, шығармаларымен ұлт қазынасы толатын қаламгерлердің бірі Ханбибі Есенқарақызы екенін жұрт біледі, көзі қарақты оқырмандар сөзсіз мойындайды. Бабалар жолына қызмет, аманатына адалдық ақынның басты кредосы болып табылады. Бұл турасында ақын өз жырында былай деп ой түйеді:

Тоз-тоз болды бұл күндері қиялым,
«Шырақшысы» құрқылтайдай ұяның
Сенбісің? – деп портреттер сөйлейді
Шыны әйнектің аржағынан, зиялым.

...Жиырма бес мың бозым болған өтемі,
Қан жылаған қазақ жері – мекенім.
Түсіндірген бодандық не екенін,
Кешір мені, Ахмет, Мағжан, Сәкенім! [1]

Осы жыр жолдарынан Ханбибі Есенқарақызының ұлт зиялылары алдындағы жауапкершілікті терең сезінуін, жан тебіренісі мен жүрек толқынын аңғарамыз.

Ханбибі Есенқарақызы – белгілі қазақ ақыны, қазақ әдебиетінде өзіндік жол салған, қазақ мәдениетіне айтулы үлесін қосып, қазақ поэзиясының арнасы кеңіп, тамыры тереңдеуіне айтарлықтай әсер еткен қалам иесі. Қаламгер шығармашылығы өз бойындағы ұлттық дәстүрлердің бейнелерімен, тілінің байлығымен және шұрайлығымен, отаншылдық, ұлтқа адалдық сезімінің биік көрінісімен және адамның ішкі әлемін сан күйге бөлейтін сыршылдығымен ерекшеленеді.

Қазақ халқына қаншама тума таланттарды тарту еткен торқалы Сарыағаш өңірі бұл жолы да сол әдепкі ізгі әдетінен жаңылмағаны Ханбибі Есенқарақы-зының жұлдызы жануынан көрініп тұрғандай. Елі ерді өсіретін болса, ері елін ұлықтайтын салиқалы салт бойынша туған

дала топырағы бар құнары мен шұрайын перзентіне дарытып, өз төсінде жақсылықтың жаршысы, адамдықтың айғағы, ақиқаттың алдаспаны болып жүруді тапсырған іспеттенеді. Ханбибі Есенқарақызы бұл аманатты абыроймен арқалап, абрарлықпен көтеріп, жанкештілікпен жеткізіп келе жатқанын уақыттың өзі, өмірдің ағысы дәлелдеп көрсетіп беріп отыр. Ақынның туған даласымен, қазақтың қаракөз баласымен қашанда демі бір, тілегі бүтін екенін «Тәуелсіздік туралы» жырынан аңғарамыз:

Сен де арманда едің-ау, мен де арманда,
Сол арманға қол жетті, арман бар ма!
Өзімізді өзіміз таба алмастан,
Адасқанбыз, сан тарап ормандарда.

Аспан түсті туымыз желбіреді,
Шықты және теңгеміз ел біледі.
Әнұран да, Елтаңба - өзімдікі,
Қара аспанды қай саяқ төндіреді?!

Қантөгіссіз дербестік алған едік,
Тәуелсіздік жемісін сау көрелік.
Ауыр боп тұр, мұнан да қиын болған,
Қынжылмайық, халайық, тәубе дейік!!!

Тәубесін тану тұлғалық толысудың түпкі мәні дегенде, алқалы топ – алқа көңіл оқырманды тәубеге тартып тәрбиелеу адами толайымдылық пен азаматтық табандылықтың, жемістері рухани кемелдік болып көрініс беретін имани тамырдан тарайтын тереңдік пен төреліктің бір қыры, көрікті көрінісі деуге келетіндей. «Тәубешіл болғандарға еселеп төгемін, есепсіз беремін» деген мәндегі Жаратушының әмірін танып өскен Ханбибідей көкірегі сәулелі, көңілі қанағатты батагөй жандардың дұға-тілектерінің шарапаты елге дарып, қазақ ел есін жинады, еңсесін тіктеді, тәуелсіздігін тұғырлады, әлемнің шар тарабына танылып, алыс-жақын шет елдерді мойындатты.

Шығармашылық шабытынан бөлек, Ханбибі Есенқарақызының қоғамдық атқарған қызметтерінің өзі бір төбе екеніне ел куә. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының тізгінін алып елдегі тіл жағдайының оңалуына өз үлесін қосуы, «Тіл туралы» заң жобасының әзірленуіне атсалысуы тәуелсіз Қазақстанның тұғыры бекіп, туы тіктелуіне жасалған еселі қызметтер болды. 1994 жылы Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филормонияның директоры қызметіне тағайындалып, елдің мәдени-рухани өмірінің жандануына, деңгейленуіне өлшеусіз үлес қосты, таланттардың танылып, талаптылардың өсуіне жол ашты. 2003 жылы, ол кездегі Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы басшылығы қызметіне тағайындалды. Ханбибі Есенқарақызының мәдениет саласындағы негізгі еңбектерінің бірі қуғын-сүргін құрбандарының тарихын зерттеу және сол тарихи мұраларды ұрпаққа жеткізу болды десек жаңылыспаймыз. Ол осы бағытта көптеген іс-шаралар атқарды, архивтік деректерді жинап, шалғай жерлерге көрмелер ұйымдастырып, халқына тарихты жеткізуге үлкен ықпал етті. 2013 жылы музейдің ғимараты кеңейтіліп, оның жұмысына ыңғайлы жағдайлар жасалған болатын. Музейде тарихи-мәдени экспозициялар ұйымдастырылып, қуғын-сүргін құрбандарына арналған жиындар жиі өткізіліп отырды.

Ханбибі Есенқарақызының ұлт руханияты үшін жемісті болған еңбектері-нің бірі 2020 жылы жарық көрген, XX ғасыр бойындағы қазақ халқының көкірегі ояу, көзі ашық зиялы қауымының «Ақ жол» газетінде жарияланған шығармаларын жинақтаған «Ақ жол» көп томдығы болғаны даусыз. Ақын өзі сұхбатында: «Мен алаш идеясының бір ұшқыны, әрі жанкүйері болып өткен отбасында туып-өстім, бәлкім мінезім де осы тектіліктен туған шығар», - деп айтып өткеніндей, Ханбибі Есенқарақызының алаш тақырыбымен жақындығының тарихы тым әріден – ата қанымен, ана сүтімен дарыған қасиет ретінде көрінеді [2].

Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығының қуаты, өміршеңдігі – адалдығында. Қазақтың белгілі жазушысы М.Байғұт айтып кеткеніндей, «Ханбибі жырларында кейіпкерлерін де, өзін де алдамайды».

Ханбибі Есенқарақызының поэзиясы әрдайым оқырмандарының назарында. Ақын шығармашылығын зерделей қарағанда өлеңдеріндегі кейіпкерлер көбіне қазақы тұрмыстың, дәстүрдің және қоғамдық ой-сананың бір бөлігі ретінде көрініс табады. Жырларында жеке тағдырлар мен қоғамдық мәселелер арасындағы байланысты терең суреттей отырып, қазақтың рухани байлығын дәріптейді. Ақын өзінің шығармаларында ішкі тебіреністер мен қайшылықтарды, тарихи тұлғаларға қатысты пайымдарды, ұлттық болмысты ашып көрсетуге тырысады. «Ай туады бозарып» жинағында қоғам мен уақыт жайлы философиялық салмақты ойлар терең берілген. Сонымен қатар, Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы, оның ұлттық тілге және дәстүрге деген адалдығы, қоғамда мәдени және тарихи құндылықтарды насихаттауға, ұмыттырмауға деген талпынысы талқыланған бірнеше ғылыми жұмыстардың тақырыбы болды. Ақын жүрегінен туындаған өлең жолдары өмірге шынайы көзқарасын білдіреді, адамдық жауһар сезімдерді тербейді, ойға батырып, сананы қозғайды. Өлеңдерінің терең әсерлі құдіретіне тәнті болып оқырмандар да, зерттеушілер де ақын шығармашылығын жақсы көреді, жоғары бағалайды.

«Періште емес, пендемін,
Астана емес, елдемін
Көрдім талай мықтының,

Мықыны көктен келгенін», - деп жырлағанындай, Ханбибі Есенқарақызы Астананың төріне төтесінен тартпай-ақ халқының көңілінен орын алған, елдің ыстық ықыласына бөленген, әкім сүйеген, хан сыйлаған, халқы қолдаған, қалың оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген бақытты қаламгерлердің қатарынан болып табылады.

Ханбибі Есенқарақызы шығармалары қазақ әдебиеті аясымен шектеліп қалмағаны да қаламгердің көзінің майын, миының сөлін, санасының қуатын сарқа сығып тудырған дүниелері адами асыл қасиеттер мен рухани ізгі құндылықтарды кең көлемде қамтып, көркем түрде кестелеудің биік деңгейінде болғанын айғақтайды. Ақын жырлары өзбек, орыс, якут, украин тілдеріне тәржімаланған. Қаламгер де қарыздар болып қалмастан аудармашылыққа көңіл қойып, басқа тілдегі шығармаларды қазақ тілінде сөйлетіп, әдебиеттің әлемдік асыл туындыларын өз еліне ұсынды.

Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы мен еңбектері қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосылған сүбелі үлес, түрлі жанрларды қамтыған мол мұра болып табылады. Оның көрнекті шығармалары арасында:

«Махаббатым мәңгілік» – 1997 жылы жарық көрген өлеңдер жинағы,

«Жыр кітабы» – 1999 жылы шыққан поэма және өлеңдер жинағы.

«Күн шығады қызарып...» – 2004 жылы жарық көрген лирикалық жырларының топтамасы.

«Ай туады бозарып» – 2004 жылғы поэзиялық жинағы.

Шығармалары 6 томдық жинақ болып 2009 жылы жарық көрді.

«Ақ жол» газетінің материалдарын зерттеуге арналған еңбектері он томдық шығармалар жинағы болып 2020 жылы басылып шықты [3].

Сонымен қатар, Ханбибі Есенқарақызы журналистика саласында өнімді еңбек етіп, көптеген мақалалар мен эсселердің, салиқалы сұқбаттардың авторы болды. Жазбалары республикалық «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» секілді беделді басылымдарда үздіксіз жарияланып тұрады.

Ханбибі Есенқарақызы – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, оның шығармашылығына әртүрлі әдебиеттанушылар мен жазушылар жоғары баға береді. Ол шығармаларында қазақтың ұлттық рухын, мәдениетін және адамгершілік құндылықтарын терең әрі айқын бейнелейді. Мысалы, Ханбибі Есенқарақызының шығармашылығы туралы айтқанда, оның қазақ халқының тарихи мұралары мен халықтың жан дүниесін сезімталдықпен жеткізетіні әрдайым бірге атап

өтіледі. Оның поэзиясы туралы пікір білдірушілер ақын өлеңдері мен поэмаларында адамгершілік пен ұлттық құндылықтардың шынайы бейнеленгенін баса айтады.

Қаламгер туындылары қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өрісін кеңітіп, мерейін өсіруде айтарлықтай орын алатын салмақты рухани қазына болып табылады. Әдебиеттанушылар мен қоғам қайраткерлері Ханбибінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік және рухани тақырыптарды қозғаудағы өзіндік дара позициялығын, күш-жігерін жоғары бағалайды. Жазушының туған елге деген сүйіспеншілігі мен халқына деген адалдығы оның туындылары арқылы оқырмандарға әсер етіп, олардың жүректеріне жол табады. Ақынның сөзіне жазылған «Нурикамал», «Қадиша», «Алтынай», «Дос іздедім», «Көңіл гүл» секілді әндер халық арасында кеңінен таралған. Ақын өмірінен алынған жағдайлар негізінде «Нурикамал» атты көркем фильм түсіріліп, көрермендерге жол тартты.

Ханбибі Есенқарақызы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына ықпал етіп, өз өлеңдерімен қазақ тілінің рухын көтеруге, ұлттық дәстүрлерді сақтауға және насихаттауға үлес қосты. Әдебиетке қосқан еңбегі үшін ақын Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі атанып, «Парасат» орденімен марапатталған. Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қызметкер атағына лайық болуы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері болуы ақын шығармашылығының қоғамда жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Ханбибі Есенқарақызы туралы әріптестері мен замандастарының пікірлері ақынның шығармашылыққа адалдығы мен оның рухани-мәдени кеңістіктегі орнына деген құрметін көрсетеді. Белгілі ақындар мен қоғам қайраткерлері Ханбибі Есенқарақызын ұлттық құндылықтарды сақтаушы және кеңінен насихаттаушы ретінде таниды. Ол қазақ поэзиясында шындық пен шынайылықты жырлап, батыл да ашық көзқарастарымен белгілі болды. Филолог-ғалым Амангелді Айталы Ханбибі поэзиясының ерекше екендігін атап өтеді және оның «Ақ жол» газетінің он томдығын жарыққа шығаруда атқарған еңбегін маңызды тарихи қызмет деп бағалайды. А.Айталының айтуынша, бұл басылымды зерттеу жас тарихшылар мен журналистерге ұлттық сананы түсінуде таптырмас құрал болып табылады және жалпы қазақ мәдениеті үшін де маңызды зерттеу екенін атап өтеді.

Әріптестері Ханбибі Есенқарқызын тек шығармашылық саласындағы жетістіктері үшін ғана емес, қоғамдағы азаматтық белсенділігі, жастарға үлгі-өнеге болуы, ұлттық тәрбиені насихаттауы үшін жоғары бағалайды. Жастармен кездесулерде Ханбибі Есенқарақызы рухани құндылықтардың маңыздылығын атап өтіп, ұлттық тәрбиенің артықшылықтары туралы пікірлерін жиі бөліседі. Оның көзқарастары мен ұстанымдары қазіргі жастарға рухани азық ретінде қабылданады. Оқырмандары Ханбибі Есенқарақызын ұлттық мәдениет пен әдебиетке көп үлес қосқан ізденімпаз тұлға ретінде жоғары бағалайды, ұлтжандылық пен қайсарлық символы ретінде құрмет тұтады.

Қорытынды

Ханбибі Есенқарақызы – қазақ поэзиясының терең мазмұнды, көркем тілді, кең тынысты туындылары арқылы ұлттық рухты сақтауға қызмет еткен көрнекті тұлғаларының бірі. Оның шығармалары халқымыздың мәдениетін, тарихын және рухани байлығын кестелі тіл мен көркем образдар арқылы барынша айшықтайды. Ханбибі Есенқарақызының поэзиясы көркем тілдің, образдық шеберліктің үлгісі бола отырып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Оның өлеңдерінде қазақ халқының болмысы, салт-дәстүрлері және ұлттық дүниетанымы айқын көрініс табады. Ақынның шығармашылық жолы – ұрпаққа өнеге, ал оның әдеби мұрасы – қазақ әдебиетіне қосылған құнды қазына деп толық сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=26902

2.https://egemen.kz/article/345460-khanbibi-esenqaraqyzy-bilikke-meyir-khalyqqa-peyil-tiler-edim

3.https://www.kalamger-uko.kz/index.php?section=esenkara&subsection=books

ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Садуахасова Лаура Сапарбеккызы
Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
№16 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Резюме

Статья посвящена анализу творчества Ханбиби Есенкаракызы – выдающейся казахской поэтессы, чьи произведения отражают актуальные проблемы современного казахского общества. Рассматриваются темы социального неравенства, сохранения национальной идентичности в эпоху глобализации, роли женщины в обществе, а также идеи патриотизма и культурной преемственности. Автор делает вывод, что поэзия Ханбиби Есенкаракызы является важным источником для понимания духовных и социальных аспектов современного казахского общества.

Summary

This article analyzes the works of Khanbibi Yesenkarakyzy, a prominent Kazakh poetess, whose poetry reflects the pressing issues of modern Kazakh society. The study explores themes of social inequality, preservation of national identity in the era of globalization, the role of women in society, and ideas of patriotism and cultural continuity. The author concludes that Khanbibi Yesenkarakyzy's poetry serves as a significant resource for understanding the spiritual and social dimensions of contemporary Kazakh society.

Қазақ әдебиеті – ұлттық рухани мұраның айнасы. Әдебиет арқылы қазақ халқының өмір сүру салты, мәдениеті, дүниетанымы және қоғамдық құндылықтары көрініс табады. Ханбибі Есенқарақызы – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, оның шығармашылығы ұлттық болмыстың, әлеуметтік мәселелердің және қазіргі қазақ қоғамының өзекті бейнелерін жеткізеді. Бұл мақалада Ханбибі Есенқарақызының өлеңдеріндегі заманауи қазақ қоғамының көріністері талданады.

1. Қоғамдық мәселелердің бейнесі

Ханбибі Есенқарақызының шығармаларында заманауи қазақ қоғамының өзекті мәселелері кеңінен қарастырылады. Ақынның шығармалары қоғамдағы әртүрлі мәселелерді терең түсініп, оны поэзиялық тілмен жеткізуімен ерекшеленеді.

Әлеуметтік теңсіздік

Ханбибі Есенқарақызының өлеңдерінде әлеуметтік теңсіздік, әсіресе ауылдық жерлердегі кедейшілік пен жұмыссыздық мәселелері жиі көрініс табады. Мысалы, оның "Теңсіздік құрбандары" атты өлеңінде әлеуметтік теңсіздік пен кедейшілік туралы сөз қозғалады. Ақын қоғамның әлсіз топтарының мәселелерін бейнелеп, оларды шешудің қажеттілігіне назар аударады.

Білім беру және жастар мәселелері.

Ақынның шығармаларында білім беру мәселелері де маңызды орын алады. "Білім - болашақтың кілті" өлеңінде Ханбибі білімнің маңыздылығын атап көрсетіп, жастардың білім алуына үлкен мән береді. Ол жастардың білімге ұмтылысын және болашақта олардың қоғамда өз орнын табуына үміт артады. "Болашақтың иелері" атты өлеңінде жастардың білім алуға, дамуға ұмтылысы, олардың болашаққа деген үміттері мен армандары суреттеледі. Бұл өлеңде жастардың қоғамдағы орны мен олардың болашағы туралы ойлар көрсетілген.

Тіл және мәдениет.

Ханбибі Есенқарақызының өлеңдерінде тіл және мәдениет мәселелері ерекше орын алады. Ол қазақ тілінің сақталуы мен дамуының маңыздылығын жырлап, ұлттық мәдениеттің құндылықтарын қорғауға шақырады. "Туған тілім - тағдырым" өлеңінде ол тілдің ұлттық болмыс пен мәдениеттегі орны туралы терең ойларын білдіреді.

Қоршаған орта және табиғат

Ақын табиғат пен қоршаған орта мәселелерін де өз шығармаларында көтереді. Оның "Табиғат - адамзаттың анасы" өлеңінде табиғатты қорғаудың маңыздылығы мен оны сақтау қажеттілігі туралы сөз қозғайды. Ханбибі табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікке үлкен мән береді.

2. Әлеуметтік әділетсіздік және моральдық құндылықтар

Заманауи қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, адамгершілік мәселелері ақынның поэзиясында терең философиялық тұрғыдан қарастырылады. Ол ұлттық бірлік пен ынтымақты сақтау қажеттілігін алға тартады.

Ханбибі Есенқарақызы өз шығармаларында заманауи қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерін көтереді. Мысалы, оның "Жетігеннің жеті сыры" атты өлеңінде ауылдағы тұрмыстық қиындықтар, жастардың жұмыссыздығы мен әлеуметтік теңсіздік туралы сөз қозғайды. Ақын ауылдың қарапайым тұрғындарының ауыр тағдырын, олардың өмір сүру үшін күресін бейнелейді.

3. Ұлттық рух пен патриотизм

Ақын өлеңдері арқылы ұлттық рухты сақтаудың маңыздылығы, туған жерге деген сүйіспеншілік идеясы дәріптеледі. Оның шығармалары халықтың өткенін еске алып, оны қазіргі ұрпаққа жеткізу құралы ретінде көрінеді.

4. Әйел бейнесі және гендерлік теңдік

Ханбибі шығармашылығында қазақ әйелінің бейнесі ерекше орын алады. Ол әйелдердің қоғамдағы рөлін, олардың рухани күшін және отбасылық құндылықтарды ұлықтайды. Сонымен қатар, қазіргі әйелдердің мәселелері, олардың құқықтары мен мүмкіндіктері талқыланады.

Ақынның поэзиясында заманауи қазақ қоғамындағы әйелдердің ролі мен орны ерекше орын алады. Оның "Біздің аналарымыз" атты өлеңінде ананың еңбекқорлығы мен мейірімділігі, оның отбасы мен қоғамдағы ролі мадақталады. Бұл өлеңде қазақ әйелінің күші мен сабырлылығы суреттеледі.

5. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық болмыс

Ханбибі өлеңдері арқылы жаһандану жағдайында қазақ халқының өзіндік ұлттық болмысын сақтау мәселесі көтеріледі. Ақын ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға шақырып, қазақ мәдениетінің құндылықтарын болашақ ұрпаққа жеткізу қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Ханбибі Есенқарақызының шығармалары – қазіргі қазақ қоғамының айнасы. Оның поэзиясында ұлттық рух, патриотизм, әлеуметтік әділеттілік және мәдени сабақтастық идеялары терең көрініс табады. Ақынның шығармашылығы қазақ әдебиетінің заманауи мәселелерін түсінуге және ұлттық болмысты сақтау жолдарын іздеуге маңызды үлес қосады.

Әдебиеттер:

1. Есенқарақызы Х. Өмір жыры. Алматы: Жазушы, 2010.
2. Есенқарақызы Х. Жыр жинағы. Астана: Фолиант, 2015.
3. Ахметов З. Қазақ әдебиетінің қазіргі кезеңі. – Алматы: Санат, 2012.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 2003.
5. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы: Мектеп, 2007.
6. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Ана тілі, 1998.

«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ЗИЯЛЫЛАРЫ

Исабек Баршагүл Қашқынқызы
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дің стратегиялық даму
және әлеуметтік мәселелері жөніндегі проректоры, т. ғ.к., ассоц.профессор.
Наурызова Қарлығаш Қайратбекқызы
Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының оқытушысы

Резюме

Газета «Ақ жол» играет ключевую роль в исследовании истории, общественно-политической деятельности и научно-просветительских взглядов уважаемых представителей Алаш и туркестанской интеллигенции. Она выходила с 1920 по 1926 год, сначала в Ташкенте, а затем в Шымкенте, трижды в неделю. В материалах газеты освещались жизнь и социальное положение казахского народа того времени, а также политика, проводимая только что установленной советской властью. В статье раскрываются важные моменты истории Алаш, а также рассматривается роль газеты «Ақ жол» как издание, которое смело отражало правду об алашской интеллигенции.

Summary

The newspaper "Ak Zhol" plays a crucial role in exploring the history, socio-political activities, and intellectual perspectives of the prominent figures of Alash and the Turkestan intelligentsia. It was published from 1920 to 1926, first in Tashkent and later in Shymkent, with issues released three times a week. The newspaper's content addressed the daily life and social conditions of the Kazakh people during that period, as well as the policies of the newly formed Soviet government. This article sheds light on significant moments in Alash's history and examines how "Ak Zhol" served as a platform that candidly presented the truth about the Alash intelligentsia.

XX ғ. 20-жылдары қазақ тілінде шығатын газеттер мен журналдар алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып табылды. Мерзімді баспасөз, бірінші кезекте, Қазақстанда Кеңес өкіметінің қалыптасу проблемаларын насихаттауға тырысты, сонымен қатар Коммунистік партияның жетекші рөлін көрсетті. Үкімет айдарлардың мазмұнын қатаң қадағалап отырды, редакциялардан қоғам дамуының, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірдің жетістіктерінің жағымды жақтары көрсетілген мақалаларды талап етті.Үкімет пен партияның саясатын жүргізбеген газеттер мен журналдар қатаң сынға ұшырады. Алайда, қысымға қарамастан қарапайым халықтың ауыр тұрмыстық жағдайын батыл сараптай отырып**,** сол кезеңдегі әкімшіл-әміршіл жүйенің шынайы бет-бейнесін ашып көрсете алған қазақтың мерзімді басылымдары болды. Сондай белсенді басылымдардың бірі де бірегейі - «Ақ жол» газеті болды**.** «Ақ жол» газеті – ұлттық мүддеге қызмет еткен, ұлт тілегінің, арманының ақ жолын іздеген нағыз халықтық, елдік газет болып табылды.

Түркістан Республикасының атқару комитеті мен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің ресми басылымы «Ақ жол» газеті 1920 жылдың 7-желтоқсанынан бастап Ташкент қаласында аптасына үш рет жарыққа шығып тұрды. Түркістан Республикасының Қазақстанға қосылғаннан кейінгі 577-санынан бастап, яғни 1925-жылғы 19-шы маусымынан Сырдария атқару және партия комитетінің атынан Шымкент қаласында шықты.

«Ақ жол» газетіне кеңестік қоғам тұсында теріс баға беріліп, ұзақ жылдар бойы жабық тақырыпқа айналды. «Ақ жол» газеті тәуелсіздік алғаннан кейін «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында ақын, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің

иегері, Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры Ханбибі Есенқарақызының құрастыруымен, Ғалымбек Елубайұлы мен Ғалым Қасымханұлының төте араб жазуынан кириллицаға аударуымен 2011 жылы 10 томы, 2020 жылы 25 томы жарық көрді [1].

«Ақ жол» газеті Түркістан республикасы мен Қазақ автономиялық республикасына және астыртын жолмен шетелге де таралған. «Ақ жол» газетінің таралымы қаржылық, техникалық, ұйымдық себептерге байланысты бірде өсіп, бірде кеміп отырған. 1923 ж. 15 желтоқсан күнгі саны 21690 данамен тараса, 1925 ж. күзінде «Ақ жол» газетінің тиражы 3 мың данаға дейін төмендеген.

Газет сол бір аумалы-төкпелі тарихи кезеңдегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен, әлеуметтік ахуалынан, қазақ қоғамының өзекті мәселелерін барынша ашық көтеруімен, енді орныға бастаған Кеңес үкіметінің жүргізген саясатынан хабарлар берумен айрықшаланды. Мұны газеттің 1920 жылғы 7 желтоқсандағы алғашқы басылымындағы «Оқушыларға» атты мақаладан аңғаруға болады: «...Баспасөз - біздің қазақ-қырғызға жаңа жұмыс. Соңғы он жылдың ішінде ғана бас көтеріп, газет-журнал шығаруға кірістік. Газет жұмысының ілгері баса алмауының бұрынғы себептері: Халқымыздың көшпелі қалыпта болып, пошта жолының нашарлығы. Жалпы жұрттың надандығы себепті, оқушылардың аздығы. Жазушыларымыздың кемдігі. Баспаханаларымыздың жоқтығы еді... Газет туралы өткен кемшілігімізді еске түсіріп, келешек ісіміз жемісті болуына иман келтіріп, мынау «Ақ жолды» алдарыңа тартып отырмыз. Көздеген мақсатқа адастырмай тура бастайтын «Ақ жол» болғай еді» [2].

«Ақ жол» газетінің төңірегіне қазақ халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет еткен ұлт зиялылары топтасты, газеттің басшылық құрамында қызмет еткен Түркістандағы ұлттық элитаның көрнекті өкілдері: Сұлтанбек Қожанов, Қазмұхамед Құлетов, Нәзір Төреқұлов, Санжар Асфендияров, Смағұл Сәдуақасов, Міржақып Дулатов, Иса Тоқтыбаев, Тоқжігіт Байқасқаұлы, М. Қайыпназарұлы, Жүсіпбек Арыстанов болды. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов, Ғазымбек Бірімжанов, Халел Досмұхамедов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгерұлы, Мұхтар Әуезов, Қалжан және Әуелбек Қоңыратбаевтар, Бейсенбай Кенжебаев, Телжан Шонанұлы, Әлжан Байғұрин, Абдулла Байтасов, Қажым Басымов, Шамғали Сарыбаев, Біләл Сүлеев, Есім Байғасқин, Сәдуақас Баймаханов, Мәшһүр Жүсіптың баласы Әмин Жүсіпов т.б. ұлтжанды зиялылар газеттің тұрақты авторлары болды.

«Ақ жол» газетінің алғашқы редакторы көрнекті қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанов болды. Ол – саналы ғұмырын баспасөз ісіне арнап «Ақ жолда» қоғам өмірінде орын алған өзекті мәселелерге қалам тартты.

«Ақ жол» газеті Түркістандағы ұлттық идеяның орталығына айналды. Газетте қазақ-қырғыз даласындағы ашаршылық, оқу-ағарту саласындағы істер (мектеп ашу, балабақша салу, түрлі мамандық иелерін даярлау), жастар съезі, жалпы қазақ-қырғыз съезі, әйел теңдігі, қазақ даласына нәубет әкелген голощекиндік саясат, қазақ жеріне қоныс аудару, халықтан алынатын алым-салық мәселелері жазылды. Газетте Алаш зиялылары өзекті мәселелерге арналған мақалаларын бүркеншек атпен жариялап отырды.

Халықтан алынатын алым-салық туралы «Ақ жол» газетінде жазылған кейбір мақалаларды оқи отырып, Қазақстанда Кіші қазан төңкерісін ұйымдастырып, қазақ даласына нәубет әкелген голощекиндік саясаттан бұрын да қызыл үкіметтің басында отырып жөнді-жөнсіз салық салып, онсыз да шаруасы шатқаяқтап, шаңырағы шайқалған қазақ-қырғыз жұртының берекесін алған құйтұрқылардың орынсыз іс-әрекетін айыптау да жиі кездесіп отырады. Айталық, 1920 жыл 24 декабрь 6-шы санындағы ел жайынан жазылған «шошқа салығы» атты бөлімде: «Екі-үш күн болды. Шымкент үйезінің кіндік комитетінің мүшесі «н»-ден келген телеграммаға қарасақ мынадай сөз жазылған: Шымкент үйезінің азық-түлік комитетінің бастығы жолдас Кривошапов ет салығын бөлгенде, Шымкент қазақ болыстарына 300 пұттан артық шошқаның етін салған. Тым болмаса «өздеріңде шошқа болмаса, орыстардан алсаңдар да тауып беріңдер» демейді»[3].

Тарихи «Ақ жол» газеті қазақ тілінің кеңсе тілі, ресми тіл болуына да қам жейді.«Азамат» деген бүркеншік атпен жазған автор (мұны бір зерттеушілер М.Дулатұлы дейді) «Тіл мәселесі» атты мақаласында: «Бұл күнде жиһангерлік саясатынан құтылдық. Һәр халық өз тілінде оқуға, жазуға, өз тілінде тергеуге, өз тілінде тергелуге тиіс. Мемлекет зәкөннен бастап ауылнай комитеттердің ісіне шейін жазу һәр халықтың өз тілінде болу керек. Бұған, енді дау-дамай жоқ. Тек, жүзеге шығару ғана қалды. Ол үкімет өлген, бұрынғыдай енді тіл үшін, алысу-арбасудың қажеті жоқ. Сүйекке сіңген ескі дерттен құтылмай, бұл күнге шейін орыстан хатшы алып отырған болыстар бар. Мұның атын өшіріп, енді «орысшалауды» ұмыту керек. Кеңес хүкіметі қазір сауатсыздықты жоғалтпақ болып отыр. Олай болса, өзінше хат танымайтын бір азамат қалмай мекемелерде, соттарда жауап беру түгіл, заң-зәкөнді өз көзімен, өз тілімен оқи білмейтін біреуде болмасқа тиіс. Бұл мақсатқа жетудің бірден бір шарасы – һәр халықты осы жолға үндеу, түсінікті тілде үндеу. Жер-жүзіндегі езілген жұрттардың бірі біздің қазақ-қырғыз екені рас болса, бұл жұртты теңгеру үшін көзін ашып, өнер-білім үйретіп, үгіт-насихат тарту» [4].

«Ақ жол» газеті - Түркістан зиялыларын идеялық тұрғыдан топтастырушы басылым болды. Газет мазмұны мынадай айдарлардан тұрды: «Басқармадан», «Сыртқы хабарлар», «Ішкі хабарлар», «Бұйрық - жарлықтар», «Әйел теңдігі», «Жастар арасында», «Ресми бөлім», «Елден», «Басмашылар тарихы».

Газет төңірегіне топтасқан ұлттық элита өкілдерінің сол кездегі өзекті мәселелерді қозғап, қоғамдық-саяси өмірдің тәжірибелеріне баға беріп, елдің даму бағыттарына қатысты батыл ұсыныстар жасауы барысында ұлттық мемлекеттік құруға қатысты идеялар қалыптасып, қоғамдық пікір орнықты. Ал бүгінгі күнде «Ақ жол» газеті Отан тарихының құнды дереккөзіне айналып отыр.

Әдебиеттер

1. Ақ жол (газеті) көптомдық. Құраст. Х. Есенқарақызы. -1- 25 том.- Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020;
2. Ақ жол (газеті) көптомдық. 1 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.-384 б.- 28-29 бб.;
3. Ақ жол (газеті) көптомдық. 1 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.-384 б.- 129-131 бб.;
4. Ақ жол. 2-4 томдар. Алматы: «Оңтүстік Қазақстан облысының Әкімдігі Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет басқармасы Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы», 2011.-2013 жж.

УДК: 94 (575.2)

КЫРГЫЗСТАНДАГЫ БАСМАЧЫЛЫК КЫЙМЫЛ: ЖАҢЫЧА КӨЗ КАРАШ (XX кылымдын 20-30-жылдары)

Бөтөнөев Жолдошбек Советбекович,
т.и.к.,
Ош МУнун доценти,
E-mail: Joldoshbek_84_Osh@mail.ru.
Шейшенов Айдар Таалайбекович
Тарых жана чөлкөм таануу институтунун директорунун орун басары
sheishenov_aidar@mail.ru

Резюме

В данной статье излагаются некоторые новые взгляды на последствия процесса басмачество, «раскулачивания» политики коллективизации Советской власти в 20-30-гг. XX столетия.

Summary

In this article are given several views on consequences of "dispossession of kulaks" in tne collectivization policy of Soviet rule in 1920-1930 tn of XX tn century.

XX кылымдын 20-30-жылдары антисоветтик элементтер деп табылып, мал-мүлкүнөн, үй-жайынан, бир туугандарынан, бала-чакасынан, Ата-Журтунан ажырап, алыскы Украина, Россия, Түндүк Кавказ жана Казахстанга депортацияланган өз мезгилинин элита катмарын түзгөн мекендештерибиз, тагыраак айтканда байлар, бийлер, манаптар, казылар, ири соодагерлер, дин өкүлдөрү азыркы мезгилге салыштырып караганда учурдагы ири бизнесмендер, фермерлер, жеке менчик кредиттик компаниялардын, иш каналардын ж.б. жетекчилеринин жеке менчигин мажбурлоо жолу менен конфискациялоого барабар десек болот.

Эгерде азыркы күндө Кыргыз өкмөтү жеке менчик чарбалардын мал-мүлкүн мамлекеттик менчикке өткөрүү боюнча демилге көтөрүү менен анын аракетин көрүүгө киришсе, анда өлкөдө сөзсүз жарандык согуш ишке ашат.

Чындыгында эмне үчүн бирөөнүн жеке менчик чарбасынын эсебинен экинчи бир адам жашашы керек?

Совет бийлигинин ошол кездеги мындай саясатын кедей-кембагалга, жарды үй-бүлөөлөргө жагынуу менен жалпы калктын көпчүлүк пайызын түзгөн алардын колдоосуна ээ болуу менен өздөрүнүн максаттарын ишке ашырып, бийлигин сактап калуу аракети катары да караса болот.

20-30-жылдарындагы Совет өкмөтүнүн массалык коллективдештирүү мезгилиндеги антиэлиталык депортациялары тагыраак айтканда кулакка тартуу саясаты тарыхый татаал дооорлордун бири. Авторитардык, буйрукчул-командалык системага негизделген Сталиндин мындай саясаты, бүгүнкү күндө тарых илиминдеги буга чейин үстүртөн каралып, обьективдүү баа берилбей, бурмаланып келе жаткан бир топ актуалдуу маселелердин бири болуп эсептелинет. Бул маселе тарыхчылар тарабынан буга чейин, тагыраак айтканда Союздун мезгилинде партиялык идеологиянын рамкасынын чегинде гана каралып, чыныгы тарыхый окуяны аягына чейин обьективдүү ачып бере алышкан эмес.

Себеби, ошол мезгилдеги партиялык саясий система, мурдагыдай эле авторитардык-бюрократиялык система болгон. Качан гана эгемендүү республика болгондон кийин, бул жана буга окшогон бир топ саясий жана социалдык-экономикалык ж.б. маселелер кээ бир учурларда Совет бийлигинин жүргүзгөн саясатын катуу сынга алышып, тарыхчы-окумуштуулар, атайын изилдөөчүлөр тарабынан субьективизмге жол берилип, бир жактуу баа берип келгендиги дагы жок эмес.

Учурда, мына ушундай талаш маселелерди тактоо мезгили келди. Ошондуктан, бул маселени кайрадан жаңы илимий табылгалардын, тагыраак айтканда архивдик жана талаа материалдарынын негизинде, жаңыча көз карашта карап, обьективдүү баа берүү, жана айыл чарбаны реформалоодо Совет өкмөтүнүн кетирген катачылыктары менен бирге эле бүгүнкү күндүн талабына ылайык келген позитивдүү тажыйрыбасын аныктап алуу учурда актуалдуу.
Чындыгында, ал кездеги элита катмарын байлар, бийлер, манаптар, казылар, молдолор түзүшкөн.

Бирок, бул элита катмарынын өкүлдөрү ал кезде Кыргыз АССРинин жалпы калкынын аз эле пайызын түзгөнүнө карабастан кулак чарбалары катары эсептелишип өлкөдөн сырткары депортациялашкан.

20-30-жылдары Кыргызстанда жалпы калктын канча пайызын кулак чарбалары түзгөн? - деген суроо кызыгууну жаратпай койбойт.

1924-жылы 14-октябрда РСФСРдын курамында түзүлгөн Кара Кыргыз автономиялуу облусунун калкынын саны 828 300 адамды түзүп, анын 63,5%ын кыргыздар, 16,8%ын орустар, 15,4%ын өзбектер, 4,3%ын башка улуттар түзгөн[3, 56-бет]. Мисалы, салык эсебинин маалымматтары боюнча, 1928-1929-жылдарда Кыргызстанда 3406 гана кулак чарбасы болгон (дыйкан чарбаларынын жалпы санынын 1,8 пайызы). Бул деген сөз кулак чарбалары дээрлик жокко эсэ десе болот. Баардыгы болуп жеке капиталисттик укладдын үлүшүнө Кыргызстандын бардык дыйкан чарбасынын 3,6 пайызына туура келет. Директивалык документтерге ылайык республиканын бардык дыйкан чарбасынын 3-5 % кулакка тартылган[3, 56-бет]. Бул тапшырманы аткаруу жана ашыра аткаруу үчүн бийликтин жергиликтүү органдары фактыларды атайылап бурмалоо менен иш жүргүзүшкөндүгү, керектүү сандагы «кулак чарбаларын» «издешкендиги жана табышкандыгы» түшүнүктүү. Натыйжада орто чарбалардын кыйла бөлүгү кулакка тартылган. Бул деген сөз, ошол кездеги бийликтин кошоматчылык акыйкатсыз саясат жүргүзгөнүнөн кабар берет.

20-30-жылдары кулак чарбаларына мамлекет кандай мамиле кылган? деген суроо чындыгында кызыгууну жаратат. Кулактарды колхоз-совхоздордон тазалап, өлкөдөн сырткары депортациялоодо атайын токтомдорду чыгарышып, директиваларды кабыл алышып, ошонун негизинде иш алып барышкан.

Мисалы, 1931-жылы 29-июнда ВКП (б) БКнын Орто Азиялык бюросу “Кулак чарбаларын көчүрүү жөнүндө” директивасы чыккан. Директивага ылайык августан – сентябрга чейинки аралыкта Орто Азиядан Украинага, Түндүк Кавказга 6 миң кулак чарбалары көчүрүлсө, анын 700 дөн ашыгын Кыргызстандык кулак чарбалары түзгөн[1, 101-бет]. 1932-жылдын 3-декабрындагы ВКП (б) нын Кыргыз Обкомунун “Колхоздорду кулак жана бай-манаптардан тазалоо жөнүндө” токтому да коллективдүү чарбалардын социалдык курамын бай-манап жана кулак чарбаларынан тазалоодо абдан чоң мааниге ээ болгон.

Кыргыз айылдарында антиэлиталык депортациялар же кулакка тартуу процесси кандай ишке ашты? – деген суроо дагы көпчүлүктүн кызыгуусун жаратат.
1927-1928-жылдардагы жер – суу реформаларынын башталышы менен антиэлиталык депортациялар же кулака тартуу процесси коштолгон.
1927-жылы 15-декабрда Жалал-Абад кантонунун Көкарт волостунда өткөн активисттердин жыйынында Алимбеков аттуу байдын 134 танап сугарма жана 40 танап кайрак жери тартылып алынса, 16-декабрда Көк-Жаңгак кыштагында 3 бай чарбасы ликвидацияланып, алардын 99 гектар сугарма жана 142 гектар кайрак жери, айыл чарба инвентарлары жана курулуштары тартылып алынган. Ошол жылдын 21-22-декабрында ошол эле кыштакта дагы 12 бай чарбаларынын мал-мүлкү конфискацияланган. Ошентип, жалпы 15 бай чарбасынан 2160 танап сугарма жана 2007 танап кайрак жери тартылып алынган.
Ал эми, Багыш айылдык кеңешинде 27 бай чарбасы ликвидацияланган.
Жалпысынан 1927-жылдын 14-декабрынан – 27-декабрына чейин райондо биринчи Көкарт волостунда (Багыш, Үчмалай, Таран-Базар айылдык кеңештеринде) 46 бай чарбалары ликвидацияланган[1, 101-бет].

Мындан сырткары Ош кантонунан 96 бай, 169 ири соодагер жана башка эмгекчи эмес чарбалар ликвидацияланган жана 2240 чарба жабыркаган. Жалал-Абад кантонунан 182 бай, 50 ири соодагер жана башка эмгекчи эмес чарбалар ликвидацияланган жана 1207 чарба жабыркаган. Ош жана Жалал-Абад кантонунан биригип жалпы 278 бай, 219 ири соодагер жана эмгекчи эмес чарбалар ликвидацияланган жана 3447 чарба жабыркаган [1, 101-бет].

1927-1928-жылдары жүргүзүлгөн жер-суу реформасы чындыгында, антиэлиталык депортациялардын биринчи этабы болгон десек туура болот. Ал эми 1929-жылдан 1934, 1935-жылдарга чейинки мезгил бул экинчи этап, 1936, 1937, 1938-жылдардагы кандуу репрессиялар антиэлиталык депортациялардын үчүнчү этабын толуктайт десек жаңылышпайбыз.

Тарыхта баарыбызга маалым болгондой 1937-1938-жылдардагы кандуу репрессиялардын курмандыктары так ушул 1927-1935-жылдары антисоветтик элементтер, кулак чарбалары деп аталып депортациялангандардын балдары, же болбосо ата теги бай-манап, кулак, молдо болгон деген жалаалар репрессиялангандардын бирден-бир айыбы катары угузулган.

Антиэлиталык депортациялардын экинчи этабы бул чындыгында 1929-жылдын жай айларында И. Сталин “туташ коллективдештирүүнүн” ураанын жарыялаган. 1930-жылы 5-январда ВКП (б) Борбордук Комитети “Коллективдештирүүнүн темпи жана колхоз курулушуна мамлекеттик жардам көрсөтүүнүн чаралары жөнүндө” токтом кабыл алган. Анда коллективдештирүүнүн мөөнөтү бекитилип, ал сталиндик административдик-буйрукчул системанын жетекчилиги алдында жүргүзүлгөн. 1930-жылы январь-февраль айларында коллективдештирүү өтө тез темп менен жүргүзүлүп, 1929-жылы дыйкандардын 6,6% гана колхоздорго кирген болсо, 1930-жылдын мартында бул көрсөткүч 37,2% га жеткен [3, 52-53-беттер].

Бирок, Сталиндин мындай административдик-буйрукчул системасынын алкагында күч колдонуп мажбурлоо жолу менен жүргүзүлгөн коллективдештирүү саясатына каршы болгон, колунда бар оокаттуу үй-бүлөөлөрдү (бай-манаптарды), дин өкүлдөрүн антисоветтик элементтер, кулак чарбалары катары эсептеп депортациялашкан.

Мисалы, 1929-жылдын 13-апрелиндеги Ош округдук Жер Борборунун №31-токтомунун негизинде Ош округундагы 12 манапты көчүрүү маселеси каралып, ал “жашыруун” документ катары сакталган. Ал документте төмөндөгү манаптардын аты-жөнү, жашаган дареги, мал-мүлкү туурасында маалымат берилген: Бул маалыматка ылайык, Молдо Кубак Таджиев батрактар менен кедейлерди эксплуатациялоонун негизинде ири чарбага жетишкен. Молдо Кубак Таджиевдин жалпы 100 танап жери конфискацияланса, анын 20 танабы Секелек жана 80 танабы Кара-Кулжадан болгон. Конфискацияланган мүлк 6 аттан, 3 букадан, 1 коргондон, 1 кыргыз үйдөн, 1 үй, 1 жылкы, 1 сандык ж.б., жалпы суммасы 1549 рублди түзөт. Молдо Кубак Таджиевдин конфискацияланган мал-мүлкү “Жашоо” (“Жизнь”) деген артелге өткөрүлүп берилген.

Ал эми, манап Маткасым Асанов (Мухаммед Касым Хасанбаев) Өзгөн районунун Кара-Кочкор айылынан болгон. Ал ар дайым жергиликтүү кедейлерди совет бийлигине каршы үндөгөн. Кара-Кочкор айылынын кедейлери Маткасым Асанов мурдагы “казы” катары, учурдагы совет бийлигине каршы активдүү иш аракеттерди жүргүзгөндүгү үчүн, Кыргызстандан сырткары көчүрүлсүн деген чечим кабыл алышат. Ошондой эле анын 500 рублдик 1 үйү, 10 рублдик 1 кроваты, 1115 рублдик 15 аты, 9 баш ири мүйүздүү малы, 1 кыргыз үйү, 1 умывальниги ж.б., жалпы суммасы 2089 рубль. Маткасым Асановдун Адыр-Кыштактагы жери ошол жердеги артелдеги батрактарга өткөрүлүп берилген.

Мындан сырткары, Ойтал-Алайку айылдык кеңешинин Кызыл-Жар айылынан Кожомбердиев Түлөкө казы, Кыдыршаев Бекташ казы, Жаныгулов Кулашбай манап, Ишев Нурмат молдолордун мал-мүлкүн төмөндөгүдөй тартипте конфискациялоо менен кулакка тартылышкан:

14-февралда Ойтал-Алай-Куу айылдык кеңешинин активинин жыйыны болуп, анда Кыргыз Өкмөтүнүн “бир кыйла коркунучтуу манаптарды көчүрүү” жөнүндөгү токтомун талкуулашкан. Талкуунун жыйынтыгында бир кыйла коркунучтуу манаптар катары Кожомбердиев Түлөкө казы, Кыдыршаев Бекташ казы, Жаныгулов Кулашбай манап, Ишев Нурмат молдолор табылган. Бул жыйынга жалпы 14 адам катышып, анын ичинен 3 адамдан турган комиссия

түзүлгөн. Бул комиссия жогоруда аталган манаптардын мал-мүлкүн конфискациялоо максатында түзүлгөн. Жаныгулов Кулашбайдын жалпы суммасы 6 455 рублдик, Кожомбердиев Түлөкө казынын 7591 рублдик мал-мүлктөрү конфискацияланып алынып, алардан алынган мал-мүлктөрдүн негизинде 22-февралда “Кызыл-Чегара” (“Красная граница”) айыл-чарба артели түзүлгөн [4, 158-161-беттер].

1929-жылы Ош кантонунан кулакка тартылган 7 бай-манаптын жалпы суммасы 67 957 рубль 50 тыйындык мал-мүлкү конфискацияланган: 22 860 рублдик 302 ат, 6 858 рублдик 159 ири мүйүздүү мал, 1 820 рублдик 14 төө, 25 789 рублдик 1 950 кой-эчки, 933 рублдик 25 уй, 6 735 рублдик 34 ар кандай курулуш, 91 рублдик 6 эшек, 158 танап жер, 30 рублдик 1 тикме машина, 155 рубль 50 тыйындык 25 ар түрдүү айыл-чарба шаймандары, 115 рублдик 8 кийим ж.б. алынган [4, 158-161-беттер].

Мына ушул жогоруда аты аталган 12 бай-манаптан сырткары Алай районунун Сары-Булак айылдык кеңешинин жашоочусу бай-манап Алимбеков Мати миң башы, Өзгөн районунан Баймырзаев Юсупбай казылар (Жусупбай) ОГПУ тарабынан камакка алынып, мурдагы 12 манапка кошулуп Оренбург шаарына айдалышкан [4, 158-161-беттер].

Жыйынтыктап айтканда, мындай тарыхый фактылар жүздөп кездешет. Совет бийлигинин акыйкатсыз, күч колдонуу менен жүргүзгөн антиэлиталык депортациясынын натыйжасында өткөн кылымдын 20-30-жылдары Кыргызстандын алдыңкы элитасы эсептелген байларыбыз, бийлерибиз, манаптарыбыз, казыларыбыз, молдолорубуз, ири соодагерлерибиз ж.б.

Макаланын акырында Сталиндик саясаттын алгачкы жана кайталангыс курмандыктарына айланышкан инсандарыбыздын буга чейин жарыкка чыга элек сүрөттөрү (архивдик фото документтер) тиркелген.

Ал эми бул теманын үстүнөн изилдөөлөрдү дагыда жүргүзүү бул келечектин иши деп эсептейбиз.

Басмачылык кыймылдардын генезиси

1917-жылдын февраль айындагы Россия империясында жүз берген революциянын натыйжасында акыркы император Николай II тактан кулап, империянын курамында жашап, анын запкысын жеген элдер менен саясий топтор белгилүү деңгээлде эркиндикке чыккандай эле болгон.

Империянын курамында жашап келген саясий топтор баш көтөрүшүп, басма сөз каражаттары эркиндикке чыгып, үмүттүн шооласы жанган.

Падышалык бийликтин кулагандыгы тууралуу алгачкы кабар кыргыз жергесине март айынын алгачкы күндөрү гана келген.

Революциянын шарапаты менен Кыргызстандын Пишпек жана Ош сыяктуу уездик борборлорунда ошондой эле эмгекчилер топтолгон башка аймактарында дагы байма-бай демонстрациялар жана митингдер өтүп, бир топ талаптар коюлган. Мына ушундай окуялардан кийин март айын башында Пишпектеги, Караколдогу жана Оштогу түрмөдө жаткан 500гө жакын саясий камактагылар эркиндикке чыгышкан.

Падышалык бийликти кулаткандан кийин, анын ордуна түзүлгөн Убактылуу өкмөттүн курамына кайрадан эле мурдагы падышалык бийликтин саясатын колдогон саясий топ гана кирип, жумушчулар менен дыйкандар сырта калган. Жалпы эл көптөн күткөн февраль революциясы саясий эркиндикти бергени менен дыйкандар менен жумушчулар эңсеген негизги маселелерди чече алган жок.

Мурдагы Россия империясынын башка аймактарындай эле Борбордук Азия, анын ичинде Кыргызстанда дагы падышалык бийлик кулаганы менен анын колониялык саясаты улана берген. Ошол кездеги Убактылуу өкмөттүн башчысы Керенский Түркстандын аймагына колония катары мамиле кылып, аймакта мурдагы генерал-губернатор Куропаткин баш болгон эски чиновниктердин бийлиги өкүм сүргөн.

Мисалы, 1916-жылдагы Кыргызстандагы «Үркүн» деген ат менен тарыхта белгилүү болгон улуттук боштондук көтөрүлүшүндө мурдагы падышалык бийликтин камчысын чаап, өзгөчө эрдик көрсөтүшкөн Шеболин, Занемовский, Дряхлов, Ходосовдор уездик комиссарлар болуп дайындалышып, жергиликтүү элге карата ашынган улутчулдук саясаттарын уланта беришкен.

Элдин үмүтүн актабаган февраль революциясы жергиликтүү элдин, дыйкандар менен жумушчулардын күндөн-күнгө нааразычылктарын жаратып, улуттук-боштондук мүнөздөгү саясий күчтөрдү бириктирген Кыргыз коомдук комитети, Мусулман жумушчулары менен чайрыкерлеринин депутаттарынын Совети өңдүү уюмдарга бириге башташкан.
Борбордук Россиядан айырмаланып, Кыргызстанда жумушчулар менен солдаттардын депутаттарынын Советтеринен, Убактылуу өкмөттүн комитеттеринен жана жергиликтүү элдин улуттук мүнөздө түзүлгөн Кыргыз коомдук комитеттеринен турган үч бийликтин жашоосу өкүм сүргөнү менен, реалдуу бийлик Убактылуу өкмөттүн колунда кала берген.
Убактылуу өкмөттүн саясатына нааразы болгон жумушчулар 1917-жылдын июнь айынын башында Ташкентте 1000ге жакын адам катышкан атайын чоң жыйын өткөрүшүп, өкмөттүн саясатына каршы уюштуруу бюросун түзүүгө жетишишкен.
1916-жылы Кытайга качка кыргыздар падышалык бийликтин кулаганын уккан соң абдан чоң үмүт менен Кыргызстанга кайта башташкан.
Бирок, тилекке каршы алардын көпчүлүгү жолдо каза болушуп, 60 миңдин айланасында гана адам Кыргызстанга кайтып келишкен. Кайтып келген кыргыздарды дагы Убактылуу өкмөттүн Түркстан комитети 1916-жылдагы улуттук-боштондук күрөшкө катыштыктары бар деп эсептешип, аларга карата жазалоону токтотушкан эмес.
Ошентип 1917-жылдын жаз жана жай айларынан баштап Кыргызстандын аймагында кыргыз-казак жана кыргыз-өзбек элиталарынын башын бириктирген «Алаш», «Шуро-и-ислам» өңдүү алгачкы саясий партиялар түзүлө баштаган. Бирок, бул партиялардын саясий жашоосу көпкө узаган эмес, тагыраак айтканда «Шуро-и-ислам» партиясы 1918-жылы, «Алаш» партиясы 1920-жылы жоюлган.
Жергиликтүү лидерлер алгачкы аракеттеринин ийгиликсиз болуп калгандыгына карабастан «Социал-Туран» партиясынын жергиликтүү уюдарын түзүү аракетин көрүшкөн. Бирок, партия толук кандуу түзүлүп, өз ишин баштай электе эле контрреволюциячыл уюм катары ишмердүүлүгүн жүргүзүүгө тыюу салынган.
Мындан кийин деле бир топ аракеттер болуп, солчул эсерлер партиясы жана «Букара» союзу өңдүү саясий бирикмелер Убактылуу өкмөткө атайын талаптарды коюп чыгышканы менен Убактылуу өкмөт алардын бир дагы талаптарын аткарган эмес.
Ошентип, Кыргызстанда 1917-жылдын февралынан – октябрына чейин саясий кырдаал курч бойдон калып, качан гана 25-октябрда (7-ноябрь) большевиктер партиясы менен Аскердик-революциячыл комитет Убактылуу өкмөттү кулаткандыгын жарыя кылгандан кийин, Кыргызстанда кайрадан жакшы жашоонун жышааны сезилип, Совет бийлиги акырындык менен Кыргызстандын бардык аймагында орноп баштайт.
Октябрь революциясынын натыйжасында бийликтен кулатылган мурдагы Убактылуу өкмөттүн тарапташтарынын жаңы түзүлгөн Совет бийлигине куралдуу каршылык көрсөтүүлөрү бүтүндөй Советтик Россиянын аймагында, анын ичинде Кыргызстанда дагы жарандык согуштун чыгышына алып келип, ал 1918-жылдан башталып, 1920-жылдын аягына чейин созулган.
Жарандык согуш бүтүндөй Фергана өрөөнүндө жана Кыргызстандын түштүк аймагында **«басмачылар»** деген ярлык тагылган жергиликтүү лидерлерге каршы туура эмес багытталып калган эле.
Бирок, тарыхта Совет бийлигинин жергиликтүү элге карата акыйкатсыз жүргүзгөн саясатына каршы чыккан лидерлерине «басмачылар» деген ярлык тагып, алардын аракеттерин реакциячыл мүнөздөгү кыймыл катары бир жактуу туура эмес баа берип коюшкан.
Алардын пикири боюнча басмачылар деген категорияга байларды, дин өкүлдөрөн ж.б. социалдык топторду кошушуп, дин кызматкерлери аларды идеялык жактан колдоп, динди беттерине кармашып, Совет бийлигине каршы карапайым элдин баштарын айлантышкан жана аларды империалисттик мамлекеттер, өзгөчө Англия ар тараптан колдогон деп эсептешкен.
Англияга окшогон империалисттик мамлекеттер «пантүркизм» жана «панисламизм» идеяларын дагы пайдаланышкан деп ойлошот.

Аларга карапайым, эмгекчи элдерди, айыл-кыштактарды талап-тоношкон, өрттөп жок кылышкан, күнөөсү жок адамдарды, жумушчуларды өлтүрүшкөн, мамлекеттик ишканаларды талкалап, өрттөшкөн деген ж.б. шылтоолорду коюшкан.
Алар өзгөчө контрреволюциячылар болгон деп эсептешип, аёосуз куугунтукка алышып, аларга каршы ачык эле согуш жарыялашкан.
70 жылдай Советтик тарыхнаамеде биз аларды басмачылар деп окуп, басмачылар деп таанып, алардын урпактарын жек көрүп келгенибиз дагы тарых.
Кыргызстан Эгемендүүгүн алганына 30 жылга чукулдап калса дагы, кыргыз тарыхынын актай баракторын, күнгөй жана тескей жактарын Россиядан же башка коңшу мамлекеттерден жалтандабай өз алдынча иликтей албай келебиз.
Тарыхта басмачылык кыймылы деген ат менен келе жаткан бул чоң тарыхый окуяга тарыхчылар менен коомчулук ар кандай көз карашта баа берип келишет.
Мен дагы бул тарыхый окуяга тарыхчы катары колумдагы тарыхый табылгаларга жараша кыскача токтолуп өтүүнү туура көрдүм.
Эмесе, сөз башынан болсун!
«Басмачы» деген сөз кандай маанини түшүндүрөт? «Басмачы» деген категорияга кимдер кирген? Басмачылык кыймыл качан жана эмне себептен чыкты? Басмачылык кыймылдын кыймылдаткыч күчү кимдер болгон? Алардын канча колдоочулары болгон? Ким деген лидерлери болгон? Алар эмне менен алек болушкан? Алар элге, мамлекетке кандай эмгек кылышкан? Алардын кийинки тагдырлары кандай аяктады? Алар тарыхтан кандай орун алышты? Алардын урпактарына бүгүнкү күндө коомчулук кандай мамиле кылат? ж.б. суроолорго жооп издеп көрөлү.
Бул жогорудагы бир топ суроолор абдан маанилүү суроолор. Бул суроолорго бүгүнүкү күнгө чейин конкреттүү так, калыс баа бере албай келебиз. Ушул күнгө чейин Кыргызстанда жогорудагы суроолордун баарына жооп берген конкреттүү бир дагы илимий фундаменталдык эмес, жөнөкөй жеңил-желпи жазылган Ата мекендик эмгек жок экендигине карабастан көтөрүлгөн маселе боюнча төмөнкү маалыматтар менен бөлүшүүнү туура деп эсептейбиз:
Мисалы, Фергана өрөөнүндөгү жана анын ичинде Кыргызстандагы басмачылык кыймылдын лидерлери катары төмөнкү инсандарды белгилөөгө болот:
Фергана өрөөнүндөгү совет кошундарына каршы аракет кылган корбашылар:
А). Алай өрөөнүнөн: Нурмат минбашы, Хамракул (Нурмат минбашынын пансады), Манас, Хакимбек, Корабай Туксабо, Молдо Шади.
Б). Ош уездинен: Аскар (Мойдунбектин, көбүрөөк Жолчунун пансады), Бобожон жүзбашы, Кулдош (Колдош, Б.Ж.), Йулбарс (Жолборс, Б.Ж.), Даврон (Шермухаммадбектин корбашысы), Пулат (Ахмад палвандын пансады).
В). Наманган районунан: Дадабой лашкарбашы, Ак Молдо (Баястандын санаалашы), Шосалим жүзбашы, Туйчи палван, Шойидбек пансад, Курбон Али, Тухта Назар, Сүюнбек жүзбашы, Бутабек, Усмонбек (Баястандын жүзбашысы), Рахмонбек жүзбашы, Кодиркул, Хожибой жүзбашы, Парпи молдо, Абдукосим, Марал жүзбашы, Журабек, Ирисбой жүзбашы, Ахмадбек пансад (Ёкуббектин санаалашы), Ёкуббек (камакка алынган), Бойтуман ажы (лашкарбашы), Худойберди (Дадабойдин тууганы), Абдугафур, Абдурахмон молдо, Бокижон, Эшмат Бойватча, Ахмаджон (Дадабойдын жүзбашысы), Абдукарим, Дадабой миңбашы, Козокбай миңбашы, Тухли пансад, Худойберген жүзбашы, Хужам Берди, Абдулла жүзбашы, Ахмад Али молдо, Султон (Баястандын санаалашы), Баястон Амир-лашкарбашы, Турду Али (Баястандын пансады), Отахон пансад, Юсуфбой жүзбашы, Абдулла (Бойтумандын жүзбашысы), Дада Мирза, Мамажон, Мирзокул, Ирисбой (Бойтумандын жүзбашысы), Жура Дардак (Аман палвандын үзөңгүлөшү).
Мына ушул жогоруда аттары аталган инсандарга окшош эле куугунтук жеп, атууга кеткен белгилүү Атантаев Сатылган тууралуу төмөнкүдөй маалымат кездешет:
Атантаев Сатылган, 56 жашта, Кызыл-Жар районунун Караван айылынын жашоочусу, улуту кыргыз, Кыргыз АССРнин жараны, үй-бүлөөлүү, билимдүү, бай-манап, жер-суу реформасы

учурунда мал-мүлкү конфискацияланган, соттолгон эмес, төмөнкү кылмыштары (күнөөлөрү) менен айыпталган:
А).1928-жылдын күзүндө Носирхонтөрөнүн жетекчилигиндеги басмачылар кыймылына кошулган, сентябрь-октябрь айларында аймакты жакшы билгендиги үчүн басмачыларды кызыл аскерлердин бир канча соккуларынан сактап калган.
Б). 1929-жылдын октябрь айында, басмачылар жеңилген соң, Носирхонтөрө менен чогуу жашыруун жолдор менен совет бийлигин кулатуу үчүн Носирхонтөрө менен козголоңчулар группасын түзүүгө активдүү катышкан.
В). 1930-жылдын 2-июнунда Каратог (Кара Тоо) аймагында кызыл аскерлердин отрядтары менен болгон салгылашууга катышып, жарадар болгон корбашы Истамбекти алып чыккан, аларды кууп келген отрядтан жашырган.
Мына ушул иштери үчүн Өзбек ССРнин кылмыш-жаза кодексинин 58-67-беренелеринде көрсөтүлгөн кылмыш белгилери менен кармалып, соттолгон. Күнөөсүн мойнуна алган.
Носирхонтөрө менен чогуу 18 адамдын ичинде АТУУГА ӨКҮМ ЧЫГАРЫЛГАН.
Төмөнкү сүрөттө 2 саны менен көрсөтүлгөн Атантаев Сатылган, 1 саны менен көрсөтүлгөн Носирхонтөрө.

Басмачы деген ат менен белгилүү болгон Өзбек ССРнин КЫРГЫЗ ЖАРАНДАРЫ.
1. Балтабай Орозалиев, 50 жашта, Наманган районунун Кызырават айылынан, кыргыз, Өзбек ССРнин жараны, бай дыйкан, табыптык кылган. Үйлөнгөн, сабатсыз, мурда соттолгон эмес.
2. Эсенбай Оразалиев, 49 жашта, Наманган районунун Кызылрават айылынан, кыргыз, Өзбек ССРнин жараны, 6 жыл имамдык кылган. Акыркы убактарда дыйканчылык менен алектенген, бай, үйлөнгөн, сабаттуу, соттолгон эмес. Басмачылардын жардамчысы катарында Насырхантөрө жана Истамбектин кылмыш иштерин билген. Алардын куугунтуктоолордон качышына жардам берген.
Балтабай жана Эсенбай Орозалиевдер Өзбек ССРнин кылмыш-жаза кодексинин 14/78-беренесинде көрсөтүлгөн кылмыш иштерине байланыштуу айыпталышып камакка алынышкан.
Yesenkarakyzy has worked tirelessly to document and preserve these oral traditions. She has spent decades collecting and recording epic poems, such as the Manas and Kozy Korpesh-Bayan Sulu, which are central to the Kazakh cultural tradition. According to Tulegenova (2018), “Yesenkarakyzy’s work in preserving oral traditions has been invaluable, ensuring that the epics of the Kazakh people are not lost to future generations” [p. 60]. Through her efforts, these works have been transcribed, published, and studied, making them accessible to both Kazakh speakers and international audiences.

In addition to documenting oral traditions, Yesenkarakyzy has also played a critical role in translating Kazakh folk literature into other languages. This not only helps preserve the content but also introduces Kazakh culture to the global community. As she notes, “It is crucial to ensure that the stories and wisdom of our ancestors are accessible to the world, so they are not forgotten” [Yesenkarakyzy, 2019, p. 112].

2. **Revitalizing Traditional Music and Arts**

Traditional Kazakh music, particularly the playing of instruments such as the dombra and kobyz, has always been integral to the country’s cultural heritage. However, during the Soviet period, the promotion of Western classical music and Russian cultural forms led to the decline of indigenous musical traditions. Yesenkarakyzy has been a leading advocate for the revitalization of these traditional arts, emphasizing their importance in shaping national identity.

Yesenkarakyzy has worked closely with musicians and cultural institutions to promote the performance of Kazakh folk music and ensure the survival of traditional instruments. According to Jalilova (2022), “Yesenkarakyzy’s efforts to revive interest in the dombra and kobyz have been instrumental in keeping these instruments alive and relevant in modern Kazakhstan” [p. 45]. She has also supported programs to train young musicians and foster an appreciation for traditional Kazakh music among younger generations.

In addition to music, Yesenkarakyzy has advocated for the preservation of other traditional crafts, such as Kazakh embroidery and weaving. These crafts, which are symbolic of Kazakhstan’s nomadic heritage, were at risk of fading into obscurity. Yesenkarakyzy’s promotion of these arts has ensured their continued practice and transmission to new generations. As Tulegenova (2018) observes, “Her work has transformed these crafts from relics of the past into vibrant expressions of contemporary Kazakh culture” [p.64].

3. **Promoting the Kazakh Language**

One of Yesenkarakyzy's most significant contributions to the preservation of Kazakh identity is her work in promoting the Kazakh language. Under Soviet rule, the Kazakh language was increasingly marginalized, and Russian became the dominant language of government, education, and everyday life. Yesenkarakyzy has been a vocal advocate for the revival of the Kazakh language, particularly in the areas of education, literature, and media.

Yesenkarakyzy has worked with educational institutions to promote the teaching of Kazakh to younger generations. She has also been involved in policy discussions aimed at reintroducing Kazakh as the primary language of government and public life. "Language is the soul of a nation," she argues. "Without our language, we lose our connection to our past, our identity, and our future" [Yesenkarakyzy, 2019, p. 117].

Her advocacy for the Kazakh language extends beyond its role in daily life; she has also emphasized the importance of maintaining Kazakh as a literary language. By supporting Kazakh-language publications and promoting the translation of global works into Kazakh, Yesenkarakyzy has helped ensure that the Kazakh language remains a living, evolving force in the cultural landscape.

Cultural Diplomacy and Global Advocacy

Yesenkarakyzy's contributions to Kazakh cultural preservation are not confined to the borders of Kazakhstan. She has also been involved in international cultural diplomacy, working to raise awareness of Kazakh culture on the global stage. Through her participation in cultural festivals, academic conferences, and collaborative projects with other Central Asian nations, Yesenkarakyzy has helped showcase Kazakhstan's rich cultural heritage to the world.

As Brown (2005) notes, "Yesenkarakyzy's work has positioned Kazakhstan as a leader in the preservation of Turkic and Central Asian cultural traditions" [p. 85]. By building networks with international scholars, artists, and cultural institutions, she has contributed to the recognition of Kazakhstan's unique cultural contributions on the world stage.

Challenges and Contemporary Relevance

Despite the successes of Yesenkarakyzy and other cultural figures, Kazakhstan continues to face significant challenges in preserving its national identity. The forces of globalization, the continued dominance of the Russian language, and the rise of Western cultural influences present ongoing threats to the survival of traditional Kazakh culture. Moreover, the rapid pace of modernization and urbanization has led to a generational divide, with younger Kazakhs often less engaged with their cultural heritage.

To address these challenges, Yesenkarakyzy has emphasized the importance of cultural education and the integration of traditional practices into modern life. "Our traditions should not be seen as relics of the past," she argues, "but as living, evolving parts of who we are as a people" [Yesenkarakyzy, 2019, p. 120].

Khanbibi Yesenkarakyzy's contributions to the preservation of Kazakhstan's national identity are multifaceted and far-reaching. Through her work in literature, music, arts, and language, she has helped ensure that the rich cultural heritage of Kazakhstan continues to thrive in the post-Soviet era. As Kazakhstan navigates the complexities of modernization and globalization, the role of cultural figures like Yesenkarakyzy remains crucial to the ongoing project of national cultural renewal. Her work is a testament to the enduring importance of cultural preservation in shaping national identity and ensuring the survival of a people's history, language, and traditions.

References

1. Brown D. The Soviet Era and the Cultural Suppression of Kazakhstan. Oxford University Press. 2005.
2. Jalilova A. Khanbibi Yesenkarakyzy and the Revival of Kazakh Folk Traditions. Almaty Press. 2022.
3. Smith R. The Soviet Legacy in Central Asia: The Case of Kazakhstan. University of Chicago Press. 2000.

4. Tulegenova Z. Kazakh Epic Poetry: Preservation and Transmission. Kazakhstan National University Press. 2018.
5. Yesenkarakyzy Kh. Reflections on the Role of Language in National Identity. Kazakh Academy of Sciences. 2019.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Утеулиева Каракоз Оспановна
Шымкент каласы, №137 ЖОББМ КММ тарих және география пәні мұғалімі

Резюме

Алашское движение – это политическое и культурное движение начала XX века, которое стало важным этапом в формировании национального самосознания казахского народа. Его участники боролись за создание независимого казахского государства, защиту национальных интересов, развитие образования и науки. Лидеры движения, такие как Алихан Букейхан, Ахмет Байтурсынов, Миржакып Дулатов и другие, внесли значительный вклад в укрепление национального самосознания, сохранение

Summary

The Alash movement was a significant political and cultural movement in the early 20th century that played a pivotal role in shaping the national identity of the Kazakh people. Its leaders aimed to establish an independent Kazakh state, protect national interests, and promote education and science. Prominent figures such as Alikhan Bukeikhan, Akhmet Baitursynuly, and Mirzhakyp Dulatuly contributed immensely to strengthening national consciousness, preserving the Kazakh language, culture, and traditions. This study explores the historical significance of the Alash movement and the legacy of its leaders in the development of Kazakh national identity and cultural renewal.

Алаш қозғалысы – XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық санасын жаңғыртып, ұлт-азаттық идеяларын алға тартқан саяси және мәдени-рухани қозғалыс. Бұл қозғалыс ұлттың бірегейлігін сақтау, тәуелсіздікке қол жеткізу, заманауи білім мен ғылымды дамытуға бағытталған. Алаш қозғалысы қазақ халқының ұлттық танымының жаңа деңгейге көтерілуіне және оны жаңғыртуға шешуші әсер етті.

XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының тарихи маңызы

1. Ұлттық мемлекет құру идеясы

Алаш қозғалысының негізгі мақсаты – қазақ халқының саяси тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, ұлттық мемлекет құру. Бұл мақсат Алашорда үкіметін (1917-1920 жж.) құру арқылы іске асырылуға тырысты. Алаш автономиясы қазақ халқының жерін, тілін, дінін, мәдениетін сақтауды және дамыту мақсаттарын көздеді.

2. Қазақ халқының саяси құқықтарын қорғау

Алаш қайраткерлері қазақ халқының Ресей империясының отаршыл саясатына қарсы күресіп, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайын жақсартуды талап етті. Олар қазақ жерінің тұтастығын, жерге иелік құқығын сақтауды, ұлттық мүдделерді қорғауды басты міндет ретінде қойды.

3. Заманға сай білім мен мәдениетті дамыту

Алаш қозғалысы ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртуға ерекше көңіл бөлді. Олар заманауи мектептер ашып, оқулықтар жазды, қазақ тілінің әдеби нормаларын қалыптастырды. Бұл ұлттық таным мен мәдениетті жаңғыртуға зор ықпал етті.

Алаш зиялылары заманға сай білім мен мәдениетті дамытуда үлкен рөл атқарған тұлғалар болды. XX ғасырдың басында, қазақ қоғамының өзгерістер мен жаңа замандағы

талаптарға бейімделуі қажеттілігі туындаған кезеңде, Алаш қозғалысы білім мен мәдениетті дамытуға баса назар аударды.

Алаш зиялыларының көзқарастары мен идеяларының негізі бірнеше маңызды бағытта болды:

1. Білімділікті арттыру: Алаш зиялылары қазақ халқының сауатын ашуға, жаңа білім беру жүйесін қалыптастыруға күш салды. Олар жаңа мектептер мен оқу орындарын ашып, жастарды батыстық біліммен таныстыруға ұмтылды. Мұндай мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, математика және басқа да пәндер оқытылды.

2. Қазақ тілін дамыту: Алаш зиялылары қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеді. Олар қазақ тілінде әдебиет пен ғылымның дамуын қамтамасыз ету үшін көп күш жұмсады. Бұл бағытта Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхан сияқты тұлғалар айтарлықтай үлес қосты.

3. Мәдениет пен өнерді қолдау: Алаш зиялылары қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін сақтап, оны жаңаша дамытуға талпынды. Олар қазақтың музыкалық өнері, әдебиеті мен театрын дамытуға көп көңіл бөлді.

4. Ұлттық тәуелсіздікті қамтамасыз ету: Білім мен мәдениетті дамыту арқылы, Алаш зиялылары ұлттың тәуелсіздігі мен болашағын қорғауды мақсат етті. Олар қазақ халқын жаңа заманға лайықты ұлт ретінде қалыптастыру үшін ұлттық сананы оятуға тырысты.

Алаш зиялыларының білім мен мәдениетті дамытуға қосқан үлесі тек сол дәуірмен шектелмей, қазіргі Қазақстанның мәдени және білім беру жүйесінің қалыптасуына негіз қалады.

4. Демократиялық құндылықтарды насихаттау

Алаш қозғалысы демократиялық қоғам құрудың негізін қалады. Олар парламенттік басқару жүйесін енгізуді, заңның үстемдігін қамтамасыз етуді, әйелдер мен ерлердің тең құқықтарын сақтауды ұсынды.

Алаш зиялыларының ұлттық танымға қосқан үлесі

Алаш қозғалысы қазақ зиялыларының үлкен тобының жетекшілігімен жүзеге асырылды. Бұл тұлғалар өз шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметі арқылы қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыру мен дамытуға үлкен үлес қосты.

1. Әлихан Бөкейхан.

Қазақ халқының саяси көсемі, Алаш қозғалысының жетекшісі.
Қазақтың тәуелсіздігі мен жер тұтастығын қорғауды басты мақсат етіп қойды.
Жерге жеке меншік құқығын енгізу арқылы экономиканы нығайтуды ұсынды.

2. Ахмет Байтұрсынұлы

Ұлт ұстазы ретінде танылған ағартушы, лингвист, ақын.
Қазақ әліпбиін (төте жазу) жасап, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырды.
Қазақ тілінің грамматикасын зерттеп, "Оқу құралы", "Тіл құралы" еңбектерін жазды.

3. Міржақып Дулатұлы

"Оян, қазақ!" атты ұранды еңбегі арқылы ұлттық сана-сезімді оятуға ықпал етті.
Ұлттық баспасөзді дамытып, қазақ халқының құқықтары мен мүдделерін насихаттады.
Қазақтың саяси және мәдени тәуелсіздігі үшін күресті.

4. Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедұлы және басқалар

Әдебиет, ғылым, медицина, педагогика, саясат салаларында жаңашыл ойларды енгізіп, ұлттық сана-сезімді арттырды.

Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы арқылы ұлттың рухын көтеру, Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби еңбектері мен ағартушылық қызметі қазақ халқының жаңа кезеңге бейімделуіне ықпал етті.

Алаш қозғалысының ұлттық танымды жаңғыртудағы рөлі

1. Ұлттық сана-сезімді ояту

Алаш қайраткерлері қазақ халқын отаршыл саясаттың салдарынан ұмытылып бара жатқан ұлттық құндылықтарды сақтауға және қайта жаңғыртуға шақырды. Олардың еңбектері арқылы қазақ халқының ұлт ретіндегі бірегейлігі айқындалды.

2. Ұлттық баспасөзді дамыту

"Қазақ" газеті (1913-1918 жж.) Алаш зиялыларының негізгі ақпараттық құралы болды. Бұл басылым арқылы олар өз идеяларын насихаттап, ұлттық мүдделерді қорғады.

3. Тіл мен білімге мән беру

Алаш қайраткерлері қазақ тілін сақтау мен дамыту үшін күресті. Олар білім беруді ұлттық сананы қалыптастырудың басты құралы ретінде көрді.

4. Рухани жаңғырудың негізі

Алаш қозғалысы қазақ халқының заман талабына сай жаңғыруына негіз қалады. Олар халықты оқу-ағарту, ғылым-білім арқылы өркениетке жетеледі.

Қорытынды

Алаш қозғалысы – қазақ халқының ұлттық танымын жаңғыртып, тәуелсіздік пен демократиялық құндылықтарға бағытталған ең маңызды тарихи кезеңдердің бірі. Алаш зиялыларының еңбегі мен идеялары бүгінгі Қазақстанның ұлттық санасының, мемлекеттілігінің және мәдениетінің іргетасы болып табылады. Бұл қозғалыс қазақ халқының өз болмысын сақтап, заманауи әлемге бейімделу жолындағы ұлы мұрасы ретінде мәңгілікке қалады.

Әдебиеттер:

1. Бөкейхан Ә. Шығармалары. Т.1-3. – Алматы: «Алаш», 2009.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржіма, мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жалын, 1991.
3. Дулатов М. Оян, қазақ!. – Алматы: Алашорда, 2003.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Қазақстан, 1995.
6. Қозыбаев М. Тарих және ұлт тағдыры. – Алматы: Ғылым, 2002.
7. Алашорда: Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Қазақстан, 2007.
8. Аймауытов Ж. Ұлтты сүю – мінезден. – Алматы: Мерей, 2000.
9. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2012.
10. Әбжанов Х. Алаш зиялыларының тарихи рөлі. – Алматы: Рухани жаңғыру орталығы, 2018.

РУХАНИЯТ ҚАЗЫНАСЫН ЖАҢҒЫРТҚАН ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ ЖӘНЕ «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ

Байғұтова Д.Н. ф.ғ.к., доцент
Ораз А.Н.
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается выдающийся вклад Ханбиби Есенкаракызы в возрождение казахской духовности и культуры. Восстановление и представление ею газеты «Ақ жол» в виде собранного сборника оценивается как значительный вклад в сохранение национальных ценностей. Кроме того, в статье раскрывается творческая и просветительская роль Есенкаракызы в возрождении трудов алашских деятелей и передаче их будущим поколениям. Благодаря её инициативам на пути к пробуждению исторического сознания народа и сохранению преемственности национальной идеи и культуры, проделанная работа рассматривается как яркий пример заботы о духовном наследии.

Summary

The article examines the outstanding contribution of Khanbibi Esenkaraqyzy to the revival of Kazakh spirituality and culture. Her restoration and presentation of the newspaper "Ak Zhol" as a collected volume is assessed as a significant contribution to preserving national values. Additionally, the article highlights Esenkaraqyzy's creative and educational role in reviving the works of Alash intellectuals and passing them on to future generations. Thanks to her initiatives, aimed at awakening the people's historical consciousness and maintaining the continuity of national ideas and culture, the work accomplished is viewed as a vivid example of care for spiritual heritage.

Х.Есенқарақызы тек қазақ әдебиетін өз өлең-жырымен толтырып қана қойған жоқ, ел ағартушыларының жолын жалғады десек болады. Оған дәлел ақынның сауаттандыру жолында «Ақ жол» газетін қазақ халқына қайтаруы. Ұлттың рухани дамуы жолында бұл еткен еңбегі орасан зор. «Ақ жол» газетінің 25 томын жазып бітіріп, ақын апамыз халқына рухани сый жасап отыр.

Осыдан жүзден астам жыл бұрын Ташкент қаласында «Ақ жол» газетінің алғашқы саны жарық көріп, ұлт зиялыларының шоқтығы биік талай еңбегін халықпен қауыштырған «Қазақ» газетінің дәстүрін жалғады. Бұл газеттің ерекшелігі сонда – ұлттық саяси ойды сапалық деңгейге көтере білді. Осы уақытқа дейін «Қазақ», «Қазақстан» және «Шолпан» журналдары жинақ болып басылып еді. Ендігі осы жолды қазақтың ардақты ақын қызы Х.Есенқарақызы жалғап, «Ақ жол» газетінің жарияланымдарын транскрипциялап, топтастырып, құрастырып, оны осы жылдың басында 25 томдық жинақ етіп қалың көпшілікке ұсынған болатын. Ұлт руханиятына жан-жақты жан аямай қызмет етіп жүрген Х.Есенқарақызының «Ақ жол» газетін құрастырып, жариялаудағы еңбегі ұлт ағартушыларымен зиялыларының үнін қайта жаңғыртып, бүгінгі ұрпақпен тілдестіргендей күй кештірді. Өткеніңді білмей, келешекке қадам жасау қиын. Олай болса, өткен ғасырда халықтың басынан кешкен күйін, қоғамның саяси шындықтарын, ұлт жанашырларының ел алдындағы еңбегін, сондай-ақ фольклордан бастап көркем мәтіндерге дейін осы газет беттерінде үздіксіз жарияланып отыруы тарих, әдебиет, мәдениет салаларына өлшеусіз мұра болары хақ.

Бұл газеттің тарих беттеріндегі салмағы мен маңызын ұлт зиялылары С.Оспанов, С.Сәдуақасов, Ө.Тұрымжанов, С.Қожанов, С.Асфендияровтардың осы баспаның өкілдері ретінде қызмет етуінен көрінсе керек. Ал А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев,

Т.Шонанұлы, Б.Сүлеев, М.Жұмабаевтардың еңбектерінің аталмыш газет сандарында жарияланып отыруы, ұлттық идеялардың осы газет беттерінде қазақ бұқарасына жол тартуы газеттің тарихи тағылымы мен маңызын арттыра түседі. Бұл газеттің идеялық-саяси ұстанымы мен ұлт өміріндегі маңызы жайлы біраз ғылыми талдаулар жасалды. Соның газет беттеріндегі ұлт тілі мен халық мәдениеті, әдебиетіне қатыстыларына тоқталсақ. «Ақ жол» газеті әлеуметтік-саяси бағыттағы газет болған. Оған дәлел басылым сандарында қоғамның сол кезеңдегі өмірі мен ұлт тұрмысының жан-жақты талдануы, оны халық арасына кеңінен тарату жөнінде баспа беттеріндегі ұсыныстар айғақтайды.

«Ақ жолдың» алғашқы редакторы, жауапты шығарушысы қызметін атқарған – Сұлтанбек Қожанұлы басылым ұстанымын ұлттық бағытқа негіздеген бірден-бір газет іргетасын қалаушысы болды[2, 93 б.]. Соның ішінде С.Қожанұлы оқу, білім, ағарту, мұғалімдер саласына ерекше мән берген. Мәселен, «Оқытушыларды ескеру керек» деген мақаласында педагог дегеніміз ұлтты тәрбиелеп, өсіретін басты тұлға екендігін баса айтып, сол заманда-ақ үкімет тарапынан оларға барлық қолдауды қарастыру керек деген үлкен мәселені көтереді. Сөзіне дәлел ретінде Грузия, Армения елдеріндегі ұстаздың биік мәртебесін үлгі ретінде мысалға келтірген.

Осы күнге дейінгі «Ақ жол» газетінің мазмұнына жасалған зерттеулерге сүйенсек, дәстүрлі дүниетаным құндылықтары мен рухани мұра сол заманғы ұлт қаймақтары үшін қосалқы мәселе емес, алаш қайраткерлерінің бағыт-бағдарындағы маңызды мәселелердің біріне айналғандығын жазады.

Алаш ардақтысы Ж. Аймауытов қазақ жері тек кен байлыққа ғана бай емес сонымен бірге рухани мұраға да бай дей келе: «... мол қазына қазақ елінің ішінде де жатыр. Ол не десеңіз әдебиет, ән-күй. Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек» [1,73 б.] деп тұжырым жасайды. Ж.Аймауытов айтпақшы жоғарыда келтірілген ой түгел Алаш қайраткерлерінің сол заманғы ұстанымы десек, оған дәлел «Ақ жолдағы» ұлт мәдениеті мен руханиятын толықтыратын бағалы еңбектер. Оның маңызы сонда, мемлекеттің негізі – халықтың сан ғасырлық төл мәдениеті оның негізгі бұлжымас тірегі, адастырмас темірқазығы. «Ақ жол» сандарында жарияланған әр еңбек Алаш қайраткерлерінің халықтың төл құндылықтарын сақтауда атқарған орасан еңбектерінің жемісі. Олардың халықтық сана мен мұраға қатысты ұғымдары жай ғана түсіндірілмейді, керісінше, олар елдің тарихи танымы мен дәстүр-салттарымен тығыз байланыста қарастырылады. Сондықтан да, жаңа қоғамдық өзгерістер қысымына ұшыраған қазақ мәдениетіне тірек болатын рухани негізді халықтың тарихи тамырына сүйену арқылы қалыптастыруды мақсат етті. Мұндағы басты ұстаным – жаңалыққа қарсы шығу емес, керісінше, жаңашылдық пен дәстүрді үйлестіріп, бұрыннан бар құндылықтарды толығымен жоққа шығармай, оларды жаңа заманның талабына сәйкес бейімдеу болды. Алайда, бұл бағыт отаршыл билікке ұнамағандықтан, алаш идеялары қудалауға ұшырады.

Жоғарыда газет беттерінен келтірген сөздер бүгінгі заманның өзінде де өзектілігін жоймаған. Тарихи тамырды терең жайып, оны нық бекітіп барып қана жаңа заманның талабына оңтайланып, икемделу Алаштықтардың кезеңінен басталған идея. Ал Алаш қайраткерлерінің тарих беттеріндегі өмірлік, мәдени, ұлттық тәжірибесі бүгінгі ұрпақтың келешек кемесіне жайған желкенінің бағытын анықтамақ.

Сонымен қатар, алаш зиялылары қарым-қатынастың да ерекше бағалы үлгісін көрсеткен. «Жақынын жатындай сыйлап, жат жанынан түңілсін» деген ізгі дәстүрді сақтап, бір-бірін адамгершілік пен ғылыми тұрғыда жоғары бағалап отырған. Әрине, бұл көрініс те қазіргі күннің баласына үлкен өнеге. Мысалы, ұлт ұстазы А.Байтұрсынов туралы «Ақаңның юбилейі туралы» атты мақалада ғалымның еңбектерін ерекше бағалап, дәріптеген. : «Орыс мәдениетіне жақындап, Еуропа тәрбиесін алған қазақ зиялылары өз халқын елеусіз қалдырып жүргенде, Ақаң бар білгенін қазақ балаларына үйретуге құлшынып, қазақ тілін сақтап, жетілдіру жолында еңбек етті. Ол ұлт баспасөзінің негізін қалауға атсалыспағанда, біз бір кездері ескі салтты

ұмытып, өзгеге бағынып кететін едік» деген жолдар сөзімізге дәлел. Сол сияқты газет басылымында Мұхтар Әуезовтің «Ақаңның 50 жылдық тойы (юбилейі)» атты мақаласы да жарыққа шыққан екен.

Ханбибі Есенқарақызының «Ақ жол» газетін қайта құрастырудағы қажырлы еңбегі және ұлт ағартушыларының жолын жалғаудағы рөлі орасан зор. Ақынның «Ақ жол» газетін қайта басып шығарудағы еңбегі шын мәнінде ұлттық мұраға жанашырлықтың айқын мысалы екенін атап өткен жөн. Әуезовтің А.Байтұрсынов жайлы пікіріндей, Есенқарақызы да өз ұлтының рухани мұрасын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу жолында табанды еңбек етіп келеді. Бүгінгі күні Есенқарақызы дәл осы ұлт руханиятының қазынасын сақтау мен Алаш зиялыларының мұрасын насихаттау миссиясын өз мойнына алды. «Ақ жол» басылымын қайта тіріліп, өткен мен жаңа заманды тілдестіргендей етіп құрастырып, кейінгі буын оқырманға ұсынып отыр. Бұл — ұлттық құндылықтарды сақтауға деген зор үлес және мәдениетіміздің дамуына қосылған өлшеусіз мұра.

Ханбибі Есенқарақызының «Ақ жол» газетін құрастырудағы еңбегі — тек баспасөз тарихындағы маңызды қадам ғана емес, ұлттың рухани қазынасына қосылған елеулі үлес. Ұлттық рухты жаңғырту, тарихи мұраны сақтап, ұрпаққа жеткізу жолында ол Алаш зиялыларының ұстанымын бүгінгі күнге сай жалғастырып, халқына рухани байлық сыйлады. Осы орайда Есенқарақызы өз халқының мәдениеті мен мұрасын сақтауға атсалысып, ұлт зиялыларының еңбегін құрметтеп, бүгінгі ұрпақтың бойында ұлттық сана мен тарихи таным қалыптастыруға өз үлесін қосып келеді.

Әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-ші том. – Алматы: Ғылым, 1999.
2. Г.Теміртас, Қ.Кемеңгер. Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. № 2 (127)/2019.
3. Жакан Д. С. «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ //Keruen. – 2024. – Т. 84. – №. 3. – С. 136-151.
4. «Ақ жол». – Көптомдық. 8 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
5. «Ақ жол». – Көптомдық. 9 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
6. «Ақ жол». – Көптомдық. 11 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
7. «Ақ жол». – Көптомдық. 12 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.

ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫНЫҢ «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІН ЖИНАҚТАУДАҒЫ ЕҢБЕГІ

Тораханова Г.М., Адилбеков А.А. 1601-11 тобының студенттері,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: **Баймаханов Б.К.** т.ғ.к., аға оқытушы,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье освещается деятельность Ханбиби Есенкаракызы в издании 25-томной книги об одно из важнейших казахских печатных изданий начала XX века газеты «Ак жол».

Summary

The article highlights the activities of Hanbibi Yesenkarakyzy in the publication of a 25-volume book about one of the most important Kazakh printed publications of the early 20th century, the newspaper "Ak Zhol".

XX ғ. басында Алаштықтар ұлттық идеологияның негізгі тізгінін ұстай отыра, ұлт үшін, қазақ баласы мен даласы үшін көптеген еңбек атқарды. Алаштықтар бұл ғасырдың хабарламасының ресми дереккөзі ретінде «Қазақ», «Ақ жол» газеттері және «Айқап» журналдары сынды маңызды баспасөз басылымдарын жариялап отырды. «Қазақ» газетінің жалғасы ретінде «Ақ жол» газеті 1920 ж. 7 желтоқсаннан бастап Ташкент қаласында шығарыла бастаған. Ташкент қаласы білім мен мәдениет орталығы болатын. «Ақ жол» газеті «Қазақ» газетінің жалғасы ретінде жарық көре бастағандықтан екі газеттің ұқсас тұстары бар:

- қазақ тілінде (төте әліпби жазуымен) жарық көрді;
- «Ақ жол» газеті және «Қазақ» газеті ұлттық идеологияны насихаттады;
- қазақ даласында болып жатқан өзекті әрі маңызды мәселелерді газет беттерінде жариялап отырды;
- бас редакторлары және редакция құрамында қызмет еткендер Алаш қайраткерлері;
- ағартушылық, білім беру және мәдениет салаларына көптеп көңіл бөлді;
- қазақ елінің дербес, бір орталыққа бағынған ұлт болуын және ұйымшылдық, ынтымақтастық сынды мәселелерді көздеді;
- тіл мәселесін тұтастай қамтыды.

Ақжол газетінің жарық көруіне көптеген қазақ зиялылары редакторлық еткен болатын олар: С.Қожанов, Қ,Құлетов, С.Оспанов, С.Аспандияров, С.Сәдуақасов, И.Тоқтыбаев, Н.Төреқұлов, М.Қайыпназар сынды белгілі тұлғалар болды.

«Ақ жол» газеті өз жұмысын тоқтатса да, әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. «Ақ жол» газетінің қайта жануына орасан зор ықпал еткен қазақ қайраткері, ақын, жазушы әрі зерттеушісі Ханбибі Есенқарақызы еді.

Х.Есенқарақызы – Қазақ Кеңстік Социалистік Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданында 1949 ж. дүниеге келген. Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіндегі оқуын 1972 ж. сырттай аяқтайды. Х.Есенқарақызының ата жұрты Атырау, Құлсары жерінен. Сталиндік репрессия барысында әке үрім-бұтағынан біршама ағайындары Астрахан, Омбы, Орынбор жеріне қоныс аударады. Бір үйден біреуі қалсын деген мақсатта Х.Есенқарақызының әкесін Оралдағы балалар үйіне тапсырады. Ол Оралдағы мектеп интернатын тәмамдайды. Кейіннен институтты аяқтайды. Қайта қарау мақсатында репрессияның келесі кезеңі басталған кезде, Орал жерінен Оңтүстікке қарай көшеді. Оңтүстіктегі бір ауылда мұғалімдік қызметті атқарады. Анасы Оңтүстік жерінің болысының қызы болған [1].

Сталиндік қуғын-сүргінге ұлт мүддесін қорғаған ұлт жандылар ғана емес, сонымен қатар, ұлттық идеологияны көздеген баспасөз басылымдары да ұшыраған еді. Бұл баспасөз басылымдарының қатарында «Ақ жол» газеті де бар. Кеңес үкіметіне «Ақ жол» газетінің негізгі идеологиясы ұнамады. 1926 ж. «Ақ жол» газетінің редакциясын Шымкент қаласына көшіріп, атауын өзгертуді ұсынады. «Қазақ» газетінің жалғасы болып саналатын «Ақ жол» газеті өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды [2].

Х.Есенқарақызы архив пен музей істеріне де көптеп еңбек сіңірген қайраткер. Ташкент қаласы архивінен көрген «Ақ жол» газетінің тұпнұсқасынан газетті томдық кітап етіп шығаруды қолға алады. Тарихи деректердің нағыз қайнаркөзі, құжаттай дәлелдер архивте сақталатыны рас. Х.Есенқарақызы құжаттай деректерді жинақтау үшін Орынбор, Омбы, Қызылорда және Мәскеу қалаларына сұрау хаттарын жолдайды. Тек қана архив құжаттарынан ғана емес, сонымен қатар, Ұлттық кітапханадан бастау алған іздестіру жұмыстары Кітап палатасына дейін жалғасады.

«Ақ жол» газеті төте араб әліпбиімен редакциядан шығып отырды. Барлық архив мекемелерінде газеттің тұпнұсқалығы араб әліпбиімен жазылған. Газетті кириллицаға аудару үшін Шығыс Түркістан тумасы, жас ғалым Ғалымбек Елубай арнайы Қазақстанға келді. Аударма жұмыстары аяқталғаннан кейін, жинақ баспаға жібермілместен бұрын қазақстандық алаштанушылар Т.Кәкішев, Т.Жұртпай, С.Қасқабасов, М.Қойгелдиев, Х.Тұрсын, Д.Қамзабекұлы сынды ғалымдардың сараптамасынан өтті [3, 25 б.]. Мамандар арқылы жинақтау жұмыстарын жүзеге асырған Х.Есенқарақызы тіпті жойылуға шақ келген құжаттарды арнайы құрылғылармен үлкейту, оқу, жинау әдістерін пайдаланады. Архивтік эвристика саласымен айналысуы әрі қарай сүйінші хабармен жалғасады. Мәскеу қаласынан «Ақ жол» газетінің 60% жинағы табылғаны жөнінде хабар келеді. Осылайша, жинақтау жұмысы жүзеге асады [2].

Жинақтау жұмысына кейін кітапты шығару процесі жүзеге асуы қажет еді. Х.Есенқарақызы қаржылай көмек бойынша біршама есіктерді қағады. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімінен көмек сұрап, әкім мәдениет басқармасына тапсырма бергенімен, ол жақтан қаржылай көмек бойынша ешқандай да қолдау көрсетілмейді. Х.Есенқарақызының жоспарында алғашқы кітаптарды сатып, одан түскен қаржының есебінен келесі кітаптарды шығаруды жалғастыру көзделген еді. Алайда, кітап тұсаукесерін күтіп отырған оқырман тым аз-тын. Х.Есенқарақызы шарасыздықтан мекемелер мен оқу орындарына кітаптарды сатуға кіріседі. Себебі кейінгі томдар да шығуы керек еді.

Х.Есенқарақызы демеушілерді іздеуді жалғастыра береді. Осылайша бес жылда он том жарық көрді. ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мемлекет есебінен кітап шығару туралы уәде етеді. «Ақ жол» газеті «Қазақпарат» баспасынан 22 мың данамен Қазақстан аумағына, кітапханалар мен ЖОО-дарына тегін таратылады [2]. Х.Есенқарақызы өзінің 70 жылдық мерей тойына байланысты Атырау қаласында өткен «Қара өлеңнің Ханбибісі» атты шығармашылық кешінде «Ақ жол» газетінің 10 томдық жинағының төрт жүз данасы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне сыйға тартты [4].

Алғашқы 10 томдық «Ақ жол» газетінің тұсаукесері ҚР-ның Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 2016 ж. болып өткен болса, 25 томдық «Ақ жол» газетінің тұсаукесері «Ақ жол» газетінің 100 жылдық мерей тойына байланысты жарық көрді. «Ақ жол» газетінің 25 томдық жинағының тұсаукесері 2020 ж. Ұлттық кітапханада өтті. Тұсаукесерге ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дауешов Мұратұлы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің басшылар мен ғылыми қызметкерлері, «Ақ Жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев және «Алаш» ғылыми институтының қызметкерлері, сонымен қатар «Алашорда» қоғамдық қорының мүшелері қатысты [5]. Өткен ғасырдың тарих толқынында жатқан «Ақ жол» газетінің маңыздылығын XXI ғасырда қайта тірілте алған шығармашылықтың адамы бола тұра, тарихпен айналысуын тоқтатпаған Х.Есенқарақызы 12 жылдық өмірін ел-жұрт қамы үшін арнай алған тұлға.

Х.Есенқарақызының тарихқа деген қызығушылығы еш жоғалған жоқ. Тарих қойнауындағы баспасөз қызметінің алар орны қаншылықты маңызды екенін терең түсінген

Х.Есенқарақызы «Ақ жол» газетінің томдық жинақ болып шығуына көп еңбек сіңірді. Қандай мамандық иесі болса да, әрбір қазақстандық өз тарихи санасын дұрыс қалыптастыр білуі қажет. Қазақстандықтардың тарихи санасының жаңғыруына Х.Есенқарақызының қосқан үлесі өте зор. «Әйел бір қолмен бесікті тебретеді, бір қолымен әлемді» демекші, Х.Есенқарақызы ғылым саласында да көп еңбектенді. Ол өз зерттеулерінде облыс және республика деңгейіндегі репрессия тақырыбында жарық көрген тарихи зерттеу жұмыстарына жіті баға беріп отырды. Алаш тақырыбына байланысты ғылыми конференцияларға қатысып, оларды ұйымдастыруға тікелей ат салысып отырды. Тарихты зерттеуде дереккөздерді пайдалану өте маңызды. «Ақ жол» газетінің бетінде жарияланған мәтіндер дереккөз материалдары болғандықтан, ғылым мен білімнің соңында жүрген Қазақстанның болашақ тарихшылары, студент, магистрант пен доктарант үшін газеттің қазақстандықтың қолына жетуі жолындағы Х.Есенқарақызының сіңірген еңбегін білуі абзал деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Дара жол. Ханбибі Есенқарақызы ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Парасат» орденінің иегері (бейне баспаның 4:15-5:30 минуты): [сайт] [02.07.2016]. URL: https://qazaqstan.tv/videos/670 (қолдану күні: 14.11.2024];
2. «Ақ жол» газеті 25 том болып шығады / Әңгімелескен Ғ.Іскендерұлы : [сайт] [23.09.2016]. URL: https://egemen.kz/article/105521-aq-dgol-gazeti-25-tom-bolyp-shyghady (қолдану күні: 14.11.2024];
3. Есенқарақызы Х. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2018;
4. Жұмабекқызы Т. Қара өлеңнің Ханбибісі : [сайт] [28.09.2019] URL: https://aikyn.kz/7251/9091-qara-oelengning (қолдану күні: 14.11.2024]
5. «Ақ жол» газеті материалдары жинағының тұсаукесері өтті : [сайт] [жарияланған күні көрстілмеген]. URL: https://abai.kz/post/114415 (қолдану күні: 14.11.2024].

ХАНБИБІ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ: «АҚ ЖОЛ» БІЗДІҢ АҚ БАТАМЫЗ, АҚ ЖҮРЕГІМІЗ...

Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы
Филология ғылымдарының кандидаты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы.
Таймбетова Алтынай Аликуловна
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр-оқытушысы
Шымкент қаласы. Қазақстан.

Резюме

В данной исследовательской статье будет всесторонне рассмотрено историческое значение газеты «Ак Жол», издаваемой с предисловием и сочинением величайшей поэтессы, личности премии Ханбиби Есенкаракызы, которое является сторонником почетных личностей Алаша. При этом научно анализируются и исследуются общественные труды государственного и общественного деятеля Султанбека Кожанова, опубликованные в данной газете.

Summary

This research article will comprehensively examine the historical significance of the newspaper "Ak Zhol", published with a preface and essay by the greatest poetess, the personality of the Khanbibi Yesenkarakyzy, who is a supporter of the honorary personalities of Alash. At the same time, the social works of the state and public figure Sultanbek Kozhanov, published in this newspaper, are scientifically analyzed and studied.

Қазақ халқының тарихында XX ғасырдың алғашқы жартысы ең бір аласапыранды, дауылы мен дүрбелеңі, нәубеті мен қиянаты бір толастамаған дәуір болды. Қандай қиындықты бастан кешірмесін, зұлмат пен зобаланға мойымаған халқымыз ілгері ұмтылды, бостандыққа жететін күнді күтті, үміт үзбеді.

Біздің бүгінгі мақсат сол бір дауылды, дүрбелеңді жылдары туған халқына қалтқысыз қызмет еткен «Ақ жол» газеті жайында. «Ақ жол» газеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен С.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, «Алаш» ғылыми-зерттеу институты бірлесе отырып арада бір ғасыр өткенде, яғни 2020 жылдан бастап газеттің 25 том болатын көптомдығын қайта шығарды. «Ақ жол» газеті көптомдығының құрастырушысы белгілі ақын, қайраткер тұлға, ірі ұйымдастырушы, бұл күндері мерейлі 75 жасқа толып отырған Ханбибі Есенқарақызы. Ақын Есенқарақызының мерейлі жасына орай Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті өз оқу орнының 1972 жылғы түлегі, ақын, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері жайында «Ұлт аманатын арқалаған «Ақ жол» және Ханбибі Есенқарақызы» атты тақырыпта халықаралық ғылымитеориялық конференция өткізуді жоспарлап отыр.

Араға ғасыр салып, қайта халқымен табысқан газет жинағының алғысөзі ретінде жазылған «Алаш аманатын арқалаған «Ақжол» атты зерттеу еңбегінде құрастырушы Х.Есенқарақызы былай деп сөз бастайды: «Ақ жол» газеті 1920 жылдың 7 декабрінен бастап, 1926 жыл көлемінде Түркістан Республикасының кіндік бақарма комитеті һәм ортақшыл партия кіндік комитетінің атынан Тәшкентте жеті сайын үш мәрте үзбей шығып тұрды. Түркістан Республикасының Қазақстанға қосылған соңғы 1925 жылғы 19 июнь №577 санынан бастап Сырдария атқару және партия комитетінің атынан Шымкент қаласында шығып келген. Алайда кеңестік идеологияның тар шеңберіне симаған алаш ардақтыларының көсемсөзі кейінгі ұрпақ санасынан әдейі өшірілді. Төте араб жазуынан латынға, іле шала кириллицаға көшірілді. Халқымыз өткен тарихынан еріксіз көз жазып қалды»,-деп [1.5.]өткен тарихтың сол бір кездегі «ақтаңдақтары» жайында да ой бөліседі. Өз ойын одан әрі: «Әр парақты ашқан сайын түрлі бүркеншік атпен жазылған Алаш зиялыларының, ұлттың рухани көсемдерінің қолтаңбасымен қауышасыз. «Қарағай басын шортан шалған» қилы ғасырдың толғағында туған жанкешті тұлғаларымыздың осынау бір еңбегінен өз іздегеніңізді тауып жатсаңыз біздің де айналайын Алаш жұртының алдындағы бір парызымыздың өтелгені деп білеміз»,- деп [1.12.] ақ тілекте ағынан жарылады ақын. Алаш жұртының алдында перзенттік парызы мен қарызын адал орындаған ардақты ақынға халық дән риза. Ақын Ханбибібі «Ақ жол» әлеміне кездейсоқ келмеген тәрізді. Өзінің 1983 жылы жарық көрген «Жан айқайы» кітабында былай деп жырлайды:

Естілерді «есер» деп,
Есі жоқты «көсем» деп,
Таным беріп тарихтан,
Бізді үйреткен «шешен» көп.
Өзімізді таппадық,
Өзгелерді жаттадық.
Надан десе бас шұлғып,
Саясатты сақтадық.
Жүсіпбекті білмедік,
Мағжанды көзге ілмедік.
Алаңы көп көңілді,
Алға қарай сүйредік.
О, ағайын, кез бүгін,
Ойың – алмас кездігің.
Сыналатын сәт келді,
Ерлігің мен ездігің!... [2.235.]

Біздің назарымызды «Ақжолға» - қашан да ақ жол!», деп баға беретін академик Дихан Хамзабекұлы жазбасы да ерекше аудартты. Ғалым пікірі былай өрбиді: «Газетте басылымның басы-қасындағылардың стилі, бағдары көрініс табады. 20-жылдардың бүгінге еміс-еміс жеткен аңыз-әңгімесінен білетініміз: тұстастары «Жаһаншаны – сөйлеудің шешені, Міржақыпты – жазудың шешені» дейді екен. Сондай-ақ Сұлтанбектің шешендігі мен турашылдығы туралы деректер жеткілікті. «Ақжол» ұстанымы Алаш жүгін артқан арбаның қос арысында Сұлтанбек пен Міржақып табандылығымен айқындала түседі. «Ақжол» әрқашан ұлтқа олжа салған басылым болып қала бермек». [3.22.] Қазіргі таңдағы алаш ардақтылырын терең зерттеп, ғылыми бағытта өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан ғалым «Ақжол» ұстанымының биігінде тұрған, Алаш жүгін арқалаған қос арысымыз Сұлтанбек Қожанов пен Міржақып Дулатұлы табандылығын да ерекше атап көрсетеді.

Аз-кем шегініс. Қазақ руханиятының тарихында ерекше орын алатын құндылықтардың бірі әрі бірегейі қазақ баспасөзі болды десек қателеспейміз. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ташкент, Омбы қалаларында жарық көрген «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» сияқты газеттер патша үкіметінің ресми органы бола тұра мәдени мұрамызды насихаттауда, халық санасына сәуле түсіруде ерекше роль атқарды. XX ғасырдың бас кезінде бұл дәстүр жалғасын тапты, «Қазақ» (Троицк), «Қазақстан» (Орда), «Сарыарқа» (Семей), «Үш жүз» (Петропавл), «Бірлік туы» (Ташкент) газеттері жарыққа шықты. Осылардың ішіндегі Троицкідегі демократиялық бағытта болған «Айқап» журналы (1911-1915) мен ой-санаға өлшеусіз қызмет еткен атақты Ахаңның, А.Байтұрсыновтың Орынборда шыққан «Қазақ» газеті болды (1913-1918).

Ғасыр басындағы қанды төңкерістер жаңа кеңес қоғамын құрды. Билік басына большевиктер келді. Бұл қоғамға да газет керек болды. Ұлт ұстазы Ахаң (А.Байтұрсынов) айтқан «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»,- дейтін даналық қағиданың тарихи мәнін түсінген кеңес үкіметі, большевиктер билігі баспасөзге үлкен мән берді. Кеңес қоғамы алғашқы жылдары Ташкент қаласында жарық көрген «Ақ жол» газеті – Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен газет. Газет 1920-1925 жылдары Ташкентте Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің, 1925-1926 жылдары Шымкентте Сырдария губерниялық комитетінің органы ретінде шығарылды. Алғашқы редакторы — С.Қожанов. Кейін газетті шығарушы, редакторлардың ішінде Н.Төрекұлов, С.Оспанов, И.Тоқтыбаев т.б. болды. Газет жұмысына М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, І.Жансүгіров, А.Байтұрсынов, Б.Сүлеев, Т.Шонанов т.б. қазақ зиялыларының үлкен шоғыры белсене араласты.

Аталған басылым беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне қатысты тақырыптарды қозғап, құнды мақалалар жариялады. Бұл газеттің саяси-идеялық бағыты құрылтайшыларына ұнамады, жұмысына көп кедергілер жасалды. Тіпті билік басындағы коммунистер «қызыл» деген сөзі бар атауды қаламай, газеттің «Ақ жол» атануының өзінен күдіктенді, саяси мән іздеді. Осыған орай газет редакторы, биылғы жылы туғанына 130 жыл толып отырған Сұлтанбе Қожанов: «Қазақ тілінде «Ақ жол» деген сөздегі «Ақ» та «білгіштер» күстаналағандай жаман саяси мағынасы жоқ. «Ақ жол» біздің ақ батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезеді» деп жауап жазды. [4.61.] 1925 жылы 29 мамырда И.В.Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған «Қазақ баспасөзі туралы» хатында «Ақ жол» мен «ақгвардияшыл эмигрант» М.Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазып, партияда жоқ интеллигенттерді коммунистік басылымға жолатпауды талап етті. Сталиннің хаты ескі интеллигенцияны қуғындауға жол ашып, 20-жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда жарық көрген ұлттық басылымдарға үлкен соққы болып тиді және жариялық пен демократиялық атаулыны әміршіл-әкімшіл жүйемен ауыстыруға негіз берді. Осындай қаншама қиындықтарға қарамастан «Ақ жол» газеті халық алдындағы борышын адал орындап отырды, ұлттың елдік рухын көтеретін басылымдардың бірі әрі бірегейі болды.

Сұлтанбек Қожановтың редакторлығымен жарық көрген «Ақ жол» газетінде ұлтын сүйген ұлы тұлғаның қолтаңбасы сайрап жатыр. Газеттің ең алғашқы санындағы «Оқушыларға!» деген

тақырыппен жарық көрген аңдатпа мақаланың мазмұны терең әрі дәуір шындығын қапысыз көрсетуімен құнды. Автор газет жұмысының ілгері баса алмауының бұрынғы бірнеше себептерін атап көрсетеді, олар: «халқымыздың көшпелі қалыпта болып пошта жолының нашарлығы; жалпы жұрттың надандығы себепті оқушылардың аздығы; жазушыларымыздың кемдігі; баспаханаларымыздың жоқтығы еді». Ұлт ұстазы Ахаң, Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ жем болудан декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады»,-деп («Қалам қайраткерлерінің жайынан», «Еңбекші қазақ», 8 шілде, 1922 ж.) атап көрсеткендей «жем болудан» құтылатын төте жолдың бірі мәдениет, білім қуаты екенін есте ұстаған авторлар халық арасына баспасөзді көп тарату қамына кірісуіміз керек деген шешімге кіріседі. Замана жайын, саясат бағдарын түсіндірудегі баспасөздің ролін айырықша бағалайды. Сол себепті де «Төңкерістің мәніне жұрт әлі күнге түсініп жатқан жоқ. Көзі көріп отырған нәрселерінен басқа ешнәрсені аңғарған жоқ. Қандай партия майданы, қандай хүкімет жайлы оның анығын білмейді. Халықтың көріп отырғаны малын алып жатыр, астығын алып жатыр. Адамдарын солдатқа, қара жұмысқа алып жатыр. Таптық соғыс әлі тоқталатын көрінбейді. Ашаршылық, жаланаштық мұның бәрі қара халыққа жұмбақ»,-деп түсінеді. Осының бәрін ескере келгенде төңкеріс жайын, дүниеде не болып жатқанын қазіргі күнде халықтың тұрмысы қандайлығын, не істеу керектігін түгел баяндап отыруға газет керек деген шешімге келеді.

Ел ішіндегі саяси жағдайлардың мәніне терең үңіліп, «елге шығып жүрген инструктор-агитаторлардың көбі надан. Біразы болмаса, көбі партияға түсініп кірген емес»,-деп қынжылады. Ең сорақысы: «Елге сайлауға шыққан инструкторлардың пара алып, көңіліне жақпағандарды ұрып-соғып, қан қақсатып жүргендері бар. Қонған үйлерінде сұлу қыз, жас келіншек болса, үй иесін бір жаққа жұмсап жіберетін «ортақшылдар» да жоқ емес»,-деп жаңа ғана орнаған қоғамның бет-пердесін ашады. Мұның соңы неге апарып соқтырғаны, қандай қантөгіспен аяқталғаны тарихтан мәлім, алыстан мысал іздемейік, бір ғана Созақ көтерілісінің басты себептерінің бірі дәл осы адамзат баласының арын аяққа таптаудан басталғаны даусыз.

С.Қожановтың саяси қызметі, ел алдындағы абыройлы қызметі, қайраткер ретіндегі жанкешті тірліктері айтылып, жазылып жаңғыруда. Бүгінгі мақсат қайраткер Қожановтың шығармашылық тұрғыдағы баспасөзге сіңірген тұлғасын танытуды мақсат тұттық.

Қолда бар дерек көздеріне сүйене отырып, соның ішінде «Ақ жол» газетінде жарық көрген еңбектердің дені Сұлтанбек Қожанов шығармашылығының қандай екенін қапысыз танытады. Ұлтын сүйген ұлы тұлғадан қалған мол мұраның бір бөлігі көсемсөздері десек қателесе қоймаймыз. Ол көсемсөздерінің өзі сан алуан тақырыпты қамтиды, қалың қазақтың қамын ойлаған қоғамдық-саяси мақалаларынан бастап, ағартушылық бағыттағы, тіпті шаруашылық жайын жан-жақты қозғайтын экономикалық бағыттағы жазбалары, өзі өмір сүрген кезеңдегі тұрмыс тіршілікке сергек қарап үн қосу мақсатында жазған сан алуан тақырыптағы жарияланымдары да бүгінгі оқырманды бей-жай қалдырмайды. Арда азаматтың ақындық өнері, әдебиетке деген жанашырлығы жайында біршама зерттеулер жазылып үлгерді.

Публицист Қожановтың көсемсөздері жайында, дәлірек айтқанда осы көсемсөздердегі елдік әңгімелерді, ұлт басына төніп тұрған нәубеттерді көріп, қарлығаштың қанатымен су сепкендей әрекеттері «шүлен көже» таратып қоймай, қалам қуатымен де сол кезеңдегі тығырықтан шығатын жол іздеген жанашыр жанның жанайқайын бүгінгі оқырманға жеткізіп, жеткізіп қана қоймай, ой ортақтастырғанды жөн санадық.

«Жетісу мәселелері» («Ақ жол», №161. 12.04.1922) атты тақырыппен жарық көрген мақаланың өзіндік мәселелері жеткілікті. Сұлтанбек Қожанов (Тоқпақ, С.Қожановтың псевдомині) мәселені бірден төтесінен қояды, мәймөңкелеуді жаны сүймейді. Қазақ елінің ең бір есесі кеткен жері жерге байланысты болды, сол себепті де «Түркістанда қазақ-қырғыз кедейлерінің айырықша қорлық-зорлықты көп кешірген жері – Жетісу облысы еді. Жетісу облысының жерінің барлығын келген орыстарға арнап қойып, керек уақытта кертіп алып бере-бере, қазақ-қырғыз халқының барар жер, басар тауы қалмай кетіп еді». [5.23.] Қазіргі ұрпақ ұлы суреткер М.Әуезовтің «Қилы заманы» арқылы жер жаннаты Жетісудағы бұл қырғынды там-тұмдап біледі. Біздің пайымдауымызша сол елдегі қанды қырғынды, яғни 1916 жылғы қанына қарайған халықтың ашынып, отқа ұмтылған, ойранға түскен өлкедегі тарихи ащы

шындықты алғашқылардың бірі болып С.Қожанов көтерді және көтеріп қана қоймай сол жәбір көрген халықтың теңдік алуы үшін, еліне, жеріне қайта оралып, түтін түтетуі үшін күресті. «Ақ жол» (№234. 28.10.1922) тағы да «Тоқпақ» деген псевдоним атымен жарияланған «Бірлік керек, бірігуге жол керек» деген тақырыппен жарық көрген мақаласында да дәуір шындығы айна қатесіз баяндалады. Рухани әлемі бай, халық даналығын бойына сіңірген автордың «Бар барын айтады, жоқ зарын айтады» болып, Түркістан халқының ішінде әсіресе қырғыз-қазақ кедейлері зарын айтқаннан басқа лажы болмай, жаңа саясаттан айырықша таяқ жеп отыр» деген ойлары кеңес қоғамының біз біле бермейтін құпияларын қапысыз сипаттайтын тәрізді. Қазақ баласының көзі 1917 жылғы төңкерістен кейін ғана ашылып, теңдікке жетті деп түсіндіріп келген Кеңес қоғамының қолымен жасаған қиянаттарын баспасөз бетінде бұлайша ашық көрсету кез-келген коммунистің қолынан келе берген жоқ. Мақалада осы күні де өзіміз күресіп, тия алмай келе жатқан бір індетті ерекше атап көрсетеді. Назар аударалық: «Әзіргі күндерде кеңес хүкіметі парақорлықты жою күресін жүргізіп отыр. Орыс хүкіметінің басқадан гөрі осы мінезі қырғыз-қазақ арасына мықтап орнаған еді». [6.177.] Қаржы полициясын құрып, (қазір аты өзгерді) «сыбайлас жемқорлыққа қарсы» заң қабылдап жатқанымызда да тиылмай келе жатқан індеттің қайдан жұққанын Сұлтанбек Қожанов айта алған. Кеңес үкіметінің келбетіне, соның жоқтаушысы, жол бастаушысы болып саналатын орыс халқының атына сын айтуды көтере бермейтін кезеңде осылайша батыл пікір айту ерлік.

Есте ұстайтын бір мәселе С.Қожанов еңбектерінің аты мен заты сай болып, әр кез ұлт мүддесін алғы шепке шығарып үн қатуында өзіндік қолтаңба бар. Жоғарыда айтылған «Бірлік керек, бірігуге жол керек», немесе қазір сөз болатын «Іс керек, істей білу керек», осы тақырыпқа үндес «Абайлау керек», «Әзірлену керек», «Дау тоқтап, іс басталсын!», «Іс жүзінде орындау керек», т.б. мақалаларының қай-қайсысы болса да атының өзі жұрт назарын еріксіз аударады, сол дүниені оқып шығуға итермелейді, мұның бәрі Қожановтың журналистика саласындағы стилінің өзіндік ерекшелігі. «Іс керек, істей білу керек», (Тарпаң, бұл да псевдонимі, «Ақ жол», №271. 8.02.1923) деген тақырыппен жарияланған бұл еңбекте де елдік мәселе алдыңғы кезекте атойлап тұр. Қырғыз-қазақ кедейінің басқа ұлт өкілдерімен жолы, талабы, арманы бір болғанымен теңдікке қол жеткізуде қиындық көріп отырғанын жеткізеді. Кей жағдайда ұлт жанашыры болып отырған ардақты тұлғаны «көп жолдастар ауылжақтық иә ұлтшылдық деп ұқса да, өте солақайсынып жүрген азаматтар өсекке айналдырса да» алған бетінен қайтпайды. «Шаруасы нашар, тіршілігі тұрақсыз, тұрмысы көшпелі, басы тозған» халқының мұңын жоқтаудан бір танбайды.

Сұлтанбек Қожановтың дара қасиетінің бірі ұлт намысын ерекше қастер тұтатыны, қарапайым тілмен жеткізгенде басынан бақайына дейін шынайы тұрғыда ұлтшыл болып, ұлтым деп үн қатуы, бұл қасиет оның көптеген замандастарында, әсіресе коммунистік жолға түскен, кеңес мемлекетін құруға үлес қосқандардың көбінде кемшін түсіп жатты

Қазақ елі орыс отаршылдығының қамытын шамамен алғанда екі жарым ғасырдан астам киді, оның екі ғасырға жуығы ақ патша құлдығы болса, жетпіс жылға жақыны кеңес үкіметінің кезеңін қамтиды. «Мың өліп, мың тірілген» халқымыздың ең бір нәубет жылдары кеңес үкіметі орнаған жылдарға тап келді. Ел тарихындағы «ақтаңдақтар» да осы жылдарға сәйкес, аштық, кәмпескелеу, жазықсы жала жабу, қолдан «халық жауы» етудің ойраны С.Қожановтардың көз алдында өтті. Ол өзінің «Әзірлену керек» (Тоқпақ, псевдонимі, «Ақ жол», №464. 30.07.1924) деген тақырыппен жарияланған мақаласында орыс отаршылдығының шынайы болмысын былай деп суреттейді: «Орыс колонизаторлығының, орыс ұлт үстемдігінің тамыры шаруа жүзінде болғанға ұсап, жергілікті ұлттардың да шаруа қалыбы түрлі болғандықтан, тіршілік жүзінде шаруа қадамдары бір-біріне қайшы келіп, бірі екіншісіне үстемдік жүргізетіні айқындалды»,-деп бір түйеді. [7.255.] Кеңес үкіметі орнап, ұлттар теңдігін, соның ішінде аз халықтарды езгіден құтқардық, «халықтар түрмесі» (Ленин) болған патша билігін құлаттық деп жар салып жүргенде большевик Қожановтың орыс колонизаторлығы мен орыс ұлт үстемдігін жоятын кез келді деп ашына айтуы жай емес тәрізді. Жаратылысында ақиқаттан аттамайтын ол: «бұл зорлықты жойып, һәр ұлт өз бетімен ер жетіп, жұрт қатарына қосылуына жол ашу үшін ұлттардың шекарасын ашып, һәр қайсысына өз тиесі ақысын беріп қою керек болды»,-деп

батыл пікір айтты. «Жол қиын, жол ауыр. Бірақ үдесіне шығуымыз міндет» деп білетін қайраткер Қожанов ұлтының теңдігі, бостандығы үшін ештеңеден аянбады. Айтатын жерінде айтты, жазатын жерінде жазды.

«Тоқпақ» Қожановтың «Еңбек жұртшылығы бәрін жеңеді» («Ақ жол», №476. 8.08. 1924) деген тақырыппен жарияланған мақаласы бір қарағанда сол кезеңдегі еңбекшілердің немесе қазақ кедейлерінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын дүние деп қабылдануы әбден мүмкін. Мақаланың ішкі мазмұнына үңілсек мүлдем басқаша. 1920 жылдары автономия алған қазақ елі өз астанасын белгілеуде, шекарасын межелеуде, ең бастысы ел тұтастығын сақтап қалуда көптеген қиыншылықтарды тап болды, талай кедергілерді бастан кешірді. Осындай қиын кезеңде: «Ұлт шекарасы сөз болып, ұлт мемлекеттерін жасау мәселесі ортаға қойылғалы, ел арасында неше түрлі азғырын сөз, алдамшы хабарлар таратуда. Әсіресе, шаруасы қызықты, жұрты тығыз, халқы аралас, талас көп болған Ташкент үйезінде тарамаған азғыру, істелмеген қулық-сұмдық қалған жоқ»,-деп жазған автор бықсық саясатшылдардың оңай олжа іздеген әрекеттерін аяусыз әшкерелейді. Аласапыран жылдары халық аңырып қалды, қай жолмен жүруді, кімнің соңынан еруді нақты болжай алмады. Дәл осы тұста қалың қазақ қоныс тепкен Ташкент төңірегінде жүргізілген зымиян саясат, қардай бораған өсектің зардабын әлі күнге дейін тартып келеміз, әділетсіз шекара бөлу, межелеу кезеңінде болған осындай кедергілердің нәтижесінде мыңдаған бауырларымыз өз ата қонысында отырып-ақ бір күнде өзге мемлекеттің тұрғыны болып шыға келді. Сол жүргізіген жымысқы әрекеттердің бірін автор былайша баяндайды: «Қазақстанға қосылсаң, әдетпен басқарады, шариғаттан айырыласың, діннен айырыласың деп сәлделі саясат, сақалды надандар азғырады дейді. ...Орынборға қарайсың, орысқа бағынасың, жер-суға ие бола алмайсың, тағы басқа мың пәлеге жолығасың деп, ауыл арасындағы амалқұмарлар, пысық мырзалар қорқытады дейді». Бауырлас өзбек жерінде мың-мыңдаған отбасылардың, дәлірек айтқанда қандас қазақтардың «өз еркімен» қалып кетуінің бір сыры осындай сұмдық әрі жымысқы саясаттың жемісі екенін ұққандайсың. Сол бауырлардың көбі уақыт өте келе өзбек болып кеткені де жасырын емес, одан аман қалғаны туған еліне «оралман» болып оралып жатыр. «Қайнайды қаның, ашиды жаның», қолдан келер дәрмен жоқ, өтті кетті, көш қайтпайды. «Мыңмен жалғыз алысқан» М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, т.б. дені жеңілді. «Ұлт шекарасы белгіленіп, ұлт мемлекеттері жасалып отырса, ел түпкілікті ажырайтын болу үшін емес, алған алды, қалған қалды болып, қайта жолықпастай айырылу үшін емес»,-деп шырылдаған Қожановқа құлақ аспады. Аумалы-төкпелі заманда өзі де түсінбей, жұртты да шатастырып, надандыққа бой алдырғандардың бұзықтығына күйінген С.Қожановтың қасиетті жер ана, ата мекен, ұлттық мемлекет, ұлттық шекара жайында айтқан көреген ойлары, келешекті болжап айтқандары тіпті де таң қалдырады. Бұл айтылған пікірлердің күні бүгінге дейін күн тәртібінде тұрғаны жасырын емес. Бір сәт автор пікіріне назар аударалық: «Шекара аспаннан белгіленбейді, жерден белгіленеді. Әр ұлт өз қонысын сақтап қалып, сол қоныс қылған жерлерін мемлекет деп жариялайды. Қазақстан аспанда емес, жерде болмақ. Қазақ ұлты қоныс қылып пайдаланып отырған жердің барлығы Қазақстан мемлекетіне кірмек. Сондықтан жер-суымнан ажыраймын деп уайымдау орынсыз, алдағанға азу – надандық. Жергілікті жұрт деп һәр жердің өз халқын айтады. Һәркім өз қонысында жергілікті. Сондықтан өзбек қана жергілікті саналады деген сөз иә «шала молданың дін бұзары», иә шын бұзықтың ел бұзары». Ұлт жанашырының әр сөзі салмақты, халықтың көкейіне қонымды, ең бастысы тарихи тұрғыдан алғанда дұрыс шешім. Көшпелі тіршілік кешкен қазаққа қиянат жасау, соның ішінде жер мәселесіне байланысты айтылатын артық әңгіме әлі күнге тиылған емес.

«Ақ жол» туған еліне қайтып оралды. Осындай ізгі істің басында болып, қаншама жылдар бойы тынбай еңбек еткен қайраткер Қанбибі Есенқарақызының ерлігі ерен. «Ақын Ханбибінің тарихтағы жолы» жайлы қалам тербеген ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Мәмбет Қойгелді былай деп тебіренеді: «Ханбибі Есенқарақызы – елімізде аты танымал ақын. Жаны жайсаң адам. Маған, әсіресе ұнағаны Ханбибі ақынның тарих шындығына деген құштарлығы. Алаш зиялыларына деген құрметі болды. Ол бұл ұстанымын атақты «Ақ жол»газетін көп томдық кітап түрінде шығару арқылы білдірді». [8.23.]

Қорыта келгенде өткен ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген, туған елінің рухани әлеміне аянбай қызмет көрсеткен «Ақ жол» газеті белгілі ақын, баспасөз жанашыры, қаламыздағы қуғын-сүргін музейінің алғашқы директоры болып негізін қалаған «хан қызындай Ханбибі» Есенқарақызының еңбегінің нәтижесінде қайта халқымен қауышты. Біз де осы газет жайында және газеттің алғашқы бас редакторы болған, ұзақ жылдар бойы үзбей мақалалар жариялап отырған журналист, публицист, биылғы жылы 130 жылдығы республика көлемінде тойланып жатқан Сұлтанбек Қожановтың аталған газет бетінде жарияланған біршама еңбектері жайында ой бөлістік. Публицист Қожановтың қайраткерлік қасиетінің бір сипаты қалам қуатымен де өз елінің ұлттық рухын оятуда аянбай еңбек етті.

Әдебиеттер:

1. «Ақ жол» газеті. Көптомдық. 1 том. Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан. «Алашорда» қоғамдық қоры. 2020 жыл. -384 бет.
2. Есенқарақызы Ханбибі. Шығармалары. I том. Астана. «Фолиант» баспасы. 2018 жыл. -324 б.
3. Хамзабекұлы Дихан. «Ақжолға» - қашан да ақ жол!» //«Ақ жол» газеті. Көптомдық. 1 том. Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан. «Алашорда» қоғамдық қоры. 2020 жыл. -384 бет.
4. Қожанов Сұлтанбек. Құжаттар мен материалдар. Алматы. «Жалын» баспасы. 2013 ж.
5. Қожанов Сұлтанбек. Шығармалары. Алматы. «Арыс» баспасы. 2009 ж. -352 б.
6. «Ақ жол» газеті. Көптомдық. 13 том. Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан. «Алашорда» қоғамдық қоры. 2020 жыл. -376 бет.
7. «Ақ жол» газеті. Көптомдық. 17 том. Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан. «Алашорда» қоғамдық қоры. 2020 жыл. -384 бет.
8. Қойгелді Мәмбет. Ақын Ханбибінің тарихтағы жолы. //Ақ жол» газеті. Көптомдық. 1 том. Құрастырған Ханбибі Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан. «Алашорда» қоғамдық қоры. 2020 жыл. -384 бет.

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ ТАРИХИ САНА МЕН ТАНЫМДАҒЫ ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Анарбаев Қ.С.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті директоры, т.ғ.к., доцент м.а.

Резюме

В статье рассматривается проблемы общих национальных ценностей в укреплении дружбы между народами.

Summary

The article examines the problems of common national values in strengthening friendship between peoples.

Қай дәуірде болмасын әлем елдері мен жекеленген халықтар өзінен экономикасы мен мәдениеті, өркениеттілігі озық елдерге, жұрттарға қарап бой түзеген. Өз кезегінде өркениетті ел деңгейіне жетудің айқын бір белгісі ол – халықтың немесе сол елде өмір сүріп жатқан түрлі халықтардың ел ретіндегі өзара береке бірлігі мен дос пейілдігімен көрініс береді. Әрине бұл процесс барлық уақытта бірдей жолмен жүрген емес. Моноұлтты елдер мен полиұлтты мемлекеттерде ол түрлі сипатта орын алғаны айтпаса да түсінікті. Ал нақты нәрсе көп жағдайда оның жоғары деңгейі мен оң әсерлі ықпалы өркениеттілікке ұмтылған, жетуге талпынған, сол жолда ойын түзеуші елдің білімі мен мәдениетіне, табиғи тұрғыдан әрбір халықтың өзіндік ерекшеліктеріне де тікелей байланысты. Ал көпұлттың өкілдері қатар өмір сүрген ортада бір ұлттың ұлттық құндылықтарының кемістік көруі ұлттың санасында «нигилистік» психологияны тудырады. Ал ол ертеңгі күнге сенімді азайтады. Әрбір халық ұлттық торығуды түрлі кезеңде басынан өткерген. Еуропа халқы діндегі атеизм пайда болған XVIII-XIX ғасырларда Ницшенің «Құдай өлді» («Бог умер»), Шпенглердің «Закат Европы» атты еңбектерімен көрініс берген. Кезінде қазақ нигилизмінің көрінісін берген уақытты байқататын «Елім ай» кезеңі жоңғардың шапқыншылығы мен «Зар заман» поэзиясымен орыстық отарлау саясатының әсерінен болған ұлттық торығуларды байқатады [1, 264 б.]. Дегенмен бұған қоса кейбір зерттеушілер халықтар арасындағы ерекшеліктер мен өзара байланыстардың үйлесімді болуы немесе кейбір кереғар тұстарының кездесуіне тікелей әсер ететін көптеген факторларды атап көрсетеді. Өз кезегінде ондай ғалымдар оларды жалпылама түрде **антропогендік** және **техногендік** факторлар, әсерлер ретінде де жіктеп көрсеткен. Біздіңше ғалымдардың назарын аударған осы екі әсердің де өріс ықпалының көлемі мен маңыздылығы ең алдымен кез келген халықтың тарихи сана сезімінің, ұлттық және ғылыми танымының негіздері мен деңгейлеріне тікелей байланысты. Тарихи санасыз, яғни өткенсіз бүгінді, ертеңді толық ұғынып әрекетке көшу, қателіктерге ұрынбау мүмкін емес. Өйткені өзіңнің артықшылығың мен кемшін тұстарыңды саралап алу маңызды. Міне, осы тұрғыдан келгенде бүгінгі күні алып елдер мен әлем жұрты «орта держава» санатына қосқан тәуелсіз Қазақ елі де бүгінге дейін қол жеткізген жетістіктері мен кейбір тұстарда «олқылығы» байқалатын мәселелерге де назар аударуы қажет. Соның ішінде барлық жетістіктердің негізгі кепілі мен қайнар қуаты елдегі халықтар достығын нығайтудағы өткен жолымызға назар аударған жөн. Бұл орайда тарихи сана мен танымның рөлі туралы айтпасқа тағы болмайды. Солар арқылы бізге еліміздің сыртқы саясатындағы «көп векторлылықты» тереңдеу түсінуге, сол арқылы елдің алдағы даму бағыттарын ұғынуға, ал ішкі саясатта ұлтаралық татулықты қамтамасыз ететін басымдықтарға ие құндылықтарымызды тағы бір мәрте өзіміздің бағалап алуымызға септігі тиер еді.

Осы жерде бір ескеретін мәселе бар. Ол бірқатар халықтарда ерте кезеңде ме, кейінгі дәуірде ме болсын әйтеуір бір әлемдік деңгейде әсері болған империялар ошақтарында өмір сүрген кезеңінен тарихи санасында «мирас» болып қалған «империялық психология» бар екендігі. Мысалы қазақтардың да кешегі көне Сақ, Ғұн мемлекеттері мен ортағасырлық Түріктер, Қыпшақтар, Алтын Орда мирасқорлары ретінде тарихи санасында осындай империялық сана әлі күнге кездеседі. Кешегі күні шығыста Алтайдан бастап батыста Дунайға дейінгі аумақты, оңтүстікте Мысырдан бастап бүгінгі тұтас орыстың жерлері біздікі болған дегенді ауызша болса да мақтанып айтатыны белгілі. Ал кейінгі кезеңдерге қатысты осындай сананың қалдықтары орыстар арасында жоқ дей алмайсыз. Сондықтан осы жайттарды санамызда бүгінгі шындыққа байланысты түсіну мен түсіндіру аса маңызды шаруа. Бүгінгі күні «өркениетті елдер» саналатын мемлекеттердің азаматтарының санасы бұл мәселені басқалармен салыстырғанда әлдеқашан оң шешіп үйренгені олардың өзгелерге деген қатынастарынан да байқалып тұратыны тағы бар. Дегенмен оны түпкілікті шешкен ел жоқ десек қателеспейміз. Себебі ол жоғары санаға ие болумен тікелей байланысты. Тұтас елді, халықты толлықтай жоғары санаға көтерудің мүмкіндігі болғанымен тәжірибеде кездеспейді. Иә, іс жүзінде кез келген адам үшін өзінен озықты мойындау мен оған құрмет көрсету оңай шаруа да емес. Бұл орайда екі нәрсе анық. Ол адамның «ішкі мені» мен соған сай жоғары оң сапалы қасиеттері адамгершілігі, толеранттылығы, ары мен ұятымен кері сапалы «өркөкіректігі», «менмендігі», өзін ғана ойлайтын «пенделік» түрлі қасиеттері арасындағы ойлар таласқа түсетіні анық. Бүгінгі өркениетті елдер тәжірибелері көрсеткендей алғашқы қасиеттері басым халықтар мен елдердің сәйкесінше оң жетістіктері одан ары еселене түседі. Ал керісінше, сондай оң қасиеттер кеміген сайын тұтас халықтың да, елдің де өркениеттің көшінен кенжелеуі байқалады. Тіпті солай болуы тарихи заңдылық екенін көне заманнан бері жер шарының талай бөліктерінде өмір сүрген өркениеттердің тағдырлары куәлік ете алады. Жалпы өмірлік таластардың өзі елдердің, ұлттар мен халықтардың дамуының қайнар көзі болу мен қатар тарих көшінен шеттеуінің де себепкері болуы адамдардың санасына, сол санасына сәйкес қалыптасатын өмір салттарына тікелей байланысты. Қаншама өркениеттер өмірге келіп, қаншамасы өз жарығын өшіріп алды. Өз кезегінде бұл жайттар бізге адамдар санасында да «жақсылық» пен «жамандық» ойлардың арасындағы мәңгілік күрестің жүріп жатқанынан да хабар береді. Оны дәлелдейтін тағы бір кең көлемдегі мысал философиялық тұрғыдан қарастырғанда сонау көне кезеңдерден келе жатқандай бір Еуразия құрлығының шеңберінің өзінде «адамзат өркениетінде Батыс пен Шығыстың қайсысының әсері басым?» - деген ой тартысының нүктесін әлі күнге нақты қойылмай келе жатқаны дер едік. Әрине, Нобель сыйлығының иегері, ағылшын жазушысы Редьярд Киплинг (1865-1936) кезінде айтқандай «Батыс, бұл-Батыс. Шығыс, бұл-Шығыс. Олар орындарынан кетпейді» деген пікірді қолдаушылар саны аз емес [2, С.3].

Ендігі жерде осындай тарих іздері мен бүгінгі халықаралық тәжірибелер халықтар достығын нығайтудың жолдарын айқындау өзекті екені байқалады. Біздің де мақсатымыз осы мәселедегі тарихи сана мен танымның рөліне қатысты ой пікірлерімізді ортаға салу. Олай болса ендігі міндет халықтар достығының шынайылығын қалыптастырудағы тарихи сана мен танымның рөлін арттыруды неден бастау керек?- деген сұраққа жауап берудің өзектілігін көрсетеді. Тарихи сана - тұтас халықты тәрбиелеудің құралы. Олай болса тақырыпты ашу үшін де біздерге педагогикада тәрбиенің ғылыми әдістері мен қағидалары біздерге көмекке келері анық. Өйткені кез келген тәрбиеленушіні тәрбиеге тартуда оның ең бір «осал жері» немесе жақсы қасиеттерінен бастап тәрбие жүргізілуі тиіс деген қағида барын және ол жалпы педагогикаға тән екенін ескереміз. Бұл орайда адамдардың өзін адамзаттың бір бөлшегі ретінде сезінуіне қарай бағыттауда маңызды рөлі бар мәселелерге назар аударған дұрыс сияқты. Ол дегеніміз ең алдымен барлық адамзат баласының ортақ құндылықтарынан ары қарай мақсатты жұмыстар жүргізілуі нәтиже беретінін байқатады. Соның ішінде осы жолдардың авторы өзінің 30 жылдық педагогикалық және халықтар достығын нығайтуға байланысты қоғамдық жұмыстардағы тәжірибелерінің нәтижелері мен өзіндік пікірлерін де ортаға салғанды жөн санайды.

Халықтар арасындағы достықты нығайтуда кез келген адам баласының тілі мен ойлау жүйесінің ортақтықтарының болуы аса маңызды. Дегенмен дәстүрлер мен салттары, дүниетанымдық әдет-ғұрыптардың да ортақ тұстарын тану мен танытудың ғылыми негіздері өте маңызды нәтижелерге әкелетінін байқадық. Мысалы, анасы жас сәбиіне арнаған «бесік жырын» айтпайтын халық жоқ екен. Өз кезегінде бұл жалпы адамзаттық ортақ құндылық емес пе?. Олай болса осы ортақ құндылықтар туралы өзара әңгіме жасау адамдарды, халықтарды бірін бірі тануы мен сыйластықта болуының бір жолын көрсете алады. Біздіңше «бесік жыры» әрбір халықтың «ұлттық коды» бола алады және ол жалпыға ортақ. Олай болса барлық адамзат баласы бірінен бірі артық та, кем де емес деген ортақ ойларға қарай жетектейтін тәрбиенің аса маңызды тетігі осы бесік жырында жатыр деп санауға болады. Ең бастысы ана мейірімін сезіну арқылы адамзат бірі біріне деген мейірімге ие болады. Ал ана мейіріміне қанбаған адамдардың өмірде түрлі сүрінулерге ұрынып, қатыгездене түсетіні зерттеушілер еңбектері арқылы педагогикада келтірілген шындық.

Екінші ортақ құндылық тіл. Тілдің қызметтері көп. Соның ішінде халықтарды өзара түсіністік пен бірігіп ел болуына бағыттайтын қызметін ерекше бағалай білгендер мен пайдаға асырушылар ұтылып жатқан жоқ. Адамзаттың шыққан тегі бір екендігі туралы діни кітаптардағы келтірілген деректерден бөлек бүгінгі археология, тіпті лингвоархеология саласының өзі сол ұстанымды қуаттап келеді. Біздіңше тілдік ортақтық мәселесін терең түсініп халықтар достығын нығайтуда әлемдік мәдениеттер тарихымен танысу, тарихты объективті зерделеумен қатар кезінде халықаралық Нобель сыйлығына ұсынылған О.Сүлейменовтің «Язык письма» атты еңбегімен танысқан елдің рухы да көтеріліп, екінші жағынан толеранттылық қасиеттері де күшейе түсер еді.

Үшінші халықтардың өмір сүрген ортақ географиясы мен тарихи деректер арқылы байқалатын ортақ тарих пен дүниетанымдағы ортақтықтар деуге келеді. Мысалы, басқаны айтпағанда Батыс елдері тарихи санасында орныққан «барлық жолдар Римге апарады» - деген пікір Рим империясының қуатын ғана көрсететін дерек ғана емес. Оған далалықтардың да қатысы болғандығына мегзейтін дерек. Осындай барлық халықтар назар аударатын мәселелерге сол Римнің негізін қалаған Ром мен Ремге қатысты аңыздар, оның ішінде Капитолий қаншық қасқыры туралы өнер туындыларының тарихы мен біздің арғы тарихымыздағы ортақ дүниетанымдарды ешкімге жоққа шығарған жоқ. Тіпті Римнің негізін қалаған халықтың, яғни этрускілердің Азиядан шыққан көшпелі ел екенін зерттеушілер ешқашан жасырған емес [3, С.44].

Осы бір жерде тағы бір қызықты дерек ретінде айтарымыз кімге де, қай халыққа да болмасын оны негізгі тірегі **кіндік қаны тамған туған жері қымбат** екені бесенеден белгілі. Олай болса туған жер, бір отанымыздың бірлігі туралы нақтылы ойлар мен істер ұлттарды біріктіретін идея мен идеологияның негізіне айналғаны керек. Бұл орайда қазақ-жерді айрықша кие тұтқан ел, халық екені әрісі - Еуразия көшпелілері, берісі - қазақтардың дүниетанымында Жердің қадір-қасиетімен танығанын білеміз. Сондықтан болар арғы Көк түріктердің танымындағы «Жоғарыда Көк (Тәңірі), төменде қара жер жаралғанда оның арасындағы кісілерге билік етуді Тәңірім менің бабаларыма берді....» - деп келетін жолдар кездеседі. **Қауіпті сапарға аттанарда туған жерден бір уыс топырақты ала кету қазақта әлі күнге бар** [4, 31 б.]. Бұл қазақстандықтардың достықты нығайтудағы басты ортақ құндылық екенін ешқашан естен шығаруға болмайды.

Әрине бір ғылыми баяндама аясында халықтар достығына ықпал ететін барлық тарихи сана мен танымды таныстыру мүмкін емес. Ол біздің мақсат та емес. Мақсатымыз Ұлы Даладағы түрлі тайпалардың белгілі бір уақыт шегінде қалайша өзара бірігіп халықтың біртұтастығын қамтамасыз еткен құндылықтарды білу, тануға бағыттай отырып, бүгінгі күннің биігінен елдің назарын ортақ құндылықтар мәселесіне тағы бір мәрте көптің назар аударту. Солар арқылы кешегі «**еңкейгенге еңкей, атадан қалған құл емес. Шалқайғанға шалқай ол Құдайдың ұлы емес**» -деген ділге ие қазақтың табиғатына қайта үңілу арқылы елдегі шынайы ортақ патриотизм мен ұлтаралық сыйластыққа қол жеткізу жолдарын одан ары айқындай түсу екені белгілі. Бұл орайда мемлекет құраушы қазақ ұлтының алдында зор жауапкершілік

тұрғаны тағы бар. Өз кезегінде олар елдегі ортақ тіл мәселесі, ортақ тарихи орта, сол арқылы қалыптасқан тарихи сана мен ұлттық танымдармен сабақтасып жатыр. Сондықтан мемлекеттік құрылымдар мен қатар барлық азаматтар басты құндылығымызды - ұлттардың арасындағы достықты барынша нығайтуға бағытталып келеді. Солай бола беруі де керек. Нәтижесі бірегей ұлттық танымның қалыптасуына әкеледі. Ол дегеніміз «өзге» деуге қимайтын өзіміздің көп ұлттар өкілдері саналатын еліміз азаматтары да Қазақтанулық бағыттарда терең ғылыми жұмыстарға ден қойып ортақ құндылықтарды дәріптеу арқылы келешекке деген сенімді нығайтып келе жатқан істерді жалғастыратыны анық. Олай болса тарихи санамыз сергек, ұлттық танымымыз мықты және ғылыми негізі тұғырлы болсын!.

Әдебиеттер

1. Хангелді Абжанов.Тұлға. Шығармалар жинағы.3 кітап. Алматы, «Алгорифм» баспасы,2023.512+16 жапсырма бет.
2. В.К. Бакшутов. Запад или Восток: кто ведет человечество? Екатеринбург, «Элита-Регион», 2009-272 стр.
3. Реймон Блок. Этруски. Предсказатели будущего. М., ЗАО Центрполиграф,2004.-189 стр.
4. А.Сейдімбек. Ата-баба әруақтары // 6 томдық шығармалары. 5 том. Астана: Фолиант, 2010.-880 б.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Исабаев Ж.С. Гуманитарлық ғылымдар магистрі
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Резюме

Вопрос нравственно-этического воспитания — одна из важнейших задач в современном обществе. В основе такого воспитания лежат духовные ценности национальной культуры. В статье философски раскрыты основы нравственно-этического воспитания в казахской культуре. Авторы обратились к историко-культурным корням, традициям и духовным ценностям народа, чтобы раскрыть сущность нравственно-этического воспитания. Воспитание — единственный инструмент, который может улучшить человека и общество. По мере того, как человек овладевает миром культуры, он начинает принимать различные идеи и идеалы, язык и порядок, принципы морали. Знания, добродетель, интеллектуальные качества, духовные ценности являются ключом к поиску своего места в обществе.

Sammary

The issue of moral and ethical education is one of the most important tasks in modern society. Such education is based on the spiritual values of the national culture. The article philosophically reveals the foundations of moral and ethical education in Kazakh culture. The authors turned to the historical and cultural roots, traditions and spiritual values of the people in order to reveal the essence of moral and ethical education. Education is the only tool that can improve a person and society. As a person takes possession of the world of culture, they begin to accept various ideas and ideals, language and order moral principles. Knowledge, virtue, intellectual qualities, spiritual values are the keys to finding your place in society

М. Жұмабаев тәрбиедегі басты мақсат — баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару екендігін алға тартады[1]. Әр тәрбиешінің қолданатын жолы ұлт тәрбиесі болғандықтан, ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылатындығын жеткізіп, жан тебіренісі, ұлттық тәлім-тәрбие мектебінің мұрасы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі міндетіне айналып

отырғанын көрсетеді.

Халықтың ауыз әдебиетінде, халықтың салт-дәстүрлерінде, балалар ойындарында сақталып келген халықтық тәрбие — халық ділін байыту жолындағы іздену, тану процестерін қамтамасыз етудің ғылыми нысанасы болып табылатындығы айқын. Бүгінгі таңда қазақы сарында тәрбие беру жолында сал-серілік дәстүр арқылы тәрбие берудің ұлттық сананы қалыптастыруға, эстетикалық тұрғыдан жетілдіру басымдылығын қамтамасыз ету де өзіндік маңыздылыққа ие. Себебі сал-серілікте этномәдени тәрбие берудің өзіндік бір құралы болып табылады. Олардың шығармашылығында шындықты тайсалмай жеткізу, барлық өлеңдерінде адамға деген сүйіспеншілік идеясы жатыр. Сал-серілердің тіпті жүріс-тұрыстарында көзге ерсі көрінетін әрекет, қылықтар болмаған. Олардың бойында алғырлық, кербездік, жомарттық, намысшылдық, сыпайылық қасиеттері тоғыса отырып, ойын-сауық өнерін көркемдік сипатта халыққа жеткізу арқылы, ұлт мүддесі мен халық игілігін биікке көтеріп отырды. Жалпы салт-дәстүрлер, өмірлік тәжірибені, халық даналығын қалыптастырып қана қоймай, ақыл-ой мен рухани сабақтасты жетілдіре түседі. Сал-серілік сияқты қазақы салт-дәстүрлер қалыптасқан әдеп пен астарлы сынның сабақтары болып табылады. Мұны игергендер сауық- сайраннан өзге, әр нәрсенің шегін, өлшемін іздестіріп, төзімділік пен сабырлыққа, келісім мен ымырашылдыққа ұмтылады.

Сонымен қатар, қазақ дүниетанымында *тектілік* этикалық категория ретінде тұлғалық сананың деңгейіндегі ерекше қасиеттің үлгісі және қазақы тәрбиенің бірден-бір негізі болып табылады. Тектілік феномені тек қан арқылы берілетін биологиялық қасиет қана емес, бұл ұрпаққа ата-бабалары арқылы жетіп отыратын дүниетанымдық, ділдік, психологиялық бейімділіктер. Оның нақты көріністері ата-баба рухына тағзым ету, ата-ана алдындағы парыздарды орындау, үлкенді құрмет тұту, кішіге ізеті, болашақ ана ретінде қызды мәпелеп өсіру және т.б. арқылы аңғарылады. Ұлт дүниетанымындағы аталмыш категорияның құндылығы туыстық қатынастар жүйесіндегі адами қарым-қатынас мүдделерінің кеңінен ашылуында. Бұл тұлғаның бойына терең түсінікпен қатар биік рухты да дарытады. Санасы қазақтың дархан даласына деген иелігін сезініп, салт-дәстүрді құрметтеп, елім деп елжіреп өскен ұрпақ қана сын сәттерде ел мүддесі үшін кеудесін тосып, қорғап шығары айқын. Ұлы Қытай ойшылы Конфуций «текті адам» тек этникалық ұғым ғана емес, ол саяси-мәдени ұғым екендігін алға тартты. Ол халықты басқарады, ал басқарудың негізгі қайнар көзі — басшының өз басының әдептілік қасиеттерін өзінен төмен тұрғандарға мысалдар арқылы паш ете білу. Конфуцийдің бұл идеясының өзектілігі бар. Текті адаммен қатар, текті әулеттерді қалыптастыру ізгілікті қоғамның басты шарты деуге болады, ол — ұлттық руханияттың нағыз алтын арнасы. Ұлттых руханияттың қасиеттері қоғамда да, жеке адамдардың да бойынан көрініс табады. Ізгілікке, рақымшылыққа талпыну қабілеті барлық адамның бойында болғанымен, туа біткен қасиет емес. Оғанадамдар тәрбие мен білім арқылы келеді [2].

Дәстүр сабақтастығының көрінісі және әлеуметтік ортадағы тектілікке негізделген гармонияны орнату талабы қазақ қоғамын ілгері дамытуға, жоғары ізгілікті қалыптастыруға ықпал ететін тұлғалық қасиеттерді биік бағалауға бейімдеді. Әл-Фарабиден бастап Абайға дейінгі ұлы тұлғалардың, кейіннен Алаш зиялыларының ізгілікті тәрбие төңірегіндегі өрелі пайымдарында ұлттың тарихы мен мәдениетіне, рухани құндылықтарына негізделген тұлға болмысын қалыптастыруға ерекше назар аударғаны белгілі. Бұл қазіргі таңда да өз өзектілігін жойған емес. Неміс философы Карл Ясперстің адамның миы ақпараттар толқынын көп сіңірген сайын оның қабылдауы, керісінше, әлсірей түсетіндігін тұжырымдаған еді. Аталмыш тұжырым заманауи әлемнің шынайылығына айналып отыр. Қазақтың рухани әлемінде ұрпақ санасының қабылдау деңгейі мен зейін қоя білу қабілетіне аса назар аударуының себебі адамзаттың келешегі адамның рухына келіп тоғысатындығы. Өйткені адамның рухани дүниесінің қалыптасуының астарында оның мәдениетінің түптамыры, ұлттық тәрбиесі, өмір сүру тәжірибесі жатыр. Қоғамның берік дамуы адамның қабілеттері мен жоғары қасиеттеріне, тәрбиесіне байланысты болып келіп, сол арқылы көрініс табатын құндылықтар арқылы сақталып отыратындықтан қазақ руханиятында тектілікке үлкен мән берілген болатын. Ал қоғамның, керісінше, рухани деградацияға ұшырауының астарында тұлғаның табиғи

болмысынан айырылуы жатады.

Қазақ этикасын кәсіби деңгейге көтерген ұлы тұлға - Шәкәрім. Ол өзінің «Үш анық» атты еңбегінде этиканы «ар ілімі» деп атап, әдептанудың көптеген мәселесін теориялық тұрғыдан талдады. Шәкәрім ар-ождан о дүниеде де бар және осыған сену. XX ғасырдағы қазақ мәдениеті имандылықтың түпқазығын құрастырады дейді. «Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты», - дейді ғұлама. Ал әдеп жолы дегеніміз адам баласына пайда тигізу, жақсылық ету деп түсіндіреді. [3, с. 185] Ол үшін адам өз бойындағы кемшіліктерден арыла білуі керек, сөйтіп, өз ар-ожданына кір келтірмейтіндей өмір сүруі қажет деген ойды айтады автор өз еңбегінде.

Халықтың бойындағы танымын, тәлімі мен тәрбиесін, мәдени өрісін паш ету арқылы рухани негізін сақтап қалу ел алдындағы маңызды мәселе болып қала бермек.

Ізгіліктік-этикалық нормалар арқылы кез келген ұлттың зиялы өмір сүруінің мәнін айқындауға болады. Қазақ халқының рухани өрісін құрып, кеңейтіп отыратын ұлттық дәстүрдің, ақын- жыраулардың ауыз екі шығармаларының тәрбиелік әлеуеті зор. Қазақы дәстүр ұрпақтың ізгілікті тәрбиесі саласында, тұлғаның рухани тұрғыдан өзін-өзі жетілдірілуі, кемелденуі мәселесінде өзінің сабақтастығымен ерекшеленіп келді. Өйткені халықтың дәстүрі, ауызекі шығармашылығы ұрпақтар байланысындағы өзара құрал бола отырып, руханият пен ізгіліктің өзіндік институты, ұлттық тәрбиенің тірегіне, ұлт өмірінің энциклопедиясына айналып, ұрпақтың рухани-ізгіліктік тұрғыдан қалыптасуына, оның бойына қоғамның дәстүрлі құндылықтың сіңісуіне үлкен ықпал етті. Рухани мәдениет қашан да әр жеке адамның ішкі көрінісінің, рухани құндылықтарды қалыптастырып, сақтаудың формасының сипаты болып табылатындықтан, рухани–ізгіліктік және құндылықтық сананы қалыптастырудағы әлеуеті жоғары. Академик Ә.Н. Нысанбаев қазақ халқының көптеген ойшылдары өз шығармашылықтарында рухани-ізгіліктік құндылықтарға үлкен мән бере отырып, олардың идеясы XXI ғасырдағы ұлттық мәдениет пен руханияттың қайта жаңғыруының қайнар көзіне айналғандығын атап өтеді [4, с. 160].

Қазақ халқының рухани бай мұрасы, этикалық құндылықтарға толы философиялық ойлары оның әлемдік тарих сахнасындағы біртұтас феномен ретінде қалыптасуына ықпал етті. Қоғамның құндылықты және ізгілікті саласы өзге салаларға қарағанда әлдеқайда маңыздылыққа ие. Бұл қазақ қоғамының этикалық компоненті күнделікті өмірге үйлесімді енгенін көрсетеді. Этиканың ең басты нысаны мораль болғанымен, ол мораль арқылы тұлғаның тәртібін моральдық реттеумен байланысты өзге де спецификалық, философиялық ғылыми бағыттарды қамтиды. Соның ішінде болашақ ұрпақ тәрбиесі уақыт создыруға болмайтын, ертеңін күтпейтін өзекті мәселе. Әр кезеңде де қоғам алдында тамыры да, жүрегі де елім деп соғып, халқының ділі мен мәдениетін, тарихы мен салт дәстүрін бойына дарыта білген, туған жерін түлетіп, егемен елінің еңсесін биік көтеруді өзінің міндетті парызы санайтын ұрпақ тәрбиелеу мәселесі тұрды. Тәрбиенің негізгі аспектісі тәрбиенің өзге түрлеріне қатысты интеграциялық функцияны атқаратын ізгілікті тәрбие болып табылады, себебі ізгілік қоғамдық ұстанымының мәнін көрсетеді[5].

Ұлттық болмысқа деген құштарлық, ұлттық салт-дәстүр, тіл мен мәдениетті қалыптастыруға деген ықылас, ұлт қасиетін игеруге деген талпыныс ұлтжандылыққа лайық ізгі қасиет болып табылады. Ал ұлтжандылық рухани орталықты, рухани қолдауды қажет етеді. Бұл қасиет арқылы халықтың қажеттілігі мен құндылықтары құнталып, оны қадір тұтуға талпыныс оянады, сонымен қатар, оның астарында ұлтына жанашырлық танытып, ортасына жақсылық пен сүйіспеншілігін танытатын мінез-құлықты тәрбиелеу мәні жатыр. Ұлтжанды тұлғаның әлеуметтік қасиеті, өресі де биік болады. Тұлға өз бойындағы жан мен тән үйлесімділігін ұлттық рух желісіне бағыттай алады, ұлттық мұрат-мүдде жолында тайынбайды және де қоғамды, өз қоршаған ортасын ар-намысы мен ұяты арқылы бағалайды.

Қорытындылай келе, қоғамды ізгілікке баулу XXI ғасырдағы өркениетті тұрғыдан даму талаптарының бірі бола отырып, әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді тетіктеріне

қол жеткізуге байланысты болып келеді. Осындай қарым-қатынас аясында адам әлемнің тұтқасы ретінде айқындалады. Заманауи қоғамда халықтың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген ықылас пен сүйіспеншлікті адам бойына тәрбие арқылы сіңіру мәселесі күн санап өзектіленуде. Рухани құндылықтарды ардақтай білетін, алдына қойған мақсатына қол жеткізу үшін ақылы мен қайратын серік қыла білетін өресі биік ел азаматтарының қатарын арттыруды төл мәдениеттің қазынасы арқылы жүзеге асыру өркениеттілікке жетелейтін бірден-бір жол. Тәрбие мен білімді ұштастыра білген қоғам ғана кез келген ортаны рухани терең дағдарыстан алып шығады.

Әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 160 б.
2. Т.Х. Ғабитов Қазақ мәдениетінің тарихы Алматы «Қазак университеті» 2016
3. Қазақ ағартушыларының философиясы. Жиырма томдық. Аударма. Астана 2007
4. Нысанбаев А. Становление исламской философии в Казахстане / А. Нысанбаев. — Алматы: ИФПР, 2000. — С.167.
5. Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік-мәдени негіздер: моногр. / А. Сағиқызы. / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. — Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. — 292 б

ҒТАМР 03.20.01

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРЫЛУ ТАРИХЫ – МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Мамраймов С.Д. т.ғ.к., доцент м.а.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан. E-mail: s_dauletuly@mail.ru

Резюме

Депортация народов Северного Кавказа в Казахстан в 1940-е годы является одной из трагических страниц в истории Советского Союза. В результате репрессивной политики Иосифа Сталина многие народы, включая чеченцев, ингушей, балкарцев, карачаевцев, были насильственно переселены из своей Родины на Кавказе в отдаленные районы Казахстана и Средней Азии. Официально эта депортация была объяснена обвинением в сотрудничестве с нацистской Германией, но большинство исследователей считают, что это было частью более широкой политики этнических чисток и репрессий в СССР.

Кіріспе: Қазақстанға және Орталық Азияның басқа аймақтарына жер аударылған Солтүстік Кавказ халықтарының жалпы саны шамамен 600-650 мың адамды құрайды.

Солтүстік Кавказ халықтарының туған жерге оралуы 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана мүмкін болды. Алайда жер аударылған халықтарды қалпына келтіру процесі ұзақ және қиын болды. Жер аударылғандардың бір бөлігі Кавказға орала алды, бірақ олардың барлығына бұрынғы аумақтарында өмірлерін қалпына келтіруге мүмкіндік берілмеді.

Бұл салдар әртүрлі этникалық топтар арасындағы қарым-қатынастарға әсер етіп, посткеңестік кеңістіктегі саяси және әлеуметтік процестерді қалыптастырады.

Солтүстік Кавказ халықтарын Қазақстанға депортациялау тарих тағылымы деп санауға болатын бірқатар тұжырымдарға әкелді:

1. Кеңес Одағы жүргізген жаппай жер аудару және қуғын-сүргін саясаты ұзақ мерзімді перспективада өзінің тиімсіздігін көрсетті. Ол проблемаларды шешудің орнына жаңа міндеттер

туғызды – бұл аймақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына әсер етті, ұлтаралық қақтығыстар ушығып, мемлекеттік институттарға сенімсіздікті күшейтті.

2. Жер аударылған халықтарды оңалту мәселелері ондаған жылдар өтсе де өзекті болып қала береді. Ел бірлігін нығайтуда, тарихи әділетсіздікті жеңуде есте сақтау, өткен қателіктерді мойындау және заңсыз алынған құқықтар мен аумақтарды қайтару саясаты басты рөл атқарады.

3. Депортацияның әлеуметтік, экономикалық және психологиялық зардаптары бірнеше ұрпаққа әсер етеді. Жер аударылған халықтар өздерінің мәдени ерекшеліктері мен әлеуметтік құрылымын қалпына келтіруде қиындықтарға тап болды. Бұл оқиғалардың психологиялық жарақаты сақталады және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықтардың ұжымдық жадына әсер етеді.

4. Солтүстік Кавказдың жер аударылған халықтары қиыншылықтарға қарамастан бейімделіп, Қазақстанның экономикасының, мәдениетінің және әлеуметтік өмірінің дамуына үлкен үлес қосты. Олардың интеграциялық тарихы үлкен қиындықтарға қарсы шыдамдылық пен аман қалудың дәлелі.

5. Халықтардың депортациялануы болашақта осындай қайғылы оқиғалардың қайталанбауы үшін тарихи жадыны сақтаудың және өткеннің тағылымын танудың маңыздылығын еске салады.

Депортация этникалық топтарға ауыр соққы беріп қана қоймай, тұтас аймақтардың әлеуметтік жағдайын өзгертті. Жер аударылған халықтарды оңалту және олардың қасіретін мойындау – ұлтаралық келісімді нығайту және әділетті қоғам құру жолындағы маңызды қадамдар.

Бұл оқиғаларды зерделеу болашақта осындай қайғылы оқиғалардың қайталанбауы үшін қажет. Өткеннің қателіктерін мойындай отырып, халықтар арасындағы мәдени-тарихи диалогты дамыту қазіргі Қазақстандағы және посткеңестік кеңістіктегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға ықпал ететін негізгі элементтер болып табылады.

Халықтарды депортациялау КСРО-дағы сталиндік қуғын-сүргіннің бір түрі болып табылады. Депортацияның негізгі белгілері олардың соттан тыс, мәжбүрлі және әлеуметтік қауіпті сипатта - халықтың үлкен бөлігін географиялық тұрғыдан шалғай, бейтаныс мекендеу орындарына көшуі болды[1, 5-б.].

Павел Полянның пікірінше, КСРО-да он бір халық толық депортацияға ұшыраған: корейлер, немістер, финдер, қарашайлар, қалмақтар, шешендер, осетиндер, ингуштар, балқарлар, қырым татарлары және месхет түріктері. Оның ішінде жеті халық - немістер, қарашайлар, қалмақтар, ингуштар, шешендер, балқарлар және қырым татарлары ұлттық автономияларынан айырылды[2, 46-б.].

Қиыр Шығыстан көшіру сияқты соғысқа дейінгі жер аударуды Кеңес өкіметі «өз еркімен қоныс аудару» деп сипаттаса, кейіннен депортациялар теріс бағаға ие болды, ал 2004 жылы ақпанда Еуропарламент оларды геноцид және адамзатқа қарсы қылмыс ретінде баға берді[3].

2010 жылдары бірқатар тарихшылар КСРО тұрғындарын Кеңес Одағы шекарасына мәжбүрлеп көшіруге қатысты «депортация» ұғымының қолданылуын сынға алды. «Депортация» ұғымының орнына Николай Бугай және басқалар «күштеп көшіру» терминін қолдануды ұсынды[4, 118-б.].

2017 жылы Владивостокта өткен «1937 жыл: орыстілді корейлер – өткені, бүгіні және болашағы» атты халықаралық симпозиумына қатысушылар арнайы резолюция қабылдады, онда «депортация» термині КСРО халқын күштеп қоныс аударуға қатысты қолданылмайтынын атап өтті[5].

Халықтарды депортациялау КСРО ұлттық саясатының мынадай стратегиялық мақсаттарын көздеді:

1) елді билеу үшін үрей тудыру;

2) халықтардың ішкі бірлігін ыдыратуға ұмтылу және этникалық ассимиляцияны қалыптастыру;

3) билеуші режимнің әскери-саяси және экономикалық қателіктері үшін жауапкершілікті қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың мойнына артуға ұмтылу;

4) Сібірдің, Қазақстанның және Орталық Азияның шөлейт аймақтарындағы халық санын арттыру;

5) Кеңес одағының бұрынғы артта қалған аудандарын өндіргіш күштермен қамтамасыз ету[6].

Материалдар мен әдістер: Зерттеулік материалдарды, оқулықтар мен ғылыми еңбектерді, архивтік деректерді жинау және талдау бойынша негізгі әдістер мақаланы даярлау кезінде жүйелі түрде жүргізіліп отырды. Тұтастай алғанда зерттеу тақырыбы төл тарихтың ақтаңдақ беттерін ашуды, халқымыздың басынан өткен күрделі кезеңнің тұстарын нақты дерек көздеріне сүйене отырып айқындауды қамтыды. Жұмыс жүргізу барысында нақты тарихи, салыстырмалы тарихи, талдау, жинақтау және қорыту әдістері қолданылды.

Нәтижелерді талқылау: Көптеген басқа елдердегі сияқты Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің қоғам мен жекелеген азаматтар үшін ауыр зардаптары болды. Кеңес өкіметі тұсында (әсіресе 1930-1950 жылдары) Қазақстанда жаппай саяси қуғын-сүргіндер халықтың әртүрлі топтарына, соның ішінде зиялы қауымға, шаруаларға, аз ұлттар мен діни топтарға әсер етті.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- Көптеген халықтар тарихи отандарын тастап, Кеңес Одағының басқа аймақтарына қоныс аударуға мәжбүр болды. Мысалы, неміс халқын, кәрістерді, шешендерді және басқа ұлттарды жер аудару.

- Көптеген зиялылар, ғалымдар, жазушылар, тарихшылар және басқа да қоғам қайраткерлері өздерінің сенімдері немесе кеңестік билік саясатын сынағаны үшін саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

- Шіркеулер мен діни бірлестіктер де қудаланды. Діни жетекшілер тұтқындалды, шіркеулер жабылды, сенушілер кемсітілді.

- Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру 1930 жылдары миллиондаған қазақтардың өмірін қиған ашаршылыққа әкелді.

Түркістан облысы көптеген басқа аймақтар сияқты халықтар мен мәдениеттердің бай және күрделі тарихына ие. Көптеген ғасырлар бойы бұл аймақ әртүрлі этностардың көші-қонының, жаулап алуының объектісі болды.

1943-1944 ж.ж. Солтүстік Кавказдың халықтары қалмақтар, ингуштар, шешендер, қарашайлар, балқарлар, қырым татарлары, ноғайлар, месхет түріктері, гректер, болгарлар, қырым сығандары, күрдтерді - негізінен жаулармен ынтымақтастық орнатты, бандитизм және кеңес үкіметіне қарсы қарулы күрес ұйымдастырды деген айыптармен күштеп көшіру жүзеге асырылды. Іс жүзінде соғыс жылдарындағы антисоветтік іс-әрекеттерді, сатқындық жасады деп айыптауды дәлелдеп көрсететін бірде-бір құжатты табу мүмкін болмады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Түркістан облысына 16 944 отбасы, 59 398 адам қоныстанды.

Соның ішінде - Қарашайлар - 4705 отбасы, 17649 адам; Шешен-ингуштер - 4270 отбасы, 14730 адам; Кабардин-Балқарлар - 610 отбасы, 1964 адам; Грузиндер - 2385 отбасы, 9558 адам; Қырымдықтар - 63 отбасы, 163 адам; Немістер - 4904 отбасы, 15317 адам; Қалмақтар - 7 отбасы, 17 адам.

Еңбекке жарамды арнайы қоныс аударушылардың басым көпшілігі колхоздарға бірігіп, совхоздарда колхозшылар мен жұмысшылар сияқты еңбек етіп, балалары бастауыш және орта мектептерге оқуға қабылданды.

Мәселен, Шымкенттресінің кеңшарларында 556 қоныс аударушылар отбасы тұрады, оның ішінде шешендер - 345, қарашайлар - 100 және күрдтер - 12, жалпы саны 1711 адам.

Өндірісте 747 адам жұмыс істеді, олардың көпшілігі өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасып, 1 адам агроном, 6 адам мал дәрігері, 10 адам есепші-бухгалтер, 8 адам егіс және мал шаруашылығы бригадирі, 69 адам тракторшы, комбайншы болып жұмыс істеді. Арнайы курстарда 75 тракторшы, 14 комбайншы, 13 кіші ветеринарлық фельдшер, мал бригадирлері мен ветеринарлық медбикелер дайындалды.

Алғашқы жылдары колхоздық және совхоздық өндіріске еңбекке жарамды арнайы қоныстанушылардың 60%-ы ғана қатысып, жұмыста адалдық танытпау, жұмысқа келмеу және

жұмыстан бас тарту, ұрлық және т.б. орын алған болса, уақыт өте еңбекке жарамды адамдардың басым бөлігі өндірісте жұмыс істеді және олардың арасында еңбек тәртібін бұзу және теріс қылық жағдайлары сирек кездесіп, олардың көпшілігі жұмыста белсенділік танытып, жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

Қоныс аударғандар мал және тұрғын үйлермен қамтамасыз етілді. Жеке пайдалануға арналған ірі қара мал - 4966 отбасыға; ұсақ мал - 5562 отбасыға беріліп, 8602 отбасы жеке үймен қамтылып, колхоздардың, совхоздардың және басқа да кәсіпорындардың үйлерінде - 12261 отбасы; жеке тұлғалардың отбасында - 1948 отбасы тұрды.

1948 жылы одақтық үкіметтің бекітілген жоспарына сәйкес колхозшылар үшін 2846 тұрғын үй салынып, оның да басым бөлігі арнайы қоныстанушылардың пайдалануына берілді. Осы кезеңде арнайы қоныстанушылар 21001,2 центнер мал, 281,6 центнер азық-түлік, 320,5 мың сом ақшалай жәрдемақы, 274 центнер жүн, 610 дана тері, 6925 центнер түк, 6925 мың бас қой алды[7].

1944 жылы мамырда қабылданған КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысында арнайы қоныстанғандардың әрбір отбасына бір бас ірі қара, орта есеппен 200 кг тірілей салмақ, ал ірі қара мал болмаған жағдайда қой, ұсақ мал беру қарастырылған. Ал ұсақ мал бір бас ірі қараға 200 кг тірілей салмақ есебінде беру керек. Алайда, арнайы қоныстанушыға сиыр немесе қой сыйға тартып, оған бірден заттай және ақшалай салық салынды. Көбінесе адамдар салық төлеу үшін сол сиырды сататын. 1945 жылы арнайы қоныстанушылар салықтан босатылды.

Қоныстанушылардың жұмыспен қамтылуы туралы мәлімет

№	Аудан	Отбасы саны	Колхоз. отбасы	Совхоз. отбасы	Өндіріс орындары. отбасы	Мекемелер мен ұйымдар. отбасы
1	Арыс	1021	648	300	10	63
2	Бостандық	538	44	-	414	80
3	Жуалы	724	477	53	26	168
4	Ильич	1470	467	770	102	129
5	Киров	385	126	259	-	-
6	Қаратас	470	320	150	-	-
7	Қызылқұм	464	66	345	-	53
8	Келес	523	437	-	20	16
9	Георгиев	1403	930	-	464	9
10	Пахта-Арал	952	739	110	73	25
11	Сайрам	1196	1140	46	10	-
12	Сары-Ағаш	1022	464	427	47	84
13	Түлкібас	1046	431	65	393	157
14	Түркістан	843	310	90	440	3
15	Шаян	535	514	-	6	15
16	Шәуілдір	87	61	21	5	-
	Барлығы	12899	7251	2810	2036	802

Көмір өнеркәсібінде қоныс аударушы Шешен-ингуш ұлтының 1351 өкілі, түсті металлургияда 898 адам жұмыспен қамтылды.

Қоныс аударылған арнайы қоныстанушылар ішінде еңбекке жарамды 17512 адам болса, оның 18072 адам жұмыс істейді, бұл көрсеткіш жасөспірімдердің де қоғамдық пайдалы еңбекке араласатынын көрсетеді.

Барлық арнайы қоныстанушылар 7252 шаруа қожалығының ұжымшарларына орналастырылды, барлығы ауылшаруашылық артелінің жарғысына сәйкес колхоз мүшелігіне қабылданып, барлық колхозшылармен тең дәрежеде жеке учаскелер алды, сонымен қатар, өндіріс орындарында қоныстанғандар 4016 шаруа қожалығынан бақша егу үшін жеке жер телімдерін алды, осылайша 1946 жылы арнайы қоныстанушылар отбасылары бау-бақшаларды қосымша азық-түлік көзі ретінде екті.

Түркістан облысында арнайы қоныстанушылар 1946 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мынадай тәртіппен орналастырылды:

1. Жаңадан салынған үйлерде - 782 отбасы
2. Сатып алынған үйлерде - 1075 отбасы
3. Шаруашылық мекемелері үйлерінде - 6538 отбасы
4. Тұрақты пайдалануға берілген үйлерде - 6538 отбасы
5. Жергілікті тұрғындармен бірге - 732 отбасы

Барлығы: 12899 отбасы.

Тұрғын үй құрылысы бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы облысқа құрылыс материалдарының, әсіресе 359 текше метр ағаш материалдарының және 2450 дана терезе әйнегі – осыншама құрылыс материалдарының көлемі 100 ғана үйдің құрылысын қамтамасыз етті, бірақ бар болғаны 782 үй салынды, бұл жергілікті құрылыс материалдары есебінен, бірақ облысымыз жалпы ағашсыз болғандықтан, дайын материалдарды сатып алу ұйымдастырылды. 1944 жылы 1075 үй салынды ал 1945 жылы 843 үй сатып алынды, 396 жаңа үй салынды, 2589 үй жөнделді [8, Қ.40, Т 9, Іс 67, П 11].

Арнайы қоныс аударушылардың 1946 жылдан бастап жұмысқа деген көзқарасы туралы деректер келтіретін болсақ, онда арнайы қоныстанушылар Кавказға қайтып оралмайтынын түсініп жұмыстарын адал атқара бастады.

Мысалға: Сарыағаш ауданында, «Союзформит» карьеріндегі Дарбаза станциясында бригадир Каимов Д., жұмысшылар Докаев Т., Лақаев, Каимов Закеря - өндіріс нормаларын 150-250 пайызға дейін асыра орындады.

«Қапланбек» кеңшарында канал қатты бітеліп қалып аудан басшылары Жексенбілікті ұйымдастырды. Каналды тазалауға 23 адамнан тұратын арнайы қоныстанушылар бригадасы қатысып, өнімділік көрсеткішін 300%-ға жеткізді, бұл үшін арнайы қоныстанушылар: Елімбаев, Латспанов, Адзазов, Дагалаев және т.б. марапатталды.

Жуалы ауданында Бурно-Октябрь МТС-тен Мамадов басқаратын трактор бригадасы көктемгі егіс кезінде жоспарды асыра орындағаны үшін бригаданың әрбір мүшесіне бір қойдан сыйлық алды.

Ильич ауданындағы «Пахтаарал» кеңшарының Сталин бөлімшесіндегі арнайы қоныстанушы Қарашайлар бригадасы өнім көрсеткішін 170 пайызға жеткізіп, үстемақы алып, екінші жыл қатарынан совхоздың ауыспалы Қызыл Туын жеңіп отырды.

«Келтемашатуголь» кенішінде арнайы қоныстанушы шахтер Шахтиевтер көмір өндіру нормасын айдан-айға асыра орындап, орта есеппен 4000-4500 сом табыс алды. [9, Қ.40, Т 9, Іс 67, П 12].

Депортацияға дайындық барысында қоныстанған отбасыларды шаруашылық жағынан реттеуге бағытталған шаралардың тұтас кешені қарастырылды. Алайда бұл шараларды жергілікті жерлерде жүзеге асыру объективті және субъективті себептерге байланысты қиынға соқты. Күрделі жағдай материалдық-экономикалық ресурстардың жоқтығынан, қатал климаттық жағдайдан, кей жағдайда жергілікті биліктің немқұрайлы қарауынан туындады.

Соның салдарынан арнайы қоныстанушылар арасында аурушаңдық пен өлім-жітім адам шығынына әкелді. Мәселен, «Қазақстанда 1944 жылы 32 502 адам, ал 1945 жылы 32 111 адам қайтыс болды. Ең жоғары өлім көрсеткіші 1944 жылдың екінші жартысы мен 1945 жылдың бірінші жартысына жатады, яғни климаттандырудың бірінші жылының күзгі, қысқы және көктемгі мезгілі, бұл да азық-түлік қиындықтарымен және сәйкес киім мен аяқ киімнің болмауымен сәйкес келді» [10].

Түркістан облысының Түлкібас ауданында осы аралықта 857 адам немесе аудан бойынша көшіп келгендердің 23 пайызы қайтыс болды.

Түркістан ауданында – 1944 жылы шілдеде 35 адам әлсіздіктен қайтыс болды.

Күйік кеңшарында 1944 жылдың наурызынан 1 қыркүйегіне дейін 376 адам түрлі аурудан қайтыс болды, оның 150-і бала.

«Келтемашатуголь» кенішінде 1944 жылдың наурыз айынан қыркүйек айына дейін 340 адам қайтыс болды.

Бостандық ауданында – 1944 жылы мамырда сүзектен 13 адам, ұрлық жасады деген күдікпен ұрып-соғудан 4 адам қайтыс болды.

Жуалы ауданында 1944 жылдың наурызынан 1945 жылдың маусымына дейін 1321 адам қайтыс болды, бұл ауданға қоныс аударушылардың жалпы санының 32 пайызын құрады.

Ленгер ауданында осы кезеңде 1263 адам немесе аудан бойынша қоныс аударғандардың жалпы санының 22,5% қайтыс болды.

Түркістан облысы бойынша қаза болғандар арнайы қоныстанушылардың жалпы санының 25,6%-ын құрады [11].

1956 жылы 17 қаңтарда 1936 жылы қуылған поляктарға шектеуді алып тастау туралы Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығы шықты; 1956 жылы 17 наурыз - қалмақтардан, 27 наурыз - гректер, болгарлар, армяндардан; 1956 жылы 18 сәуір - Қырым татарларынан, балқарлардан, месхетиялық түріктерден, күрдтерден және хемшилдерден; 1956 жылы 16 шілдеде шешендер, ингуштар және қарашайлықтардан өз отанына қайту құқығы жоқ заңды шектеулер алынып тасталды.

1957-1958 жылдары қалмақ, шешен, ингуш, қарашай және балқар ұлттық автономиялары қалпына келтірілді, бұл халықтардың тарихи аумақтарына оралуына рұқсат етілді. Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды қайтару қиындықтарсыз жүзеге асырылған жоқ, ол сол кезде де, кейін де ұлттық қақтығыстарға әкелді.

Алайда, қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың едәуір бөлігі Еділ немістері, Қырым татарлары, месхет түріктері, гректер, корейлерге тарихи отанына оралу құқығы қайтарылмады.

1964 жылы 29 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы 1964 жылғы 29 тамыздағы № 2820-VI Жарлығымен неміс халқына жаппай айыптауды жойды. 1960 жылдардың ортасынан бастап «жазаланған халықтарды» оңалту процесі аяқталды[12].

Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы алғашқы қадамдардың бірі 1989 жылғы 14 қарашадағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Күштеп қоныс аударуға ұшыраған халықтарға қарсы заңсыз және қылмыстық қуғын-сүргін әрекеттерін тану және олардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы» Декларациясының қабылдануы болды. Оған сәйкес барлық қуғын-сүргінге ұшыраған халықтар, оларға қарсы жала, геноцид, күштеп көшіру, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарды жою, арнайы орындарда террор мен зорлық-зомбылық режимін орнату саясаты, мемлекеттік деңгейде репрессиялық әрекеттер заңсыз және қылмыстық деп танылды.

Біз қазір 30-шы жылдардағы мәдени даму тұжырымдамалары белсенді түрде жойылған қазақ зиялылыры емес, сырттан енгізілгенін ұмытып кетеміз. Бұл ұжымдар Шығыстың классикалық музыкасының ерекшелігі де, көшпелі мәдениеттің ерекшеліктері де болып саналмады. Оркестірді музыкалық мәдениеттің, жеке орындаушының үстемдік еткен мәдениеттің ең жоғарғы жетістігі деп, жариялау үшін оны жою идеясы болды. Елестетіп көріңізші, Гамлеттің «болу немесе болмау» әртістер ансамблі орындайды, ал Одета немесе Жезель партиясын бірнеше адам билейді, Луи Армстронг оны ойнайды керемет импровизациялар әскери мектептердің үрмелі аспаптар оркестірімен үйлеседі, содан кейін солистке арналған күйлермен оркестрде не болғанын түсіну оңай. Иә, иә, егер олар бір уақытта он фортепиано аспабанда орындалса, Шопен шығармаларымен бірдей болады. Барлық жағдайда нәтиже бір ойсыраған қарапайымдылық болады, өйткені виртуоз-солист үшін жасалған, ұжымдық орындаушының қолына түсіп, оның даралығын білдіруге мүмкіндік беретін шығарма сөзсіз жеңілдетілуі тиісті. Шынында да, сексен орындаушы ең күрделі ырғақтық және интонациялық жүйесін басқару керек. 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің онкүндігінен кейін оркестрдің орындауындағы осындай жеңілдетілген күйлер ресми түрде жоғары жетістік деп жарияланды.

Ахмед Жұбанов 1945 жылы консерваторияда халық аспаптар факултетін ашқанда не істей алады? Ол саясаттандырылған мәдени бағытқа сәйкес келуі керек. 1937 жылы НКВД қабырғасында үлкен ағасы, көрнекті лингвист Құдайберген Жұбановтан айрылған ол мәскеулік және жергілікті «тәрбиешілердің» ауыр қолымен өте жақсы таныс болатын. Өздеріңіз білетіндей, 30-шы жылдары бұрынғы Одақтың шығыс республикаларында дәстүрлі классикалық музыка фольклорлық, сондықтан кәсіби емес деп жарияланды. Сонымен қатар, ол ауызша, яғни дәстүрлі орындаушылық болды (Шығыстың барлық классикалық дәстүрлі музыкалары сияқты, қазіргі джаз, Битлз өнері, рок-музыканттар және т.б.). Сол кездегі мәдениеттану тұжырымдамаларына сәйкес, ол болашақ кәсіби сазгерлер үшін шикізатты ғана үсынды және жазбаша дәстүрдің, яғни сырттан әкелінген еуропалық өнер түрлеріне еруі керек еді. Оркестр дәстүрлі музыканың еуропаландырылған, демек кәсіби мәртебесін алудың символына айналды.

Дәстүрлі қазақ классикасының шығармалары оркестр арқылы жоғарғы социалистік мәдениетке «жетілдірілген» түрде енгізілді. Алдымен олар тональды, содан кейін Еуропалық техниканың ең қарабайыр өлшемімен оркестровкасы жасалды. Оркестр үшін арнайы ұлттық аспаптарының түрлері жасалды: домбыра-бас, қобыз-прима, қобыз-контрабас және т.б. осылайша мәдениетте ресми идеал қалыптасты, ол кейінен шынайы кәсіби өнердің үлгісі ретінде таратылды. Ол үшін музыкалық мектептерден бастап консерваторияға дейінгі барлық оқу орындары қадрлар дайындай бастады. Нота бойынша оқыту, оркестрлік мамандандыру және қәсіпқойлықтың ең жоғарғы көрінісі ретінде еуропалық классика шығармаларын орындау (!!!, яғни кездейсоқ шыққан опустар, көбінесе ойын-сауық ретінде) – бұл жүйені ұстанатын үш китті айтуға болады.

Мүмкін, 30-шы жылдары, радио өмірге енді ғана шыққан кезде және «қазақтарды әлемдік музыкалық мәдениеттің биіктеріне баулудың» жалғыз құралы (қазақ музыкалық тілін құдалау және қоғамға естілу қабілетін қайта бағдарлау) оркестірдің, еуропалық репертуарыдың гастрольдері болды және ол қажет болды (тек сұрақ – кім үшін?) Дәл қазір Еуропалық музыканы концерттерде, радиода, теледидарда, аудио және бейне таспаларда, тіпті Интернетте қалай тыңдауға болады? Қазақстанда ұлттық аспаптар оркестірінің орындауындағы бұл музыка кімге керек? Ешкімге. Өйткені еуропалық музыканың шынайы белгілері сияқты, тұрғылықты жеріне қарамастан, Еуропада немесе Азияда шынайы орындау түрлерін қалайды. Сонда оркестірге тек күй ойнау үшін қажет – топ болып бірге, даусын қатты тарту және қарапайым мағынасыз оркестровкасымен? Дәстүрлі музыканың нәзіктілігін сезінетіндер үшін күмәнді

рахаттану және сонымен қатар бөтенсіп, мүлде қабылдамайтындар үшін де. Егер 30-50 жылдары оркестр болса. Құманғазы жасанды түрде құрылған мәдени кординатор жүйесінде компартияның қайырымдылық қамқорлығымен Қазақ ұлтының мәдениетінің өсуінің маңызды саяси символы болды. Сонымен, инерция бойынша ұлттық аспаптарында орындаушыларды оқыту жүйесі еуропалық музыканы нота бойынша ойнайтын оркестрді тәрбинлеу бағыты сақталды! Оркестр республикадағы музыкалық білім беру жүйесі арқылы 50 жыл бойы өзін-өзі жаңартатын өзін-өзі қамтамасыз ететін құбылысқа айналды. Оның шығармашылық бағытының ұстанымы дәстүрлі классикалық білім беру және ол тек үкіметтік концерттерде ғана жүзеге асырылатын, оны біз бала кезімізде көріп есіміміезде сақталған. Жылына 3-4 рет музыканттар ең үлкен сахнаға шығады (бұрын бұл опералық театры, ал қазір Республикалық сарай) және өте тез, өте қатты және әрдайым бірге «қуып» кете бермейді. Әдетте бұл «Сары-арқа» немесе «Балбырауын» Құрманғазының күйлері, оны оркестрде орындаған дәуірдің символына айналды, сондықтан олар музыка ретінде емес, «үкіметтік концерт» деп аталатын рәсімнің сөзсіз кезеңі ретінде қабылданады. Дыбыс сапасына қатысты сын айтылмайды және мүмкін болмайды, сондықтан оркестр сияқты социалистік Гүлдену символын сынау мүмкін емес.

Шын мәнінде, оркестр өзінің репертуарының көп бөлігін кеңестік кезеңдегі сазгерлердің шығармаларынан жасалды. Олардың арасында Еуропалық жанрлардағы күрделі шығармалар бар (симфониялар, симфониялық поэмалар және т.б.). Бірақ тыңдаушыларға талап етілмеген, олар іс жүзінде орындалмайды. Оркестрдің нақты концерттік өмірі-аздаған күйлер, шағын оркестрлік пьесалар, әншілерге сүйемелдеу сияқты. Осындай репертуарды орындау үшін домбырашылар мен қобызшылардың мемлекеттік білім беру жүйесі құрылды?! Жоғары музыкалық білім туралы дипломдармен оларлың аз бөлігі солистер болды, яғни өкінішке орай консерватория түлектерінің ешқайсысы еуропалық музыка теориясының нотaлары мен даналықтарын білмей, ауыл шеберлерінен сабақ алып, музыкалық өнердің шынайы биіктігіне жетіп, жалпыхалықтық сүйіспеншілік пен даңққа ие болған музыканттардың деңгейіне көтерілген жоқ. Төлеген Момбеков, Мұрат Өскенбаев, Мағауия Хамзин, Бақыт Басығараев, Рысбай Габдиев, Сержан Шакратов – олардың ешқайсысы консерваторияны бітірген жоқ. Бұл олардың бақыты, өйткені популист музыканттардың мемлекеттік білім беру жүйесі олардағы Шығыс музыканттына тән шығармашылықтың ең нәзік тетіктерін бұзып, оларды қазіргі заманғы еуропалық қазақ музыкасын орындайтын оркестірлерге айналдыратындай етіп құрылған. Сонымен көптеген жылдар бұрынғыдай, консерватория түлектерінің 70-80%-ы оркестрлер мен ансамбльдерге барады, кейбір бөлігі балалар музыкалық мектептерінде жұмыс істейді (өздеріндей етіп үйртіп шығару), солардың ішіне тек кейбіреулері ғана солист болаалды.

Осындай мәселелерді мызыкатанудың ғалымдары А.Мухамбетова және Г.Омарова көтерді. Ол қалыпты жағдай «сын түзелмей, мін түзелмейді» - деп атамыз қазақ айтқан. Сол 70-жылдардағы болған оркестр орындаушылары мен жеке орындаушыларға деген өкіметтің көз қарасы өзгерді, атақтар, төс белгілер және ордендер беріліп жатыр.

Әдебиеттер

1. Мухамбетова А., Омарова Г. Қазақстандағы дәстүрлі орындаушылық мәселелері. «Заман-қазақстан». 1997.02.14.
2. Еламанова С., Мұхамбетова А. Халақаралық ғылыми формалардың материалдары. (Мәске-1971, Алматы-1973, Самаркадта-1978, 1983, 1987 жж., Душанбе - 1992).
3. Аманов Б., Мухамбетова А., Омарова Г., Раймбергенова С. Ұлттық аспаптар факультетінің студенттеріне арналған этносольфеджио бағдарламасы. Алма-Ата. 1991. Б.36.
4. Аманов Б., Мухамбетова А. Қазақ дәстүрлі музыкасы және XX ғасыр. басылым. "Дайк-Пресс", 2002ж.

БОПАЙ ХАНЫМ МЕН ОНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫНАН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Байшуакова А.Д.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

Статья посвящена некоторым вопросам известной исторической личности, жены хана Абулхаира Бопай ханым и ее эпистолярному наследию.

Summary

The article is devoted to some issues of the famous historical figure, the wife of Khan Abulkhair Bopai Khanum and her epistolary heritage.

Қазақстанның жаңа замандағы тарихында батырлығы және дала даналығымен тарихта аты қалған әйгілі тұлғаларының бірі ол Бопай ханым. Бопай ханым қазақ халқының ұлы ханы Әбілқайырдың зайыбы, ханның барлық саяси істерінде қолдау көрсеткен, ел басқару мәселесіне араласқан қайраткер.

Бопай, Бәтима шамамен 1690 жылы дүниеге келіп, 1780 Елек өзені бойында қайтыс болған [1; 3]. Шын есімі Бәтима болған апамызды орыс жазбаларында неліктен Попай (кейбір жазбаларда Пупай) деп аталғандығы туралы нақты деректер жоқ. Бопай деп аталып кетуінің бір себебі ол халқымыздың ұл-қыздарына сәби кезінен еркелетіп, жанама есім беретін үрдісінен туындауы мүмкін. Әбілқайыр ханның негізі төрт әйелі болған, оның екінші әйелі Бопай, бірақ ханның шаңырағында Бопайдың абыройы мен беделі жоғары болған, оның бір басты дәлелі ханның басқа қалмақ, башқұрт әйелдерінің есімдері тіпті аталмайды [1; 6].

Бопай ханымның шыққан тегіне байланысты мәселе тарихшылардың арасында екі көзқарасты қалыптастырды. Бірі Бопай ханымды төре тұқымынан десе, ал тарихышлардың басқа тобы оны адай елінің қызы деседі. Еліміздегі кейбір белді тарихшылар И. Неплюевтің 1743 жылғы қыркүйектегі Ресей Сыртқы істер коллегиясына жолдаған хатында орыс қорғандарына шабуылдаушылардың «предводителем был настоящей жены ево брат родной, Дербшали-салтан» дегенін алға тартады. Бопайдың төре тұқымынан шыққан деген пікірді негізінен К. Есмағамбетов, И. Ерофеева ұстанды. Ә. Мұқтар, Е. Сыдықов, С. Өтениязов сынды ғалымдар Бопай ханым адайдан шыққан деген көзқарасқа басымдылықты береді. Олардың пікірінше Бопай ханым адайдан шыққан Мырзатай батырдың қарындасы. Олар А. Тевкелевтің 1748 жылғы күнделігіндегі «Абулгаир-хана шурин, а ханши ево Попай родной брат адайского роду Мурзатай Сатыралды-биев» дегенін негізге алады [2]. Бопай ханымның шыққан тегіне қалыптасқан екі көзқарас жөнінде Б. Көмеков пен С. Өтениязовтың «Әбілқайырдың Бопай сұлуы» атты мақаласында да қарастырылады. Авторлар Бопай сұлудың шығу тегі туралы екі түрлі дерек бар екенін жазады. Бір деректерде Бопай Кіші жүздегі белгілі батыр адай Мырзатайдың туған бауыры делінсе, екінші бір деректерде Кіші жүздің беделді Дербісәлі сұлтанның қарындасы болған деп айтылады [3; 26].

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Мадрид университеті профессоры, т.ғ.к. Самат Өтениязов «Әбілқайыр мен Бопай сұлу» атты мақаласында Бопайды Адай елінің қызы деп келтіре отырып, Бопайды ханның екінші әйелі болғанына қарамастан оны «сұлтанша» деп жазады, яғни қазақ тілінде және әдет-ғұрпында оны «бәйбіше» деген секілді құрметпен атайды деп көрсетеді. Сонымен қатар ғалым Бопай сұлу Кіші жүздегі белгілі батыр Адай Мырзатайдың апасы, не болмаса қарындасы болған деген мәліметті ұсынады. Тарихшы Бопай туралы арнаулы зерттеулердің болмағандығын тілге тиек ете отырып, оның шыққан тегіне байланысты ойымен бөліседі. С.Өтениязов Бопайды көп жерде төренің қызы деп жазған, соның бірі Көшім Есмағанбетов. Ағылшын суретшісі және саяхатшы Джон Кэстлдың күнделігінде Бопайды «сұлтанша» деп жазғанына қарап, көпшілігі оны төреден шыққан деген пікірді

ұстанған. Сонымен қатар ғалым өз зерттеуінде Тевкелевтің күнделігінен Бопайға қатысты мәліметтерді келтіре отырып, оны Кіші жүздің батыры Муртазайды (Мырзатай) Бопайдың інісі немесе ағасы екендігі жөнінде мағлұматтарды ұсынады. Сөйтіп профессор Бопай сұлуды Адай елінің қызы екендігін нақтылай түседі. Автор өз мақаласында ақын Светқали Нұржанның «Хан кегі» атты көлемді поэмасындағы Әбілқайырды қастандықпен өлтірілгеніне байланысты соңғы оқиғаларды жырға арқау етіп, Бопайдың шыққан тегіне байланысты мәліметтерді жан-жақты келтіреді. Ақын С. Нұржан негізгі материалды Адай шежіресінен алып, шежіренің барлық нұсқаларында XVII ғасырдағы белгілі тарихи тұлға, елімізді қалмақтардан қорғауда талай ерлік көрсеткен Сүйіндік батыр мен оның ұрпақтары жөнінде мағлұмат береді. Сүйіндік батырдың бес ұлы мен екі қызы болған. Ұлдарының ішінде белгілі батырлар Мырзатай, Құрмантай, Тұрмантай дей келе, қыздары Қанай мен Бопай деп көрсетеді [4; 12].

Әбілқайыр хан мен Бопайдың некесінен алты бала дүниеге келеді. Оның бесеуі ұлдары: Нұралы, Ералы, Қожахмет, Айшуақ, Әділ және бір қызы Зүлейха [5; 389-390]. Үш ұлы Нұралы, Ералы, Айшуақ Кіші жүзде хандық дәрежеге қол жеткізіп, өз биліктерін орнатқан.

1748 жылы Әбілқайыр хан қайтыс болған соң Бопай ханым сағын сындырмай, бүкіл қазаққа ақылшы болып, елдің тыныштығы мен бірлігін сақтауға өз үлесін қосты. Ол ханның қазасынан кейін әулетінің дәрежесі мен беделін көтеруге ұмтылды және орынсыз қантөгістің болмауын, ел іргесінің сөгілмеуін негізгі мақсаты етіп ұстанды [6; 23].

Бопай ханым көрегенділігімен халықтың қамын ойлап, елдің іргесі мен ынтымағын сақтауды басты мақсаты етіп ұстанды. Ол Ресейдің басқарушылары және шенеуніктеріне өз атынан хаттарын жолдап, олармен хат алмасқан. Бопай ханымның құжаттары Ресейдің Орынбор және Мәскеудегі Ресей империясының Сыртқы істер мұрағатында сақталған [2].

2014 жылы жарық көрген «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг.» атты екі томдық жинаққа қазақ билеуші элитасының ішінде әйелдердің арасынан тек Бопай ханымның хаттары енген. Жалпы бұл аталған құжаттар жинағында Бопай ханымның 24 хаты жарияланған [7]. Оның ішінде ең алғашқы хаты 1732 жылы Ресей патшайымы Анна Иоановнаға жолданған. 1748 жылы ол патшайым Елизавета Петровнаға да өз хатын ұсынған. Сонымен қатар хаттарының басым көпшілігі Орынбор губернаторы И.И. Неплюевке, Бригадир А.И. Тевкелевке арналған. 1749 жылы Бопай ханым Жоңғар ханы Цэван-Доржи-Аджа-Намжилуға хатын жолдаған. Бопай ханымның Ресейдің билеушілері мен шенеуніктеріне жолданған хаттары тарихшылар үшін зерттеуге негіз болып табылатын маңызды эпистолярлық мұрасын қалыптастырды. Сонымен қатар ол хаттары Бопай ханымның ел басқару мәселесінде дипломатиялық шеберлігін, ақылдылығы мен парасаттылығын көрсете білгендігінің нақты дәлелі болып табылады.

Бопай ханымның көркем бейнесі әдеби шығармаларда, дастандар мен романдарға басты образ ретінде арқау болған. Оған мысалы ретінде Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдары, Т.Ахтановтың «Ант» драмалық шығармасы, С.Нұржанның «Хан кегі» дастаны, т.б.. Бұл туындыларда қазақтың қайсар қызы Бопайды отбасын ғана емес, бүтін елді ұйымдастырушы абзал ана, Әбілқайыр ханның қолдаушысы, жоқтаушысы, Ресейдей алып империямен тайынбай тайталасқан айлалы саясаткер, Нұралы, Ералы, Айшуақ секілді хандарды тәрбиелеп, қазаққа сыйлаған алтын құрсақты анасы ретінде тұлғалаған [8]. Жалпы әдебиетте Бопай ханым тақырыбын алғаш рет көтерген жазушы Әбіш Кекілбаев еді. Оның ізін басқа да қаламгерлер жалғастырып, Бопай ханымның тұлғасына шығармаларын арнаған. Мәди Айымбетов «Бопай ханым» атты романын жазса, Роза Мұқановаңың «Бопай ханым» драмасын сахналады. 2023 жылы ф.ғ.к. Ершу Маржан Бопайдың тұлғасына байланысты «Бопай ханым» атты кітабын шығарды. Ол дастанын бастамас бұрын Бопай ханым туралы шығармалармен, архив құжаттарымен танысып шықты.

«Қазақ әдебиеті» газетінде Ершу Маржаннан «Бопай ханым» жарық көрген поэмасына байланысты сұхбаты жарияланған. Сұхбатта Бопайдың туған және бақилық болған соң көмілген жеріне байланысты тың мәліметтер беріледі. Бопай ханымның туған жері Жылыой деп көрсетіледі. 2020 жылы Ресейдің Орынбор облысынан Бопай ханымның бір уыс топырағы Жылыойдағы Бақашы қорымына қойылып, басына белгі орнатылды. Бұл игілікті істің

ұйытқысы болған «Ақмешіт – Бекет ата» мешітінің шырақшысы Ислам Мырзабекұлы. Сол кісінің бастауымен Бопай ханымның өмірі мен қызметін зерттеу үшін арнайы топ құрылған. Бопай ханымның асыл сүйегі Ресейдің Орынбор облысы Елек ауданының Димитровка селосынан 30 шақырым жердегі Бердяевка өзенімен іргелес жатқан Бопай сайы жанындағы қырат-жазықтық Бопай ханымның мәңгілік тыныс тапқан орны екен. 1929 жылдан бері бұл аймақ Ресей әскери полигонының құзырына енген және қазіргі таңда бұл аймаққа кіруге рұқсат жоқ [9]. Бопай ханымның жерленген жеріне байланысты т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Еліне тірек болған Бопай ана» атты мақаласында оның 1780 жылы жүз жасап дүние салып, қазақ-орыс шекарасындағы Татищев қорғанына жақын Шиелі өзені жағасына жерленді деген мәліметтерді келтіреді [2].

Бопай ханымның есімі еліміздің тарихында мәңгі қалды. Сол дәуірдің өзінде-ақ қазақ қыздарына Бопай деп ат қоюшылар көбейді. Оның дәлелі Кенесарының қарындасы Бопай Қасымқызы. Ол XIX ғасырдағы қазақтың батыр қызы ретінде еніп, тарихта өз ізін қалдырды [4].

Қорытындылай келе, Бопай ханым бірқатар әдеби шығармаларға арқау болған бас кейіпкер болғандығын аңғаруға болады. Оған байланысты дастандар да, романдар да жазылған екен. Ендігі кезекте Бопай ханым секілді тарихи тұлғаны тарихшылар тарапынан терең зерттеу мәселесін күшейту керек секілді. Қазақ елінің тарихында өз батылдылығымен, ақылдылығымен аты қалған Бопай ханым жеке көлемді ғылыми зерттеуді қажет ететін дара тұлға.

Әдебиеттер

1. Жаулин К. М. Бопай ханым – саяси мемлекеттік қайраткер (1690-1780) // «Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның өмір жолы және ұлт тарихындағы орны» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті; 2018, 271 б.
2. Әбілсейіт М. Ел тірегі болған Бопай ана //https://abai.kz/post/63354
3. Көмеков Б., Өтениязов С. Әбілқайырдың Бопай сұлуы // «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 2015. -304 б.
4. Өтениязов С. Әбілқайыр мен Бопай сұлу // «Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның өмір жолы және ұлт тарихындағы орны» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті; 2018, 271 б.
5. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 456 с.
6. Тайжанов А. Қазақ әйелдерінің әлеуметтік мәртебесін анықтаудағы Бопай ханымның орны // «Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның өмір жолы және ұлт тарихындағы орны» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті; 2018, 271 б.
7. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах/ Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель ответственный редактор И.В. Ерофеева. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 696 с.
8. Нұрдәулеттегі Б. «Хан кегі» драмасы және Бопай ханым бейнесі //https://qazaqadebieti.kz/28925/han-kegi-dramasy-zh-ne-bopaj-hanym-bejnesi
9. Бопай ханымды тану – парыз //https://qazaqadebieti.kz/31479/bopaj-hanymdy-tanu-paryz

ӘОЖ 008

ТҰЛҒА ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

Мантаева Т.С. PhD, аға оқытушы
Ағұлықова Ұ.А. 1 курс докторанты
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме.

В истории философии и науки проблема личности является одной из самых многогранных. Каждая из наук понимает природу и суть личности по своему – такой подход присущ всем наукам, педагогике и психологии, политологии и социологии, геронтологии и ювенологии, истории и остальным социальным и гуманитарным наукам.
Личность является мерой человека в качестве субъекта общественных и социальных отношений, мерой индивидуальности и проявлением персональности.

Summary

In the history of philosophy and science, the problem of personality is one of the most multifaceted. Each of the sciences understands the nature and essence of personality in its own way - this approach is inherent in all sciences, pedagogy and psychology, political science and sociology, gerontology and juvenility, history and other social and humanitarian sciences.
Personality is a measure of a person as a subject of public and social relations, a measure of individuality and a manifestation of personality.

Адамзаттың даму тарихында тұлғаның алатын орны ерекше екендігі бүгін күмән тудырмайды. Кеңестік заманда қоғамды дамытушы басты фактор ретінде халық, қалың көпшілік қана қарастырылып, жеке адамның, тұлғаның рөліне назар аударылмағаны бәрімізге белгілі. Социалистік жүйе дағдарысқа ұшырап, тарих сахнасынан түскен кезеңнен бастап қоғамдық ғылымдарда тұлға мәселесі тереңдеп зерттеле бастады. Тұлға дегеніміз кім? Ол тарих пен қоғамға қалай әсер етеді? Адамзаттың дамуы тұлғалардың қолында деген қағида дұрыс па? Тұлға өз халқы мен ұлтының мәдени болмысын қалай өзгерте алады?

Философия тарихының антикалық кезеңінен бастап талқыланған осы мәселелердің қазіргі заманғы қоғам үшін өзектілігі Қазақстан Республикасының бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарыққа шыққаннан кейін арта түсті. Ол бұл еңбегінде: «Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз» деп атап көрсеткен болатын [1]. Ал бұл жоба рухани жаңғыру, ұлттық кодты сақтау, тарихи тәжірибе, ұлттық дәстүр және олардың басты субъектісі мен объектісі – адам және тұлға маңызды ұғымдарымен тығыз байланысты.

Елбасы дұрыс назар аударғандай, рухани жаңғыру мәселесі батыстық жаңғырудың қазіргі заманның даму үдерісіне сай келмеуінен, батыстық үлгілердің барлық халықтар мен ұлттарға жаппай, олардың өзіндік ерекшеліктерін ескермей таңылуынан туындап отыр. Сол себепті қоғамдық болмыста үлкен жылдамдықпен жүріп жатқан өзгерістерге біздің қоғамдық санамыз сәйкес келмей, оның дамуы баяу жүруде. Осы құбылысты байқаған Президент «...замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп пайымдап, осындай жаңғыру тұтас ұлтқа ғана емес, әрбір жеке адамға тән болуы керектігін басып ескертеді [1].

Тұлғаның қалыптасуы еркіндік, тәуелсіздікпен байланысты екендігі айқын. Тұлға өмір сүріп жатқан қоғамның (яғни, мемлекеттің) тәуелсіз болуы – тұлғаның ғана емес, жалпы сол қоғамда өмір сүретін барлық адамның ойлау жүйесі мен ерік-санасында өзгеріс тудырады.

Тұлға ұлтының ғана емес, жалпы адамзаттың тәуелсіздігі үшін, ой-санасының азат болуы үшін күреседі. Тұлғаның ойлау жүйесі, пікірі, көзқарасы ешқашан және ешкімге тәуелді болған емес. Ол өзінің биік мақсат-мұратын, арман-тілегін ұлт мүддесімен, адамзат мүддесімен байланыстырады. Тұлға тудырған шығарманың негізі азаттық, еркіндік, бостандық, ар-ождан сынды құндылықтармен үндес екендігі тәуелсіздік үшін талмастан күрескен қазақ халқының көркем шығармашылығында айқын көрініс тапқан. Қазақтың көркем шығармашылығындағы тұлғалық бейненің қалыптасу ерекшеліктері жалпы қоғамның бағыт-бағдарларымен, мәдени факторларымен, ұлттық ділімен және адамгершіліктік құндылықтарымен, қазақ халқының кісілік, ұлылық, кішіпейілділік, мейірімділік, ізеттік және тағы басқа адамшылық қасиеттерімен тығыз байланысты.

Тұлға ұғымының қазақ мәдениетіндегі түсінігі туралы пайымдасақ, қазақ халқының дүниетанымында тұлға – елі мен жерінің қорғаушысы, бұқараға «көш бастайтын адам». Яғни, тұлға болу әрбір адамның қолынан келе бермейді, ол ерекше мәдениетті, білімді, парасатты, адамгершілік қасиеті жоғары адамдарға ғана тән. Сол себепті, азаматтық – әр адамның имандылық, әлеуметтік сапа-қасиеттерін, ал пенде болу – көптің бірі болуды ғана білдіретін болса, пендеден тұлғаға айналу – елден ерекше болуды, қатардан алға бөлініп шығуды қажет етеді.

Қазақтың ғасырлар бойы дамып, өрістеп келе жатқан көркем мәдениетінде сомдалған тұлғалық бейнелер біздің өркениетімізде интеллектуалды тұлға мұраты жоғары болғанын көрсетеді. Төл тілі мен көркем мәдениетінің жоғары деңгейде болуы – халық тәуелсіздігінің, рухани азаттығының айшықты белгілерінің бірі. Әр халық туған тілін, мәдениетін, соның негізінде қалыптасатын салт-дәстүрін, бір сөзбен айтқанда, рухани мұрасын сақтап қалуға барынша ұмтылады. Қазаққа жат мәдени құндылықтар ұлттық құндылықтарға қауіп төндіріп тұрса да, қазіргі көркем мәдениеттегі тұлғаны бейнелеу суреттемелерінде ұлтсыздандырылған және тұлғасыздандырылған рәміздерден гөрі, этномәдениеттердің төлтума белгілерін сақтайтын модель-үлгілер, тұлғалық кейіпкерлер жоғары бағаланады, себебі, қазақ халқының ұлттық коды мықты, тарихтың қиын кезеңдерінен қазақты аман алып шыққан, оны бүгін әлемге паш етіп отырған да осы фактор.

Адам, тұлға мәселесі – әлемдік философиялық ойдың негізгі мәселелерінің бірі, тіпті ең бастысы. Адам әртүрлі ғылымдардың арнайы зерттеу объектісі және олар, әсіресе, жаратылыстану ғылымдары адам туралы жан-жақты білімге қол жеткізді. Бірақ жеке ғылымдар берген білімдердің жәй ғана жиынтығымен шектелу адамның терең мәнін, өмірге келгендегі мақсатын, оған жету жолдарын ашпайды. Адам әлі күнге дейін ғаламның ең негізгі тылсым құбылысы күйінде қалып отыр. Абай ғұламаның «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да біл» деген сөздерінің өзектілігі бүгінгі таңда аса түспесе, азайған жоқ. Адамның тұтас, толыққанды бейнесін қалыптастыру жолында антика заманында басталған философиялық ізденістер қазіргі күнге дейін жалғасып отырғандығының себебі де – осы.

Адамды зерттеудің философиялық ұстанымының ерекшеліктері қандай? Бұл сұраққа жауапты анықтап алу арқылы диссертациялық ізденісіміздің әдістемелік негізін айқындаймыз. Адамды философиялық тұрғыдан зерттеу оның мәнін, дүниедегі орнын және оған қатынасын, өмірлік мақсатын, адамның бойындағы биологиялық пен әлеуметтіктің үйлесімділігін, тұлға ретінде қалыптасу деңгейін, тұлғалық құрылымы мен әлеуметтік-психологиялық типтерін, адам қызметінің нақты-тарихи детерминациясын, болмысының әртүрлі тарихи формаларын және тағы басқа көптеген қырын ашуға мүмкіндік береді.

Адам мәселесі философияның күрделі де ұзақ тарихи даму кезеңдерінде әртүрлі қарастырылды, бұл ерекшелік адам туралы философиялық түсініктердің жан-жақты болуына өзіндік үлесін қосқаны сөзсіз. Адамды философиялық тұрғыдан танып-білу танымның өзгеше әдісін, яғни адам таным үдерісінің субъектісі де, объектісі де болып саналатын әдісін қалыптастырғанын ескерте кеткен жөн.

Антика философиясында адам негізінен алғанда микрокосм, өзінің қызметін жоғары бастауға – тағдырға бағындырған тіршілік етуші ретінде қарастырылды. Бірақ Сократтан бастап

«адамға бетбұрыс» басталып, философия өзінің назарын натурфилософиядан адам мәселесіне аударды.

Христиандық көзқарастар жүйесінде адамды жан мен тәннің бірлігі, жануар мен перштенің арасындағы мақұлық ретінде түсіну күшейіп, «адамның өмірі мен тағдырының мәні – Құдайға құлшылық ету» деген ұстаным үстемдік етті.

Адамды асқақтату, оның жасампаз табиғатына, руханилығы мен ақыл-ойына сенім Қайта Өрлеу және Жаңа дәуір философиясының басты ұстанымы болды. Ең бастысы – өзінің тағдырын өзі жасай алатындығы, білім мен ғылымның көмегіне, өз ақыл-ойының автономиясына сүйенсе, алынбайтын қамал жоқ екендігіне сенім адамның бойынан мықтап орын алды. Осы кезеңде адамның жасампаз табиғатының мол мүмкіндігі ашылып, адамзат тарихынан өшпес орын алған ғылыми жетістіктер мен өнер туындылары дүниеге келді.

Бұл идеялардың жалғасы классикалық неміс философиясының көрнекті өкілі Иммануил Канттың шығармашылығында, мысалы, оның бұлжымас императив ілімінде көрініс тапқанымен, жалпы алғанда XIX ғасыр философиясы адамның руханилығын рационалдық және иррационалдық бастаумен көбірек байланыстырып, адам туралы тұтас теория қалыптастыра алмады. Оны Макс Шелер мен Хельмут Плеснер негізін қалаған философиялық антропология бағыты жүзеге асырды.

Тұлға ұғымы «Мен» ұғымымен ажырамас байланысты. «Мен» – адамның жеке даралық сипаттамасы, оның тұтастығы мен әмбебаптылығын, жекелігі мен еркіндігін білдіретін күрделі философиялық категорияға жатады. Адамның әлеуметтік-мәдени келбеті оның «Менімен» байланысты. Әдеп адамның бірлесе өмір сүру тәсілі болғандықтан, оның басты белгісіне адамдық қатынастардың мәдени деңгейі жатады. Бұл міндетті түрде «Мен – Сен – Ол» мәселесін алға қояды. Тұлға ең алдымен өзін-өзі зерттеп, таниды, рухани кемелденіп, мәңгілік сұрақтарға жауап іздейді, айналасындағы адамдарды, барлық құбылыс атаулының болмыс-бітіміне үңіледі. «Мен» адамның рухани болмысын, мәдени келбетін көрсетеді. «Мен» ұғымын Абайдан артық талдаған қазақ данышпаны жоқ:

«Ақыл мен жан – мен – өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі» [2].

Абай танымындағы «Мен» – адамның жаны мен ақылының бірлігі. «Мен» ешқашан өлмейді, ол адамның ішкі рухын көрсетеді. «Менікі» – адамның тәні, сыртқы формасы, адам оны «менікі» дей алады, сондай-ақ адам «менікі» деп өзі жиған дүние-мүлікті еншілей алады. Абай «менікінің» баянсыздығын айта келіп, «Мен» ғана мәңгілік, ол адамның адами келбетін сақтайтынын еске салады.

Тұлғалық деңгейге көтерілген әрбір талантты, білімді адам өзінің «Менін» бағалап, құрметтейді, себебі, ол қоғамдағы өзінің орнын, бағасын біледі, бірақ олар өзгелерден өзін ерекше санап, кеудемсоқтыққа салынбайды. «Мен» – тұлғаның әлеуметтік-психологиялық еркешелігін ғана көрсетпейді, сондай-ақ оның қоғамдағы орны мен болашағын айқындайды.

Абай адам қателікке ұрынбай, жетілуі үшін, «толық адам» болуы үшін алдымен өзін-өзі тануы керек, сонда ғана адам сыртқы ортамен байланыста кедергілерге ұрынбай, өзін-өзі қорғай алады деп есептеді.

«Адам ұғымы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсіби – оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсіби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» [3, б. 110-111].

Абай философиясынан түйсінгеніміз: адам өмірден мән табуы үшін «ең алдымен «ішкі формасын» қалыпқа келтіруі керек, сонда «сыртқы форма» өздігінен мәнге ие болады. Егер жан өз қалауын тауып, тыныштық таппаса, адам өмірден ешқашан мән таба алмай, өмірі мағынасыз, мәнсіз өтеді. Өзін кәсіби тұрғыда дамытқан білімді адам ғана қоғамға пайда әкеліп, өзінің бұл әлемге керек екенін сезінеді. Ішіп, жеу тәнді ғана қанағаттандырады, ал жанды рухани ізденіс

ғана қанағаттандырады. Қарын тойдырудан басқаны ойламайтын адамның болашағы жоқ, рухани тұрғыда құлдырап, өзін жоғалтып алады. Ақылды адам тән қалауымен, нәпсісімен күресіп, ғылым игеруге, кәсіп меңгеруге ұмтылады. Ғылым мен білімді игерген толық адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамға бейімделмей, керісінше қоғамды жақсы бағытқа қарай өзгертеді. Міне, осындай «Тұлға-Меннің» үздік үлгісі – Абайдың өзі болды. Ойшыл жазушы Мұхтар Әуезов атап көрсеткендей: «Абай халқына «іші алтын, сырты күміс» өлең қазынасын, мәңгі өлместей асыл сөз қазынасын қалдырды. Ол – қазақ халқының Абай тұсындағы тұрмыс суреті, дүние тануы, мінез-құлқы, зар-мұңы, тілек арманы. Ол – жапа көрген, көп шыдамдылықпен жақсы болашаққа сенген ер халықтың бейнесі.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. https://egemen.kz.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т.1. – 12 б.
3. Құнанбайұлы А. Қара сөздер. – Алматы: Өнер, 2006. – 120 б.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚУЛЫҚТАР ДАЯРЛАУ ІСІ

Найманбаев Б.Р.
ҚР ҰҒА-ның профессоры
Өбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В начале XX века сформировалась большая волна казахской интеллигенции. Деятели Алаша обратили внимание на актуальные проблемы казахского общества начала XX века и выбрали его основой своей общественно-политической деятельности. Одним из таких вопросов стала подготовка учебников на казахском языке. Были учебники на казахском языке в важных школах, возникшие после введения светской системы образования. Потому что наряду с дефицитом специалистов казахские школы также испытывали дефицит учебников. Ответственность за обеспечение школы учебниками на казахском языке взяли на себя деятели Алаша.

Summary

At the beginning of the twentieth century, a large wave of Kazakh intelligentsia was formed. The leaders of Alash drew attention to the current problems of Kazakh society at the beginning of the twentieth century and chose it as the basis of their socio-political activities. One of such issues was the preparation of textbooks in the Kazakh language. There were textbooks in Kazakh in important schools that arose after the introduction of a secular education system. Because along with the shortage of specialists, Kazakh schools also experienced a shortage of textbooks. The responsibility for providing the school with textbooks in the Kazakh language was assumed by the leaders of Alash.

1917 жылғы қазан революциясынан кейін қоғамның барлық саласы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Саяси өзгерістермен қатар, білім беру саласы да жаңа бағытта дами бастады. Өйткені билікке келген болъшевиктер назар аударған саланың бірі – білім беру ісі еді. Қазақ жерінде өз міндетін атқарып отырған мектеп-медреселер діни оқу орындары деп табылды. Сол себепті де зайырлы білім беру жүйесі енгізіле бастады. Рас зайырлы білім беру жүйесін енгізудің өзіндік қиындықтары болды. Ол маман тапшылығынан, арнайы ғимараттардың жоқтығынан және қазақ тіліндегі оқулықтардың болмауынан анық көрінді. Аталған қиындықтарды құрылған арнайы комиссия, кейіннен Халық ағарту комиссариаты жүйелі түрде шешу ісін қолға алды. Оқулық мәселесінде біз Алаш қайраткерлерінің ерекше белсенділігін байқаймыз. Осы үшін де арнайы

комиссия құрылды. Арнайы комиссия болашақта жарық көруі тиіс қазақ тіліндегі оқулықтардың тізімін жасап, жоспарын бекітті.

Мәселеге қатысты бірқатар іргелі еңбектермен қатар, ғылыми-жұмыстары да жарық көрген болатын. Солардың бірі «Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі: тарихы мен тағылымы (1920-1930 жылдар)» атты ұжымдық монография болып табылады. Аталған еңбекте XX ғасыр басындағы зайырлы білім беру жүйесінің енгізілу тарихы, ұлт қайраткерлерінің қазақ тіліндегі оқулықтар жазу ісіне атсалысуы сияқты мәселелер кешенді түрде қарастырылған. Сонымен қатар аталған мәселеге қатысты Ш. Мажитаева мен С.Б. Қалыбаеваның «XX ғасыр басындағы қазақша оқулықтардың тілі туралы» және Е. Тілешов пен Д. Қамзабекұлының «Алаш қозғалысы» атты зерттеу жұмыстарын да атап өтеміз. Мақала барысында А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедұлы сияқты ұлт қайраткерлерінің де еңбектері пайдаланылды.

Мақала барысында ғылымға белгілі бірқатар әдістер қолданылды. Солардың бірі салыстырмалы талдау. Салыстырмалы талдау әдісі деректік маңызы бар еңбектер мен зерттеу жұмыстарының мәліметтерін қарастыру барысында қолданылып, мәліметтердің шынайылық дәрежесі бағаланды. Объективтілік принципіне басымдылық берілді. Демек мұнда мәліметтердің жағымды немесе жағымсыз әсеріне қарамастан шынайы талдап, жазуға назар аударды.

Мақала барысында Алаш қайракерлерінің қазақ тіліндегі оқулықтардың даярлап қана қоймай, сонымен қатар қазақ тіліндегі термин сөздікті қалыптастыру әрекеттеріне де мән беріледі. Алаш қайраткерлері қалыптастырған терминдердің бүгінгі таңдағы қолданысы да талданады.

Алаш зиялылары құрастырған қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары сөзсіз қазақ балаларының таным белсенділігін күшейтіп, оқуға деген құштарлығын арттырды. Зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін оқулықтардың жарық көруі ең алдымен болъшевиктердің билікке келуімен байланысты еді. Болъшевиктер қазақ қоғамына кеңінен танымал болған медреселердің жұмысына шектеу қойды. Оған себеп бұл оқу орындары діни мазмұндағы ғана сабақ өтуге бағытталған деп айыптауы еді. Шындығында олай емес еді. Медреселер діни сабақтардан бөлек, зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін пәндерді де оқытқан болатын. Алайда мұның барлығы ескерусіз қалды. Ашылған жаңа үлгідегі мектептер алғашқы күннен-ақ түрлі қиындықтарға тап болды. Солардың бірі – қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығы еді. 1921 жылы ақпан айында жалпықазақ оқу-ағарту конференциясы ұйымдастырылады. Конференция барысында қаралған өзекті тақырыптардың бірі де оқулық мәселесі болады. Арнайы комиссия құрылады. 1921 жылдың 21 сәуір айында комиссияның оқулық жазу ісі бойынша арнайы жоспары даярланады. Жоспар бойынша жариялануы тиіс оқулықтардың тізімі төмендегідей болды:

- Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ әліппесі», «Қазақ тілінің грамматикасы I-II бөлім», «Ана тілі бойынша әдістемелік жазбалар»;
- Міржақып Дулатұлы: «Арифметика бойынша есептер I-II бөлім», «Қазақ хрестоматиясы»;
- А. Тоқтабаев: «Жалпы география»;
- Халел Досмұхамедұлы: «Табиғаттану», «Зоология I-II бөлім»;
- Абай Құнанбайұлының өлеңдер жинағы;
- Қазақтың белгілі ақындарының лирикалық шығармалары (Қазақстандағы, 2022: 122).

Жоспарға сай 1921 жылдың өзінде Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» және Міржақып Дулатұлының «Есеп құралы» деп аталатын еңбектері жарық көріп үлгерді. Ерекше атап өтетін жайттардың бірі – аталған еңбектер осыған дейін де Орынбор қаласында жарияланған болатын. Тек болъшевиктер билігі орныққан соң, оқулықтар жаңа идеологияға сай етіп түзетілді. Екі оқулықтың да басты ерекшеліктерінің бірі – қазақ балаларына түсінікті тілде жазылуы және жаңа ұғымдар мен терминдердің айналымға енгізілуі болып табылады. Мысалы Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінде қазақ тілінде қолданылатын заңдылықтар, түрлі терминдер әлі күнге дейін «Қазақ тілі» пәні бойынша өзгеріссіз қолданылып келеді. Сол сияқты М. Дулатұлының да ондықтар, жүздіктер, қосу, алу, көбейту, бөлу сияқты сөздері күні бүгінге

дейін қолданыста. Оқулықтар қазақ тілінде жазылып, қазақ балаларына түсінікті болатын мысалдар арқылы берілді. Тек ұлттық болмысты бейнелейтін жазбалар арқылы ғана ұлттық рух қалыптасады деп санады (Тілешов, Қамзабекұлы, 2014: 15). М. Дулатұлының математикалық оқулығындағы мысал есептер төрт түліктің санымен, сонымен қатар асық санау арқылы берілді. Мысал есептерде Тоқтамыс, Бөгенбай, Абылай есімдері жиі қолданылды. Бұл тарихи сананы қалыптастыру әрекеті деп түсінеміз (Дулатұлы, 2013: 113-153).

Жалпы 1922-1923 жылдар аралығында 14 қазақ тілінде оқулықтар жарияланды. Жарияланған оқулықтар әртүрлі бағытта болды. Барлығы дерлік зайырлы білім беру жүйесіне сай келді деп айтуға толық негіздер бар. Мысалы Қ. Кемеңгеровтің «Орысша-қазақша тілмаш», «Оқу құралы» деп аталатын еңбектермен қатар Сұлтанбек Қожановтың «Есептану құралы», Бейімбет Майлиннің «Ересектерге арналған әліппе» және тағы да басқа оқулықтар жарияланды. Оқулық жазудың өзіндік қиындықтары да бар еді. Ол турасында Мағжан Жұмабаев бұрын мұндай оқулықтар болмады, сол себепті осы сала бойынша терминдер де қалыптаспағандығын алға тартып, ең бір қиыны ғылыми терминдердің қазақша баламасын табу деп дәл атап өтеді (Мажитаева, Қалыбаева, 2010: 142).

Алаш зиялылары кеңестер билігі жағына өткеннен кейін, болъшевиктер олардың зияткерлік әлеуетін барынша пайдалануды ойластырды. Тіпті Ахмет Байтұрсынұлы Ағарту саласының комиссары лауазымына да тағайындалды. Міне қазақ тіліндегі оқулықтардың белсенді жариялануына түрткі болған да осы фактор еді. 1922 жылы Халел Досмұхамедұлы «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі» деп аталатын мектеп оқулықтарын жазу ісін ұйымдастырады. Халел Досмұхамедұлы аталған кітаптарды әр жылдары және әр қаладан жариялады. Мысады 1922 жылы Ташкенттен «Жануарлар» және «Табиғаттану» оқулықтарын жарияласа, 1926 жылы Мәскеу және Қызылорда қалаларынан аталған оқулықтардың 3 басылымдарын жариялаған. 1926 жылы Ташкенттен «Жануарлар» оқулығының III басылымы және 1927 жылы «Адамның тән тірлігі» деп аталатын оқулықтарын жариялай алды (Досмұхамедұлы, 2019: 4).

Х. Досмұхамедұлының еңбектерінен бірқатар ғылыми терминерді айналымға енгізгенін байқайуға. Мысалы қызыл қан түйіршіктері, зат алмасу, бүйрек қуысы, түтікше без және тағы да басқа күні бүгінге дейін қолданып жүрген терминдер кездеседі.

Алаш қайраткерлерінің қатарында қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарын даярлау ісіне белсенді атсалысқан тұлғалардың бірі – Әлімхан Ермеков болды. Ә. Ермеков жазған «Ұлы математика курсы» деп аталатын еңбегі 1935 жылы жарық көреді. Оқулықты саралай келе, біз оның үлкен екі бөлімге бөлінгенін байқауға болады:

- Аналитикалық геометрия;
- Дифференциал және интеграл.

Рас, Әлімхан Ермековтің оқулығы мектеп емес, жоғары техникалық мектептермен қатар, техникумдарға арналды. Ә. Ермеков те математика саласы бойынша қазақ тілінде терминдер жоқтығын атап өтеді және сол себепті де оқулықта қателіктер орын алуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды (Ермеков, 1995: 280).

Зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін оқулықты даярлау ісіне атсалысқан қайраткерлер қатарында Елдес Омаровты да атап өтуге болады. Е. Омаров Қостанай жерінде ашылған мектепте білім алғаннан кейін, білімін Орынбор қаласында жалғастырады. Мұғалімдер институтын тәмамдайды. 1923 жылы «Физика» деп аталатын оқулық жазып шығып, Орынбор қаласынан басып шығарады. Ал 1928 жылы болса Қызылордадан «Пішіндеме» деп аталатын еңбегін жариялайды. Өзінің оқулықтарында Е. Омаров А. Цингер мен Г. Фалеев, А. Перышкиннің оқулықтарын аударып, басшылыққа алады (Омаруұлы, 2018: 176).

Болъшевиктердің билікке келуімен басталған зайырлы білім беру жүйесінің артықшылықтары өте көп. Сол себепті де болар Алаш қайраткерлері аталған жүйенің талаптарына сай келетін оқулықтарды даярлау ісіне белсенді түрде атсалысты. Нәтижесінде қазақ балаларына түсінікті тілде жазылған және зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін оқулықтар жазылды. Ғылыми термин сөздердің де қазақ тіліндегі нұсқалары даярланды.

Аталған жұмыстардың барлығы да әдістемелік талаптарға сай болды деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиеттер:

Досмұхамедұлы Х. Адамның тән тірлігі. – Алматы: Қазақ тілі, 2019. – 320 б

Ермеков Ә. Ұлы математика курсы. – Алматы: РБК, 1995. – 280 б

Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі: тарихы мен тағылымы (1920-1930 жылдар). – Алматы: Мадияр, 2022. – 320 б.

Мажитаева Ш., Қалыбаева С.Б. XX ғасыр басындағы қазақша оқулықтардың тілі туралы // Қарағанды университетінің хабаршысы. – №2(58). – Қарағанды, 2010. – 142 б.

Міржақып Дулатұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. – Том 4. – Алматы: Мектеп, 2013. – 344 б

Омарұлы Е. Үш томдық шығармалар жинағы. – 2 том. – Астана: Алашорда, 2018. – 408 б.

Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. – Энциклопедиалық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.

ӘОЖ37.02:069.01;

ПОЭЗИЯЛЫҚ ОБРАЗДАРДЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ БЕЙНЕЛЕРІ

Ералин Қ.Е

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы

Қазақстан. Шымкент.

e-mail.kuandikbei@mail.ru

Ералина Ғ.Қ.

педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,

А.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы

университеті, Педагогика және психология кафедрасы.

Қазақстан.Шымкент. e-mail.gasierali@mail.ru

Сабырова Ә.Қ.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті докторанты.

Қазақстан.Талдықорған. e-mail: aselina.eralina@mail.ru

Ералина А. Қ.

педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Халықаралық туризм және меймандостық университеті

Қазақстан.Түркістан.e-mail: aika.erali@mail.ru

Резюме

В статье проанализированы художественные параметры графических произведений использованных в оформлении произведений поэтессы Ханбиби Есенкаракызы. Предметом исследования является методика изучения художественных измерений и интеграции в поэзии и в изобразительном искусстве. Определены уровни применения закономерностей композиции, колорита, перспективы в графических произведений художников. Некоторые графические рисунки раскрывают художественное значение поэтического текста, некоторые рисунки имеют функции оформления титульного листа, функции раскрытие содержание главу, а также функции художественного оформление в начала и в концовке книги. Ключевые слова: поэзия, графика, критериев художественного изображение, характеристика графики, поэзия графики, интеграция художественных критериев,

Summary:

The article analyzes the artistic parameters of the graphic works used in the design of the works of the poetess Hanbibi Yesenkarakizi. The subject of the research is the methodology of studying artistic dimensions and integration in poetry and in the visual arts. The levels of application of patterns of composition, color, and perspective in graphic works of artists are determined.Some graphic drawings reveal the artistic meaning of the poetic text, some drawings have the functions of designing the title page, the functions of revealing the contents of the chapter, as well as the functions of artistic design at the beginning and at the end of the book.

Қазақ бейнелеу өнерінің бір саласы кітап графикасы. Еліміздің бейнелеу өнерінің дамуына үлес қосқан көптеген даңқты суретшілер бар. Олардың ішінде Абай жолы романын көркем безендірген Қазақстанның Халық суретшісі Е.Сидоркинді ерекше атау орынды. Графика өнерінің қазақ елінде дамуына үлес қосқан суретшілер Н.Гаевтің, Б.Табиевтің, Т.Ордабековтің, Б.Байменнің шығармашылығы зерттелгенін оларға лайықты баға берілгенін айту орынды. Олар графика шығармаларын көркем безендірудің үлгісін көрсетті. Графика арқылы поэзиялық туындының мәнін ашып, кітапты көркем безендірудің дара жолын қалыптастырды. Осы суретшілердің шығармаларын біз өнертанымдық талдау негізінде графика саласындағы шығармалардың көркемдік талдау өлшемдерін суретшінің ойы және идея, композиция, жарықтану, түстану, көлемді бейнелеу, орындаушылық шеберліктерді көркемдік талдауға негіз болатын тұғырлар ретінде тану қажеттіктері көрінді. Ақын Ханбибі Есқараеваның поэзиялық еңбектерін көркем безендіру іс әрекеттерін зерттеу барысында ақынның шығармашылығын көркем безендіруге негізінен график суретшілер қатысқандары белгілі болды.

Зерттеу әдісі: суретшінің ақын поэзиясы мәтінімен терең танысу, ақынның негізгі поэзиялық даралық бағыттағы еңбектерін анықтау, зерттеу негізінде бейнелеу тәсілдерін таңдау, бейнелеу технологиясын қолдану, өмір шындығын көркемдеп бейнелеуі, композиция құрастыруы, образдар арқылы поэзия мәтінінде берілген құбылысты суреттеуі, бейнелеу шығармашылығындағы күрделі процестер болып танылды. Зерттеу пәнін: графикалық шығармалар мен поэзиялық шығармаларды иллюстрациялау бойынша бейнелеу шығармаларын көркемдік талдау өлшемдерін зерттеу негізінде поэзия мен бейнелеу шығармалары арасындағы ортақ өлшемдерді іздестіру әдістемесі болып анықталды. Поэзия мен бейнелеу шығармалары арасындағы ортақ қасиеттер - суреткерлердің шығармашылық ой айтуы, өнертанымдық еңбектерді сараптау мен кескіндеме шығармаларын бағалау практикасын талдау негізінде, графикалық шығармалардың көркемдік өлшемдерін талдау тұғырларын анықтауға мүмкіндік берілді. Суретші график пен суретші кескіндемешінің ақын поэзиясын көркемдік безендіру барысында таңдап алған көркемдік өлшемдері: суретшінің көркемдік идеяны ашуы, поэзия мәтініне сай композиция құрастыруы, колоритті кейіпкер образын ашуға қолдануы, бейнелеу шеберлігін көрсетуі, орындау техникасын таңдауы болып анықталды.

Қазақ бейнелеу өнерінің бір саласын графика туындыларын поэзия шығармаларын безендіру мақсатында қолдану өнертану, графика мен поэзия проблемаларының бірқатар ассоциациялық бірлігінен құрамдалады. Сондықтан графиканы поэзиямен байланысты қарау өнерді тану мен поэзияны тану проблемалардың интеграциясын анықтайды.

Зерттеу барысында біз ақын шығармашылығы мен суретші шығармаларының байланысын өнертанымдық проблема ретінде қарастырдық. *Нәтижелерді талдау*: Шығармалардағы көркемдік өлшемдер интеграциясы поэзия мен графикаға ортақ бірқатар өлшемдерді сипаттайды. Бұлардың қатарына шығарма идеясы, композиция, ритм, сюжет, жанр, т.б. өмір шындығын бейнелеу мүмкіндіктері алынады. Өмір шындығын бейнелеудің бірнеше әдістері болса, оның басым түрі - өмірді шынайы бейнелеу әдісі. Бұл әдіс өмір шындығын сол қалпында суреттеп образдармен көркемдеп көрсетуді мақсат етеді. Бұл әрекетті бейнелеудің ішіндегі реалистік бейнелеу әдісі деп атаймыз. Ақын поэзиясына арнап сурет салған

суретшілер Суат Бегманов, Гулбайраш Молдабаева, Құралай Аманжоловалар осы реалистік бейнелеу әдісін таңдаған. Реалистік-графикалық бейнелеу ерекшелігі туралы суретші педагог ғалымдар шынайы баға берген: реалистік бейнелеу өмір шындығын қаз қалпында бейнелеумен ерекшеленеді. Суретшілер Гулбайраш Молдабаева, Құралай Аманжоловалар салған суреттер идеясы мәңгілік адамдарды қосатын махаббат сезімі. Мұнда қыз бен жігіттің бейнесі және оларды бөліп тұрған кітап парақтары мен өлең шумақтары арқылы жеткізілген. Жүректен шыққан махаббат сезімі мәңгілік осы кітап арқылы өшпестей ыстық сезім қалдырады, бұл дегеніміз жазу арқылы біз өз көңілдегі сезімізді, жүректен шыққан мұңды, ойды ашық жеткізуге тырысқан. Картинада ғашықтардың арманы бір болу көрініс тапқан. Шығарманың түстік шешімі ахроматикалық сызықтармен салынып және штрих арқылы көрсетілген.

Графика - бейнелеу образы арқылы берісе, поэзия - сөз құдыреті арқылы өмірді көркемдеп көрсетеді. (1.64.). Заттар мен өмірдегі құбылысты графикалық бейнелеу ақ пен қара түстермен, сызықтармен, дақтарымен бейнелеу (2.83.). Графикалық шығарманың көркемдік ерекшелігін талдауы: шығарма идеясы, композициясы, колориті, орындау технологиясы жиынтығынан құрамдалады (3.47.). Көркемдік бағалау негізін - бейнелеу шығармасының идеясы, композициясы, орындау шеберлігі көркемдік өлшем ретінде танылады (4.16). Өнер шығармаларын талдау бағыттары композиция құрамдау, образ сомдау, шығарма идеясын алға шығару болып табылады. Өнер шығармаларына сипаттама беру өлшемдері туындының форматының горизонтал немесе, вертикал орналасуы, туынды аты, авторы туралы мәліметтерді, материалы, өлшемдері туралы материалдарды біріктіреді. (5.15).

Гулбайраш Молдабаева

С. Бегманов Қарындасым

Шынайы графикалық бейнелеу мүмкіндіктері: нүкте, дақ, сызық, кеңістік форма болып танылған. Бұл графикалық мүмкіндіктері бейнелеудің негізін құрайтындығын шет ел ғалымдары ертеректе айтқан (6.87). Графикалық образ жасаудың негізгі мүмкіндіктері: композиция және жарық пен көлеңке қатынастарын дұрыс қолдана білуде көрінеді (7.10). Бұл талдаулар графикалық - шынайы бейнелеу ерекшелігін танып білуге бағыт бағдар береді. Графикалық шығармаларды бағалау өлшемі ретінде өнертанымдық тұғырдың бір салмақты

бағыты болып табылады. Осы қағидаға сай қарастырғанда өнер туындыларының да сипаттамалары мен көркемдік өлшемдері болады (8.31). Метрология ғылымы қағидаларына сай заттар мен құбылыстардың барлығы өлшенеді, өлшеудің көрсеткіштері болады.(9 22.).Ақынның шығармаларын безендіруге арналған бейнелеу туындыларын бағалау өлшемдерін біз екі бағытқа бөліп қарастырдық. Олардың бірі көркемдік талдау болса екіншісі көркемдікті сипаттау болып анықталды.

Ақын туындыларындағы графикалардың өнертанымдық сипаттамасы: шығарма аты, авторы, өлшемі, жанры, технологиясы бірлігінің интеграциясынан құралады. Графика мен поэзияның өзара байланысты көркемдік өлшемдері: идея, шығарма құрылымы, жаңашылдығы, орындау техникасы болып табылады. Графиканың көркемдігі - айтар ойының нақтылығымен, композициясының тартымдылығымен, жоғары орындаушылық шеберлігімен айқындалады. Графиканың сипатамасы

- шығарма аты, авторы, өлшемі, қолданған материалы, орындалған жылы мен аймағы туралы мәліметтермен көрініс табады.

С.Бегманов.
«Ханбибі портреті»

Графиканың көркемдік өлшемдері: суретшінің шығармадағы басты идеясы, композициясының құрылымы, қолданған орындау техникасы, бейнелеудің дәстүрлі әдістері, бейнелеу ұстанымдары болып танылады. Графика туындылар жасау бес бағытты қамтыған. Бірінші: Ақын Ханбибі Есенқарақызының әдеби шығармаларына графикалық туындылар безендіру функциясын атқаратын композициялық элемент ретінде қолданылған. Екінші: графикалық туындылардың жалпы сипаты бойынша алғанда: көлемі шағын, бейнелеу техникасы - штрихтау, нүктелеу, дақтау, сызықтармен салу арқылы поэзия мәнін ашуға басымдық берілген. Үшіншіден: ақын кітаптарын безендіруге қатысқан суретшілердің бейнелеудегі қолданған әдістері - өмір шындығын шынайы бейнелеу болған. Төртінші: көркемдік бейнелеу образдарымен ақын ойын ашып көрсетуге деген ұмтылыс басымдықпен көрініс тапқан. Бесінші: графиканың поэзиялығы: сюжетті бейнелеу мүмкіндіктері арқылы көрініс берген. Суретшінің графикалық жұмыстарының поэзиялығы ақынның әсем ойын, көрнекті штрихтармен бейнелеу шеберлігінен көрінеді.



С.Бегманов. Айлы түн

С.Бегманов. Қария әңгімесі

Суретші Суат Бегмановтың «Қария әңгімесі» атты шығарма композициясында басты доминант қария кісі ашық түсті киімде салынған. Қазақ халқы ертеден қариялардың өсиеті мен ақылын, әңгімесін тыңдап өскен, үлкен кісілерді сыйлаған халық. Шығарманың түстік шешімі жаздың жылы жасыл, сары түстермен берілген. Шығарма реализм стилінде салынған.

Жетім картинасының идеясы мұнда жылғыздықта ащы өмірдің дәмін татып өскен қыздың бейнесі шығармалаға арқау етілген. Суретші картинасы реализм майда жағындылармен және байсалды түстермен суреттеген. Композиция жағынан келер болсақ суретші оң жақта қыз бен ағаштарды одан соң оң жақтан сол жаққа созылған ұзын жолды L типті композицияға келтірген. Туындыда кең жазық даладағы ауа перспективасын, сызықтық перспективаны, жарық көлеңке перспективасын байқауға болады. Суықсай шығармада доминант болып таудың арасындағы сайда жалғыз ағаш бейнеленген. Шығарманың идеясы қазақ жерінің табиғатын таулары мен мөлдір суын көрсету болған. Автор картина композициясын екіге бөліп салып көрсеткен, бірінші планда ағаштар, тастар мөлдір су сай болса, ал екінші планда таулар болып тұр. Шығармада барынша бірінші планды шынайы жақындатып суреттеген. Шығарманың түстік шешімі жасыл, қоңыр, күлгін, көк, ақ секілді суық түстермен берілген.

С. Бегманов «Жетімдік жайлы сыр».



С. Бегманов «Суықсай».

Шығармада ауа перспективасы шебер берілген.. Шығарманың жарық көлеңке перспективасы арқылы жарықтың түсу келбеті анық көрінеді.

Шығарма ойы біздің ардақты да аяулы аналарға арналады, өйткені Ұлы Отан соғыс кезінде аналардың еңбегі орасан зор болды. Олар соғыс жылдарында әскерге кеткен балаларына көмектесу үшін тер төгіп жайлауда егіншілікпен, өнеркәсіпте өндіріспен айналысты. Жалпы алғанда ана образы көптеген шетел және отандық суретшілердің шығармаларынан көруге болады, бірі батыр ана бейнесін салса, екіншісі мейірімді жанашыр оның нәзік бейнесін жеткізеді. Ал бұл суретшінің картинасында батыр әрі еңбекқор ана ретінде бейнелеген. Шығарма реализмде салынған және әсіресе ауа перспективасы мен сызықтық перспективасын шебер көрсеткен. Бұл сурет идеясы мәңгілік адамдарды қосатын махаббат сезімі туралы жазылған. Махаббатым мәңгілік атты кітапта салынған графикаларда махаббат сезімі өлең шумақтарымен жеткізілген. Жүректен шыққан махаббат сезімі мәңгілік осы кітап арқылы өшпестей ыстық сезім сағымдарын қалдырады. Жазу арқылы көңілдегі сезімді, жүректен шыққан мұңды, бастан өтетін ойды ашық жеткізуге тырысқан. Бұл суретте автор ғашықтардың бірі біріне деген сезімнің шексіздігін жеткізгісі келген. Шығарманың түстік шешімі ахроматикалық сызықтармен салынып және штрих арқылы көрсетілген. Ақын

Х.Есенқарақызының шығармаларын безендіру элементі ретінде суретшілердің графикалық туындылары кең көлемде қолданылған. Ол шығармалар ақынның поэзиясының көркемдік мәнін ашуға, поэзия мазмұнын жария етуге мүмкіндік берген.



«Махаббатым мәңгілік»
кітабынан

С. Бегманов
«Қырық екінші
жылғы біздің аналар»

Поэзия мәтінін визуалдық түрде көрсетумен қатар, безендіру элементі ретінде қолданған. Ақын поэзиясындағы графика туындыларын қолдану бағыт бағдары пейзаж, портрет, тұрмыстық жанрлар бағыттарын қамтыған. Олардың көркемдік ерекшеліктері болып: шығарманың асқақ идеясы, тартымды композициясы; шынайы бейнелеу әдісі, орынды қолданған бейнелеу заңдылықтары, композицияны орындау шеберлігінің деңгейі алынған. Х.Есенқарақызының поэзиялық туындыларын графикалық тұрғыда безендіруге көптеген суретшілер қатысқан. Метрология ғылымы қағидаларына сай заттар мен құбылыстардың барлығы өлшенеді, өлшеудің көрсеткіштері болады. Осы қағидаға сай қарастырғанда өнер туындыларының да сипаттамалары мен көркемдік өлшемдері болады. Әрбір графикалық туындының сипаттамасы: графикалық шығарма аты, авторы, көлемі бағыттары бойынша анықталды. Графикалық туындының көркемдік өлшемдеріне: идея, композиция, орындалу технологиясы алынады. Орындау технологиясы графика саласында маңызды орын алады. Поэзиялық туындылардағы мазмұндық, ритмдік, симметриялық құрылымдарға сай графикалық көркемдік шешімдер қабылданған.Графикалық көркемдік шешім - шығарманың идеялық мазмұнының бейнелеу мүмкіндіктерін қолдану арқылы ашылуымен көрініс тапқан. Композициялығы негізгі және қолқы элементтер бірлікте сипатымен анықталған. Ол шығармалар ақынның поэзиясының көркемдік мәнін ашуға, поэзия мазмұнын жария етуге мүмкіндік берген. Поэзия мәтіні визуалдық көрініс түрінде көрсетілген. Ақын поэзиясындағы графика туындыларын қолдану бағыт бағдары пейзаж, портрет, тұрмыстық жанрлар бағыттарын қамтыған. Олардың көркемдік ерекшеліктері болып: шығарманың асқақ идеясы, тартымды композициясы; өмір шындығын шынайы бейнелеу әдісі, орынды қолданған бейнелеу заңдылықтары, композицияны орындау шеберлігінің деңгейі болып алынған. Х.Есенқарақызының поэзиялық туындыларын графикалық тұрғыда безендіруге Суат Бегманов, Гулбайраш Молдабаева, Құралай Аманжолова сынды көптеген суретшілер белсене қатысқан. Әрбір графикалық туындының сипаттамасы: графикалық шығарма аты, авторы, көлемі

бағыттары бойынша анықталған. Графикалық туындының көркемдік өлшемдеріне: идея, композиция, орындалу технологиясы алынған. Орындау технологиясы графикалық бейнелеу саласында маңызды орын алған. Ақын Х.Есенқарақызының поэзиялық туындыларын безендіруге қолданған графикалық бейнелер Қазақстан бейнелеу өнерінің кітап графикасы саласындағы өзіндік көркемдік ерекшеліктері бар шығармашылық бағыт болып табылады. Ақын Х.Есенқарақызының поэзиялық туындыларына арналған кітаптарын безендіруге қолданған графикалық бейнелерді тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін танымдық контент ретінде қабылдауға болады.

Әдебиеттер:

1.Ростовцев Н.Н. Академический рисунок.Учебное пособие. М.:Просвещение 2005.С.-236.
2.Алехин А.А. Язык изобразительного искусства. М.: Искусство. 2015.С.-89.
3.Ералин Қ.Е. Бейнелеу шығармаларын бағалау. Алматы.Эверо. 2022. -102 б.
4.Золотарева Л. Описание и анализ искусство. Алматы. 2015. С.-130.
5.Арнхейм Р. Визуальное воспрятие.М.:Искусство. 2020. С.-234.
6.Тәңірбергенов М. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Шымкент. ОҚУ. 2022.-220.б.
7. Пранкин Л.Н. Метрология. М.:2020.С-130.
8.Есенқараева Х Шығармалар. Алматы. Жазушы, 1990.-146 б.

ӘОЖ 836.28.15

Ж. АЙМАУЫТҰЛЫ – ҰСТАЗ, ӘДІСКЕР, ПЕДАГОГ

Молданова Ж.Л.
магистр, аға оқытушы
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассказывается об учебном пособии «Путеводитель по образованию» Жусипбека Аймауытова, современного писателя-правоведа, поэта, драматурга, переводчика, педагога, психолога.

Summary

This article talks about the educational guide "Guide to Education" by Zhusipbek Aimauytov, a modern legal writer, poet, playwright, translator, teacher, and psychologist.

Білім мен тәрбие – егіз ұғым. Әл-Фараби сөзімен айтар болсақ, «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»[1]. Бүгінгі білім мен тәрбиедегі жетістіктер - уақыт тезінен өтіп, қалыптасқан тәжірибе мен шеберліктің, еңбектің нәтижесі. Ұлт болашағы үшін басын бәйгеге тігіп, тәуекелге барған, қиын-қыстау заманда бүтіндей бір институт атқаратын істі жалғыз жүріп атқарған Алаш арыстарының өлшеусіз қызметінің жемісі. Солардың бірі де бірегейі, әдебиеттің барлық жанрына қалам тербеп, дамуына үлкен үлес қосқан ақын, жазушы, драматург, аудармашы, педагог, психолог, мемлекет және қоғам қайраткері - Жүсіпбек Аймауытов.

Қазақтың басына алмағайып күн туған, қос төңкеріс қатар келіп, азаматтық сыналар заманда ұлтқа қызмет етудің көркем көрінісін көрсеткен ұлы тұлға Жүсіпбек Аймауытовтың ұлттық педагогика ғылымындағы еңбегі ерен. Сөзімізге 1922 жылы шыққан «Тәрбиеге жетекші», «Жаңа ауыл» оқу құралдары мен 1929 жылы жарияланған «Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбектері дәлел болады.

«Тәрбиеге жетекші» еңбегін автор «бала оқытушыларға» арнағанын мұқабаның ішкі бетіне, тақырып астына арнайы қазақ, орыс тілдерінде көрсеткен. Кіріспесін «Таныстыру» деп атап, онда кітаптың төрт бөлімге жіктелгенін жазып, әр бөлімге жеке тоқталады. Алғашқы бөлімде бала оқытып, тәрбиелеудегі мұғалімнің негізгі мақсаты айқын болу керектігін айта отырып, «алдымен тәрбиенің мақсұтын анық көрсетуге тырыстым»,-дейді[2,4].

Ал екінші бөлімге соңғы кезде жарияланған дидактикаға қатысты кітаптардың мәліметтерін жинақтап, оқытушыларды бұрыннан бері қалыптасқан оқыту жолдарымен, әдістерімен таныстыру, оларды өзара салыстыра отырып, жас мұғалімдерге жаңа жолды нұсқауды көздегенін жазады.

Ал үшінші бөлімде мектеп салу және оны басқару ісі, ондағы тазалық, саулық, тәртіп мәселесі, оларды мектепке орнатудың маңыздылығы сөз болатынын атап өтеді.

Ал төртінші бөлімде «өзгерістен бері майданға шыққан жаңа пікірлермен, жаңа жолдармен таныстыратын мақалаларды теріп, қазақ оқытушыларына ұғымды, қолайлы деп тапқандарымды кірістірдім. Біздің қазақ мектептері былай тұрсын, бізден анағұрлым ілгері орыс мектептері де қазір көшпелі дәуірде тұр. Ескі мектеп жоғалып, жаңа мектеп үстем болып кеткен жоқ» дей келіп, автор кері қайтуға болмайтынын, оқытудың ескі жолы күндердің күнінде кері шегініп, жаңалыққа орын беретінін, өмір, тұрмыс, заман, ғылым ағымы жаңалықты еріксіз орнататынын, мектеп өміріне де өзгеріс енетінін жазады[2,5]. Жаңа жолмен бала оқытудың білім мен тапқыр ақылды, озық тәжірибені талап ететінін де ескертеді. Сол үшін оқытушылардың ойына қозғау салып, жаңалықты жатсынбайтындарға жетекші болып, ескіні тастап, жаңаны бастау мақсат дейді.

Кітаптың алғашқы бөлімі «Тәрбие негізі» деп аталады да, «Тәрбие һәм білімдендіру» ұғымына кеңінен тоқталады. Дене, ақыл, әдемілік сезімі, адамгершілік-құлық тәрбиесінің барлығы талап пен амалды түзу бағытқа салып, қарым-қатынасты жөнге келтіріп, кемелдікке – шындық пен ізгілікті, көркемдікті көксеуге жетелейтін фактор ретінде аталады. Бұларды насихат пен ақыл, пайдалы білім мен үлгілі амал, оқыту мен үйрену қанаттандырып, қаруландырады деген оймен кестелейді.

Ал білімдендіру турасында айтқан ойы бүгін де өзекті: «Білімдендіру бірнеше адамдардың белгілі істерінің нәтижесі, одан гөрі сыртқары мағынасы – бір заттан белгілі қалыпта бірнәрсе жасап шығару; адамға арнағанда, адамшылық мұратын бойына сіңірген шын мағынасында кемел адам етіп шығару» [2,6]. Бұл - біздің қазіргі тұлға тәрбиесіне қатысты батыс педагогикасын алға тартып айтар ойды он орап алар қуатқа ие, терең пікір деп білеміз. Өйткені, Ж.Аймауытұлы сол кезеңнің өзінде «әр адам – өз заманның құлы. Білімдендірудің мақсұты: әр адамды өз заманына қолайлы тарихи тұрмысының әр тарауына қатысатын адам етіп шығару»,-деп нақты ашып жеткізген болатын.

Тәрбиенің адам қайратына, сезіміне арналып, білімдендірудің ақыл жұмысын күшейтуге бағытталатынын ескерткен Жүсіпбек Аймауытұлы білімнің ошағы мектеп болса, тәрбие адам ғұмырының барлық кезеңінде маңызды екенін, тәрбиенің сәулесі түспеген жанның қалтарысы болмайтынын, тәрбие болмаған жерде шын ақылды, мәдениетті өмір де болмайтынын ашық айтады. Бұл жоғарыда біз мысалға келтірген Әбу Насыр әл-Фараби ғұламаның сөзінің растығын дәлелдейді.

Автор өз еңбегінде Ян Амос Коменский мен Песталоций еңбектеріне, грек, рим, неміс халықтарының мәдениетіне, білім мен тәрбиедегі озық ойларына, оқымыстылығына тоқталып, оларды үлгі ете сөйлейді. «Тәрбие арманы туралы» деп аталатын тарауда арманға анықтама беруге тырысып, арманды адамның істеген амалына жарық түсіріп тұратын, жетекші болып сүйрейтін шыраққа балайды. Әр істе де арманның маңызы зор болғанымен, педагогика жолындағы арманның пайдасы тіптен зор деген ой айтады. Расымен-ақ, бүгінде де мұғалімдік мамандықты таңдап, бала тәрбиелеу ісін мақсат еткен жастың осы жолдағы арманы оның мұратқа жетуінде қуаттандырып, мотивация сыйлайтын күшке ие екенін көзбен көріп біліп жүрміз. Десе де, тәрбие арманын түрліше ұғыну сол Ж.Аймауытұлы заманында қалыптасқан мәселе екен. Сөзіміз түсінікті болуы үшін «Тәрбиеге жетекші» оқу құралында келтірілген мысалдарға назар аударайық. Онда кей халықтың тәрбиедегі арманды жауынгерлік кейде жеке

бас мүддесіне, бағыныштылыққа орай ұғынғанын, ал орыс жұртының ертедегі арманы діншілдіктен аса алмаса, XYIII ғасырдан бері батыс Еуропа араласа бастаған сәттен бастап адам өмірін адамгершілік тұрғыдан өркендетуді көздеген деген мәлімет келтіреді. Оған дәлел ретінде «Социалдық тәрбие негізінің тарихи өзгеруі» деген арнайы бөлім арнайды. Онда автор сол тұстағы дара педагогиканы сынға алып, оны әлеуметтік тұрмысқа зиян деп көрсетеді. Оған дәлел ретінде адамның менмендігі мен өзімшілдік қасиеттерін дамытып, дара педагогика шығару қоғам мен мемлекет бірлігі үшін қауіпті құбылыс екенін алға тартады. Себебі, өзім деген пиғылмен өсіп, қалыптасқан адамның адамшылығы қалмай, өзімшіл болатыны белгілі.

Ғасыр өтіп, педагогика дамыса да бүгінгі таңда кей ғалымдардың осы жеке «менді» қалыптастырып, дара педагогиканы қолдайтындықтары ара-тұра болса да әлеуметтік желілерде, ғаламор сайттарында көрініп қап жатады. Соларға осы «Тәрбиеге жетекші» еңбегін оқыту артықтық етпесі анық. Әлеуметтен тысқары, мемлекеттен бөлек, жеке дара өмір сүрем деу бос әурешілік қана емес, олар отанға қызмет етпейтін, елін, жерін ойламайтын патриоттық сезімнен ада адам болып қалыптасуы ел үшін де қауіпті құбылыс деп санаймыз.

Бұл жерде автор адам әлеуметке қызмет етуімен бағалы дегенді айтады, яғни, білімін, тәрбиесін, жиған тәжірибесін мемлекет үшін жұмсау, ұлтқа қызмет ету маңызды. Ж.Аймауытов сөзімен айтар болсақ, «Бізге әлеумет тұрмысы бұқарашылдыққа айналуға қызмет ететін, мемлекеттік бірлік-ынтымақ, келісім жүзінде ілгері басуына көмегін тигізетін, адам баласы өмірі көгеруге, көркеюге себепті болатын, қажымас қайратты, ерінбес ісшіл адамдар керек» [2,16].

Бір мақалаға емес үлкен ғылыми еңбекке жүк болар заманынан озып туған Жүсіпек Аймауытұлының бұл кітабын толық зерделеп, зерттеу – уақыт еншісіндегі іс. Бүгінгі егемен елдің бейбіт күні үшін өмірлерін қиып жасаған ерен еңбектің насихатталып, оқытылуын жүзеге асыру бәріміздің азаматтық борышымыз. Себебі, бұл да тәрбие. Ал «тәрбиенің негізгі мақсаты - мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу».

Ойымызды қорытындылай келе айтарымыз, Жүсіпбек Аймауытұлы өз заманының ғана емес келер ғасырлардың да ұстазы, ақылшы педагогы, жолды жарық етер шырағы.

Әдебиеттер

1. Ә. Н. Әл-Фараби. Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін] : жеті томдық / [құраст.: Р. Сейсенбаев; жауапты ред. К. Серікбаева].– 1-том. Қайырымды қала. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019 -250 б.

2. Ж.Аймауытов. Алты томдық шығармалар жинағы. Бесінші том. //Тәрбиеге жетекші. Жаңа ауыл (оқу құралдары). – Алматы: «Ел-шежіре», -2013. -384 б.

УДК 74.01/.09
ББК 85.12

“ШАЛБАРДЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИ МӘНІ: КӨШПЕЛІЛЕРДЕН ӘЛЕМГЕ ТАРАЛҒАН КИІМ”

З.А. Иманкулова
Магистр оқытушы
Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжі, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье объясняется происхождение брюк , изобретённых кочевыми народами Центральной Азии и Казахстана, которые использовались для удобства при верховых передвижениях. Также говорится, что это изобретение стало важной частью их культурного наследия и распространилось по всему миру.

Summary

The article explains the origin of trousers, invented by the nomadic peoples of Central Asia and Kazakhstan for convenience during horseback riding. This invention became an important part of their cultural heritage and spread throughout the world.

Бүгінде шалбар кимейтін халық өте аз. Әлемдегі көптеген мәдениеттер шалбарды күнделікті киім ретінде пайдаланады. Бірақ ертеде бұл киім тек көшпелі халықтардың өмір салтымен тығыз байланысты болған. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, Қазақстан «шалбар ойлап табылған ел» ретінде аталуға толық құқылы. Себебі бұл киімнің арқасында көшпелі халықтар әлемнің әртүрлі климаттық жағдайларына бейімделіп, ұзақ жорықтар мен қиын шарттарға төтеп беріп, өз өмірін ұйымдастырды. Шалбардың шығу тарихы Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан аумағымен тығыз байланысты. Ғалымдардың тұжырымдары бойынша, шалбар алғаш рет Ерте темір дәуірінде Қазақстан мен Шыңжаң аймағында өмір сүрген көшпелі тайпалар арасында пайда болды. Бұл кезеңде басқа халықтарда шалбар кию қажеттілігі болмаған, олардың киімдері көбінесе екіге бүктелген мата түрінде болды, және бұттың арасын толық жаппады. Мысалы, Ежелгі Грекияда киілетін «хитон», Ежелгі Мысырдағы «схенти», Байырғы Шотландиядағы «килт» тәрізді киімдер тек үстіңгі денені жабатын болып, адамның денесінің төменгі бөлігін толық қорғамайтын [1, 3].

Шалбардың қажеттілігі негізінен көшпелі халықтардың жылқыны қолға үйретуімен байланысты. Қазіргі кезде жылқының тері бездері мен терінің құрамындағы органикалық заттар өте көп, сондықтан атқа ұзақ уақыт мінген адамның терісі аттың терісінен бөлінген ағуыздар мен тұздарға сезімтал болып, ауыр жаралар туындауы мүмкін. Әсіресе, атқа ұзақ сапарларға шыққан жауынгерлер мен көшпелі халықтар үшін бұл киім өте маңызды болды. Сондықтан, көшпелі халықтар әрбір аяғын аң терісімен орап жүретін болған, ал кейіннен бұл әдіс тұрақты киімге айналып, шалбар болып қалыптасты [4, 5].

Археологтар қазіргі Қытайдың Шыңжаң аймағында жүргізілген қазбаларда әлемдегі ең көне шалбарды тапты. Бұл шалбардың жасы шамамен 3200 жыл, яғни Троя мен Хеттер империясы құлаған кезеңмен сәйкес келеді. Шалбар өте жақсы сақталған және оның пішіні қазіргі заманғы ат шалбарларына ұқсас. Оның үш бөліктен тұратын пішімі, кестеленген өрнектері және арнайы қос қабатпен тысталған жерлері атқа мінуге ыңғайлы екендігін көрсетеді. Ғалымдар бұл шалбарды атқа мінетін жауынгерлердің киімі ретінде сипаттайды.

Шалбардың алғашында тек көшпелі халықтар арасында кең таралғаны белгілі. Кейін бұл киім басқа халықтар арасында да танылып, тарала бастады. Шалбардың таралуы, әсіресе, жауынгерлер мен атқа мінетін адамдар арасында болды. Ал еуропалықтар бұл киімді алғаш рет сақтар мен басқа да көшпелі халықтардан қабылдады. Батыста шалбарды алғашқылардың бірі болып галлдар мен германдықтар киюге бастады. Алайда, Ежелгі Римде шалбар «варварлардың

киімі» ретінде қабылданып, оны кигендерге қатаң жаза қолданылатын. Тек ғасырлар өте келе, шалбар Батыста кеңінен таралып, дәстүрлі күнделікті киімге айналды.

«Шалбар» деген сөздің өзі түркі тілдерінен алынған. Орыс тіліндегі «штаны» сөзі түркі тіліндегі «іштон» сөзінен шыққан. Бұл сөз екі бөліктен тұрады: «іші» және «тон» (жылы сыртқы киім). Бұл көрсетеді, шалбарды көшпелі халықтар өздеріне қажеттіліктен емес, өзін қорғау мақсатында ойлап тапқан [2].

Ғалым Павел Зарифуллин Қазақстан мен жалпы Алтын Орда өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесін атап өтеді. Оның пікірінше, қазақтар мен олардың ұрпақтары көптеген ұлы жаңалықтар мен өркениеттік жетістіктерге қол жеткізді. «Көшпенділер алғашқы болып аттарды қолға үйретті, шалбарды ойлап тапты, дөңгелекті шығарды, соғыс техникаларын – қос доңғалақты арбаларды ойлап тапты. Осының барлығы адамзат тарихына өзгерістер әкелді», – дейді ғалым. Шалбардың пайда болуы мен оның таралуы тек киімнің ыңғайлылығы мен функционалдығы ғана емес, мәдени тұрғыдан да үлкен маңызға ие болды. Әсіресе көшпелі халықтар үшін шалбар тек қажеттілік қана емес, олардың өмір салтының бір бөлігіне айналды. Атқа міну, аңшылық, жорықтар сияқты іс-әрекеттерде шалбар адамның денсаулығын, қозғалыс еркіндігін және қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Бұдан бөлек, шалбардың мәдени маңызы оның таралуымен де байланысты. Бастапқыда тек көшпелі халықтар арасында қолданылған бұл киім уақыт өте келе басқа халықтарға да танылып, кеңінен тарады. Шалбар, әсіресе жауынгерлер мен атқа мінетін адамдар арасында танымал болды, кейінірек ол әртүрлі әлеуметтік топтардың киіміне айналды [6].

Шалбардың тарихы тек Орталық Азия мен Қазақстанмен шектелмейді. Бұл киімнің таралуы және оның маңыздылығы бүкіл Еуропа мен Азияға әсер етті. Ежелгі Римде шалбар «варварлардың киімі» деп есептеліп, оны кигендерге қатаң жаза қолданылатын. Алайда уақыт өте келе, шалбар Батыста да танымал болып, жауынгерлер мен әскерилер арасында кеңінен қолданылды. Еуропада шалбар тек XVII-XVIII ғасырларда кеңінен тарала бастады [7].

Шалбардың шығуы – тек бір киімнің тарихы ғана емес, ол адамзат мәдениетінің эволюциясын көрсететін маңызды кезең. Қазақстан мен оның көшпелі халықтары әлем тарихында маңызды орын алады. Көшпелі халықтардың инновациялары, олардың атқа міну мәдениеті, шалбардың пайда болуы және басқа да жаңалықтар адамзат өркениетін түбегейлі өзгерткен. Бұл жаңалықтар бүгінгі күнде бүкіл әлемге таралып, бүгінде шалбар әр халықтың өмірінде үлкен орын алады. Ал Қазақстанның бұл тарихи үлесі уақыт өте келе халықаралық деңгейде толығымен мойындалып, бағаланады.

Әдебиеттер

1. Рахимжанов, Н. “Костюм и украшения казахов: История и эволюция.” — Алматы: “Атамұра”, 2000.
2. Шахов, А. А. “Этнография казахов.” — Алматы: “Ғылым”, 1999.
Это исследование включает описание традиций казахов, в том числе элементы костюма, их роль в повседневной жизни, а также историю возникновения брюк в казахской культуре.
3. Каримов, А. “Кочевники и их одежда: Историко-культурный аспект.” — Алматы: “Атамұра”, 2004.
4. Бартольд, В. В. “Туркестан в эпоху средневековья.” — Москва: “Наука”, 1963.
5. Ш. Б. Кенжебаев “Қазақтың ұлттық киімі: этнологиялық зерттеулер.” — Алматы: “Қазақ университеті”, 2006.
6. Абдуллина, А. Ж. “Традиционный костюм казахов и его роль в культуре.” — Алматы: “Ғылым”, 1995.
7. Жанузаков, А. “Қазақтың дәстүрлі киімі: этнографиялық зерттеулер.” — Алматы: “Атамұра”, 2001.

821.512.122-1-56

АЛМА ҚЫРАУБАЕВА – ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ТҰЛҒА

Қасымбек А., Алтынбеков Қ.С., Сапарбаева Қ.Ж.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье Алма Кыраубаева, педагог-новатор и основательница национальной школы, является исторической личностью, а ее творчество рассматривается с точки зрения национального знания. Определены ценность, смысл и значение его педагогического наследия.

Summary

In this article, Alma Kyraubayeva, an innovative teacher and founder of the national school, is a historical figure, and her work is considered from the point of view of national knowledge. The value, meaning and significance of her pedagogical heritage are determined.

Алма Қыраубаева – жас тәуелсіз мемлекеттің білім беру саласына тың реформа жасап, эксперимент негізінде шынайы өзгерістер енгізген ғалым. Ол пәнді мектепте оқыту және оқу мәселесін тәжірибе жүзінде, кешенді бағытта (мектеп–ЖОО) ұйымдастырып, сәтті экспериментті жүзеге асырды. Бұл эксперимент тәуелсіздік алған кезеңдегі қазақ педагогикасына зор үлес қосты:

1) Сынама тәжірибеден өтіп, Тұжырымдамасы айқындалған, заманауи ұлттық мектеп моделін жасады;

2) Пәндерді оқыту әдістемесіне байланысты педагогикалық-психологиялық аспектілер тұрғысынан тың идеялар енгізді.

Ғалым-педагогтің педагогика саласындағы ғылыми-зерттеу мәселелері, білімді игеру процесіндегі инновациялық технология, тәрбие технологиясы, мектеп пен ЖОО сабақтастығы мәселелері – педагогикалық еңбегінің негізі болып табылатын әдістемелік мұра. Оның педагогикалық еңбектерінің ішкі механизмі – ұлттық идея, адамгершілік асыл қасиеттерді дамыту, ұлттық таным мен дәстүр, заман талабына сай өзгерістерге бейімделген ұлт мәдениеті.

Ғалым Алма Қыраубаева білім беру үдерісі және білім беру проблемалары аясында психологиялық қолдау көрсете отырып, білімді, білікті, сенімді тұлға тәрбиелеу проблемасын көтерді. Ол ЖОО-дағы ғылыми және практикалық мәселелерді зерттеумен қатар, эксперимент жүргізе отырып білім алу процесіне, бала тәрбиесіне және мектептер мен жоғары оқу орындарындағы оқыту әдістеріне қатысты педагогикалық еңбектерін жинақтап қалдырды. Бұл еңбектер Алма Қыраубаеваның педагогикалық мұраларының маңыздылығымен бірге, шәкірттердің интеллектуалдық және рухани дамуына елеулі үлес қосқан ұлы педагог екенінің айқын дәлелі.

Ғалымның оқу құралдары, публицистикалық материалдарымен бірге ұлттық мектеп тәжірибесі бойынша жазылған жұмыстары зерделеніп-зерттелуі талдау, жинақтау, тарихи әдістерін таңдауымызға ықпал етті. Талдау әдісі А. Қыраубаеваның өмір жолы мен еңбек жолын талдап, талқылауға мүмкіндік берсе, жинақтау әдісі еңбектерінің тұтас жүйесін танып-білуге жағдай тудырды. Тарихи әдіс ғалым еңбектерінің қоғамдағы өзгерістермен, оқиғалармен себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға көмектесті.

А.Қыраубаева екі мақсатты айқындап, оқу-тәрбие қағидаттарының негізі етіп алған:

- ✓ Кеңес дәуірінде кенже қалған, зерттелмей жатқан әдеби құндылықтарды ғылыми тұрғыдан игеру;
- ✓ Әдеби мұраны білім мен тәрбие құралына айналдырып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Оның ғылыми ізденістері қазақ елінің ғылымын дамытумен бірге осы игілікті тұтынатын ұлттық тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты болды. Ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарда жарық көрген «Жаным садаға» еңбегінде былай деп жазды: «Саяси тәуелсіздігімізді

алғанмен, рухани тәуелсіздікке жету оңай емес. Оған қазақ баласы жаппай қазақ мектебінде оқитын күнге жеткенде ғана үміт артуымызға болады. Осы ұлы мақсат үшін күрес бүгін де, ертең де тоқталмауы тиіс»[1].

Ғалымның «Сенім» тұжырымдамасы «жаңа мазмұндағы ұлттық мектеп бағдарламасы, тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа буын оқулықтарын жазу бағдары болды» деп атап көрсетті А. Қыраубаеваның бағдарламасы негізінде «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешендерінің авторы А. Қасымбек[2].

Ғалым Ф.Оразбаева А. Қыраубаеваның «ұлттық тәрбие мен мектеп жарғысын түзген педагог-ұстаз, адамзаттық танымды меңгерудің амал-тәсілдерін іздеген әдіскер-ғалым, бала тәрбиесінде ұлттық сана мен ұлттық тәрбиеге ден қойған тәлімгер-мұғалім, қазақтың терме-жырларын, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың әуендері мен әндерін жинаған, орындаған әнші-өнерпаз» деп педагогтік болмысын сан қырын ашып, педагогикалық көзқарастарының өзектілігіне тоқталған [3].

Алма Қыраубаева еңбектерінің тарихи сипатына үңілсек, оның кеңестік дәуірдің кереғар құндылықтарынан құтқару, яғни күрескерлік сипаты басым. Педагог өз еңбектерінде оны айқын көрсеткен: «Жатқа еліктеу – өзін-өзі қор санау. Бұл – ұлттық сана жетілмеген елде болатын көрініс. Өзінің ұлттық құндылықтарының болашағы жоқ деген түсініктің қалыптасуы – адамның жан дүниесін аздыратын қатердің бірі. Оның жастар арасында, бала сенімінде ұялауына жол беріп қоюға болмайды... Жастар арасында Тәттімбеттің кім екенін білмей, Майкл Джексонға құлдық ұру, Қорқыттың философиясын ұқпай жатып, Фрейдке таңғалу, тасқа жазылған ата сөзін оқымай тұрып, Куликово шайқасын білгішсіну ауруы бар...

...Қай тіл жетекші болса, баланың жаны сол тілде сөйлейді...

...Ұлттық мектебіміздің философиясы дәстүрлі түркілік өркениет пен қазақ әлемі негізінде жасалып, әлемдік өркениетпен сұхбат қарым-қатынасында болуы қажет.

...Өз ана тілінің сырын меңгеріп үлгермеген балаға өзге тілді қосақтауға болмайды. Орыс тілінің өзін 1-сыныптан қосарлау кеңестік жүйенің айла-шарғысы болатын» [4].

А. Қыраубаеваның филология, педагогика саласындағы зерттеу еңбектері – философия, тарих заңдылықтары аясында қарастырылуымен қатар, оқытудың интеграция, инновация және функционалдық сауаттылық мәселелерінің өзекті тұстарын шынайы әрекеттері үлгісінде көрсете білген ғылыми-теориялық жұмыстар. А. Қыраубаеваның ғылыми-әдістемелік мұраларының педагогикалық еңбектерімен тұтастығын, оның маңызы мен мәнін Т.Кәкішев, Ф. Оразбаева, Ж. Дәдебаев т.б. ғалымдар өте жоғары бағалады [3,4].

А. Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары алаш ардагерлерінің көзқарастарымен астасып жатыр. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 20-30-жылдары өмір сүріп, ағартушылық қызмет атқарған Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. озық ойлы тұлғалардың ұлттық идеялары мен оны жүзеге асыру проблемасы жөніндегі ой-толғаныс, еңбектері негіз болған «Сенім» Тұжырымдамасы, ұлттық үлгідегі мектеп ашу идеясы қазақ халқының рухани мұрасының мәнін насихаттау, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын, ұттық негізде мемлекеттілік мәселесі тұратынын ұрпақ жадына сіңіру міндеттерін жүзеге асыруымен құнды [5].

Ғалым педагогика ғылымының қалыптасуындағы тарихи-педагогикалық таным әдіснамасы мен тарихи-педагогикалық ілім, ұстаным негіздерін бірлікте ұстаған. Ұлттық ұлағаттың ұрпақ тәрбиелеудегі ғасырлық тәжірибесін, педагогикалық ілімін пайдалану арқылы тұлғаның қалыптасуы, дамуы және әлемде «Қазақы құбылыс» ретінде танылуын мақсат етті [6].

Алаш зиялыларының педагогикалық көзқарастары қоғам дамуына серпін берген XX басындағы ағартушылық идеялар болса, А. Қыраубаеваның жаңашылдық идеялары мен педагогикалық қызметі XX ғасырдың аяғындағы, ел егемендігі мен тәуелсіздік алған кезеңіне тура келді. Жаһандану алдында тұрған дәуірдің тарихи құбылысын әдіснамалық тұрғыда зерттеген педагог өз идеялары мен оны жүзеге асыру бағыттарын межелеп алды. Ол:

- Ғылыми зерттеулердің тұлға дамуына ықпал ететін педагогикалық аспектілерін анықтау және тәжірибеде қолдану;

➢ Заманауи педагогика дамуындағы ұлттық мәдениет, таным мен тәрбие негіздерін сараптау, әдіснамалық, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу.

Ол уақыт, әлеуметтік орта, қоғамдағы өзгерістер мен тұлға биігіне апаратын сыртқы және ішкі факторларды ой елегінен өткізді. Бұл болашақ тұлғаның ой-өрісін, көзқарасын, өмірлік бағдарын анықтайтын іскерлікті ұштайтын тәжірибе алаңын ашуды жеделдетті. Ғалымның пайымдауынша, «мектептегі басты мәселе – оқулықтың мазмұнында». А.Қыраубаева ұлттық ұлттық мектептің моделін жасаумен бірге, «Тілашар», «Елтану», «Әлемтану», «Әдеп» бағдарламаларын жасап, «Ежелгі әдебиет» оқулығын жазып шықты.

«Қазақстан мектебі» журналының 1996 жылғы сәуірдегі санында жарияланған Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы – ұлттық тәлім-тәрбиенің тұтас бір концепциясы, инновациялық тұрғыдан «авторлық мектеп» технологиясы, Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейінің, тәжірибелік сынама нәтижесі негізіндегі заңды, тұжырымдық құжат.

Баспасөз бетінде жарияланған құжат қоғамда қызығушылық туғызды. Алайды оның реформалық сипаты зерттелмеді, тәжірибенің ұтымды тұстарын талдауға, ұлттық мектеп үлгісін қарастыруға, тәжірибеге енгізуге көңіл бөлінбеді. Оның өзіндік себептері бар еді. Ең алдымен, бұл – ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары, экономикалық қиындықтар қыспағындағы кез. Екіншіден, Кеңес дәуірінен қалыптасқан білім беру жүйесіне басымдық беру, ал үшіншіден, білім саласындағы ізденісті, ұлттық мектеп ерекшелігін зерделеп, оның қажеттілігі мен маңызын жан-жақты қарастыруға, өзгеріске бейімделу туралы даярлық та кем тұс еді.

А. Қыраубаеваның ұлттық үлгідегі мектеп моделі әлемдік деңгейдегі авторлық мектеп технологиясымен (ағыл. authorial school; нем. autorenschule, f) талаптарымен үйлеседі. Бұл термин туралы педагогикалық энциклопедиялық сөздікте (Бим-Бад Б.М.) инновациялық білім беру ізденістері тәжірибесі мен эксперименттік білім беру мекемесі ретінде жүзеге асырылатын ерекше сипатты құрылым екендігіне түсінік берілген. Оның қызметі жеке автор немесе авторлық ұжым әзірлеген жетекші психологиялық-педагогикалық немесе ұйымдастырушылық, басқарушылық тұжырымдамалар негізінде жүзеге асырылады. Оқу мен тәрбие ісін бөліп-жармай, біртұтас қарастырды, тіпті психология ілімін тұлғаны қанаттандырушы негіз ретінде бастапқы орынға қойған ғалым-ұстаз «Мағжан және Монтессори» мақаласын жазып, тұлға ерекшеліктері мен оның қалыптасу негіздеріне назар аударды. А.Қыраубаева: «Соңғы ғасырымыздың айтулы ізденістері болып табылатын Штейнер мен Монтессори тәрбиесі ұлы гуманизмге негізделген. Ал қазақ тәрбиесінде Мағжан «Педагогикасы» адамшылықтың үлгісі дер едім. Оған ұстаздың мына сөздері куә: «Адамның шын мағынасымен «адам» болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт... Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті...» Бұл сөздерді адамды сүйген адам ғана жазуы тиіс» деп атап көрсетеді [7].

Алма Қыраубаева – қазақи тәрбие мен ұлттық ұстанымы берік ортада өскен, елдік қасиеттердің ұлтты сақтаудағы маңызы мен рөлін жете түсінген ұрпақтың бірегей өкілі. Ғылыми пайымдау тұрғысынан ғалым заман сұранысын айқын бағдарлап, қазақтың рухани құндылығын арғы-бергі дәуірлер әдебиеті мен рухани кеңістігіміздегі білім мен білік парадигмаларын екшей отырып, уақыт талабына сай шешім таба білген педагог.

Ұлтты сақтайтын код – қазақтың өзінің баға жетпес елдік құрылымы, рухани байлығы, әдебиеті мен мәдениеті, ұрпақ бойына жан, тән, ар, дене, ой тазалығын сіңіру философиясында жатқанын бағамдап, мектептің төл әдістемесі ретінде «Баланы жасытпай оқыту» идеясын ұсынды. Ұстаздың: «Ал, жалпы, Сиявуштың арман қаласы секілді болашақтың арман-сабақтарын аңсаймын...Шәкірттерім мені көргенше, мен оларды көргенше асықсақ»... деген сөздері өз ісін сүйген қай ұстаздың болсын ішкі ойымен үндеседі [8].

Алаш қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, тіл білімінің теориялық негізін қалаған аса көрнекті ғалым Құдайберген Жұбанов білім мен ғылымның байланысына айырықша мән береді. Тілші-ғалымның: «Білімге айналмаған ғылым – пайдасыз ғылым. Ғылымды білімге айналдыратын – мектеп» деген тұжырымын педагогикалық ұстанымдарының бірі ретінде қарастырған Алма Қыраубаева «Қазақ құбылысын» жүзеге асыруымыз – алдағы міндет!» деп болашақ міндетін нақты межелеген [9].

А. Қыраубаеваның мектебіндегі сабақты ұйымдастыру талаптары, әр оқушыға назар аудару, балдық жүйеде бағалау қадамдары, кіріктірілген сабақтар мен шығармашылықпен жұмыс жасау ізденістері Қазақстан мектептеріне ондаған жылдар салып кешігіп келіп отыр. Қазіргі мектептерде жүзеге асырылып жатқан тәлімгерлік жұмыстар мен сабақтағы зерттеу, «оқушы үнін» тыңдау, үзілістердегі домбыра үні сияқты тың үдерістердің тамаша бастамасы ең алғаш Алма Қыраубаеваның мектебінде жүзеге асырылғанын Г. Қажиева, Ж. Жеткізген өз еңбектерінде атап өтті[10,13].

Алма Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары ұлттық педагогика құндылығына айналды. Ғалым мұралары, ғылыми еңбектері туралы зерттеу еңбектері жазылып, әдістемелік мұралары да жан-жақты қарастырылуда. Педагогикалық еңбектері туралы да мақалалар жарық көруде.

Қазақ педагогикасы, ұлт ұрпағын тәрбиелеу жолында білім беру реформасына бетбұрыс әкелген, «Сен – қазақ деген ұлы халықтың ұрпағысың!» деп батыл тұжырым айтқан Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның педагогикалық көзқарасы, ұстанымдары, сөз жоқ, Қазақстандағы ұлттық тәрбие мен жаңа тұрпатты білім жүйесінің қанат жаюына үлкен үлес қосатыны даусыз[11].

Әдебиеттер

Қыраубаева А. Жаным садаға. 5 томдық шығармалар жинағы. 4-том. -- Алматы: Өнер, 2011. - 344 б.

Хасанұлы Б. Қасымбек А. т.б. Қазақ тілі: Әдістемелік құрал.Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныптың мұғалімдеріне арналған.–2-бас. өңд. Астана: «Арман-ПВ», 2014. – 112 б.

Профессор Алма Қыраубаева: ұстаздық ұлағаты мен ғылыми мұрасы: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 25 мамыр, 2022 жыл / құрастырған және электрондық баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 96 б

Қыраубаева А. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық: оқу құралы / А. Қыраубаева, А. А. Қасымбек, Н. Қ. Мәтбек. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 350 с.

А. Қыраубаева. «Сенім» бағдарламасы // Қазақстан мектебі. – 1996. – №4

А.Қасымбек, Р.М.Дуйсебаева. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту ізденісі: Әдістемелік құрал. Алматы: 2020. – 40 бет.

1. Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектебінің тәжірибесі // Ұлт тағылымы. -1999.- №1. -13-17 бб.

Ф.Ш. Оразбаева. Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары. А. Қыраубаеваның 70 жылдық мерейтойындағы баяндама материалы.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. өңд., 3-бас.– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

Жеткізген Ж. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері. Әдістемелік құрал. Алматы. «Алматыкітап» ЖШС, 2006 – 40 б.

Ұлттық мектеп - өрісіміз // Қазақстан мұғалімі. – 1995.- 24 қаңтар.

ӘОЖ 94:378

ТАРИХИ САНА ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕЛУ БАҒЫТТАРЫ

Мұсахан М.М. М 1601-13 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Есимова А.Б. – т.ғ.к., доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье дается определение понятия исторического сознания и рассматриваются направления современных исследований. Анализируются основные компоненты исторического сознания, такие как знание прошлого, эмоциональная реакция и культурное повествование. Через труды отечественных и зарубежных исследователей трактуется понятие исторического сознания. Рассказывается о возрождении исторического сознания и влиянии исторического сознания на политику. Акцент делается на современных исследованиях научных подходов к историческому сознанию. На основе проведенного анализа формулируются актуальные вопросы дальнейшего изучения исторического сознания.

Summary

The article defines the concept of historical consciousness and considers the directions of modern research. The main components of historical consciousness such as knowledge of the past, emotional response and cultural narrative are analyzed. Through the works of domestic and foreign researchers the concept of historical consciousness is interpreted.The revival of historical consciousness and the influence of historical consciousness on politics are discussed. Emphasis is placed on modern studies of scientific approaches to historical consciousness. On the basis of the analysis the actual questions of further study of historical consciousness are formulated.

Қазіргі әлемде әртүрлі өзгеріс процесстері мен жаһандық өзгерулерде тарихи сана және оның сақталу маңыздылығы артып келеді Ең алдымен, тарихи сана өткенді қабылдау, түсіну және бағалау құрылымдарын білдіретін күрделі ұғым екенін еске түсірсек, ол адамдар мен қоғамдардың тарихи оқиғалармен, тұлғалармен және мәдениеттермен байланысын көрсетеді. Тарихи сана өз кезегінде ұлттық, мәдени және әлеуметтік сәйкестікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Барлық әлеуметтік құбылыстар ауқымды заманауи өзгерістер мен жаңартулар аясында қайта құрылуда. Бұл жалпы қоғамның, сондай-ақ жеке топтар мен жеке тұлғалардың құндылық бағдарлары мен көзқарастарының өзгеруіне байланысты.

Бүгінде қоғамның тарихи санасын зерттеу ерекше өзектілікке ие болды, дегенмен бұл тұжырымдаманың теориялық негіздері әлі толық жетілмеген. XX ғасырдың басы және 90-шы жылдары біздің елімізде ғылыми зерттеулердің басым бағыттарында айырмашылықтар пайда болды. Кеңестік кезеңде ғылымға коммунистік идеологияның ықпалы жиі болып, басқа халықтардың ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін, тарихын білмеуге әкелді. Тәуелсіздікпен бірге елімізде заманауи ғылыми әдістерді қолданудың жаңа тәсілдері мен мүмкіндіктері пайда болды. Мұны революция деп сипаттауға болады, оның барысында ұлттық тарихты қайта қарау және тарихи санада елеулі өзгерістер орын алды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу деректерін талдау үшін тарихи санамен байланысты отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми жұмыстары қолданылады. Тарихи сана ұғымын нақтылау және оны қазіргі заманғы зерттеу бағыттарын анықтау үшін философиялық, әлеуметтік және психологиялық жұмыстарды мазмұнды талдау әдісі қолданылады, бұл негізгі көзқарастарды, тұжырымдамаларды және оларды әртүрлі дереккөздерде жүйелеуге және тарихи сананың компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді. Контекстуализация әдісі тарихи сананың саясатқа әсерін және тарихи сананы жандандырудың әлеуметтік маңыздылығын анықтау үшін

қолданылды. Бұл әдіс бізге тарихи сананың элементтерін әлеуметтік және саяси жағдайларға сәйкес қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талдаулар

Тарихи сана мәселесі өте ұзақ тарихы бар, философия, әлеуметтену, психология, педагогика салаларында жан-жақты қарастырылған. Бұл құбылысты алғашқылардың бірі болып зерттеген Г.Гегель тарихты әртүрлі халықтардың мәдениеттерінде көрінетін ақыл-ойдың көрінісі ретінде қарастырды. Оның пікірінше, тарихшылар өткен заманның білімін ұрпаққа жеткізу арқылы тарихи танымды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [1].

Философиялық әдебиетте алғашқылардың бірі болып Д.Вико тарихи санаға қатысты мәселелерді қозғады. Ол тарихи сананы адам идеяларын, ойларын, олардың аңыздар мен мифтердегі көріністерін талдау мүмкіндігін зерттеумен байланыстырды.

Тарихи сананы адамдар мен қоғамдар өздерінің өткенінде қабылдайтын және түсіндіретін тұжырымдамалар мен нанымдардың жиынтығы ретінде анықтауға болады. Ол бірнеше негізгі құрамдас бөліктерді қамтиды:

- *Өткенді білу*: деректермен, оқиғалар аясында.
- *Сәйкестілік*: жеке және ұжымдық тәжірибенің ұлттық немесе мәдени сәйкестікті қалыптастыратын тарихпен байланысы.
- *Эмоционалды реакция:* мақтаныш, ұят немесе қасірет сияқты тарихи оқиғаларға байланысты сезімдер.
- *Әңгімелер*: қоғам өзінің өткенін түсіндіру үшін қолданатын мәдени және тарихи тақырыптар [2].

Ал зерттеуші Ф. Кэссиди тарихи сананы талдай отырып, оның келесі құрамдас бөліктерін атады:

- адамға бүгінгі тарихи білім үшін құнды мұраны анықтауға көмектесетін *сезім*;
- *тарихи қиял* — бұл тарихтың теориялық негіздерін бейнелейтін және тарихи қиял мен тарихи тәжірибенің тарихи жадымен байланысын көрсететін құрамдас бөлігі;
- *тарихи жады* — тарихты адамның, қоғамның және адамзаттың қиял арқылы көретін бөлігі ретінде көрсетеді. Ф. Кэссидидің пікірінше, адам қиялды пайдаланып, өткенді талдай отырып, қоғам дамуының тамаша бейнесін қалыптастырады [3].

Тарихи сананы зерттеу көптеген ғалымдардың назарын аударып қана қоймай, оны жан-жақты зерттей түсті.

Тарихи сана — бұл қоғамның тәжірибесі мен өзін-өзі тануының бірыңғай көзі. Осы ұғымды біле отырып адам өзінің өткенін еске алады және өзінің өзімен, қоғаммен және бүкіл адамзатпен бірлікте екенін түсінеді [4]. Яғни, тарихи сана адамға өткен мен қазіргі арасындағы байланысты түсінуге, сондай-ақ болашақты қалыптастыру үшін осы байланыстардың маңыздылығын бағалауға мүмкіндік бере алады. Бұл адамның мәдениетке, дәстүрге және тарихи мұраға деген құрметін арттырады және қазіргі қоғамдағы орнын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, тарихи сананың арқасында адам өз халқының бүкіл адамзат тарихындағы тәжірибесін көреді және жаһандық өркениетпен байланысын сезінеді. Бұл өз кезегінде азаматтық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастырады және әр адамның жеке тұлға ретіндегі жауапкершілігін күшейтеді. Тарихи сананы қалыптастырған адам өткенді түсініп қана қоймай, болашаққа саналы қадам жасайды, қазіргі заманның мәнін көбірек біледі. Осыдан Л. Де Коктың тарихи сана қалыптастыру үш негізгі мақсатты көздейді: интеллектуалдық, бірегейлік және азаматтық мақсаттарды қатар ұстану деген пікірінің дұрыстығына көз жеткіземіз.

Тарихи сананы қалыптастыру Қазақстанның мемлекеттік саясатының ажырамас бөлігіне айналды. Бұл қоғамды біріктіруге және мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған ұлттық ойды дамытуға негіз болды. Қазақстандық зерттеуші, философия ғылымдарының докторы, аға оқытушы Н.Л. Сейтахметова «Тарихи сананың қалыптасуы ұлттық бірегейлікті құрылымдау мәселесімен тікелей байланысты. Толыққанды қоғам үшін адамдар мен дәуірлер арасындағы уақытша байланыстарды ғана емес, мәдени бірегейліктің кілті болып табылатын мәдени жадыны да сақтау қажет. Тарихи сана тарихи сабақтастық пен мәдени трансформацияларға қабілеттіліктен көрінеді» деп жазған [5].

Зерттеуші М.Ж.Спанов тарихи сананың маңыздылығын атап өтіп, оның дәстүрмен байланысты екенін дәлелдеп, ұлттық болмыстың белгілерін анықтады. Ол: «Тарихи сананың жаңғыруы ұлттық мүдделерді қалыптастырып, болашаққа жолды айқындады. Бұрын тарихи санамызды жаңғыртуға мүмкіндігіміз болмаған еді, енді тәуелсіз ел ретінде осы мүмкіндіктерді пайдалануымыз керек» [6].

Қоғамның тарихи санасын жаңғырту – күрделі үдеріс. Зерттеуші Т.С.Тощенконың айтуы бойынша [7], тарихи жады өткен және қазіргі заманмен тығыз қарым-қатынаста, өткен туралы ақпараттың ерекше маңыздылығы мен өзектілігін көрсететін белгілі бір саналы сана. Тарихи жады — бұл халықтың, мемлекеттің іс-әрекетінде немесе оның ықпалын қоғамдық сана саласына қайтару үшін бұрынғы тәжірибесін ұйымдастыру, сақтау және қалпына келтіру үдерісінің өрнегі.

Ағылшын тарихшысы Э. Хобсбаумның айтуы бойынша [8], белгілі бір кезеңдегі дәстүрлер мен әңгімелер қоғамның ұжымдық санасына әсер етіп, тарихи жадының қалыптасуына әсер ететін жалпы тарихи көрініс қалыптастырады. Осы үдерістің арқасында тарих өткен оқиғаларды жазып қана қоймай, жеке құндылықтарды, сәйкестікті және мәдени сәйкестікті қалыптастырады. Осылайша, оқиғаның өзі адамдарға қоғамдағы орны мен рөлін түсінуге көмектесетін әлеуметтік құрылымның маңызды бөлшегіне айналды. Ол өткен оқиғаларды жазып қана қоймай, жеке тұлғаны қалыптастырады деп тұжырымдайды.

Француз тарихшысы П. Нора «есте сақтау орны» ұғымына ерекше мән беріп, тарихи жады статикалық емес, мәдени және саяси жағдайға байланысты үнемі өзгеріп отыратынын айта өткен [9]. Ол есте сақтау — жай ғана фактілер қоймасы емес, белсенді процессдеп атап өтеді.

Тарихшы Т.Джадт сияқты сыншылар [10] тарихи сана айла әрекет құралы бола алады деп баса айтады. Ол тарихты саяси мақсаттарға қызмет ететін мифтер жасау үшін пайдалануға болады деп тұжырымдайды, бұл тарихи жадыны зерттеуге сыни көзқарастың қажеттілігін көрсетеді.

Осы ретте, тарихи сананың саясатқа әсері – саяси идеологиялардың, ұлттық болмыстың, қоғамдық пікірдің қалыптасуында тарихи сана басты рөл атқарады. Ол қоғамның өткенін қалай қабылдайтынын ғана емес, сонымен қатар бұл қабылдаудың саяси шешімдерге, стратегияға, ішкі және сыртқы саясатқа қалай әсер ететінін анықтайды. Себебі, тарихи сана ұлттық болмыстың қалыптасуына ықпал етеді. Саяси элита көбінесе біртұтастық пен ұлтқа қатысты сезімді насихаттау үшін тарихи әңгімелерді пайдаланады. Мысалы, соғыстар немесе төңкерістер сияқты оқиғалардың тарихи жады күшті елдерде саясат өткенді дәріптеуге негізделуі мүмкін, бұл патриотизм мен азаматтық ынтымақтың негізі ретінде қызмет етеді.

Тарихи сана да қақтығыс көзіне де айналуы мүмкін. Әр түрлі топтар бірдей тарихи оқиғаларды әр түрлі түсіндіріп, шиеленістер мен келіспеушіліктер тудыруы мүмкін. Мысалы, белгілі бір соғыстардың немесе отаршылдық өткеннің маңыздылығы туралы даулар қазіргі саяси пікірталастар мен мемлекеттер арасындағы қатынастарға әсер етуі мүмкін.

Көптеген мемлекеттер тарихи мұраны сақтауға және түсіндіруге бағытталған білім беру, мәдени бастамалар мен ресми құжаттарды қамтитын "жадты сақтау саясатын" әзірлеуде. Бұл саясаттар ұлттық бірлікке ықпал ете алады, бірақ сонымен бірге қоғамдық пікірді манипуляциялау және балама көзқарастарды басу үшін де пайдаланылуы мүмкін. Яғни, тарихи сана қазіргі саясатқа, жеке тұлғаның қалыптасуына, ойлау жүйесі мен саяси әңгімелеріне айтарлықтай әсер етеді. Тарихи жағдайды және оның қоғамдағы қабылдауын түсіну қазіргі саяси үдерісін талдау және шешім қабылдау үшін маңызды. Тарихты түсіндірудегі бар айырмашылықтар қақтығыстардың алдын алу және сындарлы саяси өзара әрекеттесуге ықпал ету үшін пікір алмасу мен ымыраға келу қажеттілігін көрсетеді.

Өз кезегінде, тарихи санадағы қазіргі ұстанымдар қоғамның шындық аясында өткенді қалай қабылдайтынын және түсіндіретінін зерттейтін әртүрлі тәсілдер мен теорияларға негізделген. Тарихи сананы зерттеу бағыттары өткеннің қазіргі қоғамдық санаға қалай әсер ететінін, жаһандық деңгейде ортақ тарихи жадтың қалай қалыптасатынын және осы үдерістегі ұлттық бірегейліктің рөлін тереңірек түсінуге бағытталған. Бұл бағыттар тарихи

тақырыптардың жеке тұлғаны, саяси құндылықтарды және мәдени әдет - ғұрыпты қалай қалыптастыратынын түсінуге көмектеседі.

Сыни тарих - бұл белгілі бір сенімдер немесе догмалардан тыс тарихи фактілерді зерттеу арқылы өткенді біржақты немесе үстіртін бағалаудың алдын алуға бағытталған тарихи оқиғалар мен деректерге сыни көзқарас. Бұл бағыт тарихи сананы қалыптастыруда маңызды, өйткені ол тарихқа әртүрлі көзқарастар енгізуге және өткеннің шынайы бейнесін көрсетуге тырысады. Тарихқа сыни көзқарас жас ұрпаққа тарихи оқиғаларды тек мақтаныш ретінде ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі көрсету үшін де сыни тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Француз философы және әлеуметтік теоретигі М.Фуко [11] тарихты біржақты ғана емес, оның әлеуметтік мекемелермен, билік қатынастары мен идеологияның қалыптастыруындағы күрделі рөлі тұрғысынан да қарастыру маңызды екенін атап өтті. Тарихтың әр кезеңі белгілі бір билік құрылымдарымен, олар белгілеген әлеуметтік тәртіппен сипатталады және бұл тәртіп қоғамның жады мен тарихи санасына әсер етеді.

Тарихи сана ұрпақтан-ұрпаққа есте сақтау арқылы беріледі және халықтың мәдени құндылықтарын сақтап қана қоймай, оларды асыра бағалауға мүмкіндік береді. Француз әлеуметтанушысы М.Халбвакс [12] адамдардың жадын ұжымдық жадымен байланыстыра отырып, ұжымдық жадының қоғамдағы жеке және топтық санаға әсерін көрсете отырып, адамдар өздерінің жеке тәжірибелері арқылы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік топтардың, отбасылардың, қауымдастықтардың ортақ тәжірибесі арқылы да өткенін қайталайтынын атап өтті. Әлеуметтік құрылымдардың өзгеруі ұжымдық жадтың өзгеруіне әкеледі, бұл тарихи сананы үнемі жаңартып, қоғамның өзін-өзі тануына жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Мультикультурализм бізге жаһандану, көші-қон және мәдени алмасу сияқты құбылыстардың тарихи тамырларын түсінуге мүмкіндік береді, бұл тарихты тек бір ұлт немесе мемлекет тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мәдениеттер мен халықтардың өзара әрекеттесуі тұрғысынан қарастырады. Осылайша, тарих тек бір ұлттың тарихына ғана емес, әсіресе жаһандану дәуірінде маңызды рөл атқаратын ортақ тәжірибеге айналады. Зерттеуші Х.Крониннің [13] пікірінше, тарихи сана тек бір халықтың тарихымен шектелмей, жаһандық ауқымда қарастырылған кезде ғана толық түсінікті болады. Ол тарих белгілі бір ел немесе халық үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін ортақ құбылыс екенін атап өтті және әлемнің әртүрлі аймақтарындағы тарихи оқиғаларды салыстыру және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу арқылы ортақ тарихи сананы нығайтуға болатынын атап өтті.

Сандық тарих – бұл тарихи зерттеулерде сандық технологиялар мен әдістер қолданылатын жаңа сала.Сандық құралдарды пайдалану тарихи оқиғаларды зерттеуді, салыстыруды, талдауды және ақпаратты, ойды, түсінікті кескіндемелік көзқарасты көрнекті түрде қабылдауды айтарлықтай жеңілдетеді. Сандық тарих тарихты дәстүрлі оқулықтар аясында ғана емес, сонымен қатар сандық құрылымда да зерттеуге мүмкіндік беретін тарихи деректерді талдау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл олардың тарихи санасын қалыптастырады және өткенге деген қызығушылығын арттырады.

Сыни тарих, жад тарихы, көпмәдениеттілік және сандық тарих сияқты заманауи зерттеу бағыттары халықтың өткенін жаңа көзқараспен түсінуге және ұлт жадының жаңдануына ықпал етеді. Алайда, осы салаларда атқарылған жұмыстарға қарамастан, ұлттық тарихты жүйелі түрде жинақтау және болашақ ұрпаққа беру мәселесі әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ұлттық құрылтайда (Түркістан, 2023ж) «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту өте маңызды. Дамыған мемлекеттің бәрі толық зерттелген төл шежіресін дәріптеуге айрықша мән береді. Бұл істе ел тарихының көп томдық жинағы басты рөл атқарады. Қазақстан тарихының жаңа ғылыми ұстанымдарға сай әзірленген көп томдық жинағы әлі күнге дейін жарыққа шыққан жоқ. Өкінішке қарай, стратегиялық маңызы бар осы мәселе тәуелсіздік жылдарында толық шешімін таппады» - деп атап өткен болатын [14]. Яғни, бүгінде тарихи жады мен тарихи сана елдің ұлттық бірегейлігі мен мәдени өзін-өзі тануын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Олар бізге қоғамның тамырын түсінуге, өткенді түсінуге және болашақты құруға көмектеседі. Жаһандану және әлемдегі қарқынды өзгерістер жағдайында тарихи жадтың жаңаруы ерекше өзекті болып

отыр. Қазақстан – көпұлтты ел, сондықтан тарихи жадты жаңарту, барлық ұлтқа қатысты тарихи баяндаудағы өз маңыздылығын түсінуі үшін мәдениеттер мен тарихтардың алуан түрлілігін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Ал жаһандық жағдайда тарихи жадты жаңарту қоғамды жаңа сын-қатерлерге бейімдеудің маңызды құралы болып табылады. Тарихи үдерістерді қайта қарау, әртүрлі мәдени тәжірибелерді біріктіру және заманауи технологияларды пайдалану ерекшеліктерге қарамастан тең құқықты және тұрақты қоғамдарды құруға ықпал етеді. Жаһандық өзгерістер жағдайында бұл өзара түсіністік пен тұрақтылықты қалыптастыру үшін өте маңызды.

Қорытындылай келе, тарихи сана – бұл тұлға мен қоғамдық сананы қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын көп қырлы және динамикалық құбылыс. Оның тұжырымдамасы мен қалыптасуын түсіну әртүрлі қоғамдардың өткенді қалай қабылдайтынын және бұл қабылдаудың олардың қазіргі дамуына қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мультикультурализм, постколониалдық тәсілдер және сандық технологияларды қолдану сияқты заманауи зерттеу салалары тарихи тәжірибені талдау мен түсіндірудің жаңа көкжиегін ашады.

Тарихи сананың жаңаруы, әсіресе, көзқарастар мен мәдени әңгімелердің алуан түрлілігін ескеру маңызды болған жаһандық өзгерістер кезеңінде өзекті болып табылады. Бұл тарихқа жан-жақты және сыни көзқарасты қалыптастырады, бұл қоғамдарға өздерінің тамыры туралы ойланып қана қоймай, ортақ болашаққа жол табуға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, тарихи сана мен оның қазіргі үдерістердің даму бағытын терең түсіну қоғамдарда да, халықаралық шаралар өтетін кеңістіктерде де тұрақты және үйлесімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Дроздова А. М. Ценности гражданского общества и правовая культура // Юридический вестник Дагестанского государственного университета. – 2017. – № 2. – С. 14 -18;
2. Gergen K.J. Narrative, Moral Identity and Historical Consciousness: a Social Constructionist Account // IMP Working Paper. – 2010. – №12 (1). – P. 282-297;
3. Мерзлякова И. Л. Функции исторического сознания в условиях модернизации современного российского общества // Вестник Донского государственного университета: научный журнал. – 2012. – № 4. – С. 65;
4. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений / С. И. Ожегов, Н. Ю. Шведова – 4-е изд., дополненное. – Москва : Азбуковник, 1999. – 736 с;
5. Сейтахметова Н.Л. Духовность как парадигма исламской идентичности: проблемные ракурсы и решения в творчестве профессора Сатершинова Б.М. // Сборник материалов международной научно-практической конференции: «Духовные аспекты формирования религиозной идентичности народа Великой Степи» в рамках реализации идеи концепта «Рухани жаңғыру». – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2019. – С. 8-16;
6. Спанов М.Ж. Ғылым мен технологияның әлемдік өркениеттегі орны // Әл-Фараби. – 2019. – №1 (65). – 96- 110 бб;
7. Тощенко Т. С. Социальная память: опыт комплексного анализа / – М.: Наука, 1997. –304 с;
8. Хобсбаум, Э., Рейнджер, Т. Изобретение традиции / пер. с англ. М. Ю. Некрасова. — М.: Прогресс, 2000. – 352 с;
9. Nora P. Between Memory and History: Les Lieux de Memoire //Special Issue: Memory and Counter-Memory/Spring. – 1989. – 17-34 p;
10. Judt T. Postwar: A history of Europe since 1945. – Penguin, 2006.- 969 p;
11. Фуко М. Слова и вещи: Археология гуманитарных наук / пер. с фр. В. П. Визгина. — СПб.: Алетейя, 1994. – 416 с;
12. Хальбвакс М. Социальные рамки памяти / пер. с фр. С. Н. Зенкина. – М.: Новое издательство, 2007. – 352 с;

13. Кронин Х. Время помнить: Глобальный охват исторического сознания / М.: Издательство мировой истории, 2014. –320 с;
14. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын өткізді, 2023 жылғы 17 маусым https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ulttyk-kuryltaydyn-ekinshi-otyrysyn-otkizdi-1755532 .

ӘОЖ 372.8:94

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Әбдірашит Н.Н. М1601-13 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Есимова А.Б. – т.ғ.к., доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье дается представление об исследовательских способностях учащегося. Речь идет о предпосылках и актуальности формирования исследовательских способностей. Также на уроках истории излагается цель повышения исследовательских способностей старшеклассников, ее значение и возможности. Дается характеристика учащихся, склонных к исследовательской деятельности. На уроках истории размышляют об организации исследовательской деятельности, создании проблемных ситуаций, позволяющих активизировать исследовательскую способность, а также о возможностях и эффективных путях повышения творческого мышления учащихся.

Summary

The article gives an idea of the student's research abilities. We are talking about the prerequisites and relevance of the formation of research abilities. Also, the history lessons set out the goal of improving the research abilities of high school students, its significance and possibilities. The characteristics of students who are inclined to research activities are given. In history lessons, students reflect on the organization of research activities, the creation of problematic situations that allow them to activate their research ability, as well as on the possibilities and effective ways to increase students' creative thinking.

Қазіргі кезеңдегі білім беру ісінің негізгі нысаны – жас ұрпақтың дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай - ақ ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып отыр. Білім беру жүйесін жаңарту қоғам дамуының ажырамас бөлігі болып табылатын болғандықтан, білім беру үрдісіне қойылатын жоғары талаптар оны жаңа тұрғыдан ұйымдастыруды қажет етеді. Жаңа ұлттық 12 жылдық мектептің алдындағы негізгі міндеттердің бірі – жоғары білімділікке ие, құзыретті, өз бетімен маңызды шешімдерді қабылдай алатын, ізгіліктіктігі мен жауапкершілігі мол тұлғаларды қалыптастыру [1].

Қазақстанның жаңартылған білім беру мазмұны зерттеушілік дағдыларды дамытуды басты мақсаттарының бірі ретінде қарастырады. Жаңа оқу бағдарламалары оқушыларды пәндік біліммен ғана шектемей, оларды зерттеу арқылы білімді терең меңгеруге, оны өмірде қолдануға бағыттайды. Сонымен қатар, Халықаралық білім беру бағдарламалары (мысалы, PISA, TIMSS) оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін бағалауға көп көңіл бөледі. Бұл бағдарламаларға қатысу арқылы мемлекеттер өз білім беру жүйесінің деңгейін салыстырады және жақсартуға мүмкіндік алады. Сондықтан зерттеушілік дағдыларды дамыту әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестендірудің маңызды бөлігі болып табылады.

Зерттеушілік оқыту мен танымдық әрекетті дамыту мәселесі ежелгі заманнан бастап педагогика ғылымында қарастырылды. Мысалы, Платон мен Аристотель білім алудың басты мақсаты ретінде оқушылардың өздігінен ойлау, бақылау және зерттеу қабілеттерін дамытуды ұсынды. Кейінгі кезеңдерде Иоганн Генрих Песталоцци, Жан-Жак Руссо және Ян Амос Коменский секілді ағартушылар оқытудың тиімді тәсілі ретінде оқушының белсенді зерттеу қызметіне қатысуын қолдады. XIX-XX ғасырларда педагогикада зерттеушілік әдістемелер белсенді түрде дамыды. Джон Дьюи секілді американдық философ және педагог білім беру жүйесінде оқушылардың практикалық және зерттеушілік әрекеттерін дамытуға ерекше назар аударды. Оның пікірінше, оқыту процесінде тәжірибе мен зерттеу жұмыстары маңызды рөл атқарады, себебі олар оқушыларды өмірдегі нақты жағдайларға бейімдейді. Кеңес дәуірінде зерттеушілік оқыту идеясы Василий Сухомлинский, Антон Макаренко және Лев Выготский еңбектерінде кеңінен қарастырылды. Л.Выготскийдің "жақын даму аймағы" теориясы оқушының өздігінен меңгере алмайтын, бірақ педагогтің көмегімен игерілетін білім аймағын зерттеді. Бұл теория оқушының зерттеушілік қабілеттерін дамытуда жетекшінің рөлі ерекше маңызды екенін көрсетті.

Сонымен қатар Қазақстандық зерттеуші Ү.Б.Жексенбаева дарынды балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының жоғарылығымен, қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдығымен түсіндіріледі деген [2]. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді өзі игереді.

Б.В.Всесвятский жазғандай, зерттеулер оқушыны бақылау жүргізуге, жеке заттардың қасиеттеріне тәжірибе жүргізуге баулиды. Бүкіл осы үрдіс - белсенді бала жаратылысына жауап беретін үрдіс екендігі өте маңызды, ол оңды эмоционалдық бояулармен беріледі. Екеуін де салыстырып жалпылаған кезде деректердің мықты негізін береді. Ол оқушылардың қоршаған ортаға біртіндеп бейімделуіне негіз болады, өзінің санасында әлемнің ғылыми сипаты туралы өзіндік білім мен жасампаздық ғимаратын салуға мықты негізін береді.

Байқағанымыздай оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту мәселесі педагогика тарихында әрдайым маңызды орын алған. Ертеректен бастап қазіргі заманға дейін бұл бағытта көптеген зерттеулер мен әдістемелер жасалып, олар оқыту процесіне енгізілді. Бүгінде бұл тақырып халықаралық деңгейде, сондай-ақ Қазақстанның білім беру жүйесінде кеңінен қарастырылып, білім сапасын арттыруға бағытталған негізгі тәсілдердің біріне айналды.

Материалдар мен әдістер

Тарих сабақтарында жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін арттыру жайлы ақпараттар жинақталды. Сонымен қатар, зерттеу қабілеті ұғымына байланысты зерттеуші ғалымдардың еңбектері талданып, мәліметтер кезеңдер бойынша жүйеленді. Абстракция әдісін қолдану арқылы зерттеушілік іс-әрекетке байланысты ғылыми педагикалық еңбектер сараланып, зерттеушілік қабілетке қатысты мәліметтер іріктелді.

Нәтижелер мен талдаулар

Зерттеушілік қабілет – бұл адамның жаңа білім алуына, мәселелерді тереңірек түсінуге, ақпараттарды жинақтап, талдап, қорытынды жасауға және шешім қабылдауға бағытталған дағдылары мен қасиеттері. Жоғары сынып оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттыру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл өзектілік бірнеше факторлармен түсіндіріледі.

Біріншіден, қазіргі қоғам талаптарына байланысты. Заманауи қоғамда ғылыми-технологиялық прогресс қарқынды дамып келеді, бұл өз кезегінде зерттеу, инновациялық шешімдер табу және жаңа білімді меңгеру дағдыларын қажет етеді. Ақпараттық қоғам жағдайында оқушылардың тек дайын білімді қабылдауы жеткіліксіз, олар оны өздігінен іздеп, талдап, қолдана алуы тиіс. Сондықтан зерттеушілік қабілеттерді дамыту оқушыларды өмірлік дағдылармен қамтамасыз етеді.

Екіншіден, сыни ойлау және проблемаларды шеше алу. Зерттеушілік қызмет сыни ойлау мен проблемаларды шешу қабілеттерін дамытады. Оқушыларға зерттеу жүргізу барысында

түрлі гипотезаларды ұсыну, дәлелдер жинау және оларды талдау арқылы шешім қабылдау дағдылары қалыптасады. Бұл қабілеттер қазіргі өмірде, әсіресе жоғары білім мен кәсіби салада, үлкен сұранысқа ие.

Үшіншіден, өздігінен білім алуға бейімделу. XXI-ғасырдың жылдам өзгеретін жағдайларында, өмір бойы оқу қабілеті маңызды қасиеттердің біріне айналды. Зерттеушілік қабілеттер оқушылардың өздігінен жаңа ақпаратты игеруге, оның мәнін түсініп, қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың болашақта маман ретінде де өз білімдерін үздіксіз жетілдіріп отыруына көмектеседі.

Төртінші шығармашылық және инновациялық ойлай алу. Зерттеушілік қызмет шығармашылық қабілеттерді дамытып, жаңа идеялар мен шешімдер іздеуге ықпал етеді. Оқушылардың зерттеу процесі барысында шығармашылық тұрғыдан ойлану, жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдану дағдылары жетіледі. Бұл инновациялық ойлауды қалыптастырып, оқушылардың ғылым мен технология салаларында жаңа жетістіктерге жетуіне негіз болады.

Бесіншіден, Халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес келу. Халықаралық білім беру бағдарламалары (мысалы, PISA, TIMSS) оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін бағалауға көп көңіл бөледі. Бұл бағдарламаларға қатысу арқылы мемлекеттер өз білім беру жүйесінің деңгейін салыстырады және жақсартуға мүмкіндік алады. Сондықтан зерттеушілік дағдыларды дамыту әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестендірудің маңызды бөлігі болып табылады. Келесі жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты. Қазақстанның жаңартылған білім беру мазмұны зерттеушілік дағдыларды дамытуды басты мақсаттарының бірі ретінде қарастырады. Жаңа оқу бағдарламалары оқушыларды пәндік біліммен ғана шектемей, оларды зерттеу арқылы білімді терең меңгеруге, оны өмірде қолдануға бағыттайды. Және оқушыларды болашақ кәсіби жетістікке дайындау бойынша өте маңызды. Зерттеушілік қабілеттер еңбек нарығында табысты болуға көмектеседі. Жоғары технологиялар, цифрлық экономика және ақпараттық қоғам жағдайында мамандардан зерттеу, талдау және инновациялық шешімдер жасау қабілеттері талап етіледі. Мектеп қабырғасында бұл дағдыларды дамыту оқушылардың болашақта табысты маман болуына мүмкіндік береді.

Қазіргі жағдайда оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың стратегиясы мен әдістерін таңдау мәселелері өте өзекті. Олар мынадай біліктердің жиынтығын қамтиды: өз зерттеу қызметін жоспарлау; проблеманы тұжырымдау; қажетті ақпаратты іздеу, талдау және қорыту; гипотезалар ұсыну; мақсаттар мен міндеттерді қою; зерттеудің оңтайлы әдістері мен әдістемелерін таңдау; эксперименттің өзі жүргізу; жұмыс нәтижелерін ресімдеу; қорытындыларды тұжырымдау және т. б. осындай біліктер барлық оқу пәндерін зерделеу кезінде қалыптасады [3]. Жоғарыда айтып өткендей, білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, зерттеушілік, аналитикалық қабілеттерін дамыту. Бұл қабілеттердің барлығын тарих пәні сабақтарында тиімді пайдалануға болады, себебі тарих ғылымы оқушылардың өткен оқиғаларды зерделеу, талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

– Тарих сабақтарында жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін арттыру үшін бірнеше тиімді жолдарды қолдануға болады:

Зерттеу әдістерін үйрету: Тарих сабақтарында оқушыларды ғылыми зерттеу әдістерімен таныстыру қажет. Бұл әдістерге дереккөздерді талдау, салыстыру, тарихи құжаттарды зерттеу, статистикалық мәліметтерді жинау және қорытындылау жатады. Оқушыларға нақты тапсырмалар беру арқылы оларды дербес зерттеушілік қызметке тартуға болады.

– Дербес жобалық жұмыстар: Оқушыларға тарихи тақырыптар бойынша жеке немесе топтық жобаларды дайындауға мүмкіндік беру зерттеушілік қабілеттерді дамытудың ең тиімді жолдарының бірі. Жобалық жұмыстар барысында оқушылар өз беттерімен мәліметтер жинап, талдап, белгілі бір қорытындыға келеді. Мысалы, Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі саяси оқиғаларды зерттеу немесе Ұлы Отан соғысының батырлары туралы зерттеулер жасап жобалар ретінде ұсынылуы мүмкін.

– Дереккөздермен жұмыс істеу: Тарихты зерттеу барысында бастапқы дереккөздермен жұмыс жасау – маңызды аспектілердің бірі. Оқушылар мұрағаттық құжаттармен, тарихи

хаттармен, жазбалармен таныса отырып, олардың мазмұнын талдайды. Тарихи құжаттармен, фото, видео материалдармен жұмыс жасату оқушылардың дереккөздерді талдау, мәліметті сыни тұрғыда қабылдау қабілетін арттырады. Бұл әдіс оларды дереккөздерден объективті мәлімет алуға, оны талдауға, салыстыруға үйретеді.

– Тарихи рөлдік ойындар: Әр түрлі тарихи жағдайларды рөлдік ойындар арқылы көрсету арқылы оқушыларға сол дәуірді, адамдардың өмірін, тұрмысын, әлеуметтік мәселелерін зерттеуге мүмкіндік беру. Бұл әдіс арқылы оқушылар тарихи оқиғаларды тереңірек түсінеді және сол кездегі адамдардың тұрмыс жағдайын сезіне алады.

– Оқушылардың ізденіс қызметін ұйымдастыру: Мұғалім оқушылардың қызығушылығын оятып, оларға нақты бағыт беру арқылы, ізденіс жұмыстарына бастамашы бола алады. Мысалы, тарихи сұрақтар бойынша пікірталастар ұйымдастыру, мұражайларға саяхат жасау, тарихи көрмелерге қатысу оқушылардың қызығушылығын арттырып, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

– Өздігінен іздену тапсырмалары: Оқушыларға мұғалімнің жетекшілігімен өздері қызығатын тарихи мәселелер бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізу тапсыру. Мысалы, өздерінің отбасы тарихы туралы мәлімет жинау. Оқушылар өз отбасының шежіресін зерттеп, ата-бабаларының өмір сүрген кезеңдері туралы ақпарат жинайды. Мысалы, ата-әжелерінен естіген естеліктерді жазып алады, ескі суреттер, құжаттар немесе тарихи деректерді пайдалана отырып, отбасының тарихын баяндап, презентация дайындайды.

Бұл әдістердің барлығы оқушылардың өздігінен зерттеушілік қабілеттерін дамытып, тарихи құбылыстарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, тарихи дереккөздерді қолдану дағдыларын жетілдіреді.

Мақалада жоғары сынып оқушыларының тарих сабақтарындағы зерттеушілік қабілеттерін дамыту маңыздылығы қарастырылады. Автор білім беру жүйесінде зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудың өзектілігін айта отырып, оның оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық, және ақпаратты талдай білу қабілеттерін дамытуға тигізер ықпалына тоқталады. Тарих пәнінің мазмұны мен ерекшелігі оқушыларға зерттеушілік әрекетті ұйымдастырудың кең мүмкіндіктерін береді. Зерттеушілік дағдылардың оқушылардың қазіргі ақпараттық қоғамға бейімделуіне, өмір бойы оқу қабілетін қалыптастыруға және шығармашылық тұрғыдан ойлауға ықпал ететіні ерекше аталып өтеді. Сонымен қатар, бұл дағдылар халықаралық білім стандарттарына сай келетін жоғары сапалы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Мақалада ұсынылған әдістер жоғары сынып оқушыларының дербес зерттеу қабілеттерін дамытып, олардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Тарихи білімді терең игеру, дереккөздермен жұмыс жасау, шығармашылық жобалар арқылы зерттеу қабілеттерін арттыру қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады. Осы бағыттарда мұғалімдер тиімді әдістерді қолдана отырып, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға зор үлес қоса алады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы // Егемен Қазақстан. – 26.12.2003;

2. Жексенбаева Ү.Б. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы, 2006. – 32 б.

3. Дереклеева Н.И. Мастер-класс по развитию творческих способностей учащихся / Н.И. Дереклеева. – М., 2008. – 224 с.

ӘОЖ 94 (574)

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС: ТАРИХЫ, ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Мамықова Н.Б. М1601-13 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Сугирбаева Г. Д. т.ғ.к., доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье описывается история национально-освободительного движения под руководством Кенесары Касымов, выступавшего против колониальной политики Российской империи, проходившей в казахской степи. Рассмотрены причины и последствия национально-освободительного движения под руководством Кенесары Касымов, ситуация и разгром восстания. Всесторонне анализируются исследования, связанные с национально-освободительным движением, то есть отечественные и зарубежные исследования. Кроме того, определяется степень изученности, историографии и исторической значимости национально-освободительных движений.

Summary

The article describes the history of the national liberation movements led by Kenesary Kasymov, who opposed the colonial policy of the Russian Empire in the Kazakh steppes. The causes and consequences of the national liberation movement led by Kenesary Kasymov, the situation and the defeat of the uprising are considered. A comprehensive analysis of research on national liberation movements, both domestic and foreign, is made. In addition, the degree of research, historiography, and historical significance of national liberation movements are determined.

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уалиханов: «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» – десе, ал Мұстафа Шоқай «Азаттық – халықтың рухының айнасы» – деу арқылы қазақ халқының бостандық пен еркіндікті жоғары бағалағанын бізге жеткізуде. Ұлт-азаттық қозғалыс – ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алуға, шетелдік үстемдікті, отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталған күрес. Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалысы – Қазақстан тарихындағы басым тақырыптардың бірі. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен ғалымдардың назары ең ірі де қайшылықты қозғалыстардың бірі – Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысқа аударылды, оның бағасы да, осы қозғалыс көшбасшысының тұлғасы да күрделі. Бүгінгі күнге дейін тарих ғылымында Кенесарының қозғалысы мен тұлғасы туралы қомақты материалдар жинақталып, қозғалыстың өзін де, Кенесары Қасымұлы тұлғасын зерттеуде тарихнамалық дәстүр қалыптасты.

Кенесары Қасымұлы 1802 жылы Ақмола облысында дүниеге келген сұлтан, қазақтың ұлы ханы Абылай ханның немересі, қазақтың үш жүздің соңғы ханы. Кенесары Қасымұлы есімі қазақ тарихындағы тарихи маңызды құбылыс, 1837-1847 жылдардағы қазақ халқының өз тәуелсіздігі жолындағы ұлт-азаттық қозғалысымен байланысты. Кенесары Қасымұлы қайраткері және ол басқарған қозғалыс оларды бағалауда күрделі, түсініксіз жолдан өтті. Бұл мәселе қызу пікірталас туғызды және пікірталастың нысанасына айналды, көтеріліске қатысушылар бірде көтерілісті жақтаушылардың қатарына қосылды, бірде көтеріліске қарсы шығып отырды, яғни орта позицияны ұстанды. Кенесары Қасымұлы қозғалысы тарихының мәселесі жіті назардың, толық бақылау мен цензураның нысанасына айналып, кеңестік дәуірдің қырық жылға жуық уақытында реакцияшыл деп жала жабылып, жалпы ығыстыруға және ұмытуға ұшырады.

Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысының тарихи-тарихнамалық түсінігі, соған ұқсас тарихи оқиғалар Қазақстан тарихындағы қайшылықты процестермен, мәселен, Ресейге қосылу және Қазақстанның отарлауымен тығыз байланысты.

XIX ғасырдың 20 - 40 жылдары кезеңі ұлттық тарихтағы тағдырлы оқиғалардың бірі болып табылады, өйткені дәл осы уақытта қазақ халқының алдағы 150 жылдағы тағдырын анықтаған оқиғалар болды. Бұл Қазақстанға патша өкіметінің билігі берік орнап, қазақтардың мемлекеттілігінің белгісі болған хан билігі жойылған кез еді. Дәл осы кезде Кенесары Қасымұлының басшылығымен қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы ең ірі қозғалыстардың бірі болды. Ол он жылға созылып, қазақтың үш жүзін бірінен соң бірін қамтып, қалың бұқараны күреске тартты. Кенесары Қасымұлы көтерілісін қалың бұқара қолдады. Бұл үш жүздің күшін біріктіріп, біртұтас мемлекет құруға және Ресеймен протекторат негізінде қарым-қатынас орнатуға ұмтылған Кенесары идеясына халықтың жанашырлығымен түсіндіріледі. Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік тәуелсіздігіне қауіп төніп тұрған уақытта ұлт-азаттық қозғалыс тарихтағы маңызыды оқиғаның бірі болған.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын жазу үшін Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты тарихи деректер жинақталып, ұлт-азаттық қозғалыстың тарихы нормативті әдіс арқылы әңгімеленіп жазылды. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінен мәліметтер тақырып бойынша жүйеленіп іріктелді. Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихнамасын жазу барысында сипаттау және талдау әдістері пайдаланылды. Салыстырмалы тарихи әдісті қолдану арқылы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи маңызын аңықталды.

Нәтижелер мен талдаулар

XIX ғасырдың 20 жылдарында Ұлы жүздің бір бөлігі, Орта және Кіші жүздің оңтүстік аймақтары Қоқан мен Хиуа бектерінің қарамағында болды. Сырдарияның төменгі ағысында Хиуа хандығы бірқатар бекіністер тұрғызды.

XIX ғасырдың 20 жылдарында Қазақ халқының өз құқығы үшін күресін Абылай ханның немересі Саржан басқарды. Қоқан бекінің бұйрығымен Саржан Қасымұлы 1836 жылы Ташкентте өлтірілді. XIX ғасыр 20-30 жылдары Қасым сұлтан (Кенесарының әкесі) Ресей императорына жазған хаттарында қазақтардың саяси жүйесін өзгертпеуді, халықтың бостандығына қол сұғылмауды, округтер мен приказдарды жоюды сұрайды.

Сұлтан Кенесары Қасымұлының басшылығымен көтеріліс ұлт-азаттық сипатта болды. 1837-1847 жылдардағы көтерілістің негізгі мақсаты: Ресей құрамына кірмейтін жерлердің тәуелсіздігін сақтау. Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың мақсаты патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлауын тоқтату ғана емес, оңтүстік облыстардағы қазақтарды қоқандықтардың билігінен азат ету болды.

Кенесары Ресейден Абылай хан тұсында қазақ даласының тәуелсіздігін қалпына келтіруді, салық жинауды тоқтатуды, бекіністерді жоюды талап етті. Батыс Сібір генерал-губернаторы мен Николай I патшаға хат жеткізу үшін жіберілген Кенесарының өкілдері тұтқынға алынып, жазаланды.

1837-1847 жылдардағы көтерілісте Кенесарының басшылығымен үш жүздің қазақтары белсене қатысты. Кенесарының інісі, оның адал серігі батыр Наурызбай көтеріліс кезінде жасақтарды басқарды. 1838 жылы мамырда Кенесары сұлтанның жасақтары Ақмола бекінісін басып алды.

Кенесары сұлтан басқарған қозғалысқа Жоламан Тіленшіұлы бастаған жасақтар қосылды. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліске Новоилецк әскери шебін құру себеп болды.

1841 жылы Кенесары жасақтары Қазақстан жеріндегі бірқатар Қоқан бекіністерін басып алды: Жаңақорған, Созақ, Ақмешіт. Қоқан бекіністерін басып алғаннан кейін үш жүздің көтерілісші қазақтары 1841 жылы Кенесарыны хан етіп сайлады.

1844 жылы шілдеде Кенесары бастаған көтерілісшілер сұлтан Жантөреұлының жазалаушы отрядын талқандады. 1844 жылы Кенесарының сәтті әскери қимылдары Орынбор әкімшілігін онымен келіссөздер жүргізуге мәжбүр етті. Қазақстанды бұрынғы қалпында қалдыру – 1837-1847 жылдардағы көтеріліс кезінде патша елшілерінің Кенесарыға қойған талаптары осы еді.

1837-1847 жылдардағы көтеріліске қатысушыларды кешірудің негізгі шарты: патша үкіметі Орынбор өлкесін Ресейдің бір бөлігі деп тануды жақтады. Кенесарының басшылығымен көтерілісшілермен күресу үшін патша үкіметі Ырғыз және Торғай өзендерінің бойында шұғыл түрде бекіністер тұрғызды.

Кенесары көтерілісі кезінде ұйымдастырылған мемлекет феодалдық болды. Көтерілістің қызып тұрған шағында Кенесары жиналыс өткізіп, онда көтерілістің жоспары мен Қытайдан көмек сұрау мүмкіндігі талқыланады.

1841 жылы хан билігін өз қолына алған Кенесары хан ордасын енгізді. Кенесары басқарған хан кеңесінің құрамына азаттық күрестің мақсаттарына берілген, қаһармандық, дипломатиялық қабілеттер көрсеткен адамдар кірді. Көтеріліс кезінде қаржы мәселелерін және кедендік төлемдер мен салықтарды жинауды бақылау үшін қызметкерлер топтары құрылды. Кенесары Қасымұла жасақтарында сатқындық үшін бір ғана жаза – өлім жазасы болған.

1841 жылы хан билігін өз қолына алған Кенесары қазақ руларының арасына іріткі салатын араздық пен барымтаны (мал ұрлығын) жойып, әскери іске өзгеріс енгізді – ол ерікті жасақтар құру.

Қырғыз манаптары Кенесарының Қоқан хандығына қарсы күш біріктіру туралы ұсынысын жауапсыз қалдырды. 1847 жылы Кенесары, Наурызбай және басқа да көтеріліске қатысушылар Майтөбеде қырғыз манаптары жасақтарымен болған шайқаста қаза тапты [1].

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ең ірі көтеріліс. Ресейдің отаршылдық езгісіне қарсы – Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс жеңілді. Қазақтардың саяси бытыраңқылығы 1837-1847 жылдардағы көтерілістің жеңілуіне басты себеп болды. Кенесары Қасымұлы Бұхара мен Қоқанға қарсы соғысты, бірақ патшалық Ресейге қарсы коалиция құра алмады. 1837 – 1847 жылдардағы көтеріліс кезінде Жетісудың негізгі руларының басшылары Ресейге қарай ығысты.

Ұлт-азаттық қозғалыстың зерттелуі қозғалысқа теріс пікір айтқандар оң пікір айтқандар болып топталып қарастырылды. Мысалы қазақ зерттеушілері қозғалысты ұлттық деп танып жақтап жазса, орыс зерттеушілері қозғалысты теріс бағалап патшалық және кеңестік кезеңде әр түрлі еңбектер жазды.

Кенесары Қасымұлы жетекшілік еткен 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің қазақ халқы тарихындағы орны мен маңызын ашық талқылауға жазушы Мұхтар Мағауиннің тікелей басшылығымен 1990 жылдың көктемінде ұйымдастырылған «Жұлдыз» журналы редакциясының кеңейтілген «дөңгелек үстел» мәжілісінен кейін ғана мүмкіндік туды. Кенесары басқарған ұлт-азаттық қозғалыстың себептері мен салдарын, мәні мен маңызын айқындап, оны көпшілікке ұсыну, ғылыми және теориялық тұрғыдан бағалау, сондай-ақ, бұл көтерілістің бүкіл қазақ халқының қозғалысы ретіндегі тарихи орнын анықтау мақсатында «дөңгелек үстел» мәслихаты өткізілді. Мәжіліске академиктер М. Қозыбаев, Р. Бердібаев, тарихшы-ғалым Жанұзақ Қасымбаев, зерттеушілер М. Абсеметов, Ғ. Ахмедов, жазушы Т. Жұртбаев қатысып, өз пікірлерін ортаға салды [2].

Қазақ тарихындағы «ақтаңдақтардың» ашылуы барысында қоғамдық ортада үлкен пікірталас туғызып, халықтың ықыласына ие болған жазушы Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы тек қана қалың оқырманның емес, арнайы зерттеуші мамандардың да тарихи санасының оянуына ерекше серпін берген шығарма болды. Есенберлиннің «Хан Кене» және өзге де романдарының айналасында өрбіген қарама-қайшы пікірлер сол кезеңдегі көшпелі халықтың тарихындағы маңызды мәселелерді дұрыс түсініп-талдауға бағытталған алғашқы қадамдардың бірі болды.

Қазақстан тәуелсіздік алмас бұрын, патшалық Ресейдің әскери-отаршылдық саясатына қарсы қазақтардың 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық күресін ұйымдастырушы, танымал қолбасшы Кенесары Қасымұлының қызметі біржақты сипатталып, тарихқа әділетсіздік жасалды. Бұл тақырыпта еңбек жазған авторлар көбіне қазақ халқының осы ұлт-азаттық қозғалысын патшалық Ресей билігінің жалпы саяси ұстанымы тұрғысынан қарастырып, дворяндық-буржуазиялық тарихнамаға сүйене отырып бейнелеп келді.

Қазақ тарихында Кенесары көтерілісі жөнінде алғаш рет өз көзқарасын баспасөз бетінде ашық түрде білдірген ғалым – Шоқан Уәлиханов еді. Орыс армиясының офицері болғандықтан,

ол бастапқыда бұл ұлт-азаттық қозғалысқа империяның ықпалынан шыққан көзқараспен баға берді: «Көтерілісші сұлтан Кенесары – феодалдық-монархиялық қозғалысты басқарып, хандық билікті қалпына келтіруге ұмтылды, Орта Азияның феодалдық мемлекеттеріне ұқсас қазақ хандығын құрғысы келді», – деп жазған болатын. Империялық көзқарас тұрғысынан ой білдірген Шоқан кейінгі еңбектерінің бірінде «осы кезеңде ескі дәстүр мен жаңашылдық», яғни «мұсылмандық шығыс пен орыс мәдениеті» арасында күрес болғанын атап өтіп, Кенесарыға оң баға береді [3].

Шоқан Уәлихановтың Кенесарыға берген алғашқы біржақты пікірі кейінгі орыс зерттеушілері үшін маңызды дереккөзге айналды. XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген еңбектердің ішінде Кенесары көтерілісін арнайы қарастырған М. Красовский мен И. Завалишиннің зерттеулерін ерекше атап өтуге болады. Әсіресе, М. Красовский көтерілісті патша үкіметінің сыртқы саясатымен байланыстырып талдаған. Бұл еңбекте жалпы «Сібір қырғыздарының облысы» тарихы баяндалғанымен, 1822 жылғы Ресей империясының жаулап алу саясатын ақтап көрсетуге тырысқан түсіндірмелер берілген. Ал И. Завалишиннің жұмысы империяның шеткері аймақтарды бағындыру мен аумағын кеңейту саясатын дәріптеуге арналған. Бұл екі зерттеудің отаршылдық көзқарасты насихаттаудағы бағыты мен идеялары бір-біріне ұқсас.

XIX ғасырдың екінші жартысында жазылған еңбектер арасында 1870 жылы «Вестник Европы» журналының екі нөмірінде жарияланған Середаның зерттеуі айтарлықтай құнды. Шын мәнінде, Кенесарыға берген бағасы мен көтерілістің мәнін анықтаудағы көзқарасында қайшылықтар көп болғанымен, автордың әртүрлі деректерді кеңінен қолдануы мен мәселелерді жан-жақты қамтуы бұл еңбектің ғылыми маңызын арттырады. Середа бір жағынан халықтық көтерілісті «бүлік» немесе «қарақшылық әрекет» деп сипаттаса, екінші жағынан Кенесарыны бірде «құйын мен дауылға» теңесе, енді бірде «Европа әскерлерінің ең үздік қолбасшыларымен» салыстырған [4].

Кенесары басқарған ұлт-азаттық қозғалыс жайында тарихи деректер қалдырған зерттеушілердің бірі – А.А. Янушкевич. Ол 1846 жылы генерал Вишневский жетекшілік еткен экспедиция құрамында Ұлы жүз бен Орта жүздің шекаралық аумағында мал мен халық санын есепке алу жұмыстарына қатысқан. А.А. Янушкевичтің Кенесары бастаған қазақ халқының қозғалысына іштей қолдау білдіріп, оң бағалағаны байқалады. Себебі ол өзі де 1831–1833 жылдары Польшадағы ұлт-азаттық күресіне белсенді араласқан болатын. Поляктың осы революционер-зерттеушісі Кенесары ханды кейде Рим империясына қарсы күрес жүргізген Нумидия патшасы Югуртамен, ал кейде XIX ғасырдың 80-жылдарындағы Алжир халқының азаттық жолындағы жетекшісі әбд-әл-Қадермен салыстырады. Алайда, бұл еңбекті француз тілінен орысшаға аударған Ф. Стеклова сол кезеңдегі коммунистік партияның үстем идеологиясына сәйкес Кенесары мен оның қозғалысына қатысты біржақты тұжырым жасап, поляк зерттеушісінің пікіріне қарама-қайшы көзқарас білдіреді [5].

Кенесары мен оның басшылығындағы ұлт-азаттық қозғалысқа ерекше қызығушылық танытқан авторлардың бірі – белгілі саяхатшы А.П. Семенов-Тянь-Шанский. XIX ғасырдың 50-жылдарында Верный қаласында болған кезінде ол осы көтеріліс туралы көп мәлімет жинақтайды. Осы мәліметтер негізінде жазған еңбегінде А.П. Семенов-Тянь-Шанский қазақ хандығын уақытша болса да қайта құрған Кенесарының қызметін жоғары бағалап, оны б.з.д. II ғасырда Кіші Азияда орналасқан шағын Понт патшалығының билеушісі, Рим империясының жаулап алу саясатына қарсы тұрған Митридат VI Евпаторға теңеген [6].

Кеңес билігі тұсында Кенесары Қасымұлы басқарған көтеріліс көбіне большевиктік идеология және таптық күрес тұрғысынан қарастырылды. Бұл ұлт-азаттық қозғалысты терең зерттеуде идеологиялық шектеулер болғанына қарамастан, Кенесары көтерілісіне әділ баға берген ғалымдардың ішінде Е. Б. Бекмахановтың еңбектері айрықша орын алады [7].

Белгілі тарихшы Е.Б. Бекмахановтың 1947 жылы жарық көрген еңбегі Кенесарының 1837–1847 жылдардағы қозғалысын зерттеудегі маңызды жетістік ретінде бағаланады. Орта Азия мен Қазақстан мұрағаттарындағы құжаттар мен әртүрлі дереккөздер негізінде жазылған бұл еңбек өз уақыты үшін ерекше құнды болғанымен, Кенесары көтерілісінің барлық қырларын

толық аша алмағанын автордың өзі де мойындаған. Сол кезеңде монографиялар мен кешенді еңбектердің болмауы зерттеушілер үшін елеулі қиындықтар туғызды. Автордың зерттеген кейбір мәселелерінің әлі де түпкілікті шешілмегенін жоққа шығару күрделі болып тұр.

Кейбір зерттеушілер сол кезеңдегі күрделі саяси ахуалдың ықпалына түспеу үшін өздерінің бұрынғы пікірлерін өзгертуге мәжбүр болды. Мысалы, «Сырым Датов» атты монографиясы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын иеленген В.П. Вяткин «Вопросы истории» журналында жарияланған хатында өзінің ғылыми тұжырымдары мен саяси ұстанымында қателіктер жіберілгенін мойындап, оның басты себептерін әріптесі А.Ф. Рязановтың көзқарастарымен байланыстырды. Ол хатында: «Буржуазиялық-ұлтшыл А.Ф. Рязанов өз еңбектерінде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын негізге алды, оның идеялары кең тарады, мен де өз жұмыстарымда буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктерден арыла алмадым. Соның ішінде ең өрескелі – Кенесары Қасымов қозғалысын сипаттаудағы қателігім…», – деп жазған [8].

Е.Б. Бекмахановтың қазақ халқының 1837–1847 жылдардағы Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысты еңбектерін ғалымдардың барлығы біржақты сынға алды деген пікір шындыққа жанаспайды. Тарихшылар Н. Тимофеев пен Е. Феодоров «Большевик Казахстана» журналында жарық көрген қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресіне арналған мақалаларында: «А. Якунин кейбір жағдайларда маркстік әдіснамадан ауытқып, қозғалыстың мақсаттарын талдауда жасанды көзқарастарын енгізуге тырысады. Ол 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық күресті тек Кенесары мен оның серіктерінің тар ауқымды қозғалысы ретінде көрсетуге ұмтылды», – деп сын айтты [9].

Кеңестік идеологиялық қысым мен саяси біржақтылыққа қарамастан, КСРО Ғылым академиясының белгілі ғалымдары, соның ішінде С.В. Бахрушин, Б.Д. Греков, Н.М. Дружинин, А.П. Кучкин, М.К. Рожкова және басқалар Е.Б. Бекмахановтың зерттеу жұмысына белсенді қолдау көрсетті. Мысалы, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі С.В. Бахрушин Кенесарыны Ресейдің мемлекеттік негізін қалаған Иван III, Иван IV және Петр I патшалардың саяси әрекеттерімен салыстыра отырып, олардың да мемлекетті нығайту жолында күш қолданудан, қантөгістен және басқа да «жабайы» тәсілдерден тартынбағанын атап өтті [10].

Академик Н.М. Дружинин өз пікірінде: «Е. Бекмахановқа қарсы әрекеттер шектен шықты. Оның қарсыластары ғалымға буржуазиялық ұлтшыл деген айып тағып, оның еңбегі ғылыми қауымға теріс ықпал етеді деп даурықты», – деп жазады [11].

Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысты осындай пікірталастар өрбіген кезеңде қырғыз зерттеушілері де бұл тақырып бойынша шынайы еңбектер жазып, көтерілістің негізгі мақсаты патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы тұру екенін жасырмай көрсетті. Мысалы, зерттеуші Б. Жамгерчиновтың 1945 және 1963 жылдардағы еңбектері мен 1984 жылы шыққан «Қырғыз КСР тарихының» бірінші томында Кенесарының жетекшілігімен бүкіл қазақ даласын қамтыған ұлт-азаттық қозғалысқа әділ әрі салмақты баға берілген [12, 13].

XIX ғасырдың танымал ойшылдарының бірі Л. Мейер Кенесары ханның кең аумақтың оңтүстік аймағына қарай көшуін «дала баскесерінің өз жеке басының мүддесін ойлаған әрекеті» деп түсіндірді [14]. Ең маңыздысы, Л. Мейер өз еңбегінде Кіші жүздің көшпенді қазақтарының хан басшылық еткен кең ауқымды қозғалысқа қатысуының тек кейбір жақтарын ғана атап өткен. Бұл автордың зерттеуінде келтірілген мәліметтер мен деректер сол замандағы басқа да зерттеушілердің еңбектерінде қайталанып отырды.

Кейіннен Батыс Сібірдің губернаторы болған И.Ф. Бобков осы көтеріліске қатысты жинақталған деректерді жазу барысында Кенесары ауылдарының Жетісу аймағына қарай қоныс аудару себептерін империялық отарлау саясатының мүддесіне сай бұрмалап көрсетті. Ол қазақ даласының оңтүстігі мен Жетісу қазақтарын «Ресейдің бодандығын мойындағандар» деп сипаттап, жағдайды талдауда жаңсақ пікірлерге жол берді. Сонымен бірге, ол Кенесары сарбаздарының қырғыздармен болған қақтығысын «басты себеп» ретінде ханның «тас дәуіріндегідей жабайы қырғыздарды бағындыруға ұмтылысымен» байланыстырған [15].

Марта Брилл Олкотт – Орталық Азия мен Қазақстан тарихын, саясатын, және мәдениетін зерттеуге маманданған американдық ғалым. Оның «Қазақтар» (1987) атты еңбегі

қазақ халқының тарихы, мәдениеті, және отаршылдық кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайын терең талдайды. Бұл зерттеу Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске де айтарлықтай көңіл бөлген [16]. «Қазақтар» еңбегіндегі негізгі идеяларға тоқталсақ:

Кенесары көтерілісі – қазақтардың отаршылдыққа қарсы күресі: Олкотт Кенесары Қасымұлы көтерілісін Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы реакция деп түсіндіреді. Көтерілісті қазақ халқының өз мемлекеттілігі мен дәстүрлі өмір салтын сақтап қалуға деген ұмтылысы ретінде сипаттайды.

Көшпелі қоғам мен отаршылдық саясаты арасындағы қайшылықтар: Олкотт Ресейдің әкімшілік реформалары мен жер саясаты қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымдарын бұзғанын көрсетеді. Көшпелі халықтың мал шаруашылығына негізделген экономикасына қысым жасалғандықтан, Кенесарының күресі осы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктерге жауап болды деп санайды.

Кенесарының көшбасшылық қасиеттері: Олкотт Кенесарыны көреген көшбасшы әрі шебер әскери стратег ретінде сипаттайды. Оның біртұтас қазақ хандығын қайта жаңғыртуға ұмтылысын жоғары бағалайды.

Көтерілістің сәтсіздік себептері: Қазақ қоғамындағы ішкі алауыздықтар мен рулық бөлініс. Ресей империясының әскери және саяси басымдығы. Көрші аймақтардағы Орта Азиялық мемлекеттерден (Қоқан, Бұхара) жеткілікті қолдау болмауы.

Марта Брилл Олкоттың «Қазақтар» еңбегінің ерекшеліктері мен маңызы:

Қазақ көтерілістеріне бейтарап көзқарас: Марта Олкотт еңбегі Кеңес тарихнамасынан ерекшеленіп, Кенесары көтерілісін объективті тұрғыдан қарастырады. Ол көтерілісті тек отаршылдыққа қарсы күрес емес, қазақ халқының мемлекеттілікті сақтап қалу әрекеті деп бағалайды.

Орталық Азия контексіндегі талдау: Ол Кенесары қозғалысын тек қазақ тарихы шеңберінде ғана емес, Орталық Азиядағы жалпы отаршылдыққа қарсы қозғалыстардың құрамдас бөлігі ретінде талдайды.

Әлеуметтік және саяси аспектілер: Кенесарының күресін экономикалық және әлеуметтік проблемаларға жауап ретінде қарастыруы – еңбектің басты ерекшелігі. Ол көтерілістің халық арасындағы әлеуметтік-саяси қолдауының негізін түсіндіреді.

Ағылшын тілді аудиторияға қазақ тарихын таныстыру: Олкотттың зерттеуі Кенесары көтерілісін және жалпы қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресін халықаралық деңгейде танымал етті.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа жаңаша көзқарастар ұсынған қазіргі зерттеушілерге Сәбит Дәуітовтың «Кенесары қозғалысы» және Қайдар Алдажұмановтың «Кенесары қозғалысы және қазақ мемлекеттілігі» еңбектерін жатқызуға болады. Еңбектердегі негізгі жаңаша көзқарас мыналар:

Кеңестік тарихнаманың Кенесары көтерілісіне берген біржақты, көбінесе теріс бағасын жоққа шығарып, оның ұлт-азаттық күрес екенін дәлелдеген. Көтерілістің халықтық сипатын баса айтып, оның қазақ қоғамы үшін әлеуметтік және саяси маңызын ашып көрсеткен.

Ұлт-азаттық қозғалыстың маңызы:

1. Үш жүзді түгел қамтыған 1837–1847 жылдардағы азаттық үшін күрес отаршылдық езгіге қарсы ең ауқымды ұлт-азаттық қозғалыстардың бірі болды.
2. Бұл ұлт-азаттық қозғалыс қазақ қоғамындағы ішкі қайшылықтардың Ресей империясының саясатымен және қазақ қоғамының бірігу деңгейімен тығыз байланысты екенін көрсетті.
3. Кенесары Қасымұлы басшылық еткен бұл азаттық үшін күрес қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуында және оның тарихи танымының дамуында маңызды рөл атқарды.

Қорытындылай келе, Кенесары Қасымұлы бастаған бұл көтеріліс қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысын айқын білдіріп, отаршылдық саясатқа қарсы жасалған ең елеулі тарихи қадамдардың бірі болды. Бұл қозғалыс Ресей империясының Қазақстан жерінде жүргізген отарлау саясатына қарсы жауап ретінде туындап, қазақ халқының мемлекеттілігін қорғауға деген талпынысын көрсеткені анық. Кенесарының күресі мен ерлігі оның есімін халық жадында сақтап, оны ұлттық қаһарман ретінде тануға негіз болды.

Кенесарының азаттық үшін күресі ұлттың тәуелсіздікке, еркіндікке деген ұмтылысына үлгі болып отыр. Алайда, Кенесары ханның қайшылыққа толы күрделі тарихи тұлғасы толық зерттеліп болды деуге әлі ерте. Көтерілістің әскери ұйымдастырылу мәселелері, Орта Азиядағы хандық билік иелерімен қарым-қатынастарындағы өзгерістер, көтеріліске билер мен сұлтандардың қатысуы, сарбаздарды қару-жарақпен қамту және басқа да маңызды жайттар әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Қазақ халқының XIX ғасырдағы ұлт-азаттық күресі және оның ұйымдастырушысы Кенесары хан туралы мәселені толық зерттелді деп айтуға ерте екенін ескерген жөн. Кенесары басқарған қозғалыс қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресінің рухани мұрасы болып, ұлттық тарихтың маңызды бөлігі ретінде бағаланады. Қазіргі таңда Кенесарының ерліктері мен тарихи қызметі тәуелсіз Қазақстанның ұлттық тұтастығы мен егемендігі жолында маңызды сабақ болып отыр.

Әдебиеттер

1. Қасымбаева Ж.Б. Хан Кенесарының соңғы жорығы және оның өлімі. – Алматы, 2002. – 142 б.
2. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. // Жұлдыз. 1990. – №7. – Б. 153-177.
3. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч., в пяти томах. – Т. 2. – Алматы, 1985. – 379 с.
4. Середа Н.А. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838-1847). – Атырау: Отд-ние Каз. фонда культуры; Фирма “Диалог”, 1992. – 214 б.
5. Стеклова Ф.А. Адольф Янушкевич и его книга // Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Алматы, – 1966. – С. 65.
6. Семенов-Тянь-Шанский А.П. Путешествия (Мемуары). – Т. 2. – М., 1949. – 148 с.
7. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, 1947. – 414 б.
8. Вяткин М.П. Письмо в редакцию // Вопросы истории, 1952. – №2. – С. 158.
9. Тимофеев Н.Д., Федоров Е.К. Борьба казахов в 1837-1847 годах за независимость // Большевик Казахстана, 1940. – №4. – С. 67-80.
10. Вестник АН КазССР, 1948. – №3. – С. 47.
11. Дружинин Н.М. Во имя научной истины // История Казахстана: Белые пятна, 1991. – С. 33.
12. Дамгерчинов Б.Д. Добровольное вхождение Киргизий в состав России. – Фрунзе, 1963. – 103 с.
13. Джамгерчинов Б.Д. Киргизы в эпоху Орман хана // Труды института истории, языка, литературы Киргизского филиала АН СССР. – Вып. 1. – Фрунзе, 1945. – 120 с.
14. Мейер Л.Л. Киргизы Оренбургского ведомоства. – СПб., 1865. – 382 с. // URL: https://www.prlib.ru/item/426786 (қаралған күні: 14.11.2024).
15. Бабков И.Ф. Воспоминания о моей службе в Западной Сибири. Кн.1. – СПб., 1912. - 575 с. // URL: https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003788015?page=1&rotate=0&theme=white (қаралған күні: 15.11.2024).
16. Олкотт М.Б. Қазақтар. – Астана: Шаңырақ Медиа, 2011. - 155 б.

ӘОЖ 94 (574)

1941-1945 ЖЫЛДАРЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА МАЙДАННАН КӨШІРІЛГЕН КӘСІПОРЫНДАРДЫ ЖҰМЫЛДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Мейірбек С.Ж. - М1601-13 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Есимова А.Б. – т.ғ.к.,доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье показана деятельность комиссии по эвакуации населения и предприятий различных отраслей в годы Великой Отечественной войны. В статье рассмотрена эвакуация предприятий из европейской части СССР в Южно-Казахстанскую область..

Summary

The article shows the activities of the commission for the evacuation of the population and enterprises of various industries during the Great Patriotic War. The article examines the evacuation of enterprises from the European part of the USSR to the South Kazakhstan region.

Ұлы Отан соғысы Кеңес елінің әдеттегі даму барысын бұзды. Бұл барлық кеңестік адамдардың өмірін түбегейлі өзгертті. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданнан КСРО-ның тыл аудандарына бұрын-соңды болмаған ауқымы мен күрделілігі бойынша көшіру жүзеге асырылды. Соңғы онжылдықтарда ғылыми айналымға бұрын жіктелген көптеген мұрағаттық құжаттар енгізілді, бұл адамдардың өмір сүру жағдайындағы айырмашылықтарға және олар кездескен нақты қиындықтар мен проблемаларға жаңа көзқараспен қарауға ғана емес, сонымен қатар көшіру процесінде туындайтын осы жағдайлардың себептерін көруге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Кеңес мемлекетінің көшіру саясатын іске асырудың ерекшеліктерін, оны ұйымдастыруды және Ұлы Отан соғысының ресми тарихынан бұрын шығарылған көшіруге ұшыраған қарапайым кеңес азаматтарының тағдырына әсер ететін шешімдерді зерттеу маңызды болып көрінеді.

1941-1945 жылдар аралығында майдан шебінен жүздеген өндіріс орындары, машина жасау және әскери зауыттар Сібір, Орта Азия және Қазақстан аймақтарына көшірілді. Алдыңғы және орталық аудандардан шығысқа қарай адам ресурстарын шығарып қана қоймай, көптеген мыңдаған кәсіпорындар мен мекемелердің өндірістік жабдықтарын қайта құру, сондай-ақ оны орнату, іске қосу, шикізат пен энергиямен қамтамасыз ету қажет болды. Мұның бәрін соғыстың ең қиын жағдайларында және ең қысқа мерзімде жасау қажет болды.

- Жұмылдыру жұмысы Үкімет жанындағы арнайы органға – КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(Б) ОК қаулысына сәйкес 1941 жылы 24 маусымда көшіру жөніндегі комиссияға жүктелді. **Көшіру жөніндегі комиссия** адамдарды, кәсіпорындарды және мүліктерді жау басып алу қаупі төнген аймақтардан қауіпсіз жерлерге көшіруді ұйымдастырумен айналысқан. Комиссия құрамына әртүрлі министрліктердің, ведомстволардың, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Комиссия келесі функциялармен айналысты:
- Басымдықтарды анықтау: Қандай нысандар мен адамдарды бірінші кезекте эвакуациялау керектігін анықтады;
- Көлікті ұйымдастыру: Адамдарды және жүктерді эвакуациялауға арналған көліктерді қамтамасыз етті;
- Эвакуацияланғандарды орналастыру: Эвакуацияланғандарды жаңа орындарға (уақытша тұрғын үй, жұмыс орындары) орналастыруды ұйымдастырды;
- Мүлікті жинау және жөнелту: Эвакуацияланған кәсіпорындардан құрал-жабдықтарды, шикізаттарды, өнімдерді жинап, жөнелтті;

➢ Қызметті үйлестіру: Эвакуацияға қатысқан әртүрлі органдар мен ұйымдардың әрекеттерін үйлестірді.

Эвакуациялау комиссиясы жұмысының маңыздылығы:

➢ Өндірістік қуаттарды сақтау: Кәсіпорындарды эвакуациялау арқылы ең маңызды өндірістік қуаттарды сақтауға және әскери өнімдердің үздіксіз өндірісін қамтамасыз етуге қол жеткізілді;

➢ Шығындарды азайту: Эвакуация көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға көмектесті, әсіресе басып алу қаупі төнген аймақтардан;

➢ Ресурстарды жұмылдыру: Адамдар мен өндірісті қауіпсіз жерлерге көшіру елдің қорғанысын күшейту үшін ресурстарды жұмылдыруға мүмкіндік берді.

Эвакуациялық комиссияның жұмысы соғыс уақытындағы ең күрделі және маңызды міндеттердің бірі болды. Оны табысты жүзеге асыру фашистік Германияны жеңуде шешуші рөл атқарды.

Кеңес кең өкілеттіктерге ие болды, өз әрекеттерін арнайы Комиссиялар арқылы жүзеге асырды, орналастыру пункттерін, мерзімдерін, тәртібі мен кезектілігін көрсете отырып, адамдар мен өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта орналастыру жоспарларын әзірледі, жолда көшірілгендерге қызмет көрсетуді ұйымдастырды.

Комиссияның бағалауы бойынша: «Қазақстан өзінің табиғи байлығы бойынша КСРО-ның қазынасы болып табылады. Мұнда көмір, мыс, қорғасын, мырыш, темір кендері мен хромиттердің, полиметалл кендерінің, вольфрамның, молибденнің, марганецтің үлкен қоры бар. Қазақстан отқа төзімді өнеркәсіпке және басқа да бірқатар кенді емес қазбаларға арналған шикізат қорларына бай. Республикада химиялық шикізаттың – фосфориттердің, бориттердің, глаубер тұзының, соданың және т.б. зор кен орындары бар. Бұл қазақ Республикасының табиғи байлығының толық тізбесі емес» [1].

1943 жылы сәуірде Қазақ КСР үкіметі В.Л.Комаровқа комиссия бригадасын Шымкент қорғасын зауытына жіберу туралы өтініш жасады. 1943 жылы шілдеде КСРО Ғылым Академиясының бригадасы құрамында геология-минералогия ғылымдарының докторлары К.Л. Пожарицкий, М. П. Русаков, техника ғылымдарының кандидаты М. И.Агашкова қорғасын бойынша шикізат базасының жай-күйін зерттеу үшін Шымкентке келді. Бұл топқа кейінірек академик А.А.Скочинский – КСРО Ғылым академиясы комиссиясы төрағасының орынбасары қосылды. Бригада 8 қыркүйек 1943 жылы Шымкент қорғасын зауытының кен базасы бойынша өз қорытындылары мен ұсыныстарын Қазақ республикасының үкіметіне ұсынды [2].

Комиссияның химиялық тобы қорғаныс қажеттіліктеріне ресурстарды жұмылдыру бойынша айтарлықтай жұмыс жасады. Республиканың бірқатар аудандарында күкірт және күкірт қышқылын өндіру бойынша іс-шаралар әзірледі, фосфат зауытының құрылысын негіздеді, табиғи сульфат пен сода көлдері негізінде кальциленген және каустикалық сода өндіру мәселесі бойынша техникалық көмек көрсетті. 1943 жылдың тамыз-қыркүйек айларында мамандар бригадасы Жамбылдағы химия кәсіпорындары мен шикізат кен орындарын зерттеп, Республикада химия өнеркәсібінің одан әрі дамуына ықпал еткен өз қорытындылары мен ұсыныстарын ұсынды.

Қазақстан майданның оңтүстік-шығыстағы маңызды бөлігі болды және соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өз экономикасын майданның мұқтаждықтарын қамтамасыз етуге қайта бағыттауға тиіс болды. Атап айтқанда: қорғаныс өнімін өндіруді және стратегиялық шикізатты өндіруді игеру және кеңейту, өнеркәсіптік құрылысты кеңінен өрістету, еңбек және материалдық ресурстарды қайта бөлуді жүзеге асыру, майдан алдындағы жолақтан ауыстырылатын кәсіпорындардың көп бөлігін қабылдау және оларды жаңа кәсіпорындарға қолданысқа енгізуді жеделдету.

Кәсіпорындар мен мекемелерді орналастырудың негізгі аудандары Алматы, Орал, Петропавл, Шымкент, Семей, Қарағанды, Ақтөбе, Қызылорда болды. Соның ішінде Оңтүстік Қазақстанға көшіру де көптеп орын алды. Оның себептері: 1) Оңтүстік аймақтағы қолайлы климат: Оңтүстік Қазақстанның жылы климаты кәсіпорындардың жұмысын қамтамасыз етуге қолайлы жағдай туғызды; 2)Жұмыс күшінің жеткіліктілігі:Соғыс басталар алдында Оңтүстік

Қазақстанда халық тығыз орналасқан еді және көшірілген кәсіпорындарға жұмыс күшін табу қиын болмады; 3) Жеткілікті инфрақұрылым: Оңтүстік Қазақстанда жол желісі мен басқа да инфрақұрылым болғандықтан, көшірілген кәсіпорындардың жұмысын қамтамасыз ету қиын болмады.

Осы себептермен Оңтүстік Қазақстан облысы соғыс жылдары майданнан көшірілген кәсіпорындардың маңызды орталығына айналды. Бұл облыстың экономикалық дамуына үлкен ықпал етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға көшірілген кәсіпорындардан ең алдымен майданға әскери өнімді мерзімінен тыс беру талап етілді.

Айта кету керек, Қазақстан соғыс уақытында терең тыл болып саналғанымен, оның батыс бөлігі майдан алдындағы жол болып табылды. Майдандағы шабуылдың сәттілігі көбінесе тылдағы нақты жұмысқа байланысты екені белгілі. Осылайша, Оңтүстік Қазақстан облысына 500 моторды 300-ден астам жауынгерлік машиналар мен «екінші өмірді» қамтамасыз ететін автобронетанктық, авиациялық, автокөлік және темір жол жөндеу базалары көшірілген.

Қызылорда облысына 1941 жылы қарашада Ф. Дзержинский атындағы зауыт көшірілді. Лосиноостровскіден Сексеуіл станциясына пойызбен 130-дан астам станок пен Ф. Дзержинский атындағы зауыт жұмысшыларының тобы тасымалданды. Кәсіпорынды тез пайдалануға беру үшін жергілікті паровоз депосының ғимараты босатылды.

1941 жылдың желтоқсанында Қызылорда қалалық өнеркәсіптік комбинатының базасында Мәскеу түсті металдар фабрикасы орналастырылды. 1942 жылы 18 наурызда КСРО Осоавиахим (жаппай ерікті қоғамдық ұйым) Орталық Кеңесінің №7 зауыты Жосалы станциясының механикалық зауытының базасына ауыстырылды. Барлық кәсіпорындар қысқа мерзімде тәулік бойы жұмыс істеуге енгізілді.

Қазақстанның шикізат базасы қорғаныс өнеркәсібінде барынша пайдаланылды. Мысалы, Шымкент қорғасын зауыты және басқа да өнеркәсіптік кәсіпорындар қоғаншы тақтайша мен болат жасау үшін түсті металдар өндіру қарқынын барынша арттыра бастады. Осыған байланысты молибден, вольфрам, ванадий, никель және т.б. сияқты пайдалы қазбаларды өндіру ұлғайды, мұнай және көмір кен орындарын игеру қарқындатылды [4].

Донбасс басып алынған кезде (1941-1942 жж.), одақтық маңызы бар негізгі көмір бассейні, халық шаруашылығын қамтамасыз ету бұрыш толығымен Шығыс аудандарға жүктелді. Оңтүстік Қазақстан қорғаныс зауыттарына көмірді негізгі жеткізушілердің қатарында болды.

«Социалистік Қазақстан» республикалық газетінің көшпелі редакциясы Оңтүстік Қазақстанға көшірілген өнеркәсіпшіліктерінде және басқа да өнеркәсіптік нысандарда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Осы баспа органының беттерінде көрнекті ғалымдардың мақалалары жарияланды, мысалы, ҚазКСР ҒА-ның болашақ тұңғыш президенті Қ.И.Сәтбаев өз мақалаларында түсті металдарының жаңа кен орындарын пайдалану, оларды өндірудің жаңа технологиясын игеру проблемаларын қойды, сондай-ақ Ленгер, Келтемашат және басқа да қоңыр көмір кен орындарында шахталар салу қажеттігі туралы айтты [5].

Оңтүстік Қазақстан облыстың ең көне кәсіпорны – морфин, кодеин, анабазин, сапонин препараттарын майданға үздіксіз жеткізетін Шымкент химфармзаводының қосқан үлесі ерекше. Химфармадағы Мәскеуден көшірілген алкалоид зауытының негізінде қысқа мерзімде анальгетиктер өндірісі игерілді: новокаин, омнопон, морфин, кодеин, ал Киев бинт материалдары зауытының жабдықтарында 1942 жылы 25 миллион бинт босатылып, ауруханаларға және майданға жіберілді. Соғыс жылдарында зауыт жұмысшылары барлығы 24 өнім шығарды [6].

1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысы болған уақытта марганец өнімдерін өндіретін кен орындарының саны көптеп ашылды. Соның ішінде Оңтүстік Қазақстанның құрғақ жазықтарының арасында ванадийге өте бай қара көмірдің ұшқындары; өте сирек кездесетін темірлердің көздері ашылды: литийдің, молибденнің, ванадийдің; оңтүстік таулары мен көлдердің жағасында кобальт және ниобийдің өнімдері, алюмений өнімдерінің мол кендерінің көптеген ошақтары табылды. Оңтүстік Қазақстан даласында түсті металлургия мен қара темір үшін отқа қажетті өте төзімді, кварцты құмдар, сазды балшықтар, каолин өнімдері, графитті кеннің негізгі ошақтарының көздері ашылды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күннен бастап-ақ Қазақстанның Оңтүстігі майданның негізгі арсеналдарының біріне айналып үлгерген болатын. Оңтүстік өңір ертеден ақ өнеркәсіптің барлық салаларында тіпті Кеңес одағының экономикасы мен әлеуметтік саласына көп үлес қосуды өз талабы ретінде ұстанды. Ұлы Отан соғысы кезінде Ленгер және Келтемашат көмір кен орындары бүкіл одақтың энергетикалық қажеттілігін қанағаттандыруда өте маңызды рөлге ие болды. Ленгер кен орны өзінің көмір өндірісін күрт арттырды, жаңа шахталар ашылды және жұмысшылар саны көбейді. Ленгер қаласының тұрғындары да соғыс кезінде кен орнында жұмыс істеді. Келтемашат кен орны да өндірісін арттырды, бірақ Ленгерге қарағанда кішірек болды. Екеуі бірге елдің оңтүстік аймағындағы энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыруға өз үлесін қосты. 1941-1945 жылдар ішінде өнеркәсіпте 34 миллион тоннаға жуық қара көмірді берсе, яғни көмір бассейнінің алдағы кезеңдерімен салыстырғанда 3 миллион тоннаға артық орындаса, жарық электр эенргия өнімін өндіру 2 есеге артты. Жалпы Республика бойынша 35 % мыс өнімі, 85% қорғасын өнімін өндіру өндірісіндегі алдыңғы қатарлы шепті сол бойы тұрақты ұстап тұрды. Мұның барлығы бір уақытта кен орындарының кез келген металды өндіруде оны балқыту мен одан әрі байыту бойынша кәсіпорындар қатарын көбейтті. Олар: Шымкент химия зауыты, Шымкент метал зауыты және тағы басқа. Соғыс басталғаннан кейін бұл зауыттар әскери өнімдерді өндіруге көшті. Олардың ішінде жарылғыш заттар, химиялық қорғаныс құралдары және басқа да әскери материалдар болды. Зауыт жұмысшыларының жанқиярлық еңбегінің арқасында Қазақстан молибден бойынша одақтас өндірісінің – 60 %, висмут металының – 65 %, полиметалдық кендерінің - 79% дейін бере бастады. Мұндай жоғары нәтижелерге қол жеткізуде сол кәсіпорындардың жұмысшылары мен техниктері, инженерлері атап айтар болсақ: А. Сафин, Д.А. Қосых, Б. Аймуханов, А.М.Сиразутдинова, Б. Исмагулов, В.Дементюк, А.Казакова, М.А.Лукьяновалардың және олардың ізбасарлары мен шәкірттері үлкен үлес қосты [7].

Сталинград шайқасының қатал күндерінде жалпы Қазақстанда одақтық маңызы бар 40 шектен тыс құрылыстар мен 100-ден астам ірі кәсіпорындар салынды. 1942 жылы 7 көмір шахтасы мен байыту фабрикасы, 12 көмір шахтасы мен екі көмір резерві, 2 мұнай өнеркәсібі өз жұмысын іске қосты. 1942 жылы Қазақстан жалпы одақтық қорғасын балқытудың 85%, жалпы одақтық көмір өндірудің 12,5%, елде өндірілетін молибденнің 60%, шамамен 1 млн тонна мұнай берді [8].

Одақ бойынша жалпы Ұлы Отан соғысының 4 жылында зауыт, тігін фабрикасы, көмір шахтасы мен жеке өндіріс саны 460 болды. Бұлардың ішінде майдан шебінен көшірілген түрлі кәсіпорындар қатарында жарылғыш снарядтар мен миналар, бомбалық қарулар мен торпедалар, жау шебіне қарсы отшашқыштар және басқа да әскери қару жарақтар мен техникалық құрал жабдықтарды шығаратын, өндіретін металдық және машина жасау заводтары, хабарларды таратушы станциялар болды. Кәсіпорын салалрын игеру, оларды одан әрі әскери қару – жарақ түрлерін жетілдіруде Н. Шмарин, П.Х. Резчик, А. Аристов, Н.К. Пышкин, Г.А. Бариков, Л.Я. Селеменева, Я.И. Фофер т.б. алдыңғы қатарда тұрды. Жауынгерлерге осы өндірістің жан-жақты сапасы жағынан да сандық жағынан да жоғары деңгейде болуына тікелей ықпалын тигізді.

Оңтүстік Қазақстанның соғыс кезіндегі индустриялық қырының соның ішінде метал өңдеу мен машина жасау саласындағы сандық көрсеткіші соғыс басталғанға дейін 16 %-ы құраса, соғыс аяқталған жылы ол 35 %-ға өсті. Жалпылама алғанда оңтүстік өңірдің кәсіпорын саласындағы өнімі 1941-1945 жылдары 37 % өссе, бұл дегеніміз соғысқа дейінгі санмен сәйкесінше 2% өскендігін білдіреді. Қазақстан қалалары – Алматы, Қарағанды, Қостанай, Көкшетау, Семей, Петропавл, Шымкент, Жамбыл, Орал, Павлодар, Қызылорда, Ақтөбе, Балқаш, Гурьев, Аягөз және т.б. көшірілген кәсіпорындар базасында қысқа мерзімде майданға, жеңіске қажетті әскери және өнеркәсіптік өнімдерді шығаруды жолға қойды.

Соғыстың алғашқы айларында Оңтүстік Қазақстан облысына 26 өнеркәсіптік кәсіпорын келді, оның 14-і облыс орталығында орналасқан. Зауыттар мен фабрикаларды КСРО-ның оңтүстігі мен шығысына көшіру қажетті Еңбек және материалдық ресурстары бар аудандарда шикізат көздеріне жақын орналасуын ескере отырып, жоспарлы түрде жүргізілді.

1941-1945 жылдары Шымкент қаласына көшірілген негізгі кәсіпорындар:

1.«Шымкент резина зауыты» (бұрынғы «Красный Октябрь»): Бұл зауыт Ресейдің Москов облысынан көшірілген және резина өнімдерін шығаратын.
2.«Шымкент машина жасау зауыты» (бұрынғы «Шымкентсельмаш»): Бұл зауыт Ресейдің Орал облысынан көшірілген және ауыл шаруашылығы техникаларын шығарған.
3.«Шымкент фарфор-фаянс зауыты» (бұрынғы «Шымкентфарфор»): Бұл зауыт Ресейдің Ленинград қаласынан көшірілген және фарфор және фаянс өнімдерін шығарған.
4.«Шымкент жүн тоқыма комбинаты» (бұрынғы «Шымкент жүн тоқыма»): Бұл комбинат Москва қаласынан көшірілген және жүннен тоқылған киім-кешек шығарған.
5.«Шымкент химия зауыты»: Бұл зауыт Ресейдің Днепропетровск облысынан көшірілген және химиялық өнімдер шығаратын болған.
6.«Шымкент металл зауыты»: Бұл зауыт Ресейдің Урал аймағынан көшірілген және металл өнімдерін шығарған.

Бұл зауыттар Шымкенттің экономикасына үлкен ықпал етті және қаланың өркендеуіне үлес қосты. Олар соғыстан кейін де жұмыс істеді және қаланың негізгі өндіріс кәсіпорындарының бірі болып саналды.

1941 жылы қазан айында Свердлов атындағы Киев Химия- фармацевтикалық зауыты көшіріліп келді, ол Шымкент химия зауытының аумағында орналастырылды. 1941 жылы 10 қарашада Харьков шұлық фабрикасының жабдықтарының бірінші кезегі келді. Осы айда Шымкент қорғасын зауыты өз аумағында Подольск қорғасын-илемдеу зауытын қабылдап, орналастырды, ол жаңа цех болды. Оның іске қосылуымен кәсіпорын өнімдерінің номенклатурасы қорғасын құбырларымен, прокатпен, сыммен толықтырылды.

1941 жылдың соңында Шымкентте Воронеж темір ұстасы-пресс машина жасау зауытының жабдықтарын қарсы алды. Кәсіпорын қорғасын зауытының механикалық цехының аумағында орналастырылды. Ол 1942 жылдың ақпанында өнім бере бастады. Келген басқа кәсіпорындардың қатарында Май экстракциясы зауытының аумағында орналасқан Кременчугск қалалық электр станциясы, Харьковтан келген «Червонный промин» тігін артелі, ол «Чимшвей» артелінің ғимаратын алды.

Оңтүстік Қазақстанның облыс аудандарында кәсіпорындардың бір бөлігі орналастырылды, Атап айтқанда: шыны зауыты – «Күйік» кеңшарында, трактор шеберханасы– Сайрамда, электр станциясы - Түркістан аудандарында, «Пахта-Арал» совхозында Реутов иіру фабрикасы болды. Фабриканы совхоз шаруашылығы өндірістік үй–жаймен, жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз етті. Совхоздың механикалық, құю шеберханалары олардың әртүрлі тапсырыстарын орындады.

Академик М.К.Қозыбаевтың айтуынша, Қазақстан аумағында көшірілген кәсіпорындарды орналастырудың үш нұсқасы болған: кейбіреулері салынып жатқан кәсіпорынның ғимаратында орналасқан, басқалары республиканың жұмыс істеп тұрған зауыттары мен фабрикаларына құрылды.

1941 жылдың маусым айының соңы мен шілде айының басынан бастап Оңтүстік Қазақстан облысының экономикасы әскери тұрғыдан қайта құрыла бастады. Соғыс басталғанға дейін облыстағы Химфарм зауыты, қорғасын, май комбинаты, шұлық фабрикасы, мақта тазалау және кірпіш зауыттары болды. Мақта, дәнді дақылдар, бақша дақылдары, көкөністер егілген мыңдаған гектар алқаптар болды, колхоздарда жүздеген мал фермалары жұмыс істеді. «Маслопром» трестінің директоры В.Захаровтың 1941 жылғы 5 қазандағы облыстық «Правда Южного Казахстана» газетінің жазбаларының бірінде: «Оңтүстік Қазақстан «Маслопром» трестінің кәсіпорны өзінің барлық жұмысын майданның, елдің қорғаныс міндеттеріне бағындырып, өнімділігін күрт арттырды. Ал 1941 жылдың 20 қыркүйегіне қарай олар жылдық жоспарды орындады». Әрі қарай: «... Жеке зауыттардың да айтарлықтай көрсеткіштері бар болды, мысалы, Самсон зауыты (директоры азамат Селезнев, шебер ұста азамат Стрельников) бағдарламаны май өндірісі бойынша 12,5 пайызға, ірімшік бойынша – 15 пайызға артық орындады [9]. Ол өте жоғары сапалы өнім берді. Әскерге кетіп бара жатып, азамат Стрельников және азамат Селезнев өздеріне лайықты ауысым дайындады, осылайша көптеген «май өнеркәсібі» зауыттарында Қызыл Армияға қызметке кеткен ерлердің орнына үй шаруасындағы

әйелдер үздіксіз жұмысын қамтамасыз етті. Қысқа мерзімде олар әскери мамандықтарды игерді және өндірістік тапсырмаларды өте жақсы орындай алды.

«Маслопром» Оңтүстік Қазақстан трестінің ұжымы мұнымен тоқтап қалмады. Барлық зауыттар одан да жақсы көрсеткіштерге қол жеткізу және 1941 жылдың соңына дейін барлық көрсеткіштер бойынша жоспардан айтарлықтай асыра орындау үшін өздеріне міндеттеме алды. Газеттің сол саны «Жас патриоттар» деп аталды. Ұлы отан соғысы кезеңінде Шымкент МТС-де 60-тан аса жас патриот трактор игере алды. Олардың көпшілігі колхоз алқаптарында өз бетінше жұмыс істеп, өндіріс нормаларын асыра орындады. Басқалармен бірге трактористі Арапат Ермұратовтың курстарында білім алды. Ол трактор техникасын жақсы меңгерген болатын, арасында көпшілігі әйелдер де алдыңғы қатарға шығып, елде жаппай жұмылдыру қарқынын жүргізіп жатты.

Соғыс жылдарындағы Қазақ КСР-на көшірілген кәсіпорындардың қызметі республика тарихындағы ерекше бет болып табылады. Республика экономикасын мәжбүрлі милитаризациялау, бірінші кезекте КСРО-дағы сияқты әскери өнім шығаруға бағытталған екінші дүниежүзілік соғыстың апокалипсисі себеп болды. Соғыстың алғашқы екі ауыр жылында 200-ден астам өнеркәсіптік нысандарды кадрлармен бірге Қазақстанға көшіру шын мәнінде Еңбек және моральды ержүректілігі болды, оның аналогын әлемдік тарихта табу қиын.

Өндірістік және тұрғын үй-жайлардың, оның ішінде жеткіліксіз тығыздалған және аяқталмаған қорларды жұмылдыру, кәсіпорындар салу үшін бірқатар дайындалған және ыңғайлы алаңдардың болуы көшірілген кәсіпорындар мен олардың кадрларын орналастыруға мүмкіндік берді. Соғыс уақытындағы қиындықтарға қарамастан, жаңадан келген зауыттар мен фабрикалар жергілікті тұрғындардың жұмысшыларымен толықтырылды.

КСРО-ның еуропалық бөлігінен көшірілген өнеркәсіптік объектілер дөңгелектерден және кейде ашық аспан астында әскери өнімдер шығарды, мұның бәрі әлсіз жергілікті өндірістік база, электр энергиясының жетіспеушілігі, мамандардың, инженерлердің, техниктердің, білікті жұмысшылардың тапшылығы аясында, дамымаған инфрақұрылым, азық-түлік тапшылығы, қалыпты тұрмыстық жағдайлар мен медициналық қызмет көрсетудің болмауының әсерінен.

Ғалымдар мен өнертапқыштардың ғылыми-техникалық мәселелерді шешу саласындағы ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін жинақтауда және іске асыруда Қазақстан КП(б) ОК жанындағы әскери өнертабыстар жөніндегі республикалық Комиссия негізгі рөл атқарды. Соғыс жылдарында республикада көптеген қару-жарақ үлгілері мен түрлері құрылды, олардың негізгі бөлігі өндіріске енгізіліп, майданда қолданылды. Берілген көптеген рационализаторлық ұсыныстар жеңісті жақындатуға деген ұмтылыспен байланысты шығармашылық өрлеу туралы айтады.

Қорытындылай келе, шамамен 10-15 миллион адам КСРО-ның батыс аймақтарынан шығыс аймақтарына көшірілді. 1500-ден астам өнеркәсіптік кәсіпорындар шығысқа тасымалданды. 2,5 миллионға жуық бала бөлек топтар эвакуацияланды. 1941-1942 жылдары КСРО-ға көшіру процесі көптеген шығындармен қатар жүрсе де, оның басты мақсаты - фашистік басқыншылардан миллиондаған кеңес азаматтарын, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық ресурстарының негізгі бөлігін және басқа да материалдық құндылықтарды құтқару жоспары сәтті жүргізіліп, жеңіске қол жеткізілді.

Әдебиеттер

1. Все ресурсы Казахстана – на нужды обороны! // Казахстанская правда. - 1942. 7 июня. №133.
2. Козыбаев М.К. Труд во имя победы.-Алматы:Казахстан,-1995.-175 с.
3. Абдрахманов Ж. Ударная помощь тыла // Казахстанская правда. -2016. 13 мая. -С. 19.
4. Балакаев Т. Казахстан – арсенал фронта // Вестник АН КазССР. -1970. - № 5 - С.22.
5. Вторая мировая война: Материалы научной конференции, посвященной 20-й годовщине победы над фашистской Германией. Кн. первая: Общие проблемы. - М.,- 1966. -С.98.
6. Абильдаев К. Летопись боевых и трудовых подвигов // Вопр. истории Компартии Казахстана / сост. Н.Р. Джагфаров. - Алма-Ата: Казахстан. -1986. Вып. 18. - С.188.
7. Балакаев Т. Казахстан – арсенал фронта // Вестн. АН КазССР. – 1970. - №5. –С.22-28.

8. TV «Отырар» сайты. *Шарафутдинова Ф.* //URL: https://otyrar. kz/2015/01/chimkent-avgust-1941-go-pervye-evakuirovannye/ (қаралған күн 10.11.2024)

ӘОЖ 37.1

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚОЛӨНЕРІНДЕГІ ДИЗАЙН ПРИНЦИПТЕРІ: ТАРИХИ ТҮП-ТАМЫРЛАРЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ӘСЕРІ

Пошаев Д.Қ. п.ғ.к., Әбибуллақызы Ә.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье анализируются принципы дизайна в декоративно-прикладном искусстве казахской культуры. Через структуру и интерьер юрты, а также эстетическое и символическое значение орнаментов, демонстрируется современное использование национального наследия. Идеи гармонии и функциональности в традиционных ремесленных изделиях тесно связаны с мировоззрением казахского народа. Обсуждается также адаптация национальных элементов в современном дизайне и их значение в процессе глобализации. Статья основана на исследованиях направленных на возраждение национальной культуры, сохраняя ее историческую преемственность.

Summary

This article analysis the design principles in the decorative and applied arts of Kazakh culture. Through the structure and interior of the yurt, as well as the aesthetic and symbolic meanings of ornaments, the contemporary use of national heritage is demonstrated. The ideas of harmony and functionality in traditional handicraft items are directly linked to the worldview of the Kazakh people. The adaptation of national elements on modern design and their significance in the process of globalization is also discussed. The article is based on research aimed at reviving national culture while preserving its historical continuity.

Дизайн адамның эстетикалық қабылдауын қабылдаудағы көзқарастарын қалыптастырады. Әрбір дизайнерлік шешім – бұл әлемді көркемдік тұрғыдан түсіну мен оны қабылдаудың жолы. Мысалы, бір жиһаздың формасы мен түсі немесе ғимараттың архитектурасы арқылы адам қоршаған кеңістікті өзінше таниды. Әсемдік, үйлесімділік, симметрия, ритм секілді эстетикалық ұғымдар адамның жалпы дүниетанымына әсер етеді.

Қазақ мәдениетінде дизайн ұғымы қазіргі заманға дейін жаңа ұғым ретінде енгенімен, оның түпкі негіздері, яғни эстетикалық тұрғыдан талғампаздық, функционалдылық және әсемдік идеялары тарихтың ерте кезеңдерінде-ақ орын алған.

Дизайн ұғымы таным процесінде маңызды роль атқарады, өйткені ол адамның қоршаған әлемді қабылдау, түсіну және оған әрекет ету тәсілдеріне тікелей әсер етеді. Дизайн тек қана эстетикалық құндылықтарды ғана емес, сондай-ақ функционалдық, әлеуметтік және мәдени мәндерді де қамтиды.

Халықаралық лексикада дизайн сөзі 16-ғасырда таралды. Ол итальяндық десинго сөзінен шыққан, ол жоба, сурет, негізгі идея дегенді білдіреді. Итальян сөзінің негізі латынның сөзінен анықтау, белгілеу. Бастапқыда оның бірнеше мағыналық мәндері болды: біріншіден, ою-өрнек, декорация, безендіру; екіншіден эскиз, сурет, жоба, сызба, құрылыс; үшіншіден, жоспар, болжам; төртіншіден, идея, айла-амал, ниет, интрига. Қазіргі уақытта дизайн сөзінің үш негізгі мағынасы бар: бір нәрсені жоспарлау және жобалау қызметі; сценарийлер, эскиздер, модельдер

түріндегі жоспарлау және жобалау қызметі; сценарийлер, эскиздер, модельдер түріндегі жоспарлау нәтижелері, эскизден бұйымға дейін өнім даярлау [1].

Қазақ халқы ерте замандардан бері сәндік-қолданбалы өнермен шұғылданып, тұрмыстық қажеттіліктерін киіз үйдің жабдықтары: тұскиіз, алаша ши, кілем, текемет, сырмақ, сандық, қоржын сияқты бұйымдар арқылыиқамтамасыз еткен. Сонымен қатар бұл заттарды әр түрлі ою-өрнектермен және аң терілерімен безендіріп, олардың эстетикалық құндылығын арттырған. Қазіргі уақытта ұлттық өнерді жаңғырту және оны жаңа заман талабына сай дамыту арқылы әлемдік мәдениетке таныстыру маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Сәндік-ұолданбалы өнерді заманауи тәсілдермен үйрету барысында табиғи материалдардың бірі жүнді қолдану ерекше орын алады. Киіз басу, сырмақ сыру, текемет жасау, алаша тоқу, ұлттық киімдер мен кілемдерді өндіру сияқты дәстүрлі қолөнер үлгілері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Осы бағытта білім алушыларды еңбекке баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық мәдениетке деген құрметін арттыру мақсатында бірқатар жұмыстар жүзеге асырылады. Мұндай әдістер арқылы білім алушылар халқымыздың бай мұрасын меңгеріп, мәдение-рухани құндылықтарды бағалауға және дәстүрді жалғастыруға ынталандырылады.

Ұлттық қолөнердің мазмұны мен ерекшеліктерін терең игеру жастардың эстетикалық, интеллектуалдық, әрі тұлғалық дамуына оң ықпал етеді. Білім алушыларға дәстүрлі өнер бұйымдарын өз қолдарымен жасауға мүмкіндік беру олардың шығармашылыққа деген қызығушылығын арттырып, ұлттық мұраға сүйіспеншілігін нығайтады. Сондай-ақ бұл тәжірибе пәнге деген ынтаны күшейтіп, халқымыздың тарихи ұүндылықтарын сақтауға бағытталған маңызы шаралардың бірі ретінде қарастырылады.

Білім алушылардың шығармашылық сабақтары олардың шыдамдылық, еңбекқорлық және әсемдікке деген ұмтылысын қалыптастырады. Ұлттық өнер туындыларындағы ою-өрнектер мен бояу түстерінің үйлесімділігі, олардың көркемдік шешімдері адамның рухани дүниесін байытып, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады [2].

Дизайн әлеуметтік және мәдени контекстте маңызды роль атқарады. Әрбір мәдениет өзінің эстетикалық нормалары мен дәстүрлерін дизайнда көрсетеді. Мысалы, қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері немесе киіз үйдің дизайны белгілі бір тарихи, мәдени құндылықтаррды, ұғымдарды білдіреді. Сонымен қатар, дизайн қоғамның қажеттіліктерін, өмір сүру деңгейін, әлеуметтік және мәдени өзгерістерін бейнелейді. Бұл адамның әлеуметтік танымына әсер етіп, мәдени кодтарды, құндылықтарды танытады. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен қолөнерінде белгілі бір дәрежеде дизайн принциптерін көруге болады. Мысалы, киіз үйдің құрылымы мен оның ішкі жиһаздарының орналасуы, қазақ ою-өрнектері мен қолөнер бұйымдары, киімдердің пішімі барлығы белгілі бір эстетикалық, функционалдық мақсаттарға жауап беретін элементтер болып табылады. Бұл ұғымдар кейіннен дизайнға айналған.

Киіз үй көшпелі қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тұрмыстық әрі мәдени мұрасы. Оның құрылымы мен интерьері тек практикалық қажеттіліктерді ғана қанағаттандырмай, сонымен қатар эстетикалық құндылықтарды сақтауға негізделген. Киіз үйдің сәулеті мен ішкі кеңістігі оның экологиялық тиімділігі, мобильділігі және үйлесімділігі әлемдің мәдениет тарихындағы бірегей құбылыс. Киіз үй қазақ халқының табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясын айқын көрсететін бірегей сәулет өнері. Оның құрылымы мен интерьері практикалық тұрғыдан тиімді ұйымдастырылған, ал эстетикалық ерекшеліктері ұлттық мәдениеттің байлығын танытады. Киіз үй бүгінгі таңда да дәстүр мен заманауилықты біріктіретін шабыт көзі ретінде маңызды. Шаңырақ киіз үйдің орталық элементі оның төбесін ұстап тұратын шеңбер. Ол үйдің берекесі мен тұрақтылығының символы [3]. Шаңырақтан түсетін жарық интерьердің табиғи жарықтануын қамтамасыз етеді. Уықтар үйдің күмбез тәрізді формасын қалыптастырады, бұл жел мен қардың қысымына төтеп беруге мүмкіндік береді. Үйдің сыртқы қабатын жабатын киіздер жылу мен салқындықты ұстап тұрады. Олар функционалдық пен әсемдікті үйлестіріп, ою-өрнекпен безендірілген. Құрылым жеңіл, жылдам жиналып, тез қайта құрылады, бұл көшпелі өмір салтына сай келеді. Интерьер бірнеше аймаққа бөлініп, әр бөлігі белгілі бір мақсатқа арналады. Киіз үйдің күмбез тәрізді пішіні табиғи

элементтермен үйлесімділік тудырады [4]. Сыртқы және ішкі киіз үй жабындыларындағы ою-өрнектер тек әсемдік үшін емес, сонымен қатар символикалық мағынаға ие. Сандықтар ою-өрнектермен әсемделіп, интерьердің маңызды элементіне айналған. Еденге төселетін кілемдер тек жылу үшін ғана емес, сән үшін де маңызды. Олардың әрқайсысы ерекше символикаға ие. Бау-басқұрлар үйдің ішкі қабырғалары мен жиһаздарды әсемдейтін тоқылған немесе өрілген баулар. Олар киіздерді бекітіп, үйдің эстетикалық үйлесімділігін арттырады. Киіз үй интерьерінде табиғи матариалдар (ағаш, киіз, жүн) қолданылған. Дизайн адамның психологиясына да ықпал етеді. Әрбір дизайн шешімі адамның эмоциясына, сезімдеріне әсер етуі мүмкін. Мысалы, түс комбинациялары, жарықтандыру, орынның кеңдігі немесе әр түрлі форма мен мәтіндердің үйлесімі адамның психологиялық жағдайына әсер етеді. Сондықтан дизайн адамның көңіл-күйін, әсерін, эмоционалды реакциясын тудыратын құралы болып табылады. Жақсы дизайн адамның өзін жақсы сезінуіне, кеңістікті дұрыс қабылдауына ықпал етеді. Түстердің символикасында: ақ түс – тазалық, қызыл түс – қуат пен батылдық, жасыл түс – табиғатпен үйлесімділік белгісі [5].

Қорытындылай келе, дизайн тек әдемілікпен шектелмейді, ол күнделікті өмірде қолданылатын заттардың функционалдығын да анықтайды. Мысалы, ұялы телефонның интерфейсі, көліктің дизайны немесе жиһаздың пайдалану ыңғайлылығы – осының бәрі адамның өмірін жеңілдететін және оның қажеттіліктеріне жауап беретін элементтер болып табылады. Осылайша, дизайн адамның қоршаған ортадағы қажеттіліктерін тануға және оларды тиімді шешуге көмектеседі. Дизайн таным процесінде маңызды құралы болып табылады. Осылайша, дизайн адамның қоршаған ортадағы қажеттіліктерін тануға және оларды тиімді шешуге көмектеседі. Дизайн таным процесінде маңызды құралы болып табылады, себебі, ол әлемді қалай қабылдайтынымызды, қалай түсінетінімізді және оған қалай әрекет ететінімізді қалыптастырады. Дизайнның әр түрлі аспектілері адамның тәжірибесін, пікірін, қажеттіліктерін және құндылықтарын көрсету арқылы танымдық процесті тереңдете түседі.

Әдебиеттер:

1. Фоменко В.В. Проблема определения понятия «дизайн» / Фоменко В.В. // Омский научный вестник. №3 (24), - С 37-40.

2. Жолдасбекова С.А. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері арқылы студенттердің рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыру / Жолдасбекова С.А., Изтлеуова А.Ш., Займоғлы Өмер // М.Әуезов атындағы ОҚУ хабаршысы. - 2022. №1 (13). - С 211-217. https://www.elibrary.ru/item.asp?id=48182399

3. Егізбаева, М. Қ. Қазақ киіз үйінің зерттелу мәселелері және мәдениеттің белгілік жүйесіндегі орны / Егізбаева, М. Қ. // Journal of History / Habaršy Tarihi Seriâsy. - 2023, №109 (2). - С 138. Doi: 10.26577/JH.2023.v109.i2.013

4. Борбасова, Қ.М., Альджанова, Н.К. (2016). Қазақ киіз үйінің этно-белгілік жүйелері / Борбасова, Қ.М., Альджанова, Н.К. // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии, 53(4). https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/127

5. Низан А.Н. Дизайн кеше және бүгін / Низан А.Н. Тусупбекова Ш.М. «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының мақалалар жинағы. - 2023. – С 6079-6083.

ӘОЖ: 433

NATIONAL KNOWLEDGE AND HISTORY

Даулетова А.А. оқытушы
Қасымбекова Л.Ш. оқытушы
Өзбекәлі Жанибеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Түйін.

Ұлттық таным мен тарих – кез келген халықтың мәдени болмысын қалыптастырудағы негізгі құрамдас бөліктер. Тарих ұлттардың қалыптасу процесін, олардың салт-дәстүрін, тілі мен мәдениетін көрсететін өткеннің айнасы қызметін атқарады. Ұлттық таным – осы тарихи процестерді, олардың бүгіні мен болашағы үшін маңызын білу.

Резюме.

Национальное познание и история — это ключевые составляющие в формировании культурной идентичности любого народа. История служит зеркалом прошлого, отражающим процесс становления наций, их традиций, языка и культуры. Национальное познание же является осознанием этих исторических процессов, их значимости для настоящего и будущего.

History is not just a sequence of events; it forms the basis of national memory. Through historical chronicles, monuments, legends and traditions, nations convey knowledge of their roots. Awareness of one's historical path strengthens the sense of belonging to the nation and serves as a source of pride.

For example, for the Russian people, the key role in national knowledge is played by the memory of such events as the Battle of Kulikovo, the Great Patriotic War and the reforms of Peter the Great. These milestones not only determined the course of history, but also formed a national character in which fortitude, unity and readiness for self-sacrifice are valued.

At the same time, history also helps to understand the mistakes of the past. This is important for the formation of a more balanced and critical national identity. For example, understanding the repressive events of the 20th century allows modern society to build values based on humanism and justice.

The Role of National Knowledge in Modernity

National knowledge plays a key role in the modern world, where globalization processes are intensifying. In an era when borders are erased and culture is becoming universal, awareness of one's national identity becomes especially significant.

First of all, national knowledge supports a sense of cultural uniqueness. This allows nations not to get lost in the general flow, preserving their traditions, language and customs. For example, in countries where ethnic tourism is actively developing, knowledge of one's history becomes not only an element of self-awareness, but also an important tool for economic development.

In addition, national knowledge contributes to the education of patriotism. This is especially important for younger generations who are growing up in a digitalized environment, where access to information often devalues the importance of historical memory. Incorporating historical themes into educational programs helps to develop respect for their roots and responsibility for the future of the country in young people.

Interaction of national knowledge and history

History serves as a source for national knowledge, and national knowledge, in turn, influences the perception and interpretation of history. This process is often subject to subjectivity. Each nation seeks to interpret events in such a way as to emphasize its uniqueness or greatness.

However, such a practice carries risks. A one-sided view of historical events can lead to nationalism or to a distortion of facts. In order to avoid such consequences, it is important to combine

national knowledge with an objective approach to the study of history. Scientific historiography should become the basis for the formation of national memory.

National knowledge and history are interconnected elements that define the image of a nation. History forms the basis for understanding national identity, and national knowledge allows people to realize their uniqueness and role in the world community. In the modern world, where national values often face the challenges of globalization, these aspects are becoming especially relevant. A conscious attitude to one's history helps not only to preserve cultural heritage, but also to build the future of the nation based on respect for its past and readiness for change.

Khanbibi Yesenkarakyzy

Khanbibi Yesenkarakyzy is a famous Kazakhstani poetess, playwright and public figure. She was born in 1946 in the Turkestan district of the South Kazakhstan region. Her work covers themes of national identity, historical memory, love for the homeland and the people. Khanbibi is the author of many poetry collections, plays and essays that touch upon issues of culture, language and history of Kazakhstan. Her works, especially historical plays and poetry cycles, often raise issues of repression, the trials that befell the Kazakh intelligentsia in the 20th century, and the preservation of the historical memory of those tragic events.

The fate of the repressed national intelligentsia of Kazakhstan.

In the 1930s, Kazakhstan, like the entire territory of the Soviet Union, was subjected to large-scale political repression. The Soviet government considered the national intelligentsia dangerous, since it advocated the preservation of national traditions, language, and independence of the Kazakh people.

Key figures of the Kazakh intelligentsia, such as Akhmet Baitursynov, Mukhtar Auezov, Magzhan Zhumabayev, Alikhan Bukeikhanov, Mirzhakyp Dulatov and others, became victims of Stalin's repressions. Many of them were arrested, convicted as "enemies of the people" and either executed or sent to the Gulag camps, where they died. The intelligentsia of Kazakhstan was the bearer of the ideas of autonomy, cultural revival and education. They organized the first schools, published newspapers, wrote scientific works and fiction, translated world classics into Kazakh. However, their activities did not fit into the framework of Soviet ideology, which suppressed national self-awareness.

The repressions of 1937-1938, known as the "Great Terror", were especially tragic for Kazakhstan. During this period, almost all prominent figures of culture, science and politics were destroyed. The losses were colossal - not only for the country, but for the entire nation, whose cultural development was interrupted for decades.

The importance of memory of repressions

Preserving the memory of the repressed intelligentsia is of great importance for national identity and understanding historical lessons. Khanbibi Yesenkarakyzy often addresses this topic in her works, emphasizing the importance of historical justice.

Modern Kazakhstan honors the memory of the victims of repression. Memorials have been erected, research is being conducted, and the works of rehabilitated figures are being published. These events serve as reminders of the need to preserve freedom of thought, speech, and national heritage.

References

1. Bukeikhanov A. Selected works. – Almaty: Atamura, 1995. Collection of works by Alikhan Bukeikhanov, one of the leaders of the Alash movement.

2. Dulatov M. Oyan, Kazakh! (Wake up, Kazakh!). – Almaty: Ana tili, 1991. The famous work of Mirzhakyp Dulatov, which became a manifesto of the Kazakh national revival.

3. Akhmet Baitursynov. Til – kural (Language is an instrument). – Almaty: Mektep, 1992. Works of Akhmet Baitursynov about the Kazakh language and methods of teaching it.

4. Ermukhan Bekmakhanov. Kazakhstan in the 20-40s of the 19th century. – Almaty: Sanat, 1992. The historian’s research, for which he was subjected to repression.

5. Kunaev D. Өtti dəuren osylai (So time passed). – Almaty: Zhazushy, 1992. Memoirs of Dinmukhamed Kunaev, which partly deal with issues of repression and their consequences.

6. Tarakty A. Alash zhene Alashorda (Alash and Alashorda). – Almaty: KazAkparat, 1995. A book about the Alash movement and the fate of its leaders.

7. Eskarakyzy Kh. Akikattyn ak zholy (The path of truth). – Shymkent: Atamura, 2005. Essay on national memory and history lessons.

8. Nurpeyisov K. Alash həm Alashorda. – Almaty: Alash, 1995. Monograph about the activities of the Alash party and its tragic fate.

9. Myrzakhmetuly M. Abai zhane ruhaniyat (Abai and spirituality). – Almaty: Ana tili, 1994. Research on the influence of Abai on the development of national consciousness and culture.

ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Егенова Назипа Атаевна
Алматы қаласы, Алатау ауданы
№149 ЖББ КММ мектебінің тарих пәні мұғалімі

Түйін

Бұл мақала тарих пәнінің маңыздылығы мен оның қоғамдық және мәдени өмірдегі рөліне арналады. Тарих – халықтардың, ұлттардың, мәдениеттердің өткенін зерттейтін ғылым саласы ретінде адамзат қоғамының даму жолын, оның әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістерін түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада тарих пәнінің оқу процесіндегі орны, оның зерттелу әдістері және қоғамға тигізетін ықпалы қарастырылады. Сондай-ақ, тарихтың деректер негізінде қаланатын ғылыми пән ретінде қалайша нақты ақпарат пен білім беретіндігі, оны оқытудағы әдістемелік тәсілдер мен әдіс-тәсілдер туралы сөз болады. Тарихтың адамның дүниетанымын қалыптастырудағы, өткеннен сабақ алудағы, және болашаққа бағдар жасаудағы рөлі маңызды болып табылады.

Summary

This article is dedicated to the importance of the subject of history and its role in public and cultural life. History, as a science that studies the past of nations, cultures, and civilizations, provides an opportunity to understand the developmental path of human society and its social, political, and economic changes. The article discusses the place of history in the educational process, its methods of study, and the impact it has on society. Furthermore, it addresses how history, as a scientific discipline based on primary sources, provides accurate information and knowledge, as well as the methodological approaches and techniques used in its teaching. The article emphasizes the significant role of history in shaping an individual's worldview, learning from the past, and making future decisions.

Тарих – адамзаттың өткені, оның қалыптасу кезеңдері мен даму жолы жайындағы ғылым. Тарихты зерттеу – өткенді білу ғана емес, сонымен қатар, сол арқылы адамзаттың болашаққа жасаған қадамдарын түсіну, қоғамның даму заңдылықтарын ашу болып табылады. Тарихтың ғылым ретінде негізі ежелгі дәуірден басталады. Осы кезден бастап тарих ғылымы әлеуметтік құбылыстарды зерттеп, соларға қатысты түрлі түсініктерді қалыптастыруға бағытталған. Тарихтың қоғам үшін маңыздылығы өте зор. Ол жеке тұлғалардың, халықтардың және мемлекеттердің дамуының барлық кезеңдерін көрсетіп, халықтар арасындағы өзара байланыстарды, мәдениеттер мен өркениеттердің алмасу жолдарын көрсетеді. Сонымен қатар, тарих – ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалатын құнды ақпараттың қайнар көзі.

Тарихтың зерттеу әдістері

Тарих пәні бірнеше негізгі әдістермен зерттеледі. Олардың ішінде басты үш әдіс бар:

1. **Деректану әдісі**. Бұл әдіс тарихи құбылыстарды және оқиғаларды зерттеу үшін қолданылатын негізгі тәсілдердің бірі. Деректер – тарихи білімнің негізі. Олар әртүрлі жазба деректер, археологиялық табылған заттар, ауызша деректер, карталар және тағы басқа көздерден алынуы мүмкін. Деректану әдісі арқылы тарихшы осы деректерді жан-жақты зерттеп, оларды талдау арқылы оқиғалардың шынайы бейнесін қалыптастырады.
2. **Хронологиялық әдіс**. Бұл әдіс тарихи оқиғалардың уақыт бойынша реттеліп, олардың даму тәртібін анықтауға мүмкіндік береді. Хронологиялық әдіс арқылы белгілі бір оқиға немесе кезеңдердің бір-бірімен байланысын көрсету маңызды. Сонымен қатар, тарихшы осы әдіс арқылы оқиғалардың уақыт аралығында қандай өзгерістер болғанын, қандай себептер мен салдарлардың қалыптасқанын зерттейді.
3. **Салыстырмалы әдіс**. Бұл әдіс екі немесе бірнеше тарихи кезеңдерді немесе құбылыстарды салыстыру арқылы олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс арқылы тарихшы әртүрлі мәдениеттердің, халықтардың және қоғамдардың дамуын салыстыра отырып, жалпы заңдылықтарды іздейді.

Тарихтың қоғамдағы орны

Тарих пәні қоғамда үлкен маңызға ие. Әрбір ұлт өз тарихын білу арқылы өзінің ұлттық санасын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтап қалуға тырысады. Тарихтан сабақ алу, өткеннің қатесін қайталамауға үйретеді. Тарихтың білім саласы ретінде маңызды функцияларының бірі – тұлғаны тәрбиелеу. Тарихы бар елдің болашағы да жарқын болмақ. Сонымен қатар, тарих қоғамның ішкі тұрақтылығын сақтау үшін де қажет. Тарихта қандай да бір дағдарыс, саяси өзгерістер немесе соғыстар болған болса, бүгінгі күнде осылардан сабақ алуға және мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етуге болады.

Тарих пәні оқушыларды өз елінің өткенін түсініп, құрметтеуге үйретеді. Ол ұлттық идеологияны қалыптастырудың негізі болуы мүмкін. Ұлттың тарихи санасы оның болашақта қалыптасатын ұлттық бірлігін қамтамасыз етеді. Тарих пәні арқылы жас ұрпақ өз ұлтының қандай қиындықтар мен сынақтардан өткенін, қай кезде қандай ерлік жасағанын біледі.

Тарихтың оқу процесіндегі орны

Мектеп оқу бағдарламасында тарих пәні ерекше орын алады. Ол оқушыларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға тәрбиелейді, тарихи санасын қалыптастырады. Тарихты терең меңгеру – оқушының өз елінің өткенін, оның ұлы тұлғаларын және халықтың тарихи жолын танып білуді көздейді. Сондай-ақ, тарихтың әлеуметтік аспектілерін, халықтар арасындағы мәдени алмасуларды және өркениеттердің өзара әсерін түсіндіру арқылы білім алушының дүниетанымын кеңейтеді.

Бұған қоса, тарих пәнін оқыту арқылы оқушыларды сыни ойлауға, өткен оқиғаларды қазіргі күнмен байланыстыра отырып талдауға үйретеді. Бұл да қазіргі қоғамдағы маңызды дағды болып табылады. Тарих пәнін оқыту әдістемесі әртүрлі болуы мүмкін: дәріс оқумен қатар, топтық жұмыс, пікірталас, зерттеу жобалары сияқты әдістер де қолданылуы мүмкін.

Тарихты оқытудың әдіс-тәсілдері

Тарихты оқытуда көптеген түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Олардың ішінде лекциялар, семинарлар, пікірталастар, фильмдер мен құжаттардан үзінділер көрсету сияқты әдістер бар. Әсіресе, қазіргі заманғы оқыту әдістері оқушыларды белсенді түрде оқу процесіне тартуға бағытталған. Бұл әдістер оқушылардың тарихты терең түсінуіне, өз ойын дұрыс жеткізуіне және сыни тұрғыда ойлауға мүмкіндік береді.

Тарихты оқытуда ең тиімді әдіс – оқушының ізденісін арттыратын зерттеу жұмыстары мен жобалар. Тарихи деректермен жұмыс істеу арқылы оқушылар белгілі бір тарихи кезеңдер мен оқиғалар туралы өздері зерттеу жүргізіп, жаңа ақпараттарды тауып, оларды сыни тұрғыда талдай алады.

Қорытынды

Тарих пәні – қоғамның өткені мен қазіргі арасындағы байланысты орнататын, ұрпақтардың білім мен мәдениетті бір-біріне жеткізуін қамтамасыз ететін өте маңызды ғылым саласы. Тарихты дұрыс зерттеу арқылы халықтар мен мемлекеттер болашақта өз даму жолдарын дұрыс таңдай алады. Бұл пән, әсіресе жастарға ұлттық құндылықтарды түсініп, құрметтеуге үйретеді

және оларды жан-жақты ойлауға, өткеннің тәжірибесінен сабақ алуға баулиды. Тарихты дұрыс оқыту мен түсіну арқылы қоғамның мәдениетінің сақталуына және нығаюына, ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа ықпал етуге болады.

Әдебиеттер:

1. Д. Кішібаев, «Қазақ халқының тарихы», Алматы, 2007.
2. М. Қойгелдиев, «Тарихтың тереңіне үңілу», Астана, 2010.
3. С. Смайылов, «Қазіргі заман тарихын оқыту мәселелері», Алматы, 2015.
4. Р. Нұрмұхамедов, «Тарих және оның әдіснамасы», Астана, 2012.
5. А. Әлімбаев, «Тарихты зерттеу және оның қоғамдағы орны», Алматы, 2018.

ТАРИХ: ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Ескендирова Лаззат Ескермесовна
Алматы қаласы, Алатау ауданы
№149 ЖББ КММ мектебінің тарих пәні мұғалімі

Резюме

Преемственность поколений — это явление, играющее важную роль в развитии общества, передаче его культуры и традиций из поколения в поколение. Социальное, культурное и экономическое развитие каждого общества зависит от силы преемственности между поколениями. В данной статье рассматривается влияние преемственности поколений на развитие общества, её роль в истории и необходимость сохранения этой преемственности. Также анализируются различные факторы, влияющие на связь между поколениями, а также взгляды на изменения и новшества, происходящие между ними.

Summary

Generational continuity plays a crucial role in the development of society and in transmitting its culture and traditions from one generation to the next. The social, cultural, and economic advancement of any society is directly linked to the strength of the continuity between its generations. This article analyzes the impact of generational continuity on societal development, its role in history, and the need to preserve this continuity. Furthermore, it examines how various factors in societal development influence the connections between generations, as well as perspectives on the changes and innovations that occur across generations.

Ұрпақтар сабақтастығы — бұл тек биологиялық байланыс емес, ол мәдениет, білім, дәстүрлер мен әлеуметтік тәжірибенің ұрпақтан ұрпаққа берілу процесі. Қоғамның дамуы, оның тарихи эволюциясы және әлеуметтік құрылымының өзгеруі көбінесе ұрпақтардың арасындағы байланыс пен сабақтастыққа тәуелді болып келеді. Ұрпақтар арасындағы қатынас, олардың өзара түсіністігі мен бір-біріне берген білімдері мен тәжірибелері қоғамның тұрақтылығын және оның даму үрдісін анықтайды.

Қоғамның дамуы үшін ұрпақтар сабақтастығының маңызы ерекше. Өйткені әрбір ұрпақ өзінен бұрынғылардың жетістіктері мен қателіктерінен сабақ алып, оларды жаңа жағдайда қолдануға тырысады. Әрбір жаңа ұрпақ өткеннің тәжірибесін жалғастыра отырып, қоғамды жаңа қырынан дамытады. Бұл мақалада ұрпақтар сабақтастығының қоғамның дамуына әсері, тарихтағы орны, сондай-ақ ұрпақтар арасындағы байланыс пен қоғамдағы өзгерістердің өзара қарым-қатынасы қарастырылады.

1. **Ұрпақтар сабақтастығының әлеуметтік және мәдени аспектілері**

Ұрпақтар сабақтастығының бірінші маңыздылығы — оның мәдениет пен білімнің берілуін қамтамасыз етуі. Әр ұрпақ өзінен алдындағы қоғамның құндылықтарын, дәстүрлерін, тілін,

әдебиеті мен өнерін, діни наным-сенімдерін қабылдап, оны өз өмірінде қолданады. Осылайша, әрбір жаңа ұрпақ өзінің мәдениетіне негізделе отырып, оны өз жолымен жаңартады.

Қоғамдық даму барысында ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың үзілуі, әсіресе, қоғамның мәдени құндылықтарынан қол үзіп, дәстүрлерді ұстанбайтын ұрпақтардың пайда болуы қауіпті болуы мүмкін. Мұндай жағдайда қоғамның тарихи жады жоғалып, рухани дағдарысқа ұшырауы ықтимал. Әсіресе жаһандану мен мәдени глобализацияның әсері қоғамның дәстүрлі құндылықтарын жоғалтуға әкеліп, мәдени идентичностьке қауіп төндіреді.

2. **Қоғамдық өзгерістер және ұрпақтар арасындағы байланыс**

Қоғамның экономикалық және әлеуметтік құрылымы өзгерген сайын, әрбір ұрпақтың өмірге деген көзқарасы да өзгеріп отырады. Өнеркәсіптік революциядан кейінгі қоғамның жаңа құрылымы, технологиялардың дамуы мен жаһанданудың әсері әр ұрпақтың өмір сүру жағдайына ерекше өзгерістер енгізді. Дегенмен, ұрпақтар сабақтастығы осы өзгерістердің ортасында қоғамның тұрақтылығын сақтап, мәдениеттің сақталуын қамтамасыз етеді.

Жаңа ұрпақтар көбінесе өткеннің қателіктерінен сабақ алып, қоғамда жаңа көзқарастар мен инновациялық шешімдерді енгізуге ұмтылады. Бұл үрдіс қоғамды дамытып қана қоймай, оған жаңашылдық пен өзгерістер әкеледі. Мысалы, ғылыми-техникалық прогресс пен білім беру жүйесіндегі жаңалықтар ұрпақтардың ой-өрісін кеңейтеді, жаңа әлеуметтік құндылықтарды қалыптастырады.

3. **Ұрпақтар сабақтастығы және экономикалық даму**

Ұрпақтар сабақтастығы экономикалық тұрғыдан да маңызды. Ұрпақтар арасындағы білім мен тәжірибе алмасу экономикада жаңа өнімдер мен технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. Әрбір ұрпақтың жұмыс істеу әдіс-тәсілдері мен кәсіпкерлік тәжірибесі қоғамның экономикалық дамуына өз ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, еңбек нарығындағы өзгерістер мен жаңа мамандықтардың пайда болуы ұрпақтар арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтереді.

Мысалы, ауылшаруашылығы дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманда жаңа технологияларды пайдалану арқылы ауылдық қоғамның экономикалық жағдайы жақсартылуы мүмкін. Ұрпақтардың тәжірибелерін біріктіру олардың бір-бірінен үйренуіне және экономикалық өсімнің негізін қалауға мүмкіндік береді.

4. Ұрпақтар сабақтастығы және саяси тұрақтылық

Саяси тұрғыдан алғанда, ұрпақтар сабақтастығы қоғамның идеологиялық және саяси тұрақтылығын сақтау үшін маңызды фактор болып табылады. Әрбір ұрпақ өз саяси көзқарастарын қалыптастыра отырып, қоғамның саяси жүйесіне ықпал етеді. Бұл әсіресе тарихи кезеңдердегі саяси өзгерістер мен революциялар кезінде айқын көрінеді. Мысалы, Кеңес Одағының құлауы және Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу кезеңі сияқты тарихи оқиғалар ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың маңыздылығын көрсетеді, себебі бұл өзгерістер жаңа саяси құрылымдардың қалыптасуына және қоғамның саяси ой-санасының жаңаруына әкелді.

Тарихтың әр кезеңінде ұрпақтар арасындағы саяси көзқарастардың айырмашылығы қоғамда үлкен өзгерістерге, тіпті дағдарыстарға алып келуі мүмкін. Мысалы, идеологияның өзгеруі, саяси жүйенің трансформациясы немесе жаңа басқару нысандарының енгізілуі кезінде ұрпақтар арасында түсіністеушілік пен қарсылық болуы мүмкін. Дегенмен, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайту арқылы саяси дағдарыстарды еңсеруге, халықтың әлеуметтік және саяси бірлігін сақтауға мүмкіндік беріледі.

Ұрпақтар сабақтастығының күшеюі қоғамның саяси тұрақтылығын сақтап, халықтың бірлігін нығайтады. Әр ұрпақтың өзінің тарихи, мәдени және саяси мұрасына деген құрметі мен түсінігі қоғамның әртүрлі буындары арасындағы байланысты нығайтып, әлеуметтік келісімді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ұрпақтар арасындағы саяси сабақтастық, бір ұрпақтың тәжірибесі мен білімін келесі ұрпаққа беріп отыруы саяси жүйенің тұрақтылығын арттырады, әрі саяси институттар мен мемлекеттік құрылымдардың тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Саяси тұрақтылықтың негізгі шарттарының бірі — ұрпақтар арасындағы сенім мен түсіністік. Бұл, әсіресе, демократиялық қоғамда маңызды, өйткені әр ұрпақтың өзінің саяси құндылықтарын білдіруге, өз пікірін білдіруге және қоғамның саяси процестеріне қатысуға

құқығы бар. Егер ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас пен сабақтастық күшейтілсе, онда қоғамның саяси дамуындағы әртүрлі көзқарастарды үйлестіріп, ортақ мақсаттар мен міндеттерге жету оңайырақ болады.

Қорытындылай келе, ұрпақтар сабақтастығының сақталуы саяси тұрақтылық үшін маңызды рөл атқарады. Ол саяси жүйенің өзгерістерге икемділігін, қоғамдық келісімді, және әлеуметтік тыныштықты қамтамасыз етеді. Ұрпақтар арасында сабақтастықтың нығаюы тек саяси тұрақтылықты ғана емес, елдің экономикалық және мәдени дамуын да қамтамасыз етеді. Сондықтан ұрпақтар арасындағы байланысты үзбеу, мәдени және саяси мұраны сақтау — болашақ ұрпақтың жетістігі үшін маңызды міндет болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Мырзахметов, М. «Қазақ қоғамының тарихы». Алматы: Атамұра. 2010 ж.
2. Дүйсенова, А. «Ұрпақтар сабақтастығы: теория және практика». Алматы: Ғылым. 2014 ж.
3. Әбен, Қ. «Әлеуметтік құрылым және ұрпақтар сабақтастығы». Журнал «Қоғам және даму», № 3, 45-53.2017 ж.
4. Кемел, Ж. «Ұрпақтар сабақтастығының әлеуметтік аспектілері». Алматы: Қазақ университеті. 2019 ж.
5. Бейсенова, Г. «Қоғамдық дамудағы ұрпақтар сабақтастығының орны». Қазақтың қоғамдық ғылымдары, № 6, 12-19.2020 ж.

ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА: ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫНА ӘСЕРІ

Мауленова Гульмайра Тинейбаевна

Шымкент қаласы, №2 кешкі мектебінің тарих-география пәні мұғалімі

Резюме

История и культурное наследие — это важнейшие факторы, которые непосредственно влияют на будущее нации. Исторические события, культурные традиции и ценности каждого народа закладывают основу современного общества. В данной статье рассматривается роль истории и культурного наследия в формировании национальной идентичности и дальнейшей траектории развития. Подчеркивается необходимость сохранения исторической памяти и культурного наследия, а также их передачи будущим поколениям. Также обсуждаются вопросы обновления культурного наследия и его применения в соответствии с требованиями времени. В этом контексте исследуется экономическое, социальное и политическое значение культурного наследия, а также его роль в укреплении национальной идентичности и духовном развитии народа.

Summary

History and cultural heritage are key factors that directly impact the future of a nation. The historical events, cultural traditions, and values of each people lay the foundation for contemporary society. This article explores the role of history and cultural heritage in shaping national identity and the future development path. It emphasizes the importance of preserving national memory and cultural heritage, as well as passing them on to future generations. The article also addresses issues related to the revitalization of cultural heritage and its adaptation to contemporary needs. In this context, the economic, social, and political significance of cultural heritage is examined, along with its role in strengthening national identity and the spiritual development of the people.

Тарих пен мәдени мұра — халықтың мәдениетінің, дәстүрлерінің, өнері мен өмір салтының негізін қалаушы құндылықтар болып табылады. Ұлттық болмыс пен тарихи жадының өзара байланысы, олардың бір-біріне тигізетін әсері қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Тарихта болған оқиғалар, ұлттың рухани және мәдени жетістіктері бүгінгі күні де қоғамда сақталып, дамып отырады. Мәдени мұра ұрпақтар сабақтастығының негізі болып табылады және ұлттың өзін-өзі тануына, өз мәдениетін құрметтеуіне ықпал етеді.

Бұл мақалада тарих пен мәдени мұраның ұлттың болашағына ықпалы қарастырылады. Қоғамның қазіргі және болашақтағы дамуы үшін өткеннің тәжірибесі мен мәдени мұраның қаншалықты маңызды екенін түсіндіру мақсатында, мәдени мұраның қоғамдағы орны мен оның қоғамды жаңарту, дамыту процесіндегі рөлі талданады.

1. **Тарих және мәдени мұраның ұлттық бірегейлікке әсері**

Тарих пен мәдени мұраның ұлттық бірегейлік қалыптастырудағы рөлі зор. Ұлттың мәдени мұрасы, оның тілінен бастап, дәстүрлеріне, салт-дәстүрлеріне, өнері мен әдебиетіне дейінгі барлық аспектілерді қамтиды. Осы мұралар әрбір ұрпаққа өзінің ұлттық тегін танып-білуге, өз тамырларын түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи оқиғалар, ұлттық әдебиет, музыка мен өнер арқылы ұлт өзінің өткенін, батырларын, ғұламаларын еске алады, оларды үлгі тұтады.

Мәдени мұра ұлттың мәдени кодын қалыптастырады, бұл код қоғамның моральдық және этикалық нормаларын айқындайды. Мысалы, қазақ халқының ауыз әдебиеті, эпостары мен батырлық жырлары ұлттың тарихи санасын қалыптастыруға және ұлттық тұлғалар мен батырлардың ерліктерін сақтап қалуға ықпал етеді.

2. **Тарихи жады мен ұлттық сәйкестілік**

Тарихи жадының сақталуы ұлттың өзіндік ерекшелігін білдіретін негізгі фактор болып табылады. Әрбір ұлт өзінің тарихын, өткен кезеңдерін, жеңістерін, қателіктерін есте сақтай отырып, болашаққа бағдарлайды. Тарихи жады жоғалған жағдайда, ұлт өзінің түп-тамырынан, мәдениетінен айырылады, бұл өз кезегінде ұлттық сәйкестіліктің жоғалуына әкелуі мүмкін.

Ұлттық сәйкестілік дегеніміз — бұл ұлттың өзіндік тарихын, мәдениетін, тілін және дәстүрін тануы мен құрметтеуі. Тарих пен мәдени мұраның сақталуы ұлттық сәйкестілікті нығайтуға, ұлттың рухани болмысын қорғауға мүмкіндік береді. Бұл ұрпақтардың өзара түсіністігін күшейтеді және мәдени алмасудың тиімді жолдарын ұсынады.

3. **Мәдени мұраның экономикалық және әлеуметтік дамуындағы рөлі**

Мәдени мұра тек рухани құндылықтарды ғана емес, экономикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады. Туризм индустриясы, өнеркәсіп және халықтың шығармашылық әлеуеті мәдени мұраға негізделеді. Мәдени мұра объектілерін сақтау мен қайта жаңғырту экономикаға қосымша пайда әкеледі, жұмыс орындарын ашуға және жергілікті экономикаға оң әсер етеді.

Мәдени мұраның әлеуметтік дамудағы рөлі оның қоғамды біріктіру және ұлттық дәстүрлерді жаңарту арқылы көрінеді. Мәдени мұра ұлттық және аймақтық деңгейде ынтымақтастықты нығайтуға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы жаһандану мен мәдени өзгерістер кезеңінде мәдени мұраны сақтау маңызды мәселеге айналды. Әлемдік мәдениетке көптеген жаңа әсерлер мен технологиялар енуде, бірақ бұл өзгерістер ұлттық мәдениеттердің тұтастығы мен болашағына қауіп төндіруі мүмкін. Мәдени мұраның сақталуы — ұлттың тарихи тәжірибесін, рухани құндылықтарын, ұлттық бірегейлігін болашақ ұрпақтарға жеткізу үшін қажет. Бұл үдеріс елдің мәдени-тарихи дамуының негізі болып табылады, себебі әрбір қоғамның өткенінде жатқан құндылықтар мен сабақтар қазіргі ұрпаққа маңызды бағдар береді.

Мәдени мұраның жаңғыртылуы мен заманауи әдістермен сақталуының маңызы зор. Бұл үдеріс, ең алдымен, мәдени саясаттың дұрыс жүзеге асуына және білім беру жүйесінің тиісті деңгейде дамуына байланысты. Мәдени саясат — бұл ұлттың мәдени байлығын қорғау, оны сақтап қалу және ұрпақтарға жеткізу жолындағы стратегиялық бағытты анықтайтын құжаттар мен іс-шаралар жиынтығы. Мәдени мұраны жаңғырту мақсатында түрлі технологиялық құралдар, цифрландыру, музейлер мен археологиялық ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуі қажет. Бұның барлығы мәдени мұраны сақтау мен жаңғырту үшін қажетті негізді құрайды.

Мәдени мұраның сақталуы мен жаңғыртылуы тек мемлекет тарапынан ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігін талап етеді. Әрбір ұрпақ өзінің тарихи және мәдени мұрасына құрметпен қарап, оны қорғауға және дамытуға атсалысуы тиіс. Мәдени мұраны сақтау үшін тек үкіметтік деңгейде ғана емес, сонымен қатар жергілікті қауымдастықтар мен азаматтық қоғам да белсенді түрде қатысуы қажет. Бұл ретте мәдениет министрліктері, ғылыми институттар мен қоғамдық ұйымдар бірлесіп жұмыс істеп, өзара ынтымақтастықта болады. Мысалы, мұражайлар мен мәдени орталықтар жастарға мәдени мұраны таныстыру үшін оқу бағдарламаларын әзірлеуі, цифрлық платформалар арқылы мәдениет пен өнерді кеңінен насихаттауы тиіс.

Қоғамдық ұйымдардың атқаратын рөлі ерекше. Олар мәдени мұраны сақтау бағытында жергілікті қауымдастықтармен жұмыс істеп, халықтың мәдени құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастырады. Бұдан басқа, ғылыми институттар мен зерттеушілер де мәдени мұраны жаңғырту, археологиялық зерттеулер жүргізу және ескерткіштерді сақтап қалу бағытында маңызды жұмыс атқарады. Сонымен қатар, мәдениет пен өнер саласындағы мамандар — дизайнерлер, суретшілер, реставраторлар, музей қызметкерлері — мәдени мұраны сақтау мен жаңғыртуға қатысатын негізгі күш болып табылады.

Мәдени мұраның сақталуы мен жаңғыртылуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына да әсер етеді. Мәдени мұраға деген құрмет ұлттық бірегейлікті нығайтуға, қоғамда ұлтжандылық сезімін қалыптастыруға, жастардың өз мәдениетін бағалауға үйретеді. Сонымен қатар, мәдени туризмді дамыту, ұлттық қолөнер мен дәстүрлерді жаңғырту арқылы ел экономикасына да оң әсер етуге болады. Мәдени мұраның дұрыс сақталуы және жаңғыртылуы тек ұрпақтар арасындағы байланысты сақтап қана қоймай, халықаралық деңгейде де ұлттың беделін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Тарих пен мәдени мұра — ұлттың болашағын айқындайтын маңызды құндылықтар. Олар ұрпақтардың рухани дүниесін, ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал етеді және қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуына әсер етеді. Ұлттық болашақтың дамуы үшін мәдени мұраның маңызы зор, себебі ол өткен мен қазіргі арасындағы байланыс болып табылады. Мәдени мұраның сақталуы мен жаңғыртылуы ұрпақтар сабақтастығының нығаюына, қоғамның мәдени, рухани жағынан өсуіне негіз болады.

Әдебиеттер:

1. Бекмаханов, Е. «Қазақстан тарихы: тарихи және мәдени мұра». Алматы: Ғылым. 2012 ж.
2. Қойшыбаев, Ғ. «Мәдени мұра және ұлттық болмыс». Астана: Елорда. 2013 ж.
3. Жолдасбекова, Г. «Тарихи жады және ұлттық сәйкестілік». Журнал «Қазақ тарихы», №4, 38-42.2015 ж.
4. Мәмбетова, А. (2017). «Мәдени мұраның экономикалық аспектілері». Алматы: ҚазМУ баспасы.
5. Абишев, Н. «Жаңғыртылған мәдени мұра және оның қоғамдағы орны». Алматы: Қазақ университеті. 2020 ж.

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ӘДІСТЕРІ

Есмурзаева Манат Жолдасбековна
Шымкент қаласы N136 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары тарих пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается преподавании истории рассматриваются вопросы формирования национального сознания

Summary

In the teaching of history, the issues of the formation of national consciousness are considered.

Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып, ұрпаққа рухани дүниелер арқылы беріліп отырғандықтан да тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде елдің бірлігі жоғалмаған. Тарих өрісінен ұлттық болмысымыздың рухани негізіне айналған ұлттық сана құбылыстарын зерделеу қиын емес. Қазақ ұлтының ұлттық санасының тарих өрісіндегі құбылысы елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық, намысшылдық, қамқорлық және ұлттық қасиетке терең болу. Қазақ қоғамының тарихи кеңістігінде ел болмысының рухани негіздеріне айналған ұлттық сана құбылыстары ең алдымен жеке адамның ерік жігерін қалыптастырып отырған. Табиғатпен етене араласқан қазақ халқы рухани өмірде елдікті, ұрпақтың ауызбіршілігін сақтайтын сапалық қасиеттерді қалыптастырып, кейінгі буынға жеткізуді мақсат еткен. Сезімталдықтың, дарындылықтың, даналықты қадірлеудің, зиялылардың жауапкершілігінің арқасында қазақ ұлты тарихи өмірдің күрделі оқиғаларына парасаттылық танытып, ерік жігерімен төтеп бере білетін ұрпақты қоғам алдына шығарған. Соның нәтижесінде, қоғамның әлеуметтік құрылымы табиғи заңдылықпен дамып, елдің әлеуметтік жағдайын өзгертетін (күрделендіретін) құбылыстар қазақ қоғамының ішіне тұтастай ене алған жоқ. Қазақ тұлғаларының ұғымында ұлттық сананың ұясы ұлттың тарихы. Тарих тағылымы арқылы жалған нәрселерге сене бермейтін, ақылмен ойлайтын жастар қалыптасады. Тарихын білген қоғамда, ел тарихының шындығын негіздейтін тұжырымдар бұрмалана бермейді, себебі тарихты білетін ұрпақ өз қоғамының дұрыс сыншысы. Тарихтың шындығын біріктіретін тұжырымдар тарих өрісіндегі оқиғалардың ақиқатын танудан туындайды. Тарихи оқиғалардың ақиқатын бірінші кезекте ұрпаққа жеткізетін халықтың өзі болуы тиіс. Өйткені, ұлттық сананың рухы тарихи оқиғаның ақиқатымен күш алып, оны ұлт руханиятының бойында сақтап отыруында. Сондықтан да, қазақ тұлғалары айтып кеткендей, бірінші кезекте ұлт тарихының қабырғасын қалаған материалдарды (шындықты) алдыменен ұлт руханиятының бойынан іздеп, сонымен ғана салыстырып оқыған (зерттеген) жөн. Қай заманда болмасын мемлекеттің тұтастығын, ұлттың рухын әлсіретуді көздеген сырттан келетін саясат алдыменен елдің рухани дүниелерін, оған қызмет ететін адамның санасын өзгерту, өздеріне тарту арқылы тарихи тұжырымдарды бұрмалауға тырысып бағатындығы даусыз. Осы себептен де, ұлттың тарихы не үшін қажет? – деген сұраққа алаш зиялылары былай деп жауап берген: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс» [1.15 б.]. Ұрпақ тәрбиелеудегі ең басты қару тарих тағылымын үйрету болған-ды. Қан мен ар тазалығын сақтап ғері рухын қорғап, өмір сүру қазақ баласының ұлттық санасына айналған ұғым. Тарих ұлттың зердесін қалыптастыратын білім. Мемлекеттің стратегиялық философиясын, яғни адам мен қоғам проблемасын қатар зерттейтін әлеуметтік философияны дамытуды көздеген мемлекеттер, алдыменен тарихты зерттеу арқылы қоғам дамуының жүйесін, үлгілерін жасап кеткен. Бұдан

шығатын ұғым кез-келген мемлекет өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын қамтамасыз етуде, адыменен қоғам мен адам болмысын нығайту үшін тарихын сақтауға мән беріп, әлем елдерінің тарихын зерттеуді ерте қолға алған. Ата-бабаларымыздың тәжірибесінен көріп отырғанымыздай, ұлт руханиятындағы тарихи ұғымдар ұрпақтың тарихи түсінігін (тарихи сананы) қалыптастыруға ықпал етеді. Ғылым мен ақпараттық технология ғасыры кезеңінде, байлығы мол мемлекеттер үшін халықтың тарихи түсінігі қоғамның болашағын шешетін күш. Бұлай дейтін себебіміз, әлемдегі ғаламтор желісіндегі өткінші әсері мол сананы бұрмалайтын ақпараттардан тарихи түсінік, тарихи білім және ұлттық сана арқылы ғана ұрпақты қорғай аламыз. Ұлттық санасы биік адам адаспайды. Тарих тағылымы арқылы дәстүріндегі, діліндегі ерекшеліктерді ұғына алған тұлға өзіндік көзқарасы арқылы (рухы) түрлі ағымдардың жетегінде кетпейді. Алаш зиялыларының жүйелі ізденістері, ортақ көзқарастары ұлттық білімді, ұлттық сананы күшейтіп, өткен ғасыр басында халықты қауіп-қатерден сақтауға қызмет етті. Алаш зиялылары 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы сандарында жарияланған «Қазақ тарихы» жөнінде жазылған мақалада, «Қазақ ішінде әр үйдің отағасысы, әр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре. Бұрынғы өткен-кеткеннен естіген білгені болса кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады» –деп, ұлттық тәрбие ісінде әрбір қазақ қоғамындағы ата-ананың міндетін атап көрсеткен [1. 16 б.]. Адамның қоғам алдындағы жауапкершілігі отбасындағы тәрбиеден басталады. Ой өрісі кең, діни сауаты мол, санасы биік, түсінігі терең адамның қадір-қасиеті жөнінде Әл-Фараби бабамыз, «Білім, яғни ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана қарекет еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады. өйткені, көп мал, мүлік күйттеу ғылымға кесірін тигізеді. Сондықтан, мұра қалдыру дүниеауи қам-қарекетке қарағанда абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді» [2. 703 б.], – деп жазған еді. Мәдениетті елдерде ұлттық мүдде, тарих, дін, философия, ғылым кез-келген адам жақындай бермейтін, жауапершілігі зор дүние. Әл-Фараби данамыз айтқандай, халыққа пайдасы мол ғылыми мұра қалдыру ғылыми атақ алып, атақты болу емес. Ұлттық санасы биік, қабілетін ерте шыңдаған (халыққа жаны ашып) тарихтың тағылымын білу арқылы жан-жақты білім мен ақыл-парасатқа ие кез-келген адамның іс-әрекеті (ізденісі), шығармашылығы (жазған дүниелері) ғылыми мұра болып саналады. Ұлттық сана қоғам кеңістігінде ұлт болмысының және ел мүддесінің қажеттіктеріне сай шындық пен жалғанды ажыратып, халық ішінен нағыз талант иелері мен білімділерді шығарып, оларға бағыт көрсететін құбылыс. Ұлттық санаға қатысты Міржақып Дулатов былай дейді: «Бір кісі бір іске жарайтын болса да аз болмас. Халыққа қызмет етемін деген кісіге бәрі бір. Депутат бол, газет шығар, бала оқыт...өзгеміздің бәрі сай болып жалғыз депутатқа қарап тұрған іс жоқ. Халқың надан болса, мың депутатың болсын онан пайда тағы жоқ. Депутаттықты таңсық көріп, атағына қызығып яки бәсеке үшін баратын кісі болмасқа тиіс. Екі қазақ таласып, бір орысқа олжа болса, онан тапқан абыройға түбінде ие табылмай жүрмесін. Осыны әркім ескерсе екен» [1. 394 б.].

Халық өзінің төл дүниелерін иеленіп, өзі-өзіне келгеннен кейін ғана жаңашылдыққа бейімделіп, жаңа дүниелерді қабылдай алады. Жүсіпбек Аймауытов «Ұлтты сүю» мақаласында: «Кейбір оқығандар да қара халықтан бойын аулаққа салғысы келіп, қызыққа салтанатқа салынғысы келетін салқындық ірілік мінездердің ұшығы сезіледі. ..Меніңше, қара халықтан жиренгендік, ірілік – ұлтын сүюге, мұқтажын, сырын білуге жиһат қылмағандық деп білемін. Бұл мінез Николайдың шенуніктеріне еліктеген болып табылады. Ақтығында айтпағым: оқығандар өзін өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болып, өз ұлтын сүюге, халыққа өзін сүйгізуге жиһат қылу керек» [3. 5 б.], – деп тұжырымдаған еді. Ұлттық санасы биік ел бір жағадан бас, бір қолдан жең шығарып үлкен жетістікке жетеді. Елдігімен біріккен халыққа, саналы әрекеті мол ұрпаққа мұратына жету оңай. Себебі, бұндай қоғамда елді аяғынан шалатын кері тартпа әдеттер болмайды. Тарихпен ой бөлісетін, ұлттан өзін кіші санайтын, ұлттың дүниелеріне жауапкершілікпен қарап әрекет ететін жастар қатары көп болады. Тарихтың тағылымын қадірлеп, одан керегін ала алатын, діні мен діліне адал жұрт қоғамының болашағын өз болашағым деп қабылдайды. Қай заманда болмасын, қазаққа діні мен ділінен адасу – жат нәрсе. Тарихқа тереңірек үңілген адам қазақ болмысының шеңберінде ұлттың дүниесіне айналған тарих, дін, дәстүр, мәдениет, әдебиет, тәрбиенің бір-

біріне қарсы келмегендігін жете түсінеді. Елге пайдасы мол істерді тындырып, ұрпақтың басын біріктіріп, ұлттық мүддеге жұмылдыратын идеяларды (мұраларды) қалыптастырған зиялылардың рухани деңгейі (интеллектісі) уақыт өте ұрпақтың ұлттық санасына айналып отырады. «Дүниедегі әділ сыншы халық пен тарих» деп алаш зиялылары жазып кеткендей, құбылмалы, жалған әрі жасанды нәрселерді тарих қабылдамайды. Тарих қабылдамайтын нәрсені кейінгі буынның танымы да қабылдай бермейді. Сондықтанда, ұлттық сана әр ұрпақтың ұлттық мүдде деңгейіндегі ойлау жүйесі, ұрпақты ұлт ретінде біріктіруші құбылыс, даналық білімдердің, тәжірибелердің, құндылықтардың ұлттың рухани әлеміндегі бірігуі. Осыған байланысты Әл-Фараби мемлекетіне қызмет ететін адамның бойында болуы тиіс қасиеттерді былайша сомдаған: «болмыс мінсіздігі, әлеуметтік ортаға бейімділік, түсінік, ел жағдайын түсіне білетін және зерделей алатын қабілеттің, есте сақтау қабілетінің болуы. Алғырлық, аңғарымдылық, сезімталдық, ақылды болу, сөзге шешен, өнер, білімге құштарлық, жалықпайтын, іздене білетін, еңбекқор, қиындыққа төзімді, барлығын ақылмен зерделеп, сабырмен қабылдайтын мінез, ұқыптылық, үлгерімді, қанағатшыл, ар-намысы, ұяты мол, иманды, шыншыл, рухы биік, елін сыйлайтын, тектілікті сүйетін, тарихты білетін, ізгі нәрселерге ғана ұмтылатын, оңай олжа табуға жирене қарайтын, әділетті, шынайы, қайырымды, рақымшыл, ақ көңіл, зұлымдығы жоқ, кез-келген жағдайда дұрыс шешім қабылдай білетін, батыл, ержүрек адам» [2. 702-703 бб.]. Ғұлама жоғарыда аталған қасиет-сапаға ие адамдар қана зиялылар қатарынан көрінетіндігін айтып кеткен-ді. «Қоғамды әлсірететін, жастарды қоғамнан оқшаулайтын, халықтың сенімін жоятын теріс нәрселер ұлттық санасы биік қоғамда өмір сүрмейді. Тарихи уақыттың аумалы төкпелі жағдайына, құбылмалы мінезіне қарамай қазақ елінің басын біріктірген, ұлттың рухын, қоғамның ішкі рухани өрісін сақтап отырған Әл-Фараби сомдаған кісілік қасиеттердің, ұлттық сана негізінде жеке адам мен ел болмысының бойында ұялайтындығын ескерген жөн. Ұлттық тәрбие, көркем мінез, халықты, тарихты, ұрпақты құрметтеу, дінді таза ұстау, білімді, еңбекқор, адал болу сынды игі қасиеттер дінімізде де айтылған. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруе болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек»[4. 222 б.]. Елдің басын біріктіретін ұлттың төл мәдениеті, құндылықтары. Мемлекеттің басты байлығы ұрпақ, халық болса, халықтың байлығы руханият. Мыңдаған жылдар бойы халықтың рухани қасиеттерінің, қызметінің негізінде қалыптасқан дүниелері. 1918 жылы Мұхтар Әуезов «Абай» журналында жарық көрген «Қазіргі қазақ күйі» атты мақаласында: «Қазақтың ішінде арқалы жуан бар, әлсіз нашар бар. Зорлықшыл, жылатып жүрген қиянат, тізе жуанды көріп жылап жүрген бар. Осы күйлердің бәрін басшы жаттап алып, әрқашан естен шығармауына керек. Қиянатшыл, көптігін, жуандығын құрал қылатындарға оқыған басшының еш рахымы болмауы керек. Шын ел болатын көпті бауырға тарту, есеге жеткізу керек. Қашан болсын, жұрттың жұрттыққа шығуына әуелі сол жұрттың өз ішіне тәртіп кіріп, бұрынғы жаманы жойылып, орнына жақсы жаңалықтар кіруіне керек»,- деп жазған еді [5, 3-4 бб.]. Жүсіпбек Аймауытов жазып кеткендей: «қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ ұғымына жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды» [3, 5-б.].

Алаш зиялыларының мұраларынан түйеріміз, жаңашылдыққа ел болып жұмылған дұрыс. Бірақ, елді жаңашылдыққа жетелейтін, қоғамда ғылымның дұрыс дамуына, жастардың ғылым жолына түсуіне ықпал ететін зиялы ғалымдардың ел ішінен тәрбиеленіп шығатындығын ескерген жөн деген ойға табан тірейміз.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 560 бет.
2. «Түркілік тәрбие» антологиясы. Алматы: Интеллсервис, 2013. 1004-бет.
3. Аймауытов Ж. Ұлтты сүю // Ақиқат, 2013. №6. 4-5 бб.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-ші том. Алматы: Ғылым, 1999
5. Әуезов М. Қазіргі қазақ күйі // Ақиқат. 2013. №7. 3-4 бб.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Умбетова Манзура Серикбаевна
Шымкент қаласы, N136 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қазақ тілі мұғалімі

Резюме

Рассматривается актуальность использования мультимедийных средств на уроках казахского языка и литературы

Summary

The relevance of using multimedia tools in the lessons of the Kazakh language and literature is considered

Бүгінде мультимедиялық құралдар арқылы білім беру өзекті болып отыр. Себебі заманның талабы сол. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Білім берудегі мультимедиа – біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал. Мультимедиа (лат. Multum-Medium) терминін қазақ тіліне көптеген орталар деп аударуға болады (кейде көптеген таратушылар деп те аударады). Мультимедия түсінігін сипаттау үшін жалпы орта білімдегі мультимедия технологияларын қолдану кітабында сипатталғандарды жаткызуға болады: Мультимедия – бұл: әр түрлі акпараттарды өндеу куралдарын жасауга , кызмет ету және қолдану тәртібін сипаттайтын технология; әр түрлі ақпараттарды жасау мен көрсету технологияларының негізінде жасалынган ақпараттық ресурс; әр түрлі ақпараттарды өңдеу мен көрсетумен байланысты кызмет ететін компьютерлік бағдарламалық қамтым; әр түрлі ақпараттармен жұмыс істеу мүмкін болатын компьютерлік аппараттық қамтым; дәстүрлі статикалық визуалды , динамикалық әр түрлі ақпараттарды біріктіретін ерекше акпаратты жалпыландырушы түрі (сөйлеу , музыка, видео фрагменттер, анимация және т.б.) [1, 24-26] Қырық жылдай бұрын мультимедия консул жазба машинасымен шектелді, ол жай ғана басып қоймай, ұйықтап кеткен операторды мелодиялық әуенмен оята алатын. Бұдан кейірінек компьютерлер тұрмыстық аппаратураға дейін кішірейтілді, бұл оларды гараждар мен бөлмелерді жинауға мүмкіндік берді. Әуесқойлардың көбейіп кетуі мультимедияның дамуына серпін берді. Осы уакытта мультимедия термині пайда болды. Ол бейхабарлардың көздерінен зертхананы сақтайтын шымылдықтың қызметін атқарды. Технологиялардың саны артып келеді Бластерлер, сиди ромдар және басқа эволюцияның жемістері, интернет, WWW, микроэлектроника пайда болады. Адамзат акпараттық төңкерісті бастан өткізеді. Қоғамдық қажеттілік ақпаратты жеткізу мен көрсету құралдарында өмірге жана технологияны келтіретіндігінің куәгерлеріне айналамыз. Біздің күндерімізде бұл түсінік компьютерді кез келген мән-мәтінінде алмастыра алады. Ағылшын тілінде B information appliance акпараттық құралдар – «жана термині әбден кірігіп» кеткен. Біздің мемлекетте мультимедияның дамуы басқаша қарқынға ие болды: Қазақстанда мультимедия жуықтап алганда 80-ші жылдардың соңында пайда болды және ол үй компьютерлерінде колданылмады, тек мамандар арқылы қолданылдын. Сондыктан сол кездердегі газет пен журналдардағы мақалаларда ол сирек айтылатын. Мультимедия деген сөз түсініксіздіктен немесе әзілдерден баска ештеңе бермеді, «Сіздерге кандай мультимедия! Мемлекетте не болып жатканын көріңіздер!» дейтін. Тек 1993 жылы бағыттың маңыздылығын көбісі түсіне бастады, 90-жылдары мультимедияның атқаратын рөлін түсіне бастады. Мультимедия сөзі біздің мемлекетте де бірден сәнді болды және барлық жаңа командалар мен ұйымдар осы туды көтерді. Мультимедияның соңғы өнімдері мен жүйелерін жасаушылардың

жаңа ұйымдары пайда болды; осындай өнімдер мен жүйелерді тұтынушылар пайда болды. 1993 жылдың 25-26 ақпанында болған конференция Казакстандағы мультимедияның маусымын ашты. 1994 жылды қазакстандық компьютерлік нарығындағы үй мультимедиясының бастауы деп атауға болады . Ал бүгінгі күндерде мультимедия кімде компьютер мен бағдарламалық қамтым болса, солардың барлығында дерлік бар [2, 14-17]. Мультимедия жүйелерінің пайда болуы, өз алдына білім, компьютерлік тренинг сынды облыстарда, кәсіби кызметтін көптеген салаларында, компьютерлік ойындарда, өнерде, ғылымда және т.б. өзгерістерді туғызады. Жаңа ғасыр толассыз ақпараттың үздіксіз ағынына жылдам ілесуі қажеттілігін туындатқандықтан барша адамзатқа компьютерлік сауаттылық болуын талап етуде. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, окытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді [3]. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Бүгінде мұғалімдер үшін балаға білімді игертсем, олардың сабаққа деген қызығуын қалай арттыра түсем деген мәселе қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі таңда сабақтың көптеген типі мен әр түрлі технологиялары біздерге белгілі. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті сабағында муьтимедиялық құралдарды қолдану өте маңызды, өйткені ол оқушылардың білім деңгейін, пәнге қызығушылығын арттырады. Мультимедиялық құралдар мұғалімнің сабақтағы әрбір оқушыға ақпаратты тиімді жеткізуіне көмектеседі. Мультимедиялық құралдар әр түрлі бағытта оқытуды және сабақ беруді өзгертуі мүмкін. Олар сабақтан тыс, уақытты жоспарлауға, сондай-ақ сабаққа дайындалуға, оқушылардың зейінін аударуға және ынталандыруға, ақпараттарды көрсетуге, уақытты тиімді пайдалануға өте қолайлы. Мультимедия құралдары – бұл әр түрлі орталарда қолданып (дыбысты, видео, графиканы, мәтінді, анимацияны) адамға компьютермен араласуына мүмкіндік беретін ақпаратты және программалы құралдар комплексі. Мультимедиялық құралдар арқылы оқыту оқушылардың қызығушылығын арттыруға және қабілеттері, бейімдері әртүрлі оқушыларға берілер ақпаратты қалауына сәйкес ұсына алуға мүмкіндік беретін бірден-бір ыңғайлы, қолайлы оқыту әдісі болып саналады. Мультимедиялық құралдарды пайдалану білім беру саласын, оқыту үрдісін айтарлықтай жақсарта алады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мультимедялық құралдарды қолданудың келесі түрлері бар: мультимедиялық құралдармен жұмыс істеу. Бұл тәсіл сабақты түрлендіруге мүмкіндік береді: иллюстрация, аудио, бейнематериал арқылы; компьтерлік презентация қолданумен өткізілетін сабақтар.(Бұған жаңа материалды түсіндіру, қорыту, жинақтау сабағы, дәріс-сабағы, ғылыми конференция сабағы кіреді); жоба қорғау сабақтары (оқушылардың шығармашылық потенциалын іске асыру тәсілі); компьютерлік қадағалаумен өткізілетін сабақтар сабақтың әр түрлі кезеңінде оқушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда: тақырыпты оқып үйретеді; дұрыс сөйлеуге үйретеді; ережелерді сызбалар арқылы түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі; аудио таспадағы өлеңдерді, электронды оқулықтарды компьютер арқылы енгізіп, тақырыпты ашуға, оқушыға жеткізуге көп көмектеседі; әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, тестілер шешіп, семантикалық карталар және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Мультимедиалық құралдарын қазақ тілі сабағына енгізгенде мынадай нәтижелерді көруге болады: пәнге деген қызығушылық, сабақта оқушылардың өз бетімен жұмыстануының арттыру; оқушыла рдың сабақта өздерін еркін ұстауы.; оқу үрдісіне әр оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ету; оқушылардың танымдық шығармашылық деңгейін арттыру. Компьютерлік және мультимедиялық технологияларды пайдалану сабақты қызықты және оқушылардың мотивациясын жоғарылатады, сондай-ақ әр түрлі мектеп пәндерін біріктіруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиет сабағында қазіргі заманғы иллюстрациялар көрсету, оларды пайдалану және жазбалар тыңдауға зор мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мультимедиялық бағадарламалар адамның барлық іс-әрекетінің түрлерін (ойлау, сөйлеу және тағы да басқалар) белсендендіреді. Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық

мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі білім беру жүйесі заман талабына сай ізденімпаздықпен, шығармашылықпен жұмыстанатын кәсіби білікті маманды, шебер ұстазды қажет етеді. Сондықтан мен де үнемі өз кәсіби біліктілігімді жетілдіру мақсатында шығармашылық ізденіс бағытымен жұмыстану жаңа идеяларға бастайды. Қазақ тілін оқытуда оқушыларға тиянақты, сапалы да, саналы білім беру – мұғалімнің оқыту әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеруі арқылы жүзеге асады. Яғни, әдісті жақсы ұйымдастыру – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мысалы, әңгіменің нәтижелі болуы – сұрақты дұрыс, дәл, түсінікті қоя білуге байланысты. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі мол және білім беру аясын кеңейтеді. Компьютерді сабақтың түрлі кезеңінде қолдану сабақты тиімді етеді. Мысалы, компьютер арқылы жұптастыру, топтастыру, дұрыс-бұрыс, ой қозғау, стопкадр, сұрақ-жауап, сәйкестендіру, т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі [4, 25].. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты, білімі қажет. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйтқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын, танымдылығын дамытады. Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушының жаңа ақпаратты меңгеріп, өз бетімен ізденуіне, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, мектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай қолдануға септігін тигізеді. Оқу үрдісіне мультимедиялық технологияларды енгізу: мәтін, графика, анимация, дыбыстық және бейнеэлементтерді құруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәлібекова М.С. Ақпараттық технологиялар: Оқу құралы. - Қарағанды, 2000. – 126 б.
2. Гультяев А.К., Машин В.А. Проектирование и дизайн пользовательского интерфейса. Москва: Корна Принт, 2010. – 352 с.
3. Марк Д. Трехмерная графика и анимация, Москва: Научное издание, 2015. – 312 с.
4. Лоуренс М. Введение в Microsoft Silverlight. Москва: Microsoft Press, 2009. – 364 с.
5. Еркебаева Г.Ғ. Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. Шымкент: ПИ, 2011. – 370 б.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ОҚУ ОРТАСЫН ҚҰРУ АРҚЫЛЫ ОҚУДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

Билимбетова Гулшад Сериковна
Түркістан облысы Мақтаарал ауданы О.Бапышев атындағы №8 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Резюме

В данной статье рассматривается учащиеся размышляют о методах оценки и улучшения обучения, создавая благоприятную среду обучения.

Summary

Students reflect on methods for evaluating and improving learning, creating a supportive learning environment

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың тек білім деңгейін өлшеп қана қоймай, сонымен қатар материалды тұрақты және терең меңгеруді қамтамасыз ету міндетін қойып отыр.

Кезінде ежелгі грек философы Сократтың өзі де: «Мұғалім оқушыға тек қана білім берумен шектеліп қана қоймай, олармен сұхбаттасу арқылы оқушының өз бетімен ізденуіне жол ашуы керек», деген болатын. Ал XVI ғасырда француз философы және жазушысы Мишель Мюнтень оқуды жекелендіру әдісін, яғни оқушылардың өз бетімен оқуын қолдаған болатын. Ал бүгінгі күні оқушылар оқуын өз бетімен оқып, реттей алу үшін жеткілікті дәрежеде мотивтендірілген бе? Олардың уақытының көп бөлігі әлеуметтік желілерде отыруға кетіп жатқан жоқ па? Оқушылардың сабаққа деген ынтасын оятуда мұғалімдердің ролі қандай? Оқушылар әлі де болса мұғалімнің қолдауына мұқтаж ба, әлде қазіргі түрлі онлайн платформалар мен видеосабақтарға байланысты мұғалімді қажетсінуі бәсеңдеді ме? Сол оқушыларды қазіргі заман талабына сай біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті жанжақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыруда бағалаудың рөлі қандай? Білім әрбір адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол интеллектуалдық қабілеттердің дамуы мен қажетті дағдыларды меңгерудің негізі болып табылады. Ал сол білімді оқушыға қолайлы әдісін пайдалана отырып, түсінетіндей етіп жеткізіу мұғалімнің міндеті. Яғни, барлығы ұстаздың кәсіби шеберлігіне байланысты. Я.А.Каменскийдің: «Білімнің негізі зат пен құбылыстың өз табиғатынан алынсын. Ұстаз аз сөйлеп, шәкірт көп үйренетін болсын. Тәртібі жоқ мектеп сусыз диірменге ұқсайды. Білімнің негізінде әдемі зат, көркем текст содан соң талдау, аяғында қорыту тұрады» –деген дидактикалық қағидалары осы күнге дейін өзінің құнын жойған жоқ. Бұл орайда мұғалімнің кәсіби білімімен қатар психологиялық күйі де маңызды рөл атқарады. Бұл туралы қазақ филологтары Ф.Оразбаева мен Р.Рахметованың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқу құралында: «Оқу-тәрбие ісінде ең қажетті қағида – мұғалімнің өтетін сабаққа психологиялық жағынан дайындығы», – деп атап көрсетілген. Сонымен қатар мұғалімнің сабақ үйретудің әдіс-тәсілдерін анықтау, берілген білім көлемі мен мазмұнын белгілеу оқытудың педагогикалық негізіне сүйенгенде ғана дұрыс әрі сапалы түрде жүзеге асатыны туралы жазылған[1, 73-б.] Білім берудің жалпы міндеті – оқу-танымдық мотивтерін түрлі бағалау түрлері арқылы дамыту мүмкіндігін айрықша ғылыми негіздеу. Өйткені сабақта оқушыларды бағалау және қолдау осы мақсатқа жетудің маңызды факторлары болып табылады. Дегенмен, оқыту мүмкіндігінше тиімді болуы үшін оқушылардың үлгерімін бағалау және олардың оқу процесінде қолдау көрсету де маңызды рөл атқарады. Бұл орайда білім берудегі бағалаудың рөлі өте ерекше деуге болады. Сондықтан қазіргі таңда оқушы білімін бағалаудың әртүрлі әдістеріне, соның ішінде жиынтық және қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру тәсілдеріне аса мән берген жөн. Қалыптастырушы бағалау оқытуды үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз етіп, оқушының жан-жақты болып қалыптасуына негіз жасайды. Бағалау білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл мұғалімдер мен оқушыларға оқу материалын қаншалықты жақсы меңгергенін анықтауға мүмкіндік береді. Дегенмен, тесттер мен емтихандар сияқты дәстүрлі бағалау әдістері кейбір оқушылар үшін тиімсіз және тіпті демотивациялық болуы мүмкін. Сонда оқушылардың демотивациясының алдын-алу мақсатында не істеуге болады? Бұл орайда оқушыларды қолдау және жекелендірілген оқыту тиімді әдіс болуы мүмкін. Оқушылардың оқуына қолдау көрсету – білім беруді жетілдірудің маңызды аспектісі. Мұғалімдер оқушыларды бағалап, салыстырудың орнына әр оқушының өз әлеуетін ашуға қалай көмектесетініне назар аударуы керек. Сонымен бірге сыныптағы қолдау, оқушылардың білім алуына қолайлы орта құру да аса маңызды. Қолайлы оқу ортасын құру мұғалімдер тарапынан жүйелі қолдауды қажет етеді. Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы, олардың жеке қажеттіліктерін түсіну, тәуелсіз және зерттеушілік көзқарасты ынталандыру – мұның бәрі материалды сәтті меңгеруге ықпал етеді. Оқушыларды қолдаудың тағы бір әдісі – оқытудың сараланған тәсілі. Мұғалімдер әр оқушының жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай оқытуға өз тәсілдерін бейімдей алады. Мысалы, мұғалімдер қызығушылықтары мен қабілеті жоғары оқушыларға қосымша материалдарды ұсына алады, ал материалды меңгеру қиыншылық тудыратын оқушыларға қосымша қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар бере алады. Сондай-ақ сабақта ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар болуы мүмкін. Мұндай оқушылар үшін инклюзивті қолдау көрсететін сынып ортасын құру аса маңызды. Мұғалімдер олардың қабілеттеріне барынша сенім білдіру арқылы ынталандыруы керек. Мұндай оқушылардың мүмкіндіктері мен жетістіктеріне

қарамастан сабақтар мен пікірталастарға қатысуға тең мүмкіндіктері болуы керек. Өйткені «Өз ісіне жетік маман сыныптағы әр баланың жеке ерекшеліктерін жадында ұстайды. Баланың бәрі бірдей емес. Әр баланың өзіне тән мінезі бар. [1, 77-б.] Қазіргі заман талабына сай оқытуда заманауи технологияларды қолдануды оқушыларды қолдаудың пайдалы құралы ретінде пайдалануға болады. Мысалы, мұғалімдер интерактивті тақталар мен онлайн платформаларды тәжірибе мен қосымша түсіндірулер беру үшін пайдалана алады. Оған қоса, технология мұғалімдерге оқушылардың үлгерімін бақылауға және қосымша қолдауды қажет ететін аймақтарды анықтауға көмектеседі. Көптеген оқушылармен ынтымақтастықта жұмыс істеу, байланыс орнату, оқуға көмектесу және жеке даму бойынша кеңес беру сияқты практикалық әрекеттерді орындау барысында аталған құралдарды пайдалану оқушының сабаққа деген ынтасын арттыратыны дәлелденген. Технология бізге әр оқушының нақты қажеттіліктеріне сәйкес оқытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау, тексеру және бағалау педагогика ғылымы мен практикасында белгілі бір әдістерді қолдану негізінде жүзеге асады. А.Байтұрсынов өзінің «Қай әдіс жақсы» мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» – дегеніндей, бұл тұрғыда барлығы мұғалімнің шеберлігіне тәуелді болмақ. Дегенмен оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы да өте маңызды. Өзін-өзі бақылау олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенімі артады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды. Баға – білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал. Сондықтан, оқушы білімін бағалауда немқұрайлылыққа салынуға болмайды.

Оқытуды жақсартудың негізгі құралдарының бірі формативті бағалау болып табылады. Бұл әдіс бүкіл оқу үдерісінде оқушылардың білімі мен дағдылары туралы мәліметтерді үздіксіз жинауды және талдауды қамтиды. Қалыптастырушы бағалау тиімдірек оқыту үшін проблемалық аймақтарды дер кезінде анықтауға және оқу бағдарламасын түзетуге мүмкіндік береді. Оқушыларға қолдау көрсетудің тағы бір маңыздылығы олардың мектепте және өмірде табысқа жетуі үшін қажетті негізгі дағдыларды дамытуды қамтуы болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау, коммуникативті дағдылар, командалық жұмыс – осы қасиеттердің барлығы оқушының бойында мектеп жасынан бастап қалыптасып, ертеңгі күні үшін қажетті дағды болып жетілуі тиіс. Бұл орайдағы мұғалімнің қолдауы ерекше. Сонымен оқытуды бағалау және жетілдіру – бұл оқушылар үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған өзара байланысты процестер. Сыныптағы қолдау, дербестендірілген оқыту, қалыптастырушы бағалау және негізгі дағдыларды дамыту – бұл оқыту әрбір оқушы үшін тиімді және мүмкіндік беретін тәжірибелік ортаны құру үшін бірге жұмыс істейтін негізгі элементтер. Бұл үдерісте мұғалімдер басты рөл атқарады, олардың үнемі дамуға және өзгерістерге бейімделуге дайын болуы табысты білім берудің кепілі болып табылады. Қорытындылай келе, бұл мақалада оқушыларды бағалау мен қолдаудың маңыздылығын назардан тыс қалдыруға болмайтындығы жөнінде сөз қозғалды. Өйткені ол жай ғана құрал емес, сонымен қатар білім беру философиясы болып табылады, Ғылым мен техника үздіксіз дамып, білім алудың қаншама жаңа технологиялары пайда болып жатса да, оқушылар әлі де болса мұғалімдердің жан-жақты қолдауына зәру және бұл үдерісте орталық рөл атқаратын педагогтар заманауи оқушылардың қажеттіліктеріне жақсырақ бейімделу үшін үздіксіз даму мен жаңашылдыққа ұмтылуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Алмаьы: Print-S, 2005.- 170 б.
2. Боранбаева З.К. Әдіс – тәсілдер барысындағы оқушының іс – әрекеті / Бастауыш мектеп. 2000. - №12. – 28-30.
3. Бабаев С. Бастауыш мектеп педагогикасы /Алмты:Фолиант. 2000.- 400 б.
4. Досқазин Э.А. Ойын әдісінің пайдасы // Қазақстан мектебі. – 2003.- № 5. – 40 б.
5. Оқалбек Ж., Бабаев С. Жалпы педагогика /Алматы.Білім.-1999.-420б.
6. Потолиник М.М.Управление развитием школы / Москва, Новая школа. - 1995. – 242 с.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ФОРМАСЫНЫҢ БІРЛІГІН, ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІН ТАНЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Базарбаева Несибели Канаевна
С.Көбеев атындағы N56жалпы орта білім беретін мектеп
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары,қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі,
Шымкент қаласы

Резюме

В статье рассматриваются теоретические, методические проблемы проявления единства содержания и формы художественного произведения, мастерства писателя

Summary

The article examines the theoretical and methodological problems of the manifestation of the unity of the content and form of a work of art, the skill of the writer

Мектеп бағдарламасындағы пәндердің ішінде оқушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие беруде әдебиет пәнінің алар орны өлшеусіз. Әдебиет адамзатты рухани құндылықтарға баулиды, жан сұлулығына тәрбиелейді, гуманизмге, рухани-адамгершілікке баулиды.

«Балалардың төртінші, бесінші сыныптан бастап құлақтарына мазмұн мен түр бірлігі жөнінде құя бастаймыз. Бірақ оның бірлігі қай ретте қалай жүзеге асады дегенге келгенде өзіміз тайғанақтай береміз. Көп адамның ұғымында мазмұн дегеніміз өмір шындығынан алынған құбылыс қана. Ол көркем шығармада көркемдік түр тапқан ба, гармониялық бірлік негізінде жарасымды қиысқан ба – ол арасы есепке алынбайды.» [1, 182 б.]. – дейді белгілі ғалым, сыншы М.Қаратаев.

Диалектика заңы бойынша жаңалық пен ескіліктің арасында үлкен бір меже жоқ. Ол өмірде аралас, жымдас келеді, оның жігін ажырату қиын-ақ. Жаңалықты ескіліктен ажырату үшін диалектикалық қайшылықтарды ұғынатын адамның философиялық- эстетикалық көзқарасы керек. Бізде осы жағын жете түсінбеушілік бар. Оның үстіне өмір құбылыстарын көркемөнер саласына, шығармаға түсірген уақытта өмір шындығы мен көркем шындықтың ұқсастығы мен айырмашылығын, көркемдік түрдің бірлігін танымаушылық тағы бар.

Форма мен мазмұн ажырамас бірлікте. Шығарма мазмұны сол шығарманың бүкіл құрамында қалыптасып шыңдалады, форманың әр элементі, әр компоненті – белгілі бір мазмұн иесі, әрқайсысы автор идеясына қызмет етеді, жазушының эстетикалық идеалын ашуға көмектеседі. Сондықтан көркем шығармада мазмұн мен форма, мазмұн мен бейнелілік, ой мен сезім, идея мен көркемдік біте жаратылған, бірінсіз бірі тұл дүние, бірінсіз бірін тануға болмайтын дүние деп қарауымыз қажет.

Ақын-жазушы тек өзіндік қолтаңбасымен, даралық суреткерлігімен, өз стилімен айқындалады. Демек, стилін таныту деген сөз – жазушыны таныту.

Стилді мектепте әр жазушының шығармашылық ерекшелігі ретінде қолданамыз. Ол ерекшелік шығарманың әр түрлі компоненттерінен көрінеді. Мысалы, бір жазушы шығармасында юморлық, сатиралық элементтер басым. (Н.Гоголь, Ғ.Мүсірепов), ал енді бірінде терең психологизм, лиризм басым (М.Әуезов)т.т. Осыдан біз әр жазушының өзіндік даралығын танимыз.

Біздіңше, көркем стилді шығарманың идеясынан, тақырыбынан, жанрынан іздемеу керек. Егер онан іздесек, онда біз біріншіден, әр ақын, жазушы дүниеге әкелген поэтикалық жаңалықты байқай алмаймыз, екіншіден, бір суреткер мен екінші суреткердің өзіндік қолтаңбасының ерекшелігін, өзіндік сапасын біле алмаймыз. Өйткені шығарманың идеясы, тақырыбы, жанры жағынан жалпы көтерген проблематикасы жағынан жазушыларда ұқсастық болуы заңды. Мәселен, С.Торайғыров пен С.Дөнентаев творчествосының тақырыптық-идеялық мотиві жөнінде ұқсастығы да айырмашылығы да бар...

Әр жазушының стиль ерекшелігін оның шығармасындағы көркем компоненттерін тану арқылы айқындаймыз... Олай болса, шығарманың көркем компоненттерін таныту – жазушы

